15 айлығында будан бұқашықтар орта есеппен 426 кг жетіп элита-рекорд, ал таза тұқымды тетелестері одан 12 кг төмен болып элита классына жауап берді. Малдың әр топ бойынша салыстырмалы көрсеткішінің айырмашылығын есептегенде тірілей салмағы мен еттілік бағасының мөлшері төмен болды, тиісінше 13 кг және 0,5 балл, бірақ анық статистикалық айырмашылықпен ($P<0,01$).

Алайда айта кететін жағдай будандастырудың бұл түрі ет бағытындағы малдың негізгі белгілерін жақсартуда келешегі зор болғанымен жақсартушы бұқалардың асыл тұқымдық сапасына ерекше көңіл бөлу керек екенін көрсетеді.

Әулиекөл тұқымын өсіретін «Диев» агрофирмасында осы тұқым сиырларын жартылай қанды шароле тұқымының бұқаларымен қан жаңарту арқылы 115 бұзау (шароле тұқымының $\frac{1}{4}$ қандылығы) алынды. Олардың туғандағы тірілей салмағы бұқашықтарда (n-56) – 37,9 кг және тайыншаларда (n-59) – 36,8 кг, осыған сәйкес таза тұқымды бұзауларда бұл көрсеткіштер 36,2 және 35,3 кг болды.

Әулиекөл және будан бұқашықтардың тәжірибе тобы жалпыға сәйкесаланда байламай күтіп бағу негізінде жинақталды.

Жартылай және таза қанды бұқалардан алынған бұқашықтардың өнімділігін салыстырмалы түрде зерттеудің нәтижесі 3 – кестеде көрсетілген.

3 кесте – «Диев» агрофирмасында қан жаңарту арқылы будандастырудың нәтижесі.

Белгілер	Көрсеткіш	Бұқа генотипі		
		Таза тұқымды әулиекөл (n-30)	Будан $\frac{1}{4}$ шароле (n-30)	Таза тұқымға қатысты айырмашылық +,-
8 айдағы тірілей салмағы	M±m	228,0±2,7	233,6±3,1	5,6
	Cv	6,4	7,3	
15 айдағы тірілей салмағы	M±m	420,3±4,7	436,2±6,0	15,9
	Cv	6,2	7,5	
8-15 ай аралығындағы қарқынды өсуі, г	M±m	916±13,7	960±17,7	44,0
	Cv	8,2	10,1	
Азық шығыны а.б.	M±m	7,7±0,13	7,3±0,14	-0,4
	Cv	9,1	10,3	

Будан бұқашықтар енесінен бөлгенге дейін 8 айлығында таза тұқымдыларға қарағанда өсу қарқыны біршама жоғары (810 г және 790 г) болып тірілей салмағы 5,6 кг болды (статистикалық анық емес айырмашылық). Енесінен бөлгеннен кейінгі олрадың өсу қарқыны тиісінше тәулігіне 960 және 916 г болып, будан бұқашықтардың басымдығы 4,8 % ($t_d=2,1$ $P<0,01$) болды. Осыған байланысты азықты өтеуі де будан бұқашықтарда тиімді болып осы көрсеткіштермен тікелей сәйкес келді. 15 айлығында будан бұқашықтардың тірілей орташа салмағы элита-рекорд, ал таза тұқымдыларда элита класына жауап берді.

Қорыта келгенде «Қырым» асыл тұқымды зауытында шетелдік герефорд бұқаларын қазақтың ақ бас сиырын пайдалану арқылы алынған будан бұқашықтардың 15 айлығындағы тірілей салмағы 426 кг болып элита-рекорд, ал таза тұқымды тетелестері одан 12 кг төмен болып элита класына сәйкес келді. Бір бас будан бұқашықтың экономикалық тиімділігі 13 мың теңгені құрады. Ал бұл көрсеткіш 300 бас бұқашыққа есептегенде 3900 мың теңге таза табыс береді.

«Диев» асыл тұқымды шаруашылығында әулиекөл мен шароле тұқымынан алынған будан бұқашықтар таза тұқымды тетелестерінен 15,9 кг басым түсті. Оларды бордақылап баққандағы таза табыс 1 басқа 15,9 мың теңгені құрады. Ал егер 100 бас бұқашықты бордақылағанда олардың экономикалық тиімділігі 1590 мың теңге табыс беретінін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Прахов Л.П., Доротюк Э.Н., Жорноклей П.Е. Создание и совершенствование заводских линий скота мясных пород. - Оренбург, 1972. - 21 с.
2. Рузский С.А. Оценка быков по разному числу дочерей и значение возраста отца // Животноводство. - 1961. - № 11.
3. Борисенко Е.Я., Баранов К.В., Лисицын А.П. Практикум по разведению сельскохозяйственных животных. - М.: Колос, 1965.
4. Эйсер Ф.Ф., Эрнст Л.К. Теория и практика оценки быков по качеству потомства // Генетические основы селекции животных. - М.: Наука, 1969.
5. Оценка быков мясных пород по качеству потомства и испытание бычков по интенсивности роста, живой массе, мясным формам // Методические рекомендации. - М.: ВО Агропромиздат, 1990. - 16 с.
6. Крючков В.Д., Жузенов Ш.А. и др. Инструкция по оценке быков-производителей мясных пород по собственной продуктивности и качеству потомства. Алматы, 2010.-С.40
7. Рузский С.А. Племенное дело в скотоводстве.-М.:Колос,1977.-С.56-74.
8. Солдатов А.П., Эрнст Л.К. Приемы и методы оценки быков производителей по качеству потомства// Материалы Всесоюзного совещания по организации проверки и использованию производителей, оцененных по потомству. - М.: Колос, 1965. - С. 80-92.
9. Плохинский Н.А. Руководство по биометрии для зоотехников. - М.: Колос, 1969.-С. 24-172.
10. Меркурьева Е.К. Генетические основы селекции в скотоводстве. -М.: Колос, 1977.-238 с.
11. Методика определения экономической эффективности НИР по селекции и технологии. - М., 1988.

ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ІРІ ҚАРАНЫҢ ТАБИҒИ РЕЗИСТЕНТТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Зинуллин А.З., Алибаева А.С.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада жануарлардың негізгі табиғи резистенттілік факторлары мен оны анықтау әдістері және оның ауыл шаруашылығы малдарының ауруларын профилактикалаудағы маңызы көрсетілген.

В статье приведены основные факторы естественной резистентности животных и методика их определения а также значимость резистентности в профилактике болезней сельскохозяйственных животных.

The article presents the main factors of natural resistance of animals and methods of their determination and importance in preventing disease resistance in farm animals.

Организмнің реактивтілігі және резистенттілігі туралы түсінік көне қытай және көне үнді медицинасында кездеседі. Имунитеттің негізгі факторлары көне грек медицинасында кеңірек жазылған. Сол кездің өзінде-ақ олар әр адамның ауруларды әртүрлі көтеретіндігі және оған қарсы тұрақтылығының бірдей емес екендігін білген. Гипократ пен Эмперикус «идиосинкразия» деген түсінікті енгізді. И.И.Мечников пен Л.Пастер имунитет жайлы немесе қоршаған ортаның жағымсыз факторларына және ауруларды қабылдауы туралы ілімді құрды, яғни жүре пайда болған резистенттілік. И.И.Мечниковтың 1892 және 1903 ж жұмыстарын иммунологиялық реактивтілік (иммунологическая реактивность) қатысындағы ілімдердің негізгісі деп есептеуге болады. Ол әртүрлі қорғаныс күштері мен механизмдер арқылы ағза аурудың барысы мен айығуын айқындайтынын дәлелдеді. Л. Пастер оқушыларымен бірге, инфекциялық аурулардың профилактикалық әдістерін қарастыру кезінде организмнің өзіндік қорғаныс күштерінің үлкен ролін атап көрсетті[1].

Тәжірибелер көрсеткендей жануарлар жиі ауырмайды, олар ауруды жиі жұқтырады, яғни жұқтыру әрқашан ауруды тудыра бермейді. Организмде аурудың дамуына қарсы факторлар мен механизмдер бар. Егер жануарда ауру пайда болса, көп жағдайда ешбір дәрілерді қолданбастан ауруынан айыға бастайды. Организмнің қорғаныс күштерін зерттеу, қолайлы және қолайсыз факторларды және оның жануар организміне әсерін анықтау адамның өзгерту іс-әрекетінде, ғылыми негізделген диагностикалық және емдеу-профилактикалық шараларды жасақтауда маңызды. Бұл ары қарай мал өсірудің дамуына және қолдан жасалатын биогеоценоздардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді[2].

«Ағза өзіне-өзі дәрігер, өз-өзін емдейді» деген афоризма шындықтан алыс емес. Ұзақ эволюция процесінде жануар организміне қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз факторларына тап болып, оларға қарсы тұру үшін сәйкесінше жауап беріп отырды. Қоршаған ортаның жағымсыз факторларына төзе алмаған организмдер тіршілік үшін күресте өліп, өздерінен әлдеқайда төзімді ағзаларға жол беріп отырды. Организмнің қорғаныс күштері осындай ұзаққа созылған эволюцияның нәтижесі[3].

XX ғасырдың соңғы онжылдығында *туа біткен имунитет* механизмдеріне қызығушылықтың артуымен сипатталды. Бұл механизмдер адам мен жануардың инфекцияға лезде жауап қайтаруын анықтайды, яғни аурудың табиғатын тану,

«өзінікін» дискриминациялау, кейінгі патогенді бастаманы элиминациялау. Омыртқалыларда иммундық қорғаныстың бұл жүйесі базалық болып есептеледі және инфекциялық агенттерге резистенттілікті анықтайды, оған қоса В- және Т-лимфоциттерінен тұратын иммуноглобулиндердің қатысымен жүретін, жүре пайда болған иммундық реакцияларда нұсқаушы рольді жүзеге асырады. И.И.Мечников (1903) алғашқылардың бірі болып иммунитетті құбылыстардың жалпы жүйесі ретінде анықтады, соның арқасында организм ауру тудырушы микробтардың шабуылына төзе алатыны анықталды [4].

Жануарда аурудың пайда болу мүмкіндігін алдын ала болжап білу үшін оның ағзасының қорғаныс деңгейін бағалай білу керек, яғни жануардың денсаулығын, биологиялық мүмкіндіктерін анықтау. Егер жануарлардың өмір сүру жағдайы мен табынның иммунобиологиялық жағдайы дұрыс бағаланса, профилактикалық шаралар ғылыми негізделген болып есептеледі. Технологияның жеткіліксіздігінің салдарынан пайда болатын жағымсыз жағдайларға, өндірістік процесстің әртүрлі кезеңдеріндегі әртүрлі ауруларға қарсы тұру қабілетін ертерек бағалау профилактиканың маңызды кезеңі болып есептеледі. Табиғи резистенттілік тұқым қуалауда нашар берілетін белгі болып есептелетіндіктен, олардың тұқым қуалауын күшейтуде дұрыс бағыттарды табу үшін жануардың барлық қорғаныс қабілеттерін зерттеу керек [5].

Тірі ағзаның қорғаныс қабілетін келесі схемамен көрсетуге болады. Спецификалық емес, физиологиялық резистенттіліктің факторларына фагоцитоз құбылысын жатқызуға болады. Бұл ретикулярлы байланыс ұлпаларының клеткаларына тән, микроорганизмдерді немесе бөгде заттарды жұтып алу және зиянсыз ету құбылысы. Ұлпалардан табылатын фагоцитарлық элементтер ұлпаларда тіркелмеген байланыстырушы ұлпалар – гистонцидтердің «адасқан» клеткалары мен қан клеткалары-фагоциттер секілді ретикулоэндотелиальды жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Резистенттіліктің гуморальды факторларына лизоцим, опсонин, комплемент, пропердин, термоллабильді және термотұрақты ингибиторлар жатады. Организмді қорғауда сілтілік буферлі жүйе мен ферменттер сияқты маңызды факторлар үлкен роль ойнайды. Спецификалық және спецификалық емес қорғаныс механизмдерінің түзілуінде ашылмаған көп нәрсе ортақ болуы мүмкін. Табиғи резистенттілік деңгейі табиғи – климаттық жағдайлардың өзгерісіне, азықтандырудың толыққандылығы мен типіне, азықтың сапасына, оның азықтық және биологиялық құндылығына, жануар организміне әсер етуші әртүрлі бактериялар мен токсиндердің типіне байланысты бір тұқымның аясында да өзгермелі болуы мүмкін[6].

Осының барлығын мал өсіруде ескеру қажет. Асылдандыру жұмыстары басқа жерден жануарларды алып келу және жануарларды әртүрлі жағдайдағы басқа елдердің зонасына ауыстыруды талап етеді. Сол себептен де жануарларды импорттау немесе елге әкелу кезінде олардың ұзақ жыл мекен еткен жерлерінің экологиялық жағдайын, жаңа жерге жетпестен бұрынғы резистенттілік деңгейін білу, оларды жаңа орналастырылатын аймақтың жағдайымен салыстыру, олардың ағзасындағы зат алмасу мен резистенттіліктің өзгерісін білу өте маңызды. Жануарлардың мекен ету жағдайын ауыстыру әрдайым қолайлы бола бермейді. Мысалы, қырдың қызыл сиыры мен етті бағыттағы Аскани – Нова шортгорндарымен шағылыстыру кезінде олардың ұрпағында жағымсыз акклиматизация салдарынан ет өнімділігі жоғары нәтиже бермеді. Ұқсас жағдай жуырда еліміздің БҚО-дағы «Ақас» шаруа қожалығында да тіркелген. Акклиматизация процесінде табиғи резистенттіліктің көрсеткіштерін зерттеу белгілі бір уақыт кезеңінде жүргізілуі тиіс, мысалы кварталына 1 рет немесе 6 ай сайын. Тек қана сырттан әкелінген жануарларды ғана емес, олардың ұрпақтарын, араласын да, таза тұқымдарды да тексеру қажет.

Қорыта келе, жануарлардың табиғи резистенттілігіне баға беру үшін мына көрсеткіштерді басшылыққа аламыз:

- Фагоцитарлық белсенділік;
- Лизоцимдік белсенділік;
- Бактерицидтік белсенділік;

Фагоцитоз деңгейін анықтау үшін мына параметрлерді анықтау керек:

Фагоцитарлық белсенділік (ФБ)-бұл фагоцитарлық нейтрофилдердің жалпы саналған нейтрофилдердің санына проценттікқатынасы. Фагоцитарлық индекс (ФИ)-бұл жалпы нейтрофилдердің ішінен бір нейтрофилге шаққандағы микробтар саны. Фагоцитарлық сан (ФС)- бір белсенді нейтрофилге шаққандағы микроб клеткаларының саны. Фагоцитарлық сыйымдылық (ФС)-жануарлардың 1 мкл қанындағы фагоциттердің саны.

- Қолданылатын құралдар мен реактивтер:
- 2%-ттік антикоагулянт, изотоникалық ерітіндідегі натрий цитраты ерітіндісі;
- 0,85%-ттік натрий хлорид ерітіндісі;
- *Staph.albus* 1 күндік культураны;
- Тізбекті сұйылту жасауға арналған лункалары бар пластина (плато);
- 37° С жұмыс режиміндегі термостат;
- Жұмыс ұзындығы 1,08 мм болатын кюветалары бар фотоэлектроколориметр ;
- 1 мл-ге градуирленген пипеткалар; пастер пипеткалары; бактериологиялық пробиркалар;
- Микробтық ластану жағдайында болмаған жануардың веналық қаны.

ОФР жүргізу барысы. Агардың бетіне ақ стафилококкты себу жүргізіледі. Пробиркаларды 1 күн бойына термостатқа қояды. Тест-микробтың 1 күндік культураны физиологиялық ерітіндімен шайып алады. Бактерия суспензиясын жасыл фильтрлерді қолдана отырып, тығыздығы 0,25 бірл.-ге дейін стандартизациялайды. Бұл көрсеткіш 1 мл суспензиядағы 500 микробтық денеге сәйкес келеді. Бактерия суспензиясын кюветаларға орналастырады және беткі бөлігін резинка грушамен жалғанған пастер пипеткаларымен алып тастайды. Серологиялық диагностикада қолданылатын арнайы пластиналарға (плато) көрсетілген концентрацияда 0,2 мл тест-культура суспензиясын құяды және үстіне 0,2 мл антикоагулянт қосады. Кейін пластинаны 30 минутқа термостатқа қояды. Пробалар құйылған пластиналарды мұқият, араластырмай термостаттан алады. Беткі бөлігін пастер пипеткаларымен алып тастайды да, келесі бөлігінен (фагоцитарлық бөлік) аздап алып, заттық шыныға салады. Кейін қалың мазок дайындап, ауада кептіріп, метил спиртімен 3 минут немесе этил спиртімен 20 минут фиксациялайды. Романовский бояуымен бояйды (1 мл дистилденген суға 1-3 тамшы). 20-30 минут микроскоп арқылы, визуалды түрде бақылайды.

Реакцияны бағалау. Объективі *90 және окуляры *10 болатын микроскоп арқылы (иммерсия астында) боялған қан мазоктарынан кем дегенде 50 фагоцитарлық нейтрофилдері санау керек, нейтрофилдердің жалпы санын да санау керек. Әрбір фагоцитарлық нейтрофилдің қанша микроб денесін жұтқанын есепке алу керек. Кейін барлық активті нейтрофилдердегі жалпы микроб денелерінің санын есептейді.

Фагоцитарлық деңгейге комплексті түрде баға беру үшін келесідей мәліметтер керек:

- Барлық нейтрофилдер саны (фагоцитирлеушілерді қоса есептегенде);
- Тек қана фагоцитирлеуші нейтрофилдер саны (50 клеткадан кем емес);
- 1 мкл қандағы лейкоциттердің абсолютті мөлшері;
- Нейтрофилдердің салыстырмалы мөлшері (%) (лейкоформула бойынша);
- 1 мкл қандағы нейтрофилдердің абсолютті құрамы;
- Фагоцитозға ұшыраған микроб денелерінің жалпы саны.

Осылайша аталған көрсеткіштерді біле отырып, жануардың фагоцитоз деңгейі жайлы толық ақпарат беретін ОФР-дің 4 көрсеткішін қарастыруға болады.

ОФР КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Фагоцитарлық белсенділікті мына формула бойынша анықтайды:

$$\Phi Б = 50 * 100 / Н_y$$

Мұндағы H_y - ОФР-ды тазалау кезіндегі жалпы нейтрофилдердің саны; 50-фагоцитозға ұшыраған нейтрофилдердің саны (кем дегенде елу, бұл сан өзгеріп тұрады); 100-процентке есептеу;

Фагоцитарлық индекс- бір нейтрофилге шаққандағы, фагоцитозға ұшыраған микроб клеткаларының саны. Фагоцитозға ұшыраған микроб денелерінің жалпы санын саналған нейтрофилдердің жалпы санына (фагоцитозға ұшыраған және ұшырамаған) бөлу арқылы есептеледі.

Фагоцитарлық сан фагоцитоздың интенсивтілігін көрсетеді. Бұл бір белсенді нейтрофилге (фагоцитирлеуші) шаққандағы микроб денелерінің саны. Бұл көрсеткіш барлық фагоцитозға ұшыраған микроб денелерін белсенді нейтрофилдердің санына бөлумен анықталады. Бұл мысалда ол 50-ге тең (белсенді нейтрофил).

Фагоцитарлық сыйымдылық- 1 мкл қандағы белсенді нейтрофилдердің (фагоцитозға ұшыратушы) саны (мың):

$$\Phi E = H_{AC} * \Phi CH / 100$$

Мұндағы H_{AC} -1 мкл қандағы нейтрофилдердің абсолютті саны; ΦCH -ОФР-ді анықтағаннан кейінгі фагоцитирлеуші нейтрофилдердің салыстырмалы саны; проценттен нақты санға айналдыру;

ҚАН САРЫСУЫНЫҢ ЛИЗОЦИМДІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АНЫҚТАУ

Жануарлардың қан сарысуының лизоцимдік белсенділігін (ЛБ) анықтау лизоцимнің *Micrococcus lizodeiticus* эталондық культурасын тез лизирлеу қабілетіне негізделген. Лизоцимдік белсенділікті бағалау нефелометрияның көмегімен *Micrococcus lizodeiticus* суспензиясына қан сарысуын қосқаннан кейін оптикалық тығыздығының өзгерісін анықтау арқылы жүргізіледі.

Құрал-жабдықтар, материалдар, реактивтер:

Micrococcus lizodeiticus 1-күндік культурасы;

Натрий хлоридінің 0,5%-тік ерітіндісі;

РН-метр (ионометр);

Жұмыс жасау ұзындығы 10 мм болатын кюветалары бар ФЭК;

Градуирленген, 1мл және 10 мл-лік шыны пипеткалар;

Micrococcus lizodeiticus-тың штаммын қатты агарда өсіріп, 0,5%-ттік натрий хлорид ерітіндісімен шайып алады. ($RH=7,2$) ФЭК арқылы 420 нм толқын ұзындығымен бактериальды суспензияның тығыздын 20%-ке дейін жеткізеді. Стандартизацияланған бактерия суспензиясын бактериологиялық пробиркаларға 4,5 мл-ден құяды да, үстіне 0,5 мл қойдың немесе ірі қараның қанын қосамыз. (қойлардікін 1/9 сұйылтамыз, сиырлардікін 1/5 сұйылту керек.) Бақылаушы пробаға 5 мл тест-культураның суспензиясын құямыз.

Бақылаушы және тәжірибелік (зерттелетін) пробаларды жұмыс ұзындығы 10 мм болатын кюветаларға құйып, ФЭК арқылы жарықтың өту процентін анықтайды.

Бақылаушы және тәжірибелік (зерттелетін) пробаларды 1 сағатқа термостатқа қойып, жарықтың өту процентін тағы да өлшейді.

Лизоцимді белсенділікті мына формула бойынша есептейді:

$$ЛБ=(D_1 \cdot K - D_0) \cdot 100 / D_1 \cdot K$$

Мұндағы, ЛБ-қан сарысуының лизоцимді белсенділігі,%; D_0 және D_1 -зерттелетін пробалардың сәйкесінше, инкубациядан кейін және инкубациядан бұрынғы оптикалық тығыздығы; К-константа, қойлар үшін-1,5 және ірі қара үшін 1,0-ге тең.

Соңғы жылдары лизоцимді белсенділікті анықтаудың жаңа модификациялары жасалды.Әдіс *Micrococcus lizodeiticus* –тест культураның оптикалық тығыздығының өзгерісіне негізделген.(жануардың лизоцимдік белсенділігіне байланысты)

Стерильді жағдайда, ет пептонды агарда 24-сағатқа микробты өсіріп, одан суспензия дайындайды.0,3 см кюветада ұзындығы 540 нм болатын толқынмен 20% жарық өткізеді. Культураны осы мақсатта 1/15М стерильді фосфаттық буфер ерітіндісімен шайып алады және сол буфер арқылы, фотоколориметр көрсеткіштері арқылы сұйылту жасайды. Лизис процентін мына формула бойынша анықтайды:

$$X=A_{оп}-A_{шығ},$$

Мұндағы $A_{оп}$ -зерттелетін пробаның жарық өткізуі, $A_{шығ}$ -тест культураның жарықты өткізуі, ол 20%-ке тең[7].

ҚАН САРЫСУЫНДАҒЫ БАКТЕРИЦИДТІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ АНЫҚТАУ.

Бактерицидтік белсенділікті анықтау О.В. Смирнова және Г.А. Кузьминаның әдістемесі бойынша жүргізіледі. Бұл әдіс қан сарысуының микроорганизмдерге (тест - культура) қарсы бактерицидтік және бактериостатикалық қасиеттеріне негізделген. Ұсынылып отырған фотонейтриметрикалық әдіс қоректік ортаға қан сарысуы қосылған кездегі оның оптикалық тығыздығының өзгерісін есептеуге негізделген.

Қажетті құралдар, материалдар, реактивтер:

- Құрамы стандартты Хоттингер сорпасы;
- Қатты агарға отырғызылған *E.Coli* –дің 1 – күндік культураны;
- 0,85% - тік натрий хлориді ерітіндісі, стерильді;
- Кюветалары бар ФЭК, жұмыс ұзындығы 10 мм;
- Температуралық режимі 37°C – қа тең термостат;
- Бактериологиялық пробиркалар;
- 100 мкл-лік жартылай автоматты дозатор;
- 1 және 10 мл – лік градуирленген, шыны пипеткалар;
- Флоринский пробиркалары;

Бактерицидті белсенділікті анықтаудың барысы. Стерильділіктің барлық ережелерін сақтай отырып, бактериологиялық пробиркаларға Хоттингер сорпасының 4,5 мл – ін құяды да, үстіне *E.Coli* культураны себеді. 1 – күндік *E.Coli* культураны стерильді физиологиялық ерітіндімен шайып алады да, ФЭК арқылы суспензия тығыздығын 85% жарық өткізгіштікке жеткізеді. Зерттеу пробиркаларына зерттелетін қан сарысуынан 0,5 мл құяды, ал бақылаушы пробиркаларға дәл осындай мөлшерде стерильді физиологиялық ерітінді құяды. Барлық пробиркаларға *E.Coli* – ді себеді (әрқайсысына жұмыс концентрациялы бактериальдық суспензиядан 0,1 мл). *E.Coli* тест – культураны бар суспензияның дәл себуі үшін микропипетканың орнына Р – 20 мкл типтес жартылай автоматты дозатор қолданылады. ФЭК арқылы жұмыс ұзындығы 10 мм болатын кюветалардағы барлық пробиркалардың физиологиялық

ерітіндісінің оптикалық тығыздығын анықтайды. Содан соң термостатқа орналастырады. 3 сағ. өткен соң және 5 сағ. соң оптикалық тығыздықтарын өлшейді.

Бактерицидтік белсенділікті анықтаудың тағы бар модификациясы бар. E.Coli культурасының O₁ штаммының Хотингер сорпасында қан сарысуын қосқан кезде өсудің тежелуін өлшеу үшін ортаны сұйық коректік ортамен жанартады – ет – пептонды сорпа (ЕПС). Пробиркаларға стерильді жағдайда Хотингер сорпасынан 4,5 мл, қан сарысуынан 1 мл және 1 күндік культурадан 0,1 мл қосады. Орта құйылған екі пробирканы бақылаушы ретінде қалдырады. Әрбір пробиркадан (тәжірибелік және бақылаушы) стерильді түрде 2 мл – ден алады да, 670 нм толқын ұзындығында (классикалық әдіс бойынша 540 нм) оптикалық тығыздықтарын анықтайды (A_T және A_B), кювета ұзындығы 0,3 см және Хотингер сорпасына қарсы жарықты өткізеді.

Қалған пробаларды 37°C – та 6 сағат бойы инкубирлейді (О.В. Смирнова және Г.А. Кузьминаның әдістемесі бойынша жүргізіледі). Одан кейін әрбір пробиркадан стерильді түрде 0,2 мл алады да, тағы да дәл сондай жағдайда оптикалық тығыздығын анықтайды (A_{T6} және A_{B6}). Қалған пробаларды термостатқа қояды да, инкубациялауды 24 сағатқа дейін жалғастырады. Кейін оларды дәл сондай жағдайда колориметрлейді (A_{T24} және A_{B24}).

Бактерицидтік белсенділікті T (X_T) процентпен, бақылаушы ортамен (сарысусыз) салыстыра отырып, тәжірибелік ортада микроорганизмдер өсуінің үлесі ретінде анықтайды.

Тест – штаммды 6 және 24 сағат культивирлеуден кейін нәтижелерін алып, соның негізінде «бактерицидтік активтіліктің кернеуін (БАК)» анықтайды:

$$\text{БАК} = 100 - X_{T1} * T_1 * X_{T2} * T_2 / 6 + 24$$

Мұндағы X_{T1} және X_{T2} – 6 және 24 сағат өткеннен кейінгі бактерицидтік белсенділік; T₁, T₂ - культураның инкубациялану уақыты (6 және 24 сағат); 100 – сарысусыз ортада культураның өсу проценті.

«Бактерицидтік активтілік» және «бактерицидтік активтіліктің кернеуі» шамалары қан сарысуымен әсерлесу кезіндегі тест – штаммының өсуінің ингибирулену процентін көрсетеді [8].

Аталған әдістерден басқа, зерттеуіміздің маңызды бөлігіне жататын иммуноферменттік сараптама жүргізу жоспарлануда. Қанның иммуноферменттік сараптамасы (ИФА) – антиденелер мен антигендерді анықтаудың зертханалық әдісі. Иммуноферменттік сараптама (ИФА) сапалық (антигендер мен антиденелердің бар немесе жоқ болуы) және сандық (антигендер мен антиденелердің санын анықтау). Организмге бөгде агенттердің (антигендердің) енуінен иммундық жүйе оларға қарсы спецификалық ақуыздар – антиденелер (иммуноглобулиндер) түзеді. Аталған антиденелер тиісті антигенімен байланысып, комплекс түзеді: антиген-антидене. Осы аталған комплекс зерттеу барысында сандық және сапалық сарапталады.

Осы арқылы зерттеу нысанындағы табынның ірі қараларынан қан алынып, антиденелер титрі анықталмақшы. Вакцинация жүргізіліп, тағы да ИФА әдісімен антиденелер титрін анықтаймыз. Сол арқылы ағзадағы антиденелер титрінің өзгерісін, яғни синтезделу дәрежесін анықтаймыз. Бұл өз кезегінде ағзаның ауру қоздырғышына қарсы реактивтілігі туралы мәлімет береді.

Аталған сараптамалар Батыс Қазақстан облысының «Дөңгелек» шаруа қожалығында жүргізілмек. Зерттеулер нәтижелеріне қарай, табиғи резистенттілікті зерттеудің маңыздылығын ескере отырып, ол сүттілік пен еттілік сияқты селекциялық белгі ретінде енгізілсе, өнімділігі мол, сонымен қатар қорғаныс қабілеті мықты жануарлар алу мүмкіндігі артады.

Әдебиеттер тізімі

1. Анкер А.Н., Венжик С.М. Актуальные вопросы прикладной генетики в животноводстве.-М.: Колос, 1982.-251 с.
2. Винничук Д.Т. Селекция животных на долголетие / / Генетическая устойчивость с.-х. животных к заболеваниям: Тез.докл. конф.-М., 1983.-С.93-94
3. Герасимчук А.В. Наследуемость иммунологической реактивности крупного рогатого скота // Вестник с.-х. науки.-1984.-№11.-С.103-106.
4. Емельяненко П.А. Механизм естественной резистентности у телят // Ветеринария.-1979г.-№1.-С.35.
5. Иванов В.М., Бондарев В.Н. Стрессустойчивость и резистентность помесных первотелок // Зоотехния.-1995.-№3.-С.26-27.
6. Никоноров П.Н. Методика оценки естественной резистентности крупного рогатого скота промышленных комплексов / / Информационный листок №113-74 Томского ЦНТИ.-Томск, 1976.-4 б.
7. Скопичев В. Г., Максимюк Н.Н. Физиолого-биохимические основы резистентности животных / В. Г. Скопичев. – С.: Лань, 2009. - 23 б.
8. Белкина Н.Н., Шаталов С.В., Аверьянова И.Ф. Индексная оценка продуктивного долголетия коров разных семейств / / Актуальные проблемы развития животноводства на Дону: Сб. науч. тр.-Персиановка, 1998.-С.28-31.

УДК 636.082.453.5:636.2

ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ БҰҚАЛАРДЫҢ ҚАТЫРЫЛҒАН ҰРЫҒЫН ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУДА ҚОЛДАНУ

Зинуллин А.З., Ахметалиева А.Б., Магазова Г.С., Ажигалиева Ф.К.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық–техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада бұқалардың ұрығын еріткеннен кейінгі сапасы туралы мәлімет көрсетілген. Мақаладағы мәліметтер осы саладағы басқа ғалымдардың мәліметімен салыстыра берілген. Қолдан ұрықтандыру жұмыстарындағы маңызды көрсеткіштер анықталды. Сонымен қатар ең жақсы криопротекторларға сипаттама берілген.

В статье дана информация о качестве спермы быков после их оттаивания. Данные в статье сравнительны с другими учеными в этой области. Для искусственного осеменения определены важнейшие показатели. А так же даны характеристики о лучших криопротекторах.

The article provides information on the quality of bull sperm after ottayvaniya. The data in the article compared with other scientists in this field. For artificial insemination identified key indicators. And also given the characteristics of the best cryoprotectors.

Кіріспе. Қазіргі кезде қолдан ұрықтандыру жұмыстары көптеген шаруашылықтарда жүргізілуде. Бұл мақсатта қатырылған ұрықтарды пайдалануда. Мұздатылған ұрықтарды қолдану экономикалық тиімді болып келеді. Осы орайда, А. Д. Курбатов пен әріптестерінің [1] пікірінше жануарлардың көптеген тұқымдары мен аталық іздерінің жоғалып кету қаупінің төнуіне байланысты ұрықты ұзақ сақтау аса маңызға ие болып отыр. Жылқылардың, бұқалардың, құстардың, қойлардың, шошқалардың құнды жоғалып бара жатқан тұқымдарының гендер банкасын құру біздің

планетамыздың табиғи байлығын қорғаудағы шаралардың құрамдас бөлігі болып табылатынын айтқан. Қазіргі кезде осындай мақсатта жабайы, қызыл кітапқа енген, жойылып кету қаупі бар жануарлардың да ұрығын қатыруда.

Зерттеу мақсаты. Жоғарыда аталып өткен аталық іздердегі жануарлардың құнды генофондын сақтау мақсатында, осы генотиптегі өндіруші-бұқалардың ұрығын криоконсервациялау міндет етіп қойылды.

Зерттеу нысаны. Ұрық банкісін криоконсервациялау үшін, біз Ландыш 9879 пен Кактус 7969 аталық ізіндегі өндіруші-бұқаларды және салыстыру үшін, ендіре шағылыстыру арқылы алынған, герефорд тұқымды Айвон 58х аталық іздегі Айбатты 903 өндіруші-бұқасы алынды.

Зерттеу әдістемесі. Ұрықтарды сұйылтуға қажетті қоректік орталар дайындау. Жаңадан алынған ұрықты сол жерде нөмір-1 лактозды-глицеринді-сарыуызды қоректік орта және нөмір-2 лактозды-этиленгликольді-сарыуызды қоректік ортасымен араластырып, сұйылттық. Қоректік орта құрамы: Бидистильденген су – 100 мл, лактоза – 11,5 гр, глицерин – 5 мл, стрептоцит – 50 мг, пенициллин – 250 мың бірлік, жұмыртқа сарыуызы – 20 мл қолданылды. Екі ортаның айырмашылығы тек криопротекторларда – бірінде глицерин, екіншісінде этиленгликоль алынды. Қоректік орта ретінде тек балғын орталарды пайдаланады, және олар 3-4 сағат аралығында қолданылуы керек. Араластыруды қоректік орта температурасы мен ұрық температурасы тең жағдайда жасайды. Зерттеуге осы қоректік орталар қолданылды. Ұрықты сұйылтуға арналған синтетикалық орталардың мәзірлігі сандық жағынан да сапалық жағынан да әр түрлі болып келеді. Ол жануар түріне және сұйытылған ұрықты сақтау әдісіне байланысты [2].

Әртүрлі биологиялық нысандар үшін негізгі криопротекторлардың біріне глицерин жатады. Оның криокорғағыш қасиетін, орыс ғалымы 1913 жылы Н.А. Максимов ашқан болдатын. Сонымен қатар, криокорғағыш қасиетке этиленгликоль, диметилсульфоксид жатады. Кейбір криопротекторлар, диметилсульфоксид және полиэтиленоксид өзінің тиімділігі бойынша глицеринге жақындайды, ал кейбір жағдайларда одан асып түседі [3].

Қатыруға, глицериннен басқа тиімді криопротекторды іздеу жалғасуда. Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде глицерин мен диметилсульфоксидтен басқа, тиімді криопротектор этиленгликоль болды [4].

Р.Г. Царенко және оның әріптестерінің [5, 6] зерттеулерінде глицериннің улылық қасиеті анықталды, және оның төмендеуі, балды ортада 5-10%-дан бастап 1-3%-ға дейін, ұрыққа жақсы жағынан әсер етті.

Лактозды-глицеринді-сарыуызды ортаға 0,1-0,3% хитозан сукцинатын қосып, терең қатыру барысында сперматозоидтардың мембраналық құрылысын биологиялық зақымдалуын төмендетуге мүмкіндік береді және еріткеннен кейін олардың өміршендік уақытын жоғарлатады [7].

Бұқалардан жасанды вагина қолдану арқылы ұрық алынады. Қолданылған вагиналарды бірнеше рет ыстық суда жуып, содан соң дистилденген суда шайып, қайнатылу жағдайында стерильдендірілді. Ұрық алу үшін қолданылатын вагинаны жинастырамыз. Әуелі цилиндрге камераны салып, екі ұшын созып цилиндрге кигізеді де, сақина тәріздес резеңкелермен байлап қоямыз. Вагинаның бір ұшына ұрыққабылдағышты сақина тәріздес резеңкемен бекітіп тағылады. Содан соң екі ұшын пергамент қағазбен қаптайды да, 20-25 мин аралығында автоклавта ұстаймыз. Одан кейін қаптағыштарды алып, вагина мен камера арасын 150 мл ыстық сумен толтырдық. Ол дене температурасымен бірдей болуы керек. Осы күйінде вагиналарды термостатқа салып, 42-44°C сақтадық. Вагина ішіне құйылатын су дене температурасымен бірдей болуы керек. Вагинаның ішіне вазелин жағылды. Қолданылған вагиналарды бірнеше рет қайта қолдануға болады.

Бұқалардан ұрық алған кезде, бұқаны бұқаға артындырдық. Вагинаға алынған ұрықты сол арада екінші ұшындағы ұрыққабылдағышқа қарай бағыттап, вагинаны тік ұстау керек. Ұрығы бар ұрыққабылдағышты шешіп алып зертханаға апарып, көлемін өлшеп, әрі қарай сапасын тексердік.

Алынған ұрықты сол арада микроскоппен тексеріп, концентрациясын анықтан, белсенділігін балл бойынша бағаладық. Алынған ұрықтың көрсеткіштері 1 кестеде көрсетілген, әрі қарай сол жерде балғын қоректік ортамен араластырдық. Қоректік ортамен араластыруға сперматозоидтар белсенділігі 8 балл, орнығымы 1 мл-де 800 млн-нан 1 млрд-қа дейін сперматозоидтан кем емес бұқа ұрығы алынды.

Қатыруға жаңадан алынған, белсенділігі 7 баллдан кем емес және концентрациясы 0,7-2,0 млрд/мл ұрықты қолданады [8].

1 кесте - Жаңадан алынған ұрық сапасы

№	Бұқаның нөмірі	Ұрықтың концентрациясы	Мөлшері, мл	Белсенділігі, балл
1	Лайық-819	Қою	12	8
2	Қыран-17969	Қою	6	8
3	Айбатты-903	Қою	5	8

Е.В. Никиткина, И.Ш. Шапиевтің [9] зерттеулері бойынша төмен белсенділіктегі және төмен концентрациялы сперматозоидты эякуляттарды мұздатуға алғашқы 0,6 млрд/мл концентрациялы және 6 баллдан жоғары сперманы қолдануға болады.

Ұрықты жасанды - синтетикалық орталармен араластыру кезінде алдымен бұқа ұрығын бірден ұрыққабылдағышта өлшеп, ұрықты 2-ге тең бөлдік. 28-30°C-тан төмен температуралы қоректік ортамен, 1:4 қатынасында араластырылды. Ортамен араласқан соң, сұйылтылған ұрықтың 1 мл-де шамамен 200-250 млн сперматозоид болды. Ұрықты қоректік ортамен араластырғаннан кейін, 4 сағат +4°C температураға дейін мұздатқышта, эквilibрация процесінен өткізілді.

Қоректік ортамен араластырылған ұрықтарды алдын-ала сұйық азотта салқындатылып, сұйық азот буына батып тұрған фторопласттық пластинаның ұяшықтарына тамызылып, гранула әдісі бойынша қатырылды. Мұздату төмен температурада жүретіндіктен, ұрық тез қатады. Қатырылған ұрықтарды сол жерде жинап алып, дорбашаға салып, азоты бар дыюар құтысына салынды (1-сурет).



Сурет 1 - Ұрықты гранула әдісі бойынша қатыру.

Қазіргі кезде жануарлардың ұрығынан басқа құстардың да ұрықтары гранула әдісімен қатырылуда. Ғалымдардың жүргізген зерттеулерінің нәтижелері бойынша ұрықты гранулалы криоконсервациялау ампулада криоконсервациялаудан кем емес.

Ұрығының ұрықтандыру қасиетінің ең жақсы нәтижесі қораздада 58%, қаздарда-80% болды. Бірақта, гранула әдісімен қатырудың кемшіліктері, бұл әдісті құс шаруашылығында тиімсіз етеді. Құстардың ұрығын криоконсервациялауда Харьков технологиясы бойынша облицованды гранула қолдану нәтижелі [8].

Мұздатылған ұрықты еріту және бағалау. Қатырылған гарнулаларды дьюар құтысынан алып, натрий цитратына салып араластырдық. Осыдан кейін ұрықты бөлме температурасында бағаладық. Заттық әйнекке шыны таяқшамен натрий цитратында ерітілген ұрықтың тамшысын тамызып, жабын әйнекпен жауып, микроскоп арқылы қозғалғыштық қабілетін қарап бағаладық. Қолдан ұрықтандыру үшін белсенділігі 4 балдан кем емес ерітілген ұрық пайдаланылады.

Ұрықтарды еріту кезінде жасуша бетімен, қоршаған орта шекарасында концентрациялық градиент түзіліп, босаған су жасушаның ішіне ығысады. Ұрықты жылдам және баяу еріткен кезде іштегі мұз кристалдары еру сатыларында жасушаға теріс әсерін тигізеуі мүмкін сондықтан, мұздатқан ұрықты еріту процесі тездетіліп өткізілгені дұрыс.



Сурет 2 - Қатырылған ұрықты еріткеннен кейінгі сперматозоидтардың қозғалысын анықтау

Зерттеу нәтижесі және оларды талқылау. Мұздатылған шәуетті қолданғанда, оның еріткеннен кейінгі белсенділігі 4 балдан төмен болмауы керек және шәуетті бір сперма дозада, яғни бір гранулада тірі сперматозоидтар саны 50 млн-нан кем болмағаны дұрыс.

Қолдан ұрықтандырудың негізгі мақсаты асыл тұқымды, өте құнды аталық малдан мейлінше көп төл алу, қысқа мерзімнің ішінде бүкіл малдың сапасын, өнімділігін арттыру. Асыл тұқымды малдың шәуетін алыс елді мекендерге апаруға, басқа мемлекеттен тасып әкеліп қолдануға болады, шәуетті көп жинап алып ұзақ уақыт (бірнеше ондаған жылдар бойы) сақтап қойып қолдана беруге болады. Қолдан ұрықтандыру алдында қатырылған шәуеттің сапасын бағалайды (2 сурет).

2 кесте - Еріткеннен кейінгі ұрықтың белсенділігі

Сынама нөмірі	Бұқаның нөмірі	Қоректік орта нөмірі	Белсенділігі, балл
1	Қыран-17969	1	3
2	Лайық-819	1	4
3	Айбатты-903	1	2

Пайдаланылған қоректік ортаның біріншісі ғана жақсы нәтиже берді (2-кесте). Этиленгликоль қосылған екінші қоректік орта нәтиже бермеді.

3 кесте - Нәтижелердің статистикалық сипаттамасы

Қоректік орта	Эякул ят саны (n)	Арифметикалық орташа ($\bar{x} \pm S\bar{x}$)	Орташа квадраттық ауытқу (σ)	Вариация коэффициенті (Cv)	Шынайылық критеріі (td)	Еркіндік дәрежесінің саны (v=)	Ықтималдылық деңгейі (p)
№1	3	3±1	1	33	3	4	>0,95
№2	3	0±1	0	0			

Екі топтың арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан алғанда шынайы, ықтималдылық деңгейі $P > 0,95$ (3-кесте).

Қорытынды. Этиленгликоль қосылған қоректік ортаның жақсы нәтиже бермеу себебі бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін. Біздің пайымдауымызша, этиленгликоль криопротекторы үшін эквипирация процесінің ұзақтығы және қатыру режимі глицеринге қарағанда қолданылуы өзгеше болуы мүмкін. Ол біздің болашақтағы зерттеулеріміздің мақсаты болмақшы. Қорыта айтқанда, қазіргі жағдайда етті бағыттағы ұрықты криоконсервациялаудағы глицерин қолданылуы керек.

Осы салада өзге авторлар да жұмыстар атқарып, олар келесідей нәтижелерге қол жеткізген.

П.А. Титов [10] өз зерттеу жұмысында, өзінің өнімділігінің биотехнологиялық көрсеткіштері бойынша өндірушінің анализі, тұқымға байланысты шәуеттің ең көп мөлшері голштин тұқымының бұқаларында (4,49 мл) болғанын, жасына байланысты – 5 жастан жоғары өндірушілер (4,78 мл) екенін көрсетті. Ұрық концентрациясы бойынша басқа өндірушілерден біршама асқан лимузин тұқымы болғаны шешілді. Зерттеулердің көрсеткеніндей, лимузин тұқымды бұқалардың ұрықтары мұздатуға біршама икемді болды. Алынған мәліметтерге қарағанда, криоконсервацияланған ұрықтардың ақауы айыршир тұқымында (1,4%) және 4-5 жастағы бұқаларында (2,5%) болған.

Г.А. Добровольский [11] бұқалардың ұрығына жүргізген зерттеу жұмыстарында, барлық зерттелген құрғақ соя лецитиндер бұқалардың ұрығын қатырған кезде жоғары қорғаныштық әсер береді. Бұқалар ұрығын жетілдірілген трис-фруктозды-лимон қышқылды ортаға тауық жұмыртқасының сарыуызын қосып қатыру, лактозды-глицеринді-сарыуызды ортамен салыстырғанда сперматозоидтардың қозғалғыштығының, өміршендігінің жоғарлауына әсер етеді. ЛГС ортамен салыстырғанда, жетілдірілген ортаны қолданғандағы ұрықтандыру деңгейі 7% жоғары болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Курбатов, А. Д. Криоконсервация спермы сельскохозяйственных животных / А. Д. Курбатов, Е. М. Платов, Н. В. Корбан, Л. Г. Мороз, В. А. Наук. Л. // Агропромиздат.-1988. –С.255.
2. Студенцов, А. П. Акушерство, гинекология и биотехника размножения животных / А.П. Студенцов, В.С. Шипилов, В.Я. Никитин и др.; под ред. М.Т. Миролюбова. – М.: Колос, 2005. – 512 с.
3. Бугров, А.Д. Замораживание спермы быков с диметилформамидом / А.Д. Бугров, Н.И. Шинкаренко, Т.А. Шулиндина //Республ.междувед.темат.сборник. 1971.- №26.- С.20-25.
4. Курбатов, А.Д. Испытание некоторых криопротекторов при замораживании спермы петухов / А.Д. Курбатов, Л.Е. Нарубина, Б.И. Иванов // Новое в разведении и генетики с-х животных. Сб.научных трудов ВНИИРГЖ. 1973, вып.21, с.198-202.

5. Царенко, Р.Г. Криопротекторное действие глицерина и ПВП при замораживании спермы гусakov / Р.Г.Царенко, Т.Г. Мавродина, И.И. Попов. // Бюл./ВНИИРГЖ, Л., 1978, № 32, с.27-30.
6. Царенко, Р.Г. Влияние сверхнизких температур на сохранность качеств спермы отдельных петухов / Р.Г.Царенко, А.Д.Курбатов, Т.Г. Мавродина. // Бюл./ВНИИРГЖ, Л., 1979, № 40, с.35-39
7. Пат. 2223718 РФ, МКИ³ А61D19/02. Способ обработки спермы быка / Ю.П. Фомичёв, Н.И. Стрекозов, А.С. Ерохин, Б.С. Сейдахметов, Г.В. Ескин, А.И. Албулов, С.М. Шинкарев. опуб. 10.03.2009, БИ: 07/2009. – 3 с.
8. Осташко, Ф.И. Глубокое замораживание и длительное хранение спермы производителя. Киев, 1978.-С.225.
9. Никиткина, Е.В. Использование спермы быков с низкой концентрацией и активностью сперматозоидов для криоконсервации. / Е.В. Никиткина, И.Ш. Шапиев. // Достижения науки и техники АПК.-2010.-№7.-С.49-51.
10. Титов, П.А. Биотехнология нативной и воспроизводительные способности криоконсервированной спермы быков в зависимости от разных факторов : дис...канд. биол. наук : 06.02.01 / Титов Павел Анатольевич.-Санкт-Петербург, 2003.- 98 с.
11. Добровольский, Г.А. Повышение эффективности искусственного осеменения коров криоконсервированной спермой : дис...канд. сел. хоз. наук : 06.02.01 / Добровольский Геннадий Александрович.-п.Лесные Поляны, 2009.- 101 с.

УДК 636.2

ДНК-МАРКЕРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ІРІ ҚАРАНЫҢ СҮТТІЛІГІН АНЫҚТАУ

Зинуллин А.З., Бертілеу Л.Ш., Бекбагамбетова А.Е.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада ірі қараның сүттілігін ДНК-маркерлер негізінде анықтаудың тиімділігі мен ерекшелігі көрсетілген. Осы тақырып бойынша ірі қара қанына биохимиялық және гематологиялық зерттеулер жүргізіліп, малдың қанынан ДНК бөлініп алынды.

В этой статье показаны эффективность и особенность определение молочности КРС с помощью ДНК-маркеров. В соответствии с этой темой проведены биохимические, гематологические исследование и выделены ДНК из крови КРС.

This paper shows the effectiveness and feature identification of dairy cattle using DNA markers. In line with this theme carried out biochemical, hematological study and isolated DNA from the blood of cattle.

Қазіргі уақытта «ҚазАгроИнновация» АҚ-ға қарасты «Мал шаруашылығы мен ветеринария ғылыми-инновациялық орталығы» ЖШС ғылыми қызметкерлері бұл бағытта жұмысты бастады. Жергілікті жағдайға бейімделген голштиндендірілген малдың эталондық популяциясының деректер базасы (ең кемінде 8 000 – 10 000 бас) қалыптастырылуда, 1000 ДНК бөліп алынып, ген типін анықтау үшін Францияға жөнелтілді.

Қазіргі заманғы ауыл шаруашылық генетикасының негізгі мәселесі

шаруашылыққа пайдалы қасиеттерін белгілейтін гендердің көмегімен сұрыптауды тиімді жүргізу болып табылады (MAS - marker assisted selection). ДНҚ маркерлерінің жоғары ақпараттығының нәтижесінде тұқымның генетикалық арақашықтықтары мен арақатынастарын анықтай отырып, нақты дифференциациялау және тұқымның құрылу үрдісін зерттеуде көптеген мүмкіндіктер туды. Көбінесе ауыл шаруашылық жануарларының генофондын зерттеуде соңғы жылдары ДНҚ микросателлитінің полиморфизмі қолданылады.

Бүгінгі таңда ДНҚ-технологиясының жылдам дамуына байланысты ірі қарада анықталған гендік маркерлердің жалпы саны бірнеше ондыққа жетті. Ірі қараға генетикалық сараптама жүргізуде гендік маркерлерді қолдану көптеген елдердің ірі қара өнімділігін арттырудағы негізгі селекциялық және генетикалық тиімді әдіс ретінде енгізілген. Біздің мемлекетімізде ауыл шаруашылық малдардың интенсивті тиімділігін арттыруда осы әдіс нақты жолға қойылып, дәйекті зерттелмеген, осыған сәйкес бұл сала толыққанды зерттеулер мен тәжірибелерді талап етеді.

Ірі қараның сүттілік өнімділігінің деңгейін арттыру селекцияның негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Осы бағыттағы сұрыптау жұмыстары жануарлар генотипінің ДНҚ-маркерлеріне сәйкес анықталуы селекция жұмыстарының жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. Осы аспектіде сандық көрсеткішінің локусындағы ДНҚ-маркерлерінің (QTL) ерекшеліктері орын алады. Жануарларды бағалаудың QTL әдісінің аса маңыздылығы жануарлардың фенотиптік ерекшеліктерінің жай және белгілі бір жынысқа байланысты анықталатын жағдайларында, сонымен қатар белгіліердің анықталуы үшін қоршаған ортаның кері әсері болатын зерттеулерде айқындалады.

Ірі қараның сүттілік өнімділігінің (сауылым деңгейі, сүттің майлылығы мен ақуыздылығы) көрсеткіштері ретінде өсу гормоны (GH), О-ацилтрансферазының диацилглицеролы (DGAT1) және тиреоглобулин (TG5) гендерін атауға болады.

(GH) – лактогенді және май мобилдеуші қасиеттерге ие жануарлардың соматикалық өсуіне жауап беруші қалыптандырғыш болып есептеледі. GH ген маркерінің праймерлерінің тізбегі төменде келтірілген:

GH1 P1 5'GGTGGGTTGCCCTTCTCTTCT-3' 8-471 464

GH2 P3 5'-TCTCAAGCTGAGACCCTGTGT-3' 408-860 453

GH3 P5 Sr-TTGGGCTTTAGGGCTTCCGAA-3' 805-1224 420

GH4 P7 5'-GGACAGAGATACTCCATCCAG3' 1380- 1724 345

(DGAT1) – триглицеридтердің синтезінің соңғы кезеңінде катализдеуші микросомалық энзим.

(TG5) - май жасушаларының пайда болуында маңызды қызмет атқарушы гликопротеин. Аталған гендердің ДНҚ-маркерлері ретінде алынуы олардың кодталушы ақуыздарының сүт құрамындағы бөлек компоненттердің қалыптасуына қатысуымен байланысты.

TG5U2 (5'-GGGGATGACTACGAGTATGACTG-3') және TG5D1 (5'-GTGAAAATCTTGTGGAGGCTGTA-3')

Аталған жұмысты іске асыру үшін келесідей міндеттерді негізге алу қажет:

- Өртүрлі малдардың сүттілік деңгейін анықтау;
- Зерттелінетін малдың GH, DGAT1, TG5 ДНҚ-маркерлерінің генотипі мен аллельдері бойынша бөліну анализдерін орындау;
- Ірі қараның ДНҚ-маркерлері бойынша генетикалық құрылымын анықтау;
- Ірі қара малының қажетті генотипін анықтау және соның негізінде сұрыптау және жұптау тәсілдерін ұсыну;

Зерттеу жұмысын жүргізуде келесідей әдістемелер қолданылады:

1.ПТР реакциясын жүргізу

- денатурациялау;
- отжиг;
- элонгациялау;
- 2.Сэнгер әдісі бойынша секвинерлеу;
- 3.Ферментативтік әдісті қолдану;
- 4.Қатты фазадағы детекциялау әдістері;
- 5. ДНҚ тізбегіне сандық анализ жүргізу.

Жалпы жұмыстың жаңашылдығы - GH, DGAT1, TG5 ДНҚ-маркерлерінің генотипіне сәйкес белгілі бір түрдің генеалогиялық линиясының аллелфондының зерттелінуі. Генеалогиялық линиялардағы зерттелінетін ДНҚ-маркерлері генотипінің мультилокусты орналасуымен ірі қараның сүттілік өнімділігі арасындағы байланыстылықтың анықталуы.

Southern EM еңбектеріне берілген анықтама бойынша ДНҚ-маркерлер немесе молекулярлы-генетикалық маркерлер дегеніміз молекулярлы биологияның ДНҚ-ның нуклеотидтік тізбек негізінде нақты бір генді немесе хромосома бөлігінің әртүрлі генотиптерді, дараларды, тұқымдарды, линиялар мен сорттарды салыстарған кезде қолданылатын әдістің нәтижесінде алынатын полиморфты белгі болып табылады.

Соңғы жылдар ішінде генетикалық-маркерлерді ақуыз деңгейінде және сонымен қатар ДНҚ, РНҚ деңгейінде қолданып, көптеген генетика мен селекция мәселелерін және биотүрлілік пен эволюция механизмін түсінуде, сонымен бірге хромосоманы картирлеуде, асылдандыру жұмыстары кезінде тиімділігін анықтайтын біршама деректер Cases S, Smith SJ, Zheng YW, Myers HM зерттеулерінде жинақталған болатын.

Молекулярлық-генетикалық көп таралған маркерлерді Н.А. Зиновьева, О.В. Костюнина, Е.А. Гладырь, А.Д. Банникова, В.Р. Харзиновалардың еңбектеріне сәйкес шартты түрде келесідей топтарға жіктеуге болады – құрылымдық гендердің маркерлер бөлігі, ақуыздың аминқышқылдар тізбегін кодтаушы түрлері (ақуыздың электрофоретикалық нұскалары), құрылымдық гендердің бөліктерін кодтамайтын маркерлер және құрылымдық гендерге қатынасы белгісіз, геном бойынша қысқа қайталамдардың бөлшектенуіне сәйкес әртүрлі ДНҚ тізбектілігінің маркерлері (RAPD — кездейсоқ амплификацияланатын полиморфты ДНҚ; ISSR — инвертирленген қайталамдар; AFLP — рестрикция сайтындағы полиморфизм), микросателді локустар (2-6 нуклеотидтік элементарлық ұзындықтағы тандемді қайталамдар).

Полиморфизмді ДНҚ деңгейінде анықтаушы заманауи технологиялық тұтас жиынтықтар бар, төменде солардың бірнешеуін атап өтуге болады:

- ДНҚ (RFLP) рестрикті фрагмент ұзындықтарының полиморфизмінің анализі;
- (ПТР) полимеразды тізбек реакциясымен жүргізілетін полиморфизм анализі және ДНҚ амплификация негізіндегі геномды ДНҚ-дағы қайталанушы тізбек арасындағы әдістер.
- ДНҚ-зонд негізіндегі маркерлер.

RFLP (ПДРФ-маркерлер) — Рестрикциялық фрагменттер ұзындығының полиморфизмі. ПДРФ — ДНҚ-ның рестрикті фрагменттер ұзындығының полиморфизмінің бағалануы әртүрлі әдістермен жүзеге асуы мүмкін, көбінесе дәстүрлі әдіс болып блот-гибридизация болып есептеледі. Бұл әдістің құрамына ДНҚ-ны бөлу, рестрикция фрагменттерін алу, олардың электрофоретикалық бөлінуі мен алынған ДНҚ фрагменттерімен ДНҚ-зондының спецификалық бөліктері арасындағы гибридизацияның фильрге көшірілуі кіреді. ДНҚ-зонд — анықталған гомология деңгейі мен оның геномды ДНҚ-ның сәйкес бөлігімен гибридизацияға қабілетті клондалған ДНҚ-ның салыстырмалы қысқа тізбегі. Рестриктаз бен зондының өзара комбинациясы әрбір индивидумға спецификалды жоғары көбейтілімді ДНҚ

фрагментінің полиморфты спектрлерін береді. Соңғыларындағы айырмашылық мысалы, рестрикция сайттарын өзгертуші мутациялардан туындауы мүмкін. ПДРФ-тың артықшылығы болып әртүрлі зертханаларда әртүрлі спектрлерді бөлушілігі және маркердің кодоминантты «әрекеті» болып табылады. ПДРФ геномды картирегген кезде, экономикалық маңызды белгілерді және көптеген биологиялық гендерді маркерлегенде тиімді болып табылады.

VNTR — (ағыл. Variable Number Tandem Repeat), ДНК фингерпринт деген атауға ие болған әдіс (бармақ ізі). Тандемді қайталымдар әртүрлі геномдарда кең таралған және жоғары полиморфты болып келеді. ДНК бөліктерінің жоғары вариабілділігі нәтижесінде микро- и минисателитті тізбекті зондылары бар ПДРФ-анализ жоғары шығарылыммен популяциялық деңгейде мультилокусты спектрлер алуға мүмкіндік болады. Полиморфизмнің өте жоғары деңгейіне байланысты бұл әдіс ішкі және аралық популяциялық өзгергіштіктің анализіне және ағзалар топтарының өзара қашықтықтарын анықтауға арналған қазіргі кездегі жақсы құрал ретінде саналады. VNTR-аллельді нұсқасы тұқым қуалаудың кодоминантты сипатына ие.

Ірі қараның сүттілігі жалпы ағзаның түгелдей жұмысымен тікелей қатысты болып табылады. Бірнеше авторлардың зерттеулері бойынша 1л сүттің пайда болуы үшін сүт безінен 400-500 л қан өтуі тиіс.

Сүттің барлық компоненттері сүт безіне түсетін қаннан пайда болады. Алайда сүт пен қанның құрамы айтарлықтай өзгеше. Сүттегі қант қандағыдан 90 есе, май – в 9 есе, кальций 13, фосфор – 10 есе жоғары болып келеді. Сонымен бірге сүттегі ақуыз қандағыдан 2 есе, натрий 7есе аз болып келеді.

Богатова О.В., Догарева Н.Г. ғалымдырының еңбектерінде сүттің ақуыздары сүттің негізгі бөлігінің қанды сұйықтықтан фильтрациясы кезінде желінінде альвеолдағы клеткалық айналым синтезінен пайда болады. Сүттің казеин, лактоальбумин, лактоглобулин ақуыздары сүт безіне қаннан келетін аминқышқылдарынан түзіледі. Осылайша сүттің 80-90% ақуызы қандағы бос аминқышқылдарынан пайда болады. Ал қалған 10-20% сүттегі ақуыздар яғни, иммундық глобулиндер, сарысулық альбуминдер қандағы ақуыздарға сәйкес келеді, себебі олар сүтке қаннан өзгермеген күйде диффузиялы жолмен өтеді.

Ағзадағы қан маңызды орын алады, себебі ол арқылы заталмасу процесі жүреді. Қан ағза мүшелерінің клеткаларына оттегі мен қоректік заттарды тасымалдап, айналым өнімдері мен көмірқышқылдарды жоғалтады.

Гемоглобин қанның қызыл жасушалары – эритроциттер құрамында болады. Эритроцит оттегіні өкпеден бұлшықет тарамдарына жеткізіп, ал бұлшықет тарамдарынан көмірқышқыл газын алып, өкпеге апарады. Бұл гем деп аталатын ерекше ақуыздың көмегімен жүзеге асады. Гемге оттегі молекуласы қосылады. Ол – гемоглобин бөлігі. Егер ағзада гемоглобин деңгейі аз болса, адам бұлшықет тарамдары мен ішкі органдары оттегі тапшылығына душар болады.

Қан көрсеткіштері арқылы сүттілік өнімділігін болжау сүт компоненттерінің биосинтезі туралы түсініктің және оған әсер етуші факторлар мен сүт түзушілікті бақылаушы процестерге мұқият зер салынуы тиіс. Лактация – күрделі процесс, сүт безіндегі сүт секрециясы соңғы кезеңі болып есептеледі. Алғашында ішкі органдарда – асқазан, ішек, бауыр және басқа да маңызды органдарда сүт түзушілердің негізі жасақталады. Қазіргі кезде лактацияның регуляциясы бірнеше ферменттер мен гормондардың ісерінен жүретіндігі анықталды. Осыған байланысты жануардағы сүттің пайда болуы тек сүт безі жұмысының ғана нәтижесі емес, сонымен бірге жалпы организмнің физиологиялық жағдайының сипаты болып табылады.

Селекциялық белгілердің теориялық және практикалық негізде өзара жеке өнімділіктері арасындағы корреляциялық байланысының маңызын түсіне отырып

оның қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштерінің байланысын анықтау маңызды.

«Аманжол» шаруа қожалығының зерттеуге алынған сиырларының 38523126, 39036517, 39036357, 00047698 биохимиялық көрсеткіштері төменде келтірілген.

1 кесте - Қанның биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	$m \pm X_{opt}$	σ	$C_v, \%$
Альфа амилаза	9,64±87,67	21,55	24
Белок БС	5,7±100,76	12,7	12,6
Темір БС	3,15±37,5	7,02	18,7
Кальций БС	0,92±1,8	0,41	22,7

Орамы	кеудесінің	14	199,14±1,16	4,35	2,18
	сирағы	14	18,92±0,23	0,88	4,66
4 жас					
Кеудесінің тереңдігі		16	72,12±0,47	1,89	2,63
Биіктігі	шоқтығының	16	123,87±0,68	2,73	2,20
	құйымшағының	16	128,18±0,77	3,10	2,42
Тұрқының қиғаш ұзындығы		16	145,06±0,64	2,56	1,76
Енділігі	кеудесінің	16	47,81±0,33	1,32	2,76
	сербегі аралығы	16	48,56±0,34	1,36	2,81
Орамы	кеудесінің	16	200,06±0,82	3,21	1,64
	сирағы	16	19,12±0,34	1,21	6,37
5 жас және одан жоғары					
Кеудесінің тереңдігі		28	71,28±0,22	1,19	1,67
Биіктігі	шоқтығының	28	123,39±0,25	1,37	1,11
	құйымшағының	28	127,03±0,28	1,49	1,18
Тұрқының қиғаш ұзындығы		28	143,42±0,37	2,07	1,39
Енділігі	кеудесінің	28	47,57±0,23	1,23	2,60
	сербегі аралығы	28	48,17±0,29	1,58	3,28
Орамы	кеудесінің	28	198,14±0,51	2,78	1,36
	сирағы	28	18,42±0,21	1,14	6,22

Бүгінгі таңда тәжірибе жүзінде жануарлардың өсіп – жетілуін 2 тәсіл арқылы

анықтайды: салмақтық (весовой) және сызықтық (линейный).

Жануардың тірілей салмағы оның өсуінің объективті көрсеткіші болып табылады. Дегенмен, бұл көрсеткіш өсіп келе жатқан организмнің жетілуі сипатын сипаттамайды, себебі өсу процессі кезінде тірілей салмақпен қатар, жануардың дене тұрқының пропорциясы да өзгереді. Зоотехниялық ғылымда қабылданған экстерьерлік көрсеткіштерді зерттеу нәтижесінде, жануардың жетілуі туралы, оның конституциялық мықтылығы, денесінің көлемдерінің өзгеруі, оның өнімділік бағыты туралы толық мәлімет алуға болады. Жануардың экстерьерлік ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде малдың сыртқы формасының үйлесімділігін және шаруашылық құндылығын білуге болады.

Осыған байланысты зерттеу жұмысы барысында жасына байланысты (2, 3, 4, 5 және жоғары жасты) шаруашылықтағы сиырлардың дене өлшемдері алынды (1 - кесте).

Жоғарыдағы кестені талдасақ, 2 жастағы сиырлардың орташа кеудесінің тереңдігі $71,68 \pm 0,60$ болса, 3 жаста $72,92 \pm 0,66$, 4 жаста $72,12 \pm 0,47$, 5 жас және одан жоғары жасты сиырларда $71,28 \pm 0,22$ болған. 3 жастағы сиырлардың кеудесінің тереңдігі 2 жастағылармен салыстырғанда 1,7% – ға артық. Ал, 5 жас және одан жоғары жасты сиырлардың кеудесінің тереңдігі 1,1% – ға кем болса керек. 3 және 4 жылдық сиырлардың дене өлшемдерінің бір – бірінен аса үлкен айырмашылығы жоқ, яғни кеудесінің тереңдігі өлшемі шамалас болған.

Шоқтығының биіктігі 3, 4, 5 және одан жоғары жасты сиырларда сәйкесінше $123,78 \pm 0,73$; $123,87 \pm 0,68$ және $123,39 \pm 0,25$ болса, 2 жасты сиырларда $121,66 \pm 0,49$ көрсеткен. 2 жасты сиырлардың шоқтығының биіктігі 3 жастағы сиырлармен салыстырғанда 1,7% – ға кем болса керек. Құйымшағының биіктігі 2 жасты сиырларда $126,47 \pm 0,51$, 3 жастағыларда $127,92 \pm 0,60$; 4, 5 және одан жоғары жасты сиырларда сәйкесінше $128,18 \pm 0,77$ және $127,03 \pm 0,28$ көрсеткен. Яғни, құйымшағының биіктігі 4 жасты сиырларда 2,3,5 және одан жоғары жасты сиырлармен салыстырғанда 1,3%, 0,2% және 0,9% – ға жоғары болған.

Тұрқының қиғаш ұзындығы өлшемі жастарының ұлғаюына байланысты сәйкесінше $144,47 \pm 0,71$; $144,71 \pm 0,50$; $145,06 \pm 0,64$ және $143,42 \pm 0,37$ болған. 2 және 3 жасты сиырлардың тұрқының қиғаш ұзындығы шамалас болса керек. Ал, 5 және одан жоғары жасты сиырлардың тұрқының қиғаш ұзындығы 4 жастағы сиырлармен салыстырғанда 1,1% – ға төмен.

Еттілік қасиеттерін сипаттайтын дене өлшемдерінің бірі кеудесінің орамы. Кеудесінің орамы сиырлардың жас ерекшеліктеріне байланысты сәйкесінше $189,47 \pm 1,06$; $199,14 \pm 1,16$; $200,06 \pm 0,82$ және $198,14 \pm 0,51$ болса керек. Кеуде орамы 4 жасты сиырларда ең жоғары. 3 жастағы сиырлардың кеуде орамы 2 жасты сиырлармен салыстырғанда 5,1% – ға артық болған. 5 және одан жоғары жасты сиырлар жастың ұлғаюына қарамастан еттілік қасиеттерін жоғалтпаған. Олардың кеуде орамы 4 жасты сиырлармен салыстырғанда 0,95% – ға кем. Кеудесінің енділігі 2 жасты сиырларда $45,36 \pm 0,50$ болса; 3 жасты сиырларда $47,57 \pm 0,57$; 4 жасты сиырларда $47,81 \pm 0,33$; 5 және одан жоғары жасты сиырларда $47,57 \pm 0,23$ болған. 3 жасты сиырларда 2 жасты сиырлармен салыстырғанда 4,8% – ға артық болса, 4,5 және одан жоғары жасты сиырлардың кеудесінің енділігі шамалас болса керек.

2 жасты, 3, 4, 5 және одан жоғары жасты сиырлардың сербегі аралығы енділігі сәйкесінше $46,63 \pm 0,46$; $47,14 \pm 0,46$; $48,56 \pm 0,34$ және $48,17 \pm 0,29$ көрсеткішті көрсеткен. 3 жастағы сиырлардың сербегі аралығы енділігі өлшемі 2 жастағылармен салыстырғанда 1,09% – ға артық болған болса, 4 жастағы сиырлардың сербегі аралығы енділігі өлшемі 3 жасты сиырлармен салыстырғанда 2,9% – ға артық, 4 жас және 5 және одан жоғары жасты сиырларда бұл көрсеткіш 0,39 – ғана айырмашылықты көрсеткен.

Әрбір дене өлшемі жеке қарастырылғандықтан, бұл жануардың дене бітімінің үйлесімділігін және оның жетілуінің пропорционалдылығын сипаттауға мүмкіндік бермейді. Сол себепті, шаруашылықтағы сиырлардың дене бітімі пропорциясының

өзгерістерін толық сипаттау үшін, дене индекстерін шығарған болатынымын. Дене индекстері анатомиялық байланысқан екі дене өлшемінің проценттік қатынасы. Бұл көрсеткіштер арқылы жануардың дене бітімінің қалыптасуын сипаттауға болады (2 – кесте).

2 кесте – «Ахметов» ШҚ әр түрлі жастағы сиырлардың дене индекстері, %

Индекстер	Жасы			
	2	3	4	5 және одан жоғары
Сирақтылық	41,0	41,1	41,7	42,2
Созылмалылық	118,7	116,9	117,1	116,23
Кеуде – бөксе сәйкестігі	97,2	100,9	98,4	98,7
Кеуделілік	63,2	65,2	66,2	66,7
Денесінің жұмырлығы (сбитость)	131,1	137,6	137,9	138,1
Сүйектілік	15,1	15,2	15,4	14,9
Денесінің толықтылығы	155,7	160,8	161,5	160,5

Кесте мәліметтерінен байқағанымыздай, шаруашылықтағы сиырлардың дене бітімі толық жақсы жетілген. Сирақтылық индексі сиырлардың жасының ұлғаюына байланысты артып отырған, яғни 3 жастағы сиырлардың сирақтылық индексі 2 жастағы сиырлардың көрсеткішімен салыстырғанда 0,2% – ға басым түссе, 5 және одан жоғары жасты сиырлар 4 жастағылармен салыстырғанда 1,1% – ға артық болса керек. Денесінің жұмырлығы индексі 2 жасты сиырларда төмен көрсеткішті (131,1%) көрсеткен. Ал, 3 және 4 жасты сиырларда бұл көрсеткіш шамалас болған болса, 5 және одан жоғары жастыларда 4 жасты сиырлармен салыстырғанда 0,1% – ға кем болған. Денесінің формасын сипаттайтын денесінің толықтылығы (массивность) индексі сиырлардың жасының ұлғаюына байланысты артқан болатын (2, 3, 4, 5 және одан жоғары жасты сиырларда 155,7; 160,8; 161,5 және 160,5%).

Сиырлардың тірілей салмағы дамуының қатынасын сипаттайтын денесінің жұмырлығы индексі де сиырлардың жас ерекшеліктеріне байланысты артып отырған (2, 3, 4, 5 және одан жоғары сиырларда сәйкесінше 131,1; 137,6; 137,9 және 138,1%).

«Ахметов» ШҚ сиырлардың дене өлшемдерімен қатар тірілей салмақтары да анықталған болатын.

«Ахметов» ШҚ – нда өсірілетін қашарлар 15 – 18 айлықтарында шағылыстан өте береді. Нәтижесінде сиырлардың 1 – нші тууы 2,3 ай жасы аралығында туады. Бірақ, кеш туған қашарлар, яғни мамыр, маусым айларында туған қашарлар шағылыстан өтіп үлгермейді де, олардың 1 – нші туу мезгілі 3 жасқа сай келеді.

2 кесте – «Ахметов» ШҚ әр түрлі жастағы сиырлардың тірілей салмағының динамикасы

n	M±m	σ	C_v	Sd	Sэ
2 жас					
19	455,15±5,79	25,26	5,55	40,45	20,22
3 жас					
14	489,28±9,67	36,19	7,39	49,38	24,69
4 жас					
16	506,5±1,05	4,02	0,79	10,83	5,41
5 жас және одан жоғары					
28	490,67±5,15	27,25	5,55	46,07	23,03

Сонымен қарастырып отырған шаруашылықта сиырлардың бірінші туу мезгілі бір бөлігінде 2 жаста, ал екінші бөлігінде 3 жаста болады.

Жоғарыдағы көрсетілген кестеде 2 жаста 1 – нші туған сиырлардың орташа тірілей салмағы 455кг болып отыр. 3 жасында туған сиырлардың орташа тірілей салмағы 489кг деңгейіне жетіп отыр.

«Ахметов» ШҚ мал басының қыркүйек айының басында өткізілген бонитировка кезіндегі салмағы 2 жасты сиырларда 455кг болса, 3 жастағыларда 489кг құрап отыр. Біріншіден, бұл екі көрсеткіш те жоғары жетістік болып есептелінеді. Өйткені қазақтың ақбас тұқымы сиырларына қойылатын элита классының талабы кемінде 450кг, ал элита – рекорд классының талабы кемінде 470кг.

2 және 3 жаста туған сиырлардың салмақ айырмашылығы 34,1 – кг – ға тең болып отыр. Бұл айырмашылықтың статистикалық шынайылығы $P > 0,99$. Бұл шынайылықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл орайда айта кететін тағы бір көрсеткіш сенім шегі. 2 жасты сиырлар үшін бұл көрсеткіш 449,3 – 460,9кг. Яғни, бұл табынның тірілей салмағы жүздеген рет қайталанып өлшенсе де, бұл көрсеткіш осы сандық аралықта шығып отырады дегенді көрсетеді. Бұл табынның орташа генетикалық мүмкіндігі. 3 жасты сиырлар үшін сенім шегі 479,6 – 498,9кг аралығында. Бұл көрсеткіште табынның орташа генетикалық мүмкіндігін сипаттайды.

3 және 4 жаста туған сиырлардың салмақ айырмашылығы 17,22кг – ға тең болып отыр. Бұл айырмашылықтың статистикалық шынайылығы $P = 0,90$. Бұл шынайылықтың төмен деңгейін көрсетеді. Бұл орайда айта кететін тағы бір көрсеткіш сенім шегі. 4 жасты сиырлар үшін бұл көрсеткіш 505,4 – 507,5кг. Бұл табынның орташа генетикалық мүмкіндігі болып табылады. 4 жаста 2 – нші туып отырған сиырлардың орташа салмағы 506,5кг құрап отыр. Бұл көрсеткіш те элита классының талабына артығымен жауап береді.

Ал енді 5 және одан жоғары сиырлардың орташа тірілей салмағы 509кг – құрап отыр. 5 жас және одан жоғары жасты сиырлардың тірілей салмақтарының сенім шегі 504,1 – 513,8кг аралығында.

Шаруашылықтағы 3, 4 жастағы сиырлардың тірілей салмағы 3, 4 жастағы қазақтың ақбас тұқымы сиырларының тірілей салмақтарына қойылатын талаптар бойынша элита классына сәйкес келеді.

Әдебиеттері тізімі

1. Макаев, Ш.А. Казахский белоголовый скот и его совершенствование / Макаев Ш.А., Каюмов Ф.Г., Насамбаев Е. /Монография. – Москва. - Вестник РАСХН, - 2005. - 336 с.
2. Каюмов, Ф.Г. Значение мясных пород в интенсификации производства говядины //Вестник мясного скотоводства /Мат. междун.-практ.конф., посв.75-летию ВНИИМС, Мат. междун.-Оренбург, 2005.- Вып.58, -Т.1, С.73-79.

ОПЫТ ВЫРАЩИВАНИЯ КРУПНОЙ ФОРМЫ РЕЧНОГО ОКУНЯ В НТЦ АКВАКУЛЬТУРЫ «БИОАКВАПАРК»

Пономарев С.В, Федоровых Ю.В, Горбунова М.А.

Астраханский государственный технический университет,
Астрахань, Российская Федерация

Еуразиялық алабұғаны (Perca fluviatilis) индустриалды жағдайда культиверлеу – бұл жаңа өсіру нысанымен Ресейдегі тауарлы балық шаруашылығы секторын ұлғайтудың әлеуетті мүмкіндігі. Астрахан мемлекеттік техникалық университетінің «Биоаквапарк - аквакультура ғылыми-техникалық орталығындағы» инновациялық орталықта 2006 жылдан бері индустриалдық жағдайда еуразиялық алабұғаны тауарлық өсіру жұмыстары жүргізілуде.

Культивирование евроазиатского окуня (Perca fluviatilis) в индустриальных условиях - это потенциальная возможность расширить сектор товарного рыбоводства России новым объектом выращивания. В инновационном центре Астраханского государственного технического университета (АГТУ) «Биоаквапарк – научно-технический центр аквакультуры» с 2006 г. ведутся работы по товарному выращиванию евроазиатского окуня в индустриальных условиях. В ходе проведенных исследований была разработана биотехника получения потомства от крупной формы речного окуня в индустриальных условиях с последующим его выращиванием до товарной массы и формированием маточного стада.

Cultivation of Eurasian perch (Perca fluviatilis) in industrial conditions is the potential possibility to expand the Russian sector of growing marketable fish with new object. The investigations of Eurasian perch marketable farming were carried out in an innovative center of Astrakhan State Technical University (ASTU) "Bioakvapark - Scientific-Technical Center of Aquaculture" from 2006. In the course of the research the biotechnology of producing the offspring from large form of river perch with its further growing up to marketable size and broodstock formation was developed.

Значительную часть сельскохозяйственного производства составляет индустриальное рыбоводство, основанное на интенсивном выращивании по современным технологиям. Разведение рыб играет важную роль в экономике и обеспечении населения продуктами питания.

Основными объектами культивирования при этом являются наиболее ценные виды рыб: сомовые, лососевые, сиговые, осетровые и т.д. [1, 2]. Однако производителям данной продукции приходится сталкиваться с разного рода проблемами: трудность заготовки производителей и создание маточного стада, требовательность объекта к условиям выращивания. Все это вместе с возрастающей потребностью населения в рыбе и рыбопродуктах делает целесообразным расширение в рыбоводстве спектра выращиваемых рыб за счет введения новых перспективных объектов, не требующих больших затрат при выращивании и отвечающих рыночному спросу [2].

Культивирование евроазиатского окуня (Perca fluviatilis) в индустриальных условиях - это потенциальная возможность расширить сектор товарного рыбоводства России новым объектом выращивания. Высокая численность его популяции, экономическая значимость и центральное положение в составе рыбных сообществ многих естественных водоемов обуславливает большой интерес к нему исследователей

многих стран [3].

Ценное во вкусовом и диетическом отношении мясо окуня содержит сравнительно малое количество костей, а содержание белка в 100 г съедобной части продукции составляет 18,5 г. [4, 5], что послужило причиной введения данного объекта в список культивируемых во многих странах Центральной Европы и Балтии.

Разведение окуня в Бельгии, Франции и Швейцарии начато по направлению использования рециркуляционных систем [7].

В России до настоящего времени речной окунь считался сорной рыбой, малоценным объектом промысла. Низкий спрос населения на данный вид обусловлен неудовлетворительным качеством мяса - зараженностью нематодами - *Eustongylides excisus* (60-70%). Эти черви, внедряясь глубоко в мышцы окуня, портят товарное качество рыбы, что ведет к выбраковке рыбного сырья и продукции [8].

Разработка и совершенствование методов культивирования евроазиатского окуня, способствующих выращиванию более качественной продукции, является в настоящее время крайне актуальной задачей.

В инновационном центре Астраханского государственного технического университета (АГТУ) «Биоаквапарк – научно-технический центр аквакультуры» с 2006 г. ведутся работы по товарному выращиванию евроазиатского окуня в промышленных условиях.

В ходе проведенных исследований была разработана биотехника получения потомства от крупной формы речного окуня в промышленных условиях с последующим его выращиванием до товарной массы и формированием маточного стада.

Показано, что использование крупной формы окуня для промышленного разведения дает более быстрый рост особей при выращивании, лучшие показатели индивидуальной плодовитости и выживаемости самок и самцов до и после нереста, а также более высокое качество потомства.

Получение молоди евроазиатского (речного) окуня в промышленных условиях и выращивание ее в установках замкнутого водоснабжения позволило избежать зараженности ее эустронгилидами и другими паразитами, часто встречающихся в естественных условиях. Это делает мясо окуня более привлекательным в качественном отношении для рынка и пищевой промышленности.

Все это вместе с возрастающей потребностью населения в рыбе и рыбопродуктах дает возможность расширения сектора рыбоводства за счет введения новых перспективных объектов, отвечающих рыночному спросу.

Продолжаются работы по улучшению условий выращивания евроазиатского окуня на ранних этапах онтогенеза, ведется разработка стартовых и продукционных кормов, а также усовершенствование регулирования созревания производителей в преднерестовый период и подбор оптимальных плотностей посадок разновозрастных групп рыб в бассейнах.

Список литературы

1. Матишов Г.Г. Инновационные технологии промышленной аквакультуры в осетроводстве / Г.Г. Матишов, С.В. Пономарев, Е.Н. Пономарева. – Ростов-на-Дону: Изд-во ЮНЦ РАН, 2007. – 367 с.
2. Богерук А.К. Фермерское рыбоводство – составная часть аквакультуры России / А.К. Богерук // Тезисы докладов межд. науч. конф. «Состояние и перспективы развития фермерского рыбоводства аридной зоны» (г. Азов, июнь 2006 г.). – Ростов-на-Дону: Изд-во ЮНЦ РАН, 2006. – С. 28-29.
3. Пономарев С.В., Федоровых Ю.В. Крупная форма евроазиатского окуня

(*Perca fluviatilis*) - новый объект товарной аквакультуры / С.В. Пономарев, Ю.В. Федоровых // Социально-экологические аспекты развития муниципальных образований аридных территорий. – М.: Издательство «Вестник Российской академии сельскохозяйственных наук», 2008. – С. 93-95.

4. Карашук А.В., Петриченко С.П. Массовый состав и сохраняемость рыб семейства окуневых и карповых / А.В. Карашук, С.П. Петриченко // Рыбное хозяйство. – 2006. - №4. – С. 68-69.

5. Jankowska B. A comparison of selected quality features of the tissue and slaughter yield of wild and cultivated pikeperch (*Sander Lucioperca (L.)*) / B. Jankowska, Z. Zakes, T. Zmijewski, M. Szczepkowski // Eur. Food Res. Technol., 217, 2003. P. 401-405.5.

6. Пономарев С.В., Федоровых Ю.В. Первый опыт освоения крупной формы европейского окуня (*Perca fluviatilis*), обитающего в устье Волги, как объекта индустриальной аквакультуры в зоне аридного климата / С.В. Пономарев, Ю.В. Федоровых // Состояние и перспективы развития фермерского рыбоводства аридной зоны: Тезисы докладов междунар. Науч. конф. (г. Азов, июнь 2006 г.). – Ростов-на-Дону: Изд-во ЮНЦ РАН, 2006. – С. 76-78.

7. Вьюшкова Л.А. Паразитофауна волжского окуня *Perca fluviatilis* / Л.А. Вьюшкова // Сб. КаспНИИРХ: Паразитарные болезни рыб. – Астрахань: изд-во КаспНИИРХ, 2000. С. 40-42.

УДК 636.082:636.2

ӘР ТҮРЛІ АТАЛЫҚ ІЗДЕРІНІҢ БҰҚАШЫҚТАРЫНЫҢ ҚАН САРЫСУЫНЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Садыков Р.С., Хасанова М.Н., Нуржанова Ф.Х.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада «Бахыт» шаруа қожалығындағы қазақтың ақбас әр түрлі аталық іздері бұқашықтарының қан сарысуын биохимиялық зерттеу нәтижелері көрсетілген.

В статье приведены результаты биохимические показатели сыворотки крови бычков разных заводских линий казахской белоголовой породы в КХ «Бахыт».

The results of the biochemical parameters of blood serum of calves of different factory lines Kazakh white breed in the farm "Bakhit."

Етті ірі қара шаруашылығының жақсы дамуы аздаған мөлшерде жергілікті жағдайға бейімделген жоғары өнімді тұқымдарды шығаруға байланысты болады. Өлемде малдың өнімділігін жоғарылату шаралары қолданылып жатыр, жоғары өнімді тұқымдарды кеңінен пайдалануда, малдарды күтіп-бағу және азықтандыру жүйелері жетілдірілуде.

Қазақстан Республикасында етті ірі қара шаруашылығында жоспарлы тұқым болып қазақтың ақбас тұқымы саналады. Бұл тұқым ет өнімділігінің жоғары деңгейімен және ірі, жайылымдық азықтарды ет өніміне тиімді өңдеуімен ерекшеленеді [1].

Зерттеу жұмыстары Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданы Қандық ауылында орналасқан «Бахыт» шаруа қожалығында жүргізілді. «Бахыт» шаруа қожалығында Ландыш–9879 және Кактус–7969 аталық іздеріне жататын қазақтың

ақбас тұқымының бұқашықтары зерттелді. Олардың жас ерекшеліктеріне байланысты негізгі өсу-жетілу көрсеткіштерінің динамикасы (туған кездегі, 6, 8, 12 айда), орташа тәуліктік өсімі(0-6, 0-8, 6-12, 8-12 айда), дене өлшемдері мен тұлға индекстері анықталды.

Малдардың өсіп-жетілуін және дамуын, олардың шаруашылыққа пайдалы қызметтерін зерттеу кезінде қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері ерекше орын алады. Қан үлкен құлақ венасынан бұқашықтардың 12 айлық мерзімінде алынды. Қан сарысуын зерттеу жұмыстары Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ҒЗИ-да анализатор СНЕМ WELL-де анықталды. Қазақтың ақбас тұқымының бұқашықтарының қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

Ағзаның жасушалары мен ұлпаларының өміршеңдігінде қанның ролі ерекше. Қан құрамы ағзаның физиологиялық жағдайын көрсетеді. Қан дене мүшелердің жасушаларына тағамдық заттар мен оттегіні жеткізеді, көмірқышқыл газы мен зат алмасу өнімдерін шығарады [2].

Қан сарысуы – қанның сұйық бөлігі. Ол ағзадан тыс ұйыған қаннан бөлініп алынады. Құрамы жағынан қан плазмасына ұқсас, бірақ сарысуда фибриноген болмайды.

Қан құрамының маңызды бөлігі – жалпы ақуыз болып табылады. Жалпы ақуыз қан сарысуындағы альбумин мен глобулиннің жалпы концентрациясы болғандықтан, қанды ұюту, тасымалдау қызметтерін атқарады. Сонымен қатар ағзаның зат алмасуына, жүрек қан тамырларының дұрыс жұмыс жасауына әсерін тигізеді. Қанның ақуыз құрамының өзгеруі ағзадағы азоттың алмасу интенсивтілігі мен өзгеру деңгейі және малдың өзінің даму жағдайын көрсетеді [3].

Билирубин - эритроциттердің бауыр мен көкбауырда ыдырауынан кейін түзілетін өт пигменті. Қан және несеп құрамындағы билирубиннің мөлшері өт және бауыр қызметінің, эритроциттердің бүлінуін анықтауға мүмкіндік туғызады. Билирубиннің жоғары болуы бөтеке және анемия ауруларының алғы шарттары болып табылады.

Глюкоза – жасушалар үшін негізгі қуат көзі. Глюкозаның концентрациясы тым азайып кетсе, қанайналымы мен тыныс алу бұзылады.

Темір – гемоглобин, миоглобин және басқа да ферменттердің құрамына кіретін элемент болғандықтан, ағзаның өсуіне, зат алмасу процесінің дұрыс өтуіне ықпалын тигізеді. Темір жетіспесе қанның қызыл түйіршігінің азаюына (анемияға) әкеледі.

Кальций – сүйек жасушалары мен тістің негізгі компоненті. Кальций жүйкеге, қорғаныс қабілетіне, қанның ұюына, бұлшықеттердің жиырылуына қатысады.

1 кесте - Әр түрлі аталық іздердің бұқашықтарының қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Кактус 7969 n=11		Ландыш 9879 n=11	
	M±m	Cv	M±m	Cv
Жалпы ақуыз	95,2±2,2	7,6	92,9±3,1	10,9
Жалпы билирубин	2,6±0,1	7,7	2,5±0,03	4
Глюкоза	46,84±1,6	11,3	46,52±2,6	18,7
Темір	141,54±5,7	12,7	138,4±5,8	13,9
Кальций	17,8±0,9	16,9	16,7±4,3	33,2
Сілтілі фосфатаза	89,8±5,5	20,2	81,5±2,8	11,3

Сілтілі - фосфатаза - организмнің барлық жасушаларында кездеседі. Сілтілі орталарда фосфорлы эфирлердің гидролизін катализдеу процесіне қатысады.

Кактус аталық ізінің бұқашықтары Ландыш аталық ізінің бұқашықтарына қарағанда қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштерінің нәтижесі бойынша жалпы ақуыз 2,5%-ға, темір 2,3%-ға, кальций 6,6%-ға, сілтілі фосфатаза 10,2%-ға жоғары болды [4].

Ал белгіленген стандарт бойынша қан сарысуындағы жалпы ақуыз Кактус аталық ізінде 5,8%-ға, Ландыш аталық ізінде 3,2%-ға жоғары, кальций мөлшері Кактус аталық ізінде 42,4%-ға, Ландыш аталық ізінде 25,1%-ға, глюкоза мөлшері Кактус аталық ізінде 17,1%-ға, Ландыш аталық ізінде 16,3%-ға жоғары болды.

Қан сарысуының көрсеткіштеріне малдарды күтіп-бағу, азықтандыру жағдайы, физиологиялық статусы, өнімділік деңгейі әсер ететіні сөзсіз. Қазақтың ақбас тұқымының бұқашықтарының физиологиялық жағдайлары бірқалыпты, нормативтік талаптарға сай екендігін көруге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Есенғалиев, А. Эффективность скрещивания казахского белоголового и мандогольского скота / А. Есенғалиев, Л. Мазуровский, В. Косилов // Молочное и мясное скотоводство. – 1993. – № 2-3. – б. 15-17.
2. Тихонов, В.Н. Использование групп крови в селекции животных / В.Н.Тихонов.-М.:Колос,1967.-126 б.
3. Левантин, Д. Л. Теория и практика повышения мясной продуктивности в скотоводстве / Д. Л. Левантин. – М. : Колос. – 1966. – 496 б.
4. Меркурьева, Е.Г. Биометрия в селекции и генетике сельскохозяйственных животных /Е.Г.Меркурьева.-М.:Колос, 1970. – 423 б.

ӘОЖ 636.234.1:636.01(574.1)

«АҚАС» АГРОФИРМАСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ГОЛШТИНО-ФРИЗ СИЫРЛАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ

Садықов Р.С., Затенайкина Е.В., Абдирова А.М.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада Ақас агрофирмасындағы голштино-фриз сиырларын инновациялық технологияларды қолдану арқылы бағу, азықтандыру және сүт сауу көрсеткіштері баяндалған.

В предлагаемой статье приведены данные производства молока на агрофирме «Акас» с использованием инновационных технологий содержания, кормления и доения коров голштинских пород.

In the suggested article demonstrates the milk production date in the agricultural firm «Akas» with using of innovation technologies of Gold's breed cows keeping, feeding and milking.

Қазақстан сүт саласының дамытуға үлкен табиғи және аумақтық потенциалға ие бола отырып, толыққанды сүт өнімдері нарығы қалыптасуының алдында тұр. Саладағы қалыптасқан күрделі жағдайды негізгі және өндірістік параметрлердің теріс ауытқуы, өндіріс дамуының тұрақсыздығы, шығындардың артуы, шикізатты өнеркәсіптік өңдеу деңгейінің төмендігі, сырттан келетін терең өңделген сүт өнімдері үлесінің жоғары

болуы және бағалардың үнемі қымбаттауы сипаттайды. Соңғы бесжылдықта сүт ұсынысының өсімі 23,7%-ды, өнеркәсіптік өңдеу үлесі 12,9%, импорт көлемінің үлесі 42,1% -ды құраса, сары май және қатты ірімшіктің бағасы сәйкесінше 7,2% және 8,5% өсті. Сүт және сүт өнімдері нарығының тиімді қызмет етуіне қол жеткізу мақсатында сүт индустриясын құруға бағытталған кешенді іс шараларды қабылдау қажет: сүт шикізатының қайнар көзі ретінде сүтті мал шаруашылығын жүргізу, сүт өндірісінің технологиясын және техникасын жетілдіру.[2]


Қазіргі таңда сүт өндіру технологиясын жетілдіру негізгі мәселе болып отыр. Батыс Қазақстан облысындағы “Ақас” шаруашылығында сүтті бағытта голштино-фриз сиырларын өсіреді. Негізінен голштино-фриз сиырларының отаны Голландия. Бұл сиырлар сүтті бағыттағы ірі қаралардың ішіндегі кең тараған түрі болып табылады. Шаруашылыққа бұл қара ала сиырларды Венгриядан 2009 жылы 260 бас қашар күйінде алып келген, бұл таңда голштино-фриз сиырларының саны 700 дің үстінде. Қазіргі кезде Ақас агрофермасы дамып, жаңа германдық құрал-жабдықтармен қамтылған.[3]

1 кесте - 2009-2014 жылдар аралығында Ақас агрофирмасындағы ірі қара малдардың санының өсуі

Жылдар	Жалпы мал саны(бас)	Соның ішінде сиырлар мен құнажындар(бас)
2009	260	-
2010	300	125
2011	467	310
2012	473	361
2013	695	379
2014	732	429


Бұл кестеде ірі қара мал санының жыл өсімі бойынша өскенін көруге болады. Ірі қара мал басының көбеюі 732 басты құраса, соның ішінде сиырлар мен құнажындар 429 басты құрап отыр.

График 1 - 2010-2013 жылдар аралығында малдар өсімі



Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі міндеті халықты сүт өнімдермен қамтамасыз ету болып табылады.[4] Соның ішінде Ақас агрофирмасындағы сүт өнімділігін алатын болсақ:

График 2 - 2010-2013 жыл аралығындағы орташа сүт өнімділігі



Бұл графикта сүт өнімділігі орташа есеппен бір сиырға шаққандағы сүт өнімділігі 2010 жылда 5012 кг болса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 5907,94 кг-ды құрады.



Сурет 1- Голштино-фриз сиырларын сауу кезені

Голштино-фриз сиырларының жоғары сүт өнімділігінің сыры бұл- мал азықтандырудағы берік азықтық база және жоғары концентратты азық түрлері болып табылады. Осындай жағдайлар Ақас агрофирмасында қамтылған.

2 кесте - Ақас агрофирмасындағы азық өндірісі

Жылдар	Мал азықтарының түрлері				
	Шөп (ц)	Пішендеме(ц)	Сүрлем(ц)	Сабан(ц)	Өзге де азықтар(ц)
2010ж	8612,73	2259,2	7939,35	518,40	5238,05
2011ж	9378	3092,11	8056,12	1922,7	5450,2
2012ж	8340	5487,88	9026,32	2869	6185
2013ж	12831,43	5600,54	10995,85	1894,46	6042,52

Малдарды азыктандыруда пішендеме мен сүрлемнің орны ерекше. Шаруашылықта пішендеме өндірісі 2259,2 -ден 5600,54 центнерге дейін, ал сүрлем өндірісі 7939,35-тен 10995,85 центнерге дейін өсті.



Сурет 2-Қара ала сиырлардың азықтану сәті

Сырттан алып келінген голштино-фриз сиырлары адаптациялық кезеңнен өтіп, қазіргі кезде сүт өнімділігі 6000кг шамасын құрайды.

3 кесте - Сиырлардың класстық құрамы

Жылдар	Жалпы саны(бас)	Соның ішінде элита-рекорд(бас)	Соның ішінде элита(бас)	I класс(бас)
2010ж	467	70	158	86
2011ж	473	89	137	159
2012ж	647	130	202	208
2013ж	732	133	226	263

Бұл кестеден голштино-фриз сиырларының класстық құрамының өсімін көруге болады. 2010 жылмен салыстырғанда 2013 жылы қара ала сиырлардың жалпы санының өсуін байқаймыз. Соның ішінде элита-рекорд, элита 47%-ға өсу көрсеткіштерін көре аламыз.

Қорытынды: Ақас агрофирмасы голштино-фриз сиырларын өсірумен айналысады. Мұнда шаруашылық культураларын көбейту, ветеринарлық қажеттіліктерді қамтамасыз ету, жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған, асылтұқымды жұмыстарының жақсы жағдайлары жасалған. Сол себепті сүтті ірі қара шаруашылығымен айналысуға және сапалы өнім алуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Барабанщиков Н.В. "Молочное дело" - М.: Колос. 1993 г.
2. Барабанщиков Н.В., Кугенсв Е.Ф. "Практикум по молочному делу" - М.: Колос, 1988г
3. Молоко, молочные продукты и молочные консервы. - М.: Госстандарт, 1984г.
4. Журнал «Молочное и мясное скотоводство»

КАЧЕСТВО МЯСНОЙ ПРОДУКЦИИ МОЛОДНЯКА ЧЕРНО-ПЕСТРОЙ ПОРОДЫ УРАЛЬСКОГО ТИПА

Салихов А.А., Косилов В.И.

Оренбургский ГАУ, город Оренбург, Россия

Қара-ала тұқымы төлінің жынысына, жасына және физиологиялық жағдайына еттілік өнімділігінің қалыптасу ерекшеліктерін бағалау материалдары берілген. Төшкенің сылт етінің химиялық құрамын зерттеу кезінде жалпы заңдылық – жасы ұлғайған сайын құрғақ зат пен майдың жоғарылауы және ылғалдылықтың төмендеуі байқалды.

Төл етінің биологиялық құндылығына жан-жақты салыстырмалы баға берілген, бұл - сүт бағытындағы малдардан алынған ет сапасының жоғарылауына байылынысты теория мен практиканы шыңдауға қосқан айтарлықтай үлес.

Изложены материалы по оценке особенностей формирования мясной продуктивности молодняка черно-пестрой породы в зависимости от пола, возраста и физиологического состояния. При изучении химического состава мякоти туш выявлена общая закономерность – увеличение с возрастом содержания сухого вещества и жира и снижение влаги.

Дана всесторонняя сравнительная оценка биологической ценности мяса молодняка, что является существенным вкладом в совершенствование теории и практики повышения качества говядины, получаемой от скота молочного направления продуктивности. Предложены формирующие предпосылки для научного обоснования перспективных систем и ресурсосберегающих технологий выращивания и откорма молодняка с использованием местных кормов. Все это является основой для совершенствования традиционных и разработки новых технологий выращивания животных для более полного использования их биологических возможностей.

Materials are stated according to features of formation of meat efficiency of young growth of black and motley breed depending on a sex, age and a physiological state. When studying a chemical composition of pulp of hulks the general regularity – increase contents of solid and fat and decrease in moisture is revealed with age.

The comprehensive comparative assessment of biological value of meat of young growth that is an essential contribution to improvement of the theory and practice of improvement of quality of the beef received from cattle of the dairy direction to efficiency is given. Forming prerequisites for scientific justification of perspective systems and resource-saving technologies of cultivation and young growth sagination with use of local forages are offered. All this is a basis for improvement traditional and development of new technologies of cultivation of animals for fuller use of their biological opportunities.

Проблема белкового питания, особенно белками животного происхождения еще не решена и актуальна. При этом особую значимость для организма человека имеют белки мяса, основным источником которых является говядина, удельный вес ее в общем балансе страны составляет 40-45%. Все это, а также возрастающий неудовлетворенный спрос и современные достижения зоотехнической науки и передовой практики создают

предпосылки ускоренного использования всех резервов увеличения производства говядины[1,2]

В настоящее время эта задач решается в основном за счет разведения скота молочных и комбинированных пород, которые в ближайшие годы останутся основным источником производства говядины

Как известно, черно-пестрый скот является одной из самых распространенных пород мира, так как он имеет высокую молочную продуктивность коров, хорошие мясные качества и способность к акклиматизации в различных экологических условиях и используется до сих пор как молочный. Но в последнее время стал применяться и как мясной скот[3].

В связи с изменившимися за последние 20-25 лет вследствие использования голштинизации условиями производства говядины, внутрипородным составом и продуктивными качествами черно-пестрого скота, назрела необходимость сравнительной оценки многих аспектов роста и формирования мясной продуктивности и качества мяса молодняка этой породы при интенсивном выращивании.

Знание особенностей формирования мясной продуктивности молодняка различных половозрастных групп позволяет управлять развитием организма по заданной программе, дает возможность не только повышать продуктивность животных, но и улучшать питательную ценность говядины, что и приобретает большую актуальность.

Целью нашего исследования было изучение пищевой ценности мяса молодняка черно-пестрой породы в зависимости от пола, возраста и физиологического состояния.

Для выполнения поставленной цели проводился научно-хозяйственный опыт. При этом из новорожденного молодняка было сформировано 2 группы бычков и 1 группа телок по 20 голов в каждой. Бычков II группы в возрасте 3-3,5 мес. кастрировали открытым способом.

Молодняк до 6-месячного возраста выращивался методом ручной выпойки молока, затем по достижении этого возраста был переведен на откормочную площадку, где содержался беспривязно до конца опыта.

Для изучения возрастной динамики роста отдельных видов тканей и оценки мясных качеств молодняка различных половозрастных групп производили контрольный убой 4 новорожденных телят (2 бычка и 2 телочки), а также в возрасте 8, 12, 16 и 20 мес. по 3 животных из каждой группы согласно схеме опыта по методике ВАСХНИЛ, ВИЖ, ВНИИМП (1977), ВНИИМС (1984). Для проведения химического анализа отбиралась средняя проба мякотной части полутуши, которая пропусклась через волчок и после тщательного перемешивания отбиралась средняя проба массы 400 г. В образцах определялось содержание влаги, сухого вещества, протеина, жира, золы. Энергетическая ценность мяса рассчитывалась по методике В.А.Александрова.

Достаточный уровень кормления и его полноценность способствовали проявлению высокого уровня продуктивности. Но молодняк в зависимости от пола и физиологического состояния неодинаково реагировал на условия внешней среды, что и определило различия в интенсивности роста. Так среднесуточный прирост живой массы за 20 мес. выращивания у бычков составил 870 г, кастратов -805 г и у телок -708 г. При этом живая масса к концу опыта составляла соответственно 551,9; 513,0 и 453,7кг.

Несмотря на то, что молодняк выращивался на хозяйственном рационе и содержался в облегченном помещении, он характеризовался высокими убойными

качествами и пищевой, питательной и энергетической ценностью.

При производстве говядины чрезвычайно важным является определение вкусовых качеств мяса, его нежности, сочности, физиологической зрелости, пищевой, питательной и энергетической ценности. Поэтому большое значение имеет изучение химического состава мякотной части, как основного показателя, определяющего ценность этого высокопитательного продукта.

Исследование химического состава мяса животных разного пола и физиологического состояния в условиях интенсивного выращивания в зависимости от возраста представляет большой интерес при оценке технологических и пищевых качеств мясного сырья, а также в определении особенностей молодняка различных половозрастных групп по способности биоконверсии.

Химический состав мяса не обладает постоянством, а изменяется под влиянием различных факторов. При этом наибольшей вариабельностью из всех питательных веществ характеризуется жир, относительной стабильностью обладает белковая часть съедобной части туши и минеральные вещества.

Данные химического анализа свидетельствуют, что у молодняка всех групп с возрастом отмечалось повышение содержания сухого вещества и снижение влаги (табл.1).

Характерно, что процесс накопления питательных веществ в мясе молодняка изучаемых групп проходил неодинаково. Так, в период от рождения до 8 мес. доля сухого вещества в средней пробе мяса бычков увеличилась на 3,33%, кастратов - на 6,47% и у телок - на 3,97%. С 8 до 12 мес. содержание сухого вещества в мясе претерпело небольшие изменения, и повысилась у бычков на 2,96%, кастратов - на 0,69% и телок - на 2,47%. Во второй год жизни молодняка отмечено интенсивное накопление сухого вещества у животных всех групп. Так, повышение этого показателя в период с 12 до 16 мес. в сравнении с предыдущим составляло у бычков 6,77%, кастратов 7,44% и у телок 6,68%. Однако в заключительный период выращивания и откорма, несмотря на высокий уровень кормления, доля сухого вещества у бычков возросла лишь на 1,61%, кастратов - на 1,55%, тогда как у телок увеличение этого показателя было более существенным и составляло 2,44%. Очевидно, что в предыдущий период в благоприятных условиях выращивания организм животных набрал достаточное количество сухого вещества.

Установлены и определенные межгрупповые различия по содержанию питательных веществ в мякоти. Так, телки, начиная с годовалого возраста, характеризовались более интенсивным процессом накопления сухого вещества и жиरोотложения. Достаточно отметить, что их преимущество над бычками по содержанию жира в средней пробе мяса в 20-месячном возрасте составляло 3,37% и кастратами 1,11%, а сухого вещества, соответственно, 1,93 и 0,45%.

Соотношение протеина и жира в средней пробе мяса бычков в 16 мес. составляло 1:0,61, кастратов 1:0,71, телок 1:0,79, а в 20-месячном возрасте соответственно 1:0,75, 1:0,92, 1:1,01.

Мясо с таким соотношением жира и протеина, полученным в данном опыте, вполне приемлемо для большей части потребителей и перерабатывающей промышленности. Об этом же свидетельствует показатель зрелости мяса.

Известно, что абсолютный выход протеина и жира туши животного во многом определяет особенности интенсивности их синтеза в тот или иной период постнатального роста и развития. Расчеты показывают, что различные половозрастные группы производили неодинаковое количество основных питательных веществ. Так

содержание пищевого белка в возрасте 8 мес. у бычков в 4,7 раза больше, чем пищевого жира, тогда как у телок это соотношение составляет 3,1:1, у кастратов - 2,6:1. В годовалом возрасте содержание белка в туше кастратов по отношению к жиру осталось на прежнем уровне, у телок составляло 2:1, а у бычков отложилось на 3,2 раза больше белка, чем жира.

В более поздние возрастные периоды величина этих показателей у молодняка всех групп почти выровнялось, а различия между группами сократилось до минимума. При этом более интенсивно наращивание жировой ткани происходило у телок и кастратов. У бычков было наименьшее содержание жира при максимальном выходе протеина. Оптимальная величина этого показателя у бычков в 20 мес., а у кастратов и телок в 16-месячном возрасте является наиболее ценным биологическим качеством черно-пестрого скота, которое необходимо использовать для увеличения производства пищевого белка.

В связи с изменением соотношения протеина и жира в мясе претерпевала изменения и энергетическая ценность мякоти (табл.2). Отмечено повышение изучаемого показателя с возрастом. У бычков от 8 до 20 мес. энергетическая ценность 1 кг мякоти повысилась на 4462 кДж (88,4%), кастратов - на 3848 кДж (60,8%), телок - на 4627 кДж (78,8%).

Причем во второй год жизни наблюдалось преимущество телок над сверстниками по величине этого показателя, за исключением 8 мес., когда телки занимали промежуточное между кастратами и бычками положение. Бычки во всех случаях отличались меньшими показателями концентрации энергии в 1 кг мякоти. В то же время по валовой энергии мякоти всей туши расположение групп приобретало несколько другое сочетание. При этом в 8-месячном возрасте преимущество было на стороне телок. Кастраты и бычки уступали им на 39,43-54,14 МДж. В годовалом возрасте различия между группами сократились и наибольшим этот показатель был уже у кастратов, наименьший - у бычков. В последующие возраста кастраты сохранили за собой преимущество по валовой энергии туши, но наименьшим этот показатель был уже у телок, что в свою очередь свидетельствует о важной роли в формировании мясной продуктивности молодняка их физиологических и половозрастных особенностей.

Таким образом, в соответствии с биологической закономерностью химический состав мяса не обладает постоянством, а изменяется под влиянием различных факторов. Его изучение в средней пробе мяса свидетельствует о том, что наибольшей вариабельностью отличалось содержание жира. Доля протеина в мясе у молодняка разных групп имела несущественные различия и с возрастом сохраняла тенденцию к уменьшению.

Таблица 1 - Химический состав мякоти и содержание питательных веществ в туше, ($\bar{x} \pm Sx$)

Возраст, мес.	Группа	Показатель						
		сухое вещество	жир	протеин	зола	зрелость	содержится в туше, кг	
								жира
Новорождённые	I	21,72±0,78	1,15±0,27	19,60±0,50	0,97±0,01	-	1,902	0,112
	II	-	-	-	-	-	-	-
	III	23,09±0,75	1,65±0,40	20,45±0,35	0,99±0,00	-	1,856	0,175
8	I	25,05±0,81	4,24±0,80	19,81±0,38	1,00±0,00	5,66	17,314	3,706
	II	28,19±1,69	7,63±1,18	19,57±0,50	0,99±0,01	10,63	16,752	6,531
	III	27,06±1,10	6,42±1,23	19,65±0,28	0,99±0,01	8,80	16,585	5,419
12	I	28,01±0,32	6,37±0,59	20,65±0,61	0,99±0,01	8,45	27,671	8,536
	II	28,88±0,09	7,75±0,33	20,15±0,32	0,98±0,01	10,89	26,034	10,013
	III	29,53±0,29	9,63±0,90	18,93±0,62	0,97±0,02	14,53	22,337	11,363
16	I	34,78±1,22	12,85±1,56	20,87±0,57	1,00±0,01	19,52	39,903	24,569
	II	36,32±1,06	14,70±1,33	20,63±0,31	0,99±0,01	23,08	38,000	27,077
	III	36,21 ±0,93	15,50±1,31	19,73±0,40	0,98±0,01	24,30	32,831	25,792
20	I	36,39±0,70	15,39±1,03	20,53±0,51	0,97±0,02	24,19	47,671	35,736
	II	37,87±1,25	17,65±1,06	19,27±0,33	0,95±0,02	28,41	42,857	39,254
	III	38,32±0,63	18,76±1,13	18,63±0,56	0,93±0,03	30,42	36,813	37,070

Таблица 2 - Выход питательных веществ и энергетическая ценность мякотной части туши

Возраст, мес.	Группа	Содержание в 1 кг мякоти, г		Заключено в 1 кг мякоти энергии, кДж	В том числе энергия, кДж		Всего энергии в мякоти туши, МДж
			жира		протеина	жира	
Новорожденные	I	196,0	11,5	3810	3362	448	36,96
	II	-	-	-		-	-
	III	204,5	16,5	4150	3508	642	37,68
8	I	198,1	42,4	5048	3398	1650	441,20
	II	195,7	76,3	6326	3357	2969	455,91
	III	196,5	64,2	5869	3371	2498	495,34
12	I	206,5	63,7	6020	3542	2478	806,68
	II	201,5	77,5	6473	3457	3016	836,31
	III	189,3	96,3	6994	3247	3747	825,29
16	I	208,7	128,5	8580	3580	5000	1640,50
	II	206,3	147,0	9259	3539	5720	1705,51
	III	197,3	155,0	9416	3385	6031	1566,82
20	I	205,3	153,9	9510	3522	5988	2208,22
	II	192,7	176,5	10174	3306	6868	2262,70
	III	186,3	187,6	10496	3196	7300	2074,01

Современные требования к качеству говядины предусматривают, чтобы мясо имело в своем составе как можно больше количество пищевого белка при оптимальном количестве жира. Однако, до последнего времени мнение об оптимальном соотношении белка и жира очень противоречивы. Очевидно, имеется значительный потенциал для изменения состава туш, не меняя при этом основных свойств мяса, поскольку диапазон туш разных типов, которые считаются оптимальными в различных частях света достаточно широк. Поэтому, делая вывод об оптимальном содержании жира в мясе необходимо учитывать национальные традиции, характер трудовой деятельности и другие факторы.

Список литературы

1. Гуткин С.С., Зелепухин А.Г. и др. Всё о мясе/Научное издание. М.:Вестник РАСХН., 2006. 248с.
2. Косилов В.И., Салихов А.А., Побегайлова Е.В. Генетический потенциал продуктивности молодняка черно-пестрой породы./Состояние и перспективы увеличения производства продукции животноводства и птицеводства: Материалы междунар. науч.-практ. конф., – Оренбург: Издательский центр ОГАУ, 2005. С.5-9.
3. Салихов А.А. Сравнительная оценка мясной продуктивности молодняка черно-пестрой породы по выходу питательных веществ и биоконверсии протеина и энергии корма/Эколого-технологическая, правовая и социально-экономическая политика в сельском хозяйстве: история и современность: Материалы междунар. науч.-практ. конф., посвященной 75-летию ОГАУ. – Оренбург: Издательский центр ОГАУ, 2005. С.126-134.

УДК: 636.085.22:597.423

ТҰЙЫҚ ЖҮЙЕЛІ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНДА ОРЫС БЕКІРЕСІ БАЛЫҒЫН ӨСІРУДЕГІ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ РЕЖИМНІҢ МАҢЫЗЫ

Сариев Б.Т., Туменов А.Н., Кулбаев Р.М., Кисметова А.Л.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада барлық зерттелген көрсеткіштер бекіре тұқымдас балықтары үшін оптимальды шама көрсеткішінде болды. Құбыр суының құрамын зерттеу барысында су айналымымен қамтамасыз ету жүйесінде балықтарды өсіру үшін сәйкес келетіні белгілі болды. Темірдің құрамы – 0,1 г/м³ дейін, фосфат құрамы - 0,09 ден 0,139 мг/дм³ дейін, сілтілік - 30 ден 200 мг/л дейін, рН-тың маңызы 7,90 ден 8,10 шамасында ауытқыды, нитрит 0,02г/м³ дейін, нитрат 1,0г/м³ дейін.

В статье выявлено, что вода, поступающая из источника водообеспечения по своим гидрохимическим показателям пригодна для использования в установках замкнутого водообеспечения. Все исследованные показатели находились в пределах оптимальных норм для осетровых рыб. Исследование состава водозаборной воды показало, что он соответствует нормам для систем оборотного водоснабжения. Содержание железа было – до 0,1 г/м³, содержание фосфатов - от 0,09 до 0,139 мг/дм³, щелочность - от 30 до 200 мг/л, значения рН колебались в пределах от 7,90 до 8,10, нитритов до 0,02г/м³, нитратов до 1,0г/м.

It has been determined that water, coming from water-supply source, can be used in recirculating aquaculture system according to its hydrochemical indicators. All the studied indicators are within the optimal norms for sturgeon fishes. Research of intake water composition has showed, that it complies with the norms for circulation water supply system. The iron content is $0,1\text{g}/\text{m}^3$, phosphate content – from 0,09 to $0,139\text{ mg}/\text{dm}^3$, alkalinity - from 30 to $200\text{ mg}/\text{l}$, pH values are within 7,90 to 8,10; , nitrites – up to $0,02\text{ g}/\text{m}^3$, nitrates - up to $1,0\text{ g}/\text{m}$.

Балықтарды қолайлы реттелген жағдайда өсіргенде, абиотикалық факторларды ескере отырып, су ортасын бақылау қажет. Тұйық жүйелі құрылғыларда су ортасының құрамы келесі факторлардың әсерінен қалыптасады: жүйеге келетін судың сапасы және құрамы, температурасы, гидрохимиялық және оттегі режимі. Су ортасының параметрлерін дәл анықтау және мүкіндігінше оларды реттеу, басым жағдайда құрылғыдағы балық өнімділігін анықтайды.

Осыған орай Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың Ғылыми - зерттеу институтында тұйық жүйемен суды қамтамасыз ету құрылғыларында орыс бекіресі балығын өсіруде, жүргізілген тәжірибелер барысында аталған қажетті көрсеткіштер анықталды. Тәжірибенің бірінші кезеңінде құбырдан келетін, балық өсіру бассейндердегі және тұйық жүйемен суды қамтамасыз ету құрылғылардан су сынамасы алынды және су ортасының негізгі гидрохимиялық көрсеткіштері анықталды.

Зерттеу нәтижесінде құбырдан алынған су сынамасы тұйық жүйемен қамтамасыз ету құрылғыларына жарамдылығы анықталды және аз мөлшерде қалыпты жағдайдан ауытқу өсіру объектілеріне маңызды әсер етпейді.

pH көрсеткіші 7,9-8,0 шамасында ауытқыды, бекіре тұқымдас балықтар үшін осы көрсеткіш 7,8-8,0 шамасында қалыпты деп есептеледі [1]. Су көзіне шекті рауалды концентрациясы нитрит бойынша $0,02\text{г}/\text{м}^3$, нитрат $1,0\text{ г}/\text{м}^3$ болуы қажет [1]. Алынған сынамада жоғарыда аталған көрсеткіштер қалыпты жағдайда болды.

Тұйық жүйедегі су сілтілігі 30 дан $200\text{мг}/\text{л}$ – ден ауытқу керек, себебі төмен сілтілі су pH-тың өзгеруіне, осыған сәйкес бос аммиак концентрациясының өзгеруіне де тұрақты болды.

Сульфаттар мен хлоридтер кең диапозонда балықтарға әсер етпейді. Бассейндердегі хлорид және сульфат құрамының технологиялық қалпы $10\text{ мг}/\text{л}$, қысқа мерзімде $15\text{ мг}/\text{л}$ дейін болуы мүмкін.

Судың қаттылығы балық өсіру нормасына сәйкес келеді. Судың қаттылығы 3-10 мг.экв/л - дейін болғанша пайдалануға болады. Судағы темірдің құрамы – $0,1\text{г}/\text{м}^3$ дейін, фосфат құрамы 0,09 - $0,139\text{ мг}/\text{дм}^3$ дейін, олардың да судағы шоғыры қалыпты.

Зерттеу барысында тұйық жүйелі құрылғыларға келетін су, қойылған талаптарға сай келетіні анықталған.


Балықтарды тұйық жүйелі қондырғыларда өсіргенде, оптимальды су температурасын таңдағанда, балықтарға метаболиттердің әсерін, оксигенацияға кететін оттегі шығымын, судағы заттардың ыдырау жылдамдығын және биологиялық тазалау қондырғыларда микроағзалардың тіршілік ету жағдайын ескеру қажет. Белгілі, су температурасын 4°C көтергенде бастапқы шоғырынан аммоний 50%-ке, нитрит 12%-ке азаяды. Балық өсіру бөлмесіндегі бассейн суының температурасын қолайлы жағдайда ұстау үшін кондиционер (сплинт) пайданылды (1-ші кесте). Оттегі режимін оптимальды жағдайда ұстау үшін қосалқы аэраторлар пайдаланылды. Бекіре тұқымдас балықтар үшін қолайлы температура 20° - дан 24°C -дейін ауытқыды. Зерттеу барысында біздер осы температура көрсеткіштерін ұстандық және балықтардың өсуі қарқынды болатын қолайлы оптимальды су, температура көрсеткіштерін табуға зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

1 кесте - Орташа гидрохимиялық көрсеткіштер

Атауы	Өсіру ұзақтығы, тәулік	Қоршаған орта температурасы, °С	Су температурасы, °С			Оттегі құрамы, %		
			1	2	3	1	2	3
Орыс бекіресі	100	20,5	20,19	20,24	20,29	73,44	75,31	81,10


*Ескерту: 1, 2 бассейн; 3- су тұндырғыш

Бөлмедегі орта температурасы 20 - 22°С аралығында болғанда, бассейндердегі су температурасы тұрақтады. Судағы еріген оттегінің орташа тәуліктік концентрациясы және балық өсіру бассейндерінде орташа тәуліктік су температурасының ауытқу көрсеткіштері 4 - 5-ші диаграммаларда келтірілген.



4-ші диаграмма. Судағы еріген оттегі концентрациясының орташа тәуліктік көрсеткіші

Кейбір сынама нүктелерінен судағы еріген оттегі концентрациясы 60%-тен төмендеді, ол бірінші кезекте су температурасының 22,5°С дейін көтерілуімен және биогенді заттардың көп шоғырлануымен байланысты.



5-ші диаграмма. Су температурасының орташа тәуліктік ауытқу көрсеткіші

Балықпен бірге бассейндерге түсетін айналымдағы су, талаптарға сай толықтай орындалды. Бекіре тұқымдас балықтардың қолайлы өсуі үшін су ортасының рН өзгеруі 7,2-7,5 аралығында болды. Көрсетілген мәліметтердегі рН-тың қолайлы шамадан тыс өзгеруі әрбір балық түрі үшін белгіленген, бұл көрсеткіштен ауытқыған кезде жас

2. Сидорчук, А.А. Комплекс мероприятий при некробактериозе крупного рогатого скота / А.А. Сидорчук, - М.: Ветеринария № 1, 1994. – С. 11- 13.
3. Анакина, Ю.Г. Болезни конечностей в условиях интенсивной технологии / Ю.Г. Анакина. - М.: Агропромиздат, 1988.
4. Толысбаев, Б.Т. Ветеринарлық санитарлық микробиология / Б.Т. Толысбаев, К.Б. Бияшев, Р.Ж. Мыктыбаева, - Алматы:.. – 2008, - 377 б.
5. Кисленко, В.Н. Практикум по ветеринарной микробиологии и иммунологии /В.Н. Кисленко, - М.: Колос, 2001.-С.111.
6. Васин, Г.Н. Причины предупреждения болезней копыт у коров / Г.Н. Васин. - М.: Ветеринария № 1, 1984

УДК 619:616.24.002.5:636.2

КӨШІМ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫДЫҚ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АЛЛЕРГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ, ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Гусманов М.Г., Есеналиева С.Ж.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

*Мақалада мал туберкулезіне жүргізілген зерттеулер нәтижелері көрсетілген.
В статье указано исследование и результаты туберкулеза крс.
This paper presents the results of research and bovine tuberculosis.*

Көшім селолық округі Зеленов ауданының Шығыс бөлігінде орналасқан. Селолық округ шығысында және оңтүстігінде Ақжайық ауданының территориясымен шектесіп жатыр. Жайық өзенінен 10 км қашықтықта орналасқан.

Шаруашылық негізінен симментал және қазақтың ақбас сиыр тұқымды мал негізінде жұмыс жасап отыр.

Көшім селолық округі әкімшілік бағынышты орталығы Зеленов ауданының орталығы Переметный ауылдық округінен 80 км қашықтықта орналасқан. Ауылдық округ облыс орталығы Орал қаласынан 40 км қашық жерде орналасқан. Облыс орталығымен байланыс Орал – Атырау автомобиль жолы арқылы жүзеге асырылады.

Табиғат және экономикалық жағдайлары жөнінен Көшім селолық округі мал шаруашылығын өсіру зонасына жатады. Климаты шұғыл континентті, жауын – шашын мөлшері орта есеппен 200 – 210 мм. Жауын – шашын жыл

бойына бірқалыпты түспейді, соның әсерінен құрғақшылықтар болып отырады.

Сондай – ақ малды азықпен қамтамасыз ету негізінде егіншілік, жеке секторларда бау – бақша өсірумен айналысады.

Графикалық есеп бойынша, селолық округтың жалпы жер көлемі 3185 га. Оның ішінде егіншілік 2060 га, шабындық 156.0 га, жыртылған жерлер 418.0 га, жасыл желектер 30 га, басқа да жерлер 418.0 га құрап отыр.

Шаруашылық негізінен мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан, малдардың аурулардан сәттілігін қадағалап отырылуы тиіс. Сондықтан ветеринарлық қызмет жоғары орынға қойылған. Шаруашылықта ветеринарлық инспектор және мал дәрігерлері жұмыс жасайды.

Қазіргі уақытта селолық округта 2646 бас мүйізді ірі қара, 1875 қой және 40 бас жылқы бар. Аталған малдың барлық түрлеріне профилактикалық шаралар және вакцинациялар уақытылы жүргізіліп отырады. Жалпы шаруашылық туберкулез бойынша сәтті шаруашылықтарға жатады.

Шаруашылық туберкулезден сәтті болғанымен, кейбір жағдайларда клиникалық белгілері және туберкулинге оң реакциясы бар малдар аратұра кездесіп отырады. 2012 – 2013 жылдары туберкулинге оң нәтиже берген малдар кездесті. Шаруашылықтағы осы жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, туберкулез бойынша сәтті аудандарда қандай себептерге байланысты малдар оң нәтиже көрсететіндегін анықтау керек болды. Осы себептерді анықтау үшін әр түрлі диагностикалық әдістер қолданылды.

Аллергиялық зерттеулер мен өндірістік тәжірбиелерді Көшім селолық округінің «Қажыман» жеке шаруашылығында және Зеленов аудандық ветеринарлық зертханасында жүргіздім. Зерттеулер мен өндірістік тәжірбиеге «Қажыман» жеке шаруашылығына қарасты мүйізді ірі қара малына жүргізілді. Мүйізді ірі қара бойынша эпизоотиялық жағдайды бұрынғы аллергиялық зерттеу нәтижесі мен жүргізілген ветеринарлық есептіліктен алынды. Жануарларды (2012ж) туберкулинді қолдану жөніндегі нұсқау бойынша жүргізілді.

Себіндіге қажет материалдарды өңдеу (А.П. Аликаева, 1964 ; Д.Д. Новак 1968;) жалпы нұсқаулығы бойынша жүргізілді. Жануарларды 7- 8 айлығынан бастап аллергиялық зерттеулер мен тексерілді.

Аллергиялық зерттеу үшін Алматы биокOMBинатында сериясы 23344545 бақылау №7 құрғақ сүтқоректілерге арналған ППД туберкулинді қолданылды. Туберкулинді тері ішіне ендіру үшін инесіз инъектор “Овод” аппараты қолданылды. Сондай – ақ малдарды бекемдеуге арналған аспаптар мен құралдар, бактериологиялық зерттеулер үшін аллергенге оң нәтиже көрсеткен малдардан алынған патологиялық материалдар қолданылды. Сонымен қатар аллерген ендірген орынды өлшеуіш құрал кутиметр арқылы жүргізілді.

Алдымен жалпы қарау мен аллерген ендірген жерге пальпация жасалды. Ең негізгі мән берілетін зат ол қабыну белгілері, ісіну, температураның көтерілуі, ауырсынуы сияқты симптомдар. Ары қарай снақты нәтиже алу үшін Зеленов аудандық ветеринарлық зертханасында бактериологиялық әдіс арқылы зерттеуді жалғастырдым.

Ірі қара туберкулезін зерттеу және балау барысында ең негізгі және күрделі әдістердің бірі бұл- бактериологиялық әдіс болып табылады.

Бактериологиялық зерттеу аллергиялық, серологиялық және патоморфологиялық диагностика нәтижелерін растау қолданылады. Бұл зерттеудің еңбасты маңызы микобактерияларды дифференциялау мен идентификациялау болып табылады. Себебі жануарлар патматериалдарынан жұғынды жасағанда туберкулезге тән емес немесе атипті микобактерияларды бөледі. Бактериологиялық зерттеу туберкулезді кешенді диагностикалаудың маңызды бөлігі болып, және туберкулезге қарсы шараларды ұйымдастыру мен жоспарлауда маңызды роль атқарады. Бактериологиялық зерттеудің нәтижесі негізінен жанурларды диагностикалық союды ұйымдастыруға және материалды дұрыс алу сапасына

байланысты. Союды негізінен сою пункттерінде немесе ет комбинатының санитарлық қасапханаларында өткізеді. Диагностикалық союға анықталғаннан кейін 5 күннен кейін туберкулинге оң реакция көрсеткен жануарларды жібереді.

Бактериологиялық зерттеуді мынадай жағдайларға : өлген немесе өлтірілген жануарларда патанатомиялық өзгерістер байқалмаған жағдайларда, белгілері айқын көрінбегенде, микобактерия түрін анықтау үшін қолданылады.

Бактериологиялық зерттеуге бактериоскопиялық, себінділік және биологиялық әдістер жатады.

Зерттеу үшін патологиялық материал сынамаларын лабораторияға балауса күйінде және стерильді ыдыста жеткізілді. Мүшелер мен ұлпалар бөлшектерін консервілеу қайнаған немесе дистелденген суда дайындалған 30 пайыздық глицерин ерітіндісінде жүргіздім. Глицерин ерітіндісін дайындауды келесідей тәртіп пен жүргіздім. 300 мл глицерин 5 гр тұзды алып, 700 мл дистелденген суда ерітеді. Ерітіндіні 30 минут қайнатады немесе 1 атомда автоклавта 20 минут бойы стерильдедім. Материалды мұздауға болады. Сынамаларды зерттеу аяқталғанша сақтайды. Зерттеуге материалды әр жануардан бөлек – бөлек алдым. Ішек лимфа түйіндерін міндетті түрде басқа материалдардан оқшаулайды.

Бактериологиялық зерттеуге лабораторияға лимфа түйіндерін (жұтқыншақ асты, жакасты, бронхиалдық) сондай – ақ, туберкулезге күмәнді мүшелер бөлшектерін жіберілдім.

Қос лимфа түйіндерін екі жағынан кесіп, әр лимфа түйіндеріне этикеткамен жабдықтап, сынама мен дайындадым. Қажет болған жағдайда тірі жануарлардан зерттеу үшін сүтін, қақырығы, несепін, нәжісін алдым. Қақырықты ірі қарадан жөтел тудыру арқылы алдым. Жөтелгеннен кейін жұтқыншақтың қабырғасында ағынды тұрып қалады, содан кейін тампонмен алып, стерильді ыдысқа салып, лабораторияға жібередім.

Лабораторияға материалдар мен бірге тиісті құжаттар да жіберілуі тиіс.

Лабораторияға түскен материалды мұқият қарап, жұғынды жасап зерттедім.

Дайындалған жұғындыға Циль – Нильсен әдісі арқылы бояп, бактериоскопия жасадым. Бактериоскопияны жүргізу үшін, зерттханаға түскен материалдан екі жұғынды дайындап қарадым. Зақымдалған мүшелерді зерттегенде барынша балауса бөлшектерін алады. Қою концистенциялы болғанда жұғындыны сұрлау бөліктерінен алдым. Жұғындыны ауада кептіріп, жалынға бекітті. Бактериоскопияның нәтижелері (оң және теріс) толық диагноз қоюға негіз бермейді. Ол міндетті түрде культуралдық және биологиялық әдістерімен расталуы қажет. Бұл бактериологиялық зерттеу нақты малдың ауру немесе күмәнді екенін балауды орасан зор көмек көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Жумашев А.С. Специфика проявления туберкулеза крупного рогатого скота и меры борьбы с ним в зависимости от технологий животноводства // Автореф. днев. док. вет. наук. Алма-Ата. 1999. 53- бет
2. Туяшев Е.К., Каиржанов А.Ж. Специфическая профилактики туберкулеза и бруцеллеза в хозяйствах мясного направления
3. 18. Лакман Э.Д. РСК при диагностике туберкулеза крупного рогатого скота // Ветеринария. 1981 31-32 бет

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ БЕС ЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША, ІРІ ҚАРАНЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНА ШАЛДЫҒУ ДИНАМИКАСЫ

Гусманов М.Г., Сергалиева С.А.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазақстанда ветеринария саласындағы өзекті мәселелердің бірі – ауылшаруашылық жануарларының бруцеллезі. Бруцеллез – ұсақ бруцелла бактериялары тудыратын, созылмалы өтетін, жұқпалы ауру. Бруцеллезді болдырмау, алдын – алу және жою мақсатында әкімшілік – шаруашылықтық, ветеринарлық – санитарлық, арнайы ветеринарлық сауықтару шараларын уақытында жүргізіп отыру қажет. Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы бойынша, ауылдық округтердегі мүйізді ірі қара бруцеллезінің 2009 – 2013 жылдар аралығындағы таралу көрсеткіштері көрсетілген.

В Казахстане в ветеринарной отрасли одним из основных проблем является бруцеллез сельскохозяйственных животных. Бруцеллез – длительная, инфекционная болезнь, вызванная мелкими бактериями бруцеллы. Для уничтожения и профилактики бруцеллеза необходимо вовремя проводить административно – хозяйственные, ветеринарно – санитарные оздоровительные мероприятия. В статье рассматривается распространение заболеваемости крупно рогатого скота в 2009 – 2013 годах в сельских округах Бурлинского района по ЗКО.

In the Kazakhstan Veterinary one of the main problems about the brucellosis of agricultural in animals. Brucellosis – the long, infections illness disease by small bacteria of a brucella. For destructions prevention of a brucellosis it is necessary to carry out in time administratively – economic, veterinary – sanitary improving actions. In article distribution of incidence a largely – a cattle in the 2009 – 2013 in rural districts of the Burlinsky area on the West Kazakhstan area is by considered.

Жануарлардың бруцеллезі Қазақстанда әлі де болса біршама кең таралып, тұрақтанып, экономикалық шығындармен қатар, адам денсаулығына қауіп тудырып, әлеуметтік зиян да келтіруде. Онымен күрес ветеринария мен денсаулық сақтау салаларының басты мәселелері қатарынан орын алып, аса зор қаражат пен еңбек жұмсалуды қажет етеді. Соның ішінде мүйізді ірі қара бруцеллезі үлкен экономикалық шығын келтіруде.

Бруцеллез - созылмалы өтетін, іш тастау, шуы түспеу, эндометрит, орхит және жануарлардың жыныстық қабілетінің бұзылуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру.

Бруцеллездің қоздырушысы анықталған уақыттан ветеринария мен медицина ғылымдары осы инфекцияның індеттанулық ерекшеліктерін, клиникалық белгілерін және ауруды балауды зерттеу саласында үлкен жетістіктерге жетіп, осы аурудың әр түрлі жағдайларға байланысты байқалуы мен өтуінің ерекшеліктерін зерттеді.

Бруцеллез – еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімге жоғалтуға әкеп соғатын жұқпалы ауру, оны тудырғыш - ұсақ бруцелла бактериялары. Бруцеллезбен барлық ауыл шаруашылық малдары, көбінесе қойлар, ешкілер, ірі қара мал және шошқалар ауырады. Адамдар бруцеллезды қойлар мен ешкілерден жұқтырған кезде аурудың ауыр түрде өтуі байқалады.

Аурудың жұғу жолдары: ауру малдар әсіресе айналасындағылар үшін іш тастағанда, қоздағанда, бұзаулағанда және торайлағанда қауіпті, өйткені төлмен, оның

қабығымен, шуымен, сондай-ақ сүтімен, зәрімен және нәжісімен көп мөлшерде сарыптың жұғуын тудыратын микробтар бөлініп шығады. Осы микробтар топырақ, су, жем, сүт және басқа да сүт өнімдерін ластайды, әрі ұзақ уақытқа дейін сақталады.

Ауру малды күткен адамдар ластанған қолдарын жумай тамақтанғанда, темекі шеккенде, сонымен қатар тамаққа сарыппен ауырған малдардың, әсіресе қой мен ешкінің шикі сүтін және ірімшікті қолданғанда жұғады. Қоздырғыш ас қорыту жолдары, тері және сілекейлі қабықтағы жарақаттар және басқа да зақымданған жерлер арқылы ағзаға түседі.

Аурудың жасырын кезеңі 14 күнге созылады. Ағзаға ауру жұққанда лимфа бездері, бауыр, көкбауыр ұлғаяды. Бруцеллездің жіті түрі - 2 айға дейін және жартылай жіті түрі - 2 айдан 4 айға дейін және созылмалы түрі 2 жыл, одан да ұзақ мерзімге созылады.

Соңғы кезде көптеген жеке шаруа қожалықтары пайда болғаннан бері шаруашылықтарда мал басын өсіру және бағу технологиясы өзгерді. Бір табында әр түрлі жастағы малдарды бағу, олардың есептерін дұрыс жүргізбеу, ұйымдастыру-шаруашылық және санитариялық шараларды (эпизоотиялық зерттеу, шараларды жоспарлау, қораларды бұқарлау, сатып алынған малдарды уақытша оқшаулау) дұрыс пайдаланбау.

Бруцеллездің негізгі көзі – ауру жануарлар. Сондықтанда бруцеллезбен күресу тәжібиесінде басты назар ауру жануарларды анықтап, оларды тез арада оқшаулауға аударды.

Зерттеу мақсаты: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы бойынша мүйізді ірі қара бруцеллезінің соңғы 5 жылдық көрсеткіштері бойынша, ауылдық округтерде таралуы туралы эпизоотологиялық мониторинг жасалды және аудандағы ірі қараның бруцеллезінің таралуы туралы мәліметтерді эпизоотологиялық талдау негізінде өткізілді.

Зерттеу материалдары болып Бөрлі аудандық округінің 2009-2013 жылдарындағы ветеринариялық есеп мәліметтері, есептің алғашқы құжаттары пайдаланылды. Сондай-ақ індетке қарсы, алдын-алу шаралары растайтын актылар, аудандық ветеринариялық зертхананың зараптамасы есепке алынды. Бруцеллезге балау үшін әртүрлі зерттеу әдістері пайдаланылды.


Зерттеу қортындысы: Аудандар бойынша бруцеллездің таралуын зерттеу негізінде эпизоотиялық үрдістің көріну ерекшеліктерін табиғи-климаттық факторларды, аурудың территориялық таралуын есепке алып, Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданындағы соңғы 5 жылдағы ірі қараның бруцеллез ауруының эпизоотиялық сараптаулар жүргізілді. Бұл зерттеулер нәтижелері 1,2 кестеде көрсетілген.

Кестеде көрсетілгендей соңғы 5 жылдың көрсеткішін біріктіріп қарағанда ең жоғарғы көрсеткішті Қанай аудандық округі көрсетіп отыр. Ал Ақсу ауылдық округте 2013 жылғы көрсеткіші өткен 4 жылмен салыстырғанда мің бруцеллезге шалдығу динамикасы айтарлықтай төмендеген. Жарсуат ауылдық округте бұл ауру мүлдем тіркелмеген, ал Қарағанды мен Александров елді – мекендерінде ауру көрсеткіші төмен. Аудандық округ ірі қара малы көп жылдардан бері бруцеллезден таза емес болып келеді. Эпизоотологиялық жағдайды талдағанда, шаруашылықтарда ветеринариялық-санитариялық ережелер бұзылғаны анықталды. Бруцеллезге қарсы ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және арнайы жұмыстар толығымен жүргізілмеген. Малды өсіру, азықтандыру жағдайлары дұрыс жолға қойылмаған, мал өнімдері мен шикізаттар залалсыздандырылмаған.

1 кесте - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы бойынша ірі қара малдарының бруцеллезге шалдығу динамикасы (2009-2013жж.)

№	А/о атауы	2009 жыл		2010 жыл		2011 жыл		2012 жыл		2013 жыл	
		Барлығы	Оң нәтиже бергендері	Барлығы	Оң нәтиже бергендері	Барлығы	Оң нәтиже бергендері	Барлығы	Оң нәтиже бергендері	Барлығы	Оң нәтиже бергендері
1	Ақсу	1000	39	1095	42	1022	23	951	19	597	3
2	Пугачев	1300	16	1491	2	2091	116	1042	3	778	31
3	Успеннов	1500	60	1591	134	1874	17	2141	2	960	-
4	Березов	1600	4	2225	5	1752	1	1777	-	620	-
5	Ақбұлақ	1300	5	1323	1	1358	21	1253	16	615	3
6	Қызылтал	1600	58	1814	13	1987	24	1943	1	936	1
7	Қанай	1200	175	1121	97	738	8	1208	-	510	-
8	Бөрлі	1800	6	2243	15	2087	-	2116	1	955	1
9	Бумакөл	1800	33	2632	17	2391	2	2354	-	955	1
10	Приуральный	1500	35	1714	6	1773	3	1664	15	850	7
11	Жарсуат	1200	-	1249	-	1095	-	1347	-	590	-
12	Қарақұдық	600	-	577	1	367	-	667	-	355	15
13	Александров	1200	1	1682	-	1695	2	1697	-	848	-
14	Кентүбек	1500	17	2089	14	1952	9	1773	-	846	-
15	Қарағанды	1300	-	2199	4	1380	-	1518	-	590	-
16	Ақсай	3644	49	4055	59	2156	34	1520	19	495	9
	Барлығы	24044	498	29100	410	25708	260	24971	76	11500	71

2 кесте - БҚО Бөрлі ауданы бойынша 2009-2013 жылдар аралығындағы ірі қара малдарының бруцеллезге шалдығу динамикасының пайыздық көрсеткіші



Диагностикалық зерттеумен тек қана сақа сиырлар қамтылған, ал жас малдар

және сол жылы туылған бұзаулар тыс қалған. Бруцеллезбен ауырған малдар негізінде оқшауланбаған, тастанды төл, шу, шара суы залалсыздандырылмаған. Мал сою орыны болмағандықтан, ветеринариялық-санитариялық ережеге сәйкес емес жерлерде сойылған. Мал қоралары зоогигиеналық талаптарға сай емес, бұзау тұратын орын бөлінбеген. Мал қораларға, мал мейітіне иттер, кеміргіштер, құстар емін еркін кіреді. Басқа жақтан сатып алынған малдар 30 күндік карантинге қойылмай-ақ жалпы табынға қосылған. Жануарларды басқа адамдарға сату және осы пункттен басқа жаққа әкету, олардың аурудан тазалығын дәлелдейтін паспорттары болмаған. Оң нәтиже берген жануарлар кезінде оқшауланбаған, ал күдікті нәтиже берген жануарлар тиісті 15-20 күннен кейін кешенді серологиялық зерттеуден өтпеген. Диагностикалық зерттеулер жүргізілгеннен және оң нәтиже берген малдар оқшауланғаннан кейін мал қоралары дезинфекцияланбаған. Іш тастаған сиырлар табында қалып, ауру малдар 5 күн ішінде етке тапсырылмаған. Мал сою тәртіптерін сақтауда, соңынан жабдықтарды залалсыздандыруда да санитариялық ережелер бұзылған. Бруцеллезге оң нәтиже берген жануарларды қабылдауға, тасымалдауға және союға, шикізаттарды өндеуге диспансерлік тексеруден өтпеген жұмысшылар жіберілген. Шаруашылықтарда алынған сүт өнімдері мен сүтті пайдалануда және өндеуде белгіленген тәртіптер сақталмаған.

Бруцеллез жұғу қаупі бар жұмысшыларға жеке гигиеналық құралдар, жеке және арнайы киімдермен (халат, резинкалы қолғап, фартук, арнайы аяқ киім) қамтамасыз етілмеген.

Осының бәріне қарамастан, округтың ветеринариялық қызметі індетпен күресуде белгілі бір жұмыс аткарып келген.

Нәтижесі: Бруцеллезге оң нәтиже берген ауылдық округтерде және мал шаруашылығы қожалықтарына шектеу қойылып, эпизоотологиялық ошақ деп танылған пункттерде әкімшілік – шаруашылық, ветеринарлық – санитарлық және арнайы ветеринарлық сауықтыру шаралары жүргізілді. Ауруға оң нәтиже берген мүйізді ірі қара малдарын 15 бес тәулік ішінде сойысқа жібереді. Мал шаруашылықтарында ауруға теріс нәтиже бергенге дейін сауықтыру шараларды, яғни жүйелі диагностикалық зерттеулерді әр 15 – 20 күн сайын қайталанып отырады, ауру айқындалған жануарларды 5 күн ішінде сояды. Егерде шаруашылықта ауруға теріс нәтиже берсе 3 айдың ішінде арасына 1 – 1,5 ай уақыт салып серологиялық зерттеулер өткізеді. Бақылау зерттеулерден теріс нәтиже алған жағдайда, шаруашылықта қоралардың қортынды дезинфекциясын жүргізеді, СЭС – пен бірлесіп келісім толтырады, сол келісім негізінде өкіметтің жергілікті органдары, Мемлекеттік малдәрігерлік ұсынысы бойынша карантин немесе шектеулерді алып тастайды.

ӨОЖ 619:616.99:636.2

МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРАНЫҢ ГИПОДЕРМАТОЗЫНЫҢ АЛДЫН АЛУЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Джубаниязова А.К., Алимбеков С.А., Кереев А.К.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада мүйізді ірі қара гиподерматозының биологиясы, таралу жолдары және аурудан келетін шығындары жөнінде мәліметтер берілген. Аурудан келтірілетін шығын ет және сүт өнімділігінің төмендеуінен құралады. Ал ауырған жануарларды емдеу үшін жұмыс күші және көп мөлшерде емдік препараттар қажет болады. Сондықтан да ауру әсерінен туындайтын шығынды болдырмау үшін аталған аурудың алдын алу қажет.

В статье приведены данные о биологии, пути распространения гиподерматоза крупного рогатого скота и причиняемый им ущерб. Ущерб от этой болезни состоит из снижения продуктивности мяса и молока КРС. Для лечения больных животных требуется усилия рабочей силы и расход лечебных препаратов.

Чтобы предотвратить наносимый ущерб нужно своевременно проводит профилактику данного заболевания.

The article presents facts on biology which are pathways of gipodermatoza of cattle and damages caused by infection. The damages from this disease consists of declining productivity of meat and milk of cattle. For the treatment of infected animals requires efforts of labor and expense of medical drugs. To prevent the damage caused by gipodermatoza preventive maintenance of this disease should be carried out in good time.

Гиподерматоз – мүйізді ірі қара ағзасында *Hypoderma lineatum* de Villers (оңтүстік сайгелі) және *Hypoderma bovis* de Geer (кәдімгі сайгел) тері асты бөгелектерінің дернәсілдері паразиттік тіршілік етіп тудыратын созылмалы түрде өтетін ауру. Ауру жұтқыншақ, жұлын каналы, беткейлік фасция және арқа бұлшықеті, тері асты клечаткасы, терінің зақымдануы, ағзаның жалпы улануымен сипатталады. Бұл ауруға жайылымда жайылатын мүйізді ірі қаралардың барлық жас топтары шалдығады.

Зоологиялық жүйенің иерархиясында *Hypoderma bovis* және *Hypoderma lineatum* жоғары қосқанатты Diptera отрядына, Brachycera қысқа мұртты отряд тармағына, Hypodermatidae тұқымдасына, Hypodermatini тұқымдас тармағына, Hypodermata Iatreille туысына жатады. Тері асты сайгелдерінің толық жыныстық жетілуі бір жыл ішінде аяқталады. Мүйізді ірі қара паразиттің екі түрінің негізгі иесі болып келеді, бірақ олар зебу, буйвол, яқ, тіпті жылқыда да дамиды. Тері асты сайгелінің дернәсілі адамда да паразиттік тіршілік еткен жағдайлары тіркелген (В.Н. Дядечко, В.З. Ямов, 1966), бірақ толық метаморфоз болмағандықтан ол эпидемиологиялық маңызға ие емес. [1]

Мүйізді ірі қара тері асты сайгелімен күресуде жетістікке жету үшін жануарларды өндеудің ерте және кеш химиотерапиясының қолайлы мезгілін анықтау қажет. Ол үшін сыртқы ортада және иесінің ағзасының ішінде де қоздырғыштың биологиялық ерекшелігі нақты зерттелуі тиіс. Барлық тері асты сайгелдері жылу және құрғақ сүйгіш жәндіктер. Жаздың ыстық және құрғақ күндері жануарлардың дернәсілдермен заладану деңгейі салқын, жаңбырлы күндерге қарағанда жоғары екендігі бірқатар ғалымдармен ескерілген (К.Я. Грунин, 1962). [8]

Мол жауыннан соң қуыршақтануға түскен дернәсілдер саны айтарлықтай азаяды. Тым ылғалды топырақ дернәсілдердің өліміне алып келеді. К.Я. Грунин (1962) айтуынша жеңіл, жақсы кептірілген топырақ қуыршақтардың дамуына қолайлы, ал ауыр топырақтар керісінше олардың тіршілігінің тоқталуына алып келеді. Табиғатта қуыршақтардың даму мезгілі жазғы периодтың 23°C тиімді температурамен есептеліп, анықталады. Жауын шашын сайгел шыбындарының ұшуына да кедергі келтіреді.

Жазғы мезгілдегі қатты жел сайгелдердің ұшып, жануарларға шабуылдауына кедергі келтіреді, нәтижесінде алдыңғы жылдың мезгілінде жануарлардың аз залалданатыны білдіреді. Әсіресе осы фактор кейбір теңіз жағалауларының аумағында және кейбір аралдарда тері асты сайгелдерінің толығымен жоқтығын түсіндіреді.

Сайгелдердің таралуына жануарларды күтіп-бағу талаптары да айтарлықтай әсер етеді. Түнгі жайылым, көлеңкелеу және әрбір жануарды бөлек ұстау сайгелдердің аналықтарына жұмыртқа салуына кедергі келтіреді. Бірақ жануарларды жеке ұстау әрдайым жануардың заладанбауынан қорғай алмайды, бірақ А.Л. Дулькин (1951) мәліметті бойынша заладану тек жайылым жағдайында болады [3].

Сәтсіз территориядан тасымалданған мүйізді ірі қаралар гиподерматоздың таралуына себепші болады.

Паразиттің санының шектелуіне олардың табиғи жаулары да біршама маңызға ие: жерге түскен дернәсілдерді жерқазғыштар және құстар жейді, сонымен қатар дернәсілдердің жойылуын әртүрлі зең саңырауқұлақтары тудырады (В.Н. Дядечко и В.З. Ямов, 1966). [1]

Тері асты сайгелдерінің популяциясының санын шектейтін негізгі факторлардың бірі мүйізді ірі қараларды күзгі (ерте химио алдыналу) және көктемгі (кеш химио алдын алу) мезгілде әртүрлі химиялық топтардың инсектицидті препараттармен өндеу(В.З. Ямов, 1984) [9].

Соңғы 50 жылда инсектицидті препараттардың үш дәуірі ауысты: хлорорганикалық қосылыстар, фосфорорганикалық қосылыстар және макроциклдық лактондар. Бірақ қазіргі кезде тиімді сайгелдерге қарсы шараларды жүзеге асыру өзекті мәселе болып табылады.

Мүйізді ірі қараның тері асты сайгел инвазиясы мал шаруашылығына үлкен экономикалық шығын алып келеді, ол толық алынбаған жануар өнімінен (сүт,ет), сонымен қатар тері шикізатының сапасының төмендеуінен құралады. К.А Бреев және К.Я Грунин (1959) тері, ет, сүт шығынын 1:6:12 қатынасында деп атап, шығынның айтарлықтай бөлігін ет пен сүттен құрайтынын анықтады. Сайгел шабуылы кезеңінде жануарлар толыққанды жайылмайды, жайылымнан қашып, аш қалады. А.Л Дулькин мәліметі бойынша интенсивті ұшу кезінде сиырлардың сүт өнімділігі 40-50% төмендейді. Жаз мезгілінде сайгелдердің шабуылдауының нәтижесінде шаруашылық бір айда әр сиырдан 10-15 литр сүт кем алады. Әсіресе арқа аумағының тері астында дернәсілдер дамыған кезде әр сиырдан 150 кг, яғни шығын 10-25% құрайды. Орташа залалдану кезінде (10-12 дернәсіл әрбір мал басына) сауын шығыны 10-12%, қатты залалдану кезінде 25%-ға дейін.[2]

Сайгелдердің саны көп болған кезде, жас мүйізді ірі қара ағзасында дернәсілдердің паразиттік тіршілік етуі кезінде олардың жалпы салмағы сау жануарларға қарағанда 50-20 кг кем болады(П.В. Семенов, Н.П. Гомобнова, 1970). Ет өндірісі дернәсіл жинақталған орынды тазалап етті бракқа шығару кезінде үлкен шығынға ұшырайды. Д.В Савельевтің (1951) мәліметі бойынша қабынған аймақтардың өлшемдеріне байланысты етті жоғалту жалпы ұшадан 7кг құрайды. [4][5]

Тері асты сайгелдері тудыратын, нәтижесінде тері шикізатының шығынын болатыны туралы мәліметтер бар. Осылайша, экстенсивті инвазия кезінде - 40% сойыс жануарларында шикізат құндылығы 60% төмендейді(Г.С. Лееман, 1940). Мүйізді ірі қараның терісін дайындауда теріні сыпыру кезінде 8% беткейлігі жоғалады. [6]

А.А. Никонованың (2004) зерттеулері бойынша гиподерматоз кезінде интенсивті инвазиядан тікелей шығын болатыны анықталған: бір дернәсілге интенсивті инвазияның артуынан иесінің ағзасында паразиттің дамуы кезінде жануардың салмағы орташа есеппен 422 г төмендейді. Жануардың терісінің астында бір дернәсілдің паразиттік тіршілік етуі кезінде еттің 67,3 г салмағы жоғалады. Терінің зақымдануының орташа интенсивтілігі 7,6 өзекті құрайды.[7]

Гиподерматозбен залалданған жануарлар барлық тәжірибе барысында дамуы мен өсуінен басқа жануарларға қарағанда қалып қоятындығы анықталған. Әлсіз инвазия кезінде, егер тәжірибе жүргізілгеннен соң бір ай өткеннен кейін тірілей салмағы 1,65% төмендесе, 10 айдан соң 11,5% төмендеген. Инвазияның орташа дәрежесі кезінде бұл айырмашылық 3,2% және 13,9% құраса, ал инвазияның күшті дәрежесінде 4,8% және 23,7% құрады. Зақымданған аумақтарды тазалау нәтижесінде ұша салмағының азаюы келесіні құрады: әлсіз инвазия дәрежесінде – $0,74 \pm 0,06$ кг, орташа дәрежеде – $1,65 \pm 0,27$ кг және күшті дәрежесінде – $3,31 \pm 0,43$ кг.

I және III дәрежелі тері асты сайгелінің дернәсілімен залалданған жануардан алынған еттің химиялық құрамы бойынша, тәжірибелік жануарлардың етінің құрамы айтарлықтай жақсы көрсеткіштерді көрсетті.

Акуыз құрамы инвазияның әлсіз дәрежесінде 7,4%, орташа дәрежесінде – 8,1% және күшті дәрежесінде – 18,9%; май – 20,6; 46,9; және 54,8%; күл - 22,1; 25,5; 33,0%; триптофан – 18,1; 19,3; 29,1%; БКП - 6,1; 19,0; 25,8%; және энергетикалық құндылығы - 13,8; 20,5; 34,8%; ОБЦ - 21,2; 29,6; 44,1%. Макро- және микроэлементтердің құрамы да инвазия дәрежесіне байланысты, бірақ бұл көрсеткіштер қалыпты физиологиялық нормаларға сай келеді. Сонымен қатар, гиподерматоға шалдыққан жануарлардан алынған ет микроағзалармен себілгендігі белгілі болған: инвазияның күшті дәрежесі кезінде бақылаумен салыстырғанда 23,3 есе. Әлсіз дәреже кезінде еттен ішек таяқшасы, орташа дәрежеде – ішек таяқшасы, стрептококк және стафилококк, ал

инвазияның күшті дәрежесінде бұл микроағзалардан басқа протей де анықталған.

Өнімділіктің төмендеуі мен шикізат құнының сапасыздығынан басқа жануарлардың тұқымдық қасиетінің төмендеуі байқалады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бұл аурудан келтірілетін экономикалық шығын ет және сүт өнімділігінің төмендеуінен құралатынын көреміз. Ал ауырған жануарларды емдеу үшін жұмыс күші және көп мөлшерде емдік препараттар қажет болады. Сондықтан да, ауру әсерінен туындайтын шығынды болдырмау үшін аталған аурудың алдын алу ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Дядечко В.Н., Ямов В.З. Тері асты бөгелектері – ауыл шаруашылық жануарларының зиянкестері/ Дядечко В.Н., Ямов В.З.- Свердловск: Сред.- Уральск. Кн. Изд-во.-1966.-Б. 20-21.
2. Бреев К. А., Грунин К. Я. Мүйізді ірі қара тері асты бөгелектері тудыратын ет, сүт, тері шығынының көлемі. // В. кн.: Тез.док. Бүкіл Ресейлік энтомологиялық қоғамының 4-ші съезді. М.,- 1959.-№1.-Б. 204-205.
3. Дулькин А. Л. Тері бөгелегі / Дулькин А. Л. - Свердловск.-1951.
4. Семенов П.В., Гомобнова Н.П. Нipoderma bovis дернәсілінің жас жануарлардың жалпы салмағына әсері./ Семенов П.В., Гомобнова Н.П. - Тр./ВНИИВС.-1970.-Т.№35.-Б. 394396.
5. Савельев Д.В. Мүйізді ірі қара тері асты бөгелегі және олармен күресу шаралары / Савельев Д.В. - М.-Л.: Сельхозгиз.-195 1.- Б.63.
6. Лееман Г.С. Тері бөгелегінің мал шаруашылығына әкелетін зияны мен олармен күресу жолдары. - М.: 1940.- 15 б.
7. Никонов А.А. мүйізді ірі қара гиподерматозының алдын алу және негізгі эколого-фенологиялық терапиясы. // Никонов А.А. - Дисс.канд.вет.наук, Тюмень, 2004, 127б.
8. Грунин К. Я. Тері асты бөгелегі – қосқанатты жәндіктердің СССР фаунасы / Грунин К. Я. -1962.-Т.19.-Вып.4.-Б. 29-35.
9. Ямов В.З. Сібір және Уралдың табиғи зонасындағы тері асты бөгелегінің фенологиялық ерекшеліктері. // Ямов В.З. - Науч.-техн. бюл./ВНИИВЭА.- 1984.-Вып.26.-Б. 3-11.

УДК 636.29(574):611:619

ПРОЕКЦИОННАЯ АНАТОМИЯ ОСНОВНЫХ НЕРВОВ В ОБЛАСТИ ПЯСТИ И ПАЛЬЦЕВ У ВЕРБЛЮДА ПОРОДЫ КАЗАХСКИЙ БАКТРИАН

Днекешев А.К., Закирова Ф.Б., Джубанышева Г.Х.

Западно-Казахстанский инженерно-технологический колледж,
город Уральск, Республика Казахстан
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана
город Уральск, Республика Казахстан

В данной статье на основании морфометрического и анатомического исследования определены проекции на кожу основных нервов в области пясти и пальцев передней конечности у верблюда породы казахский бактриан. Эти проекционные линии основных нервов в области пясти и пальцев крайне необходимы при разработке точек вкола игл выполнении блокад, а также при проведении различных оперативных вмешательств в области подошвы у верблюда-бактриана.

Мақалада қазақтың бактриан тұқымы түйелерінің жілініштік және саусақ аумағын морфометриялық және анатомиялық зерттеу нәтижесінде тері бетіне негізгі жүйкелерінің проекциялары белгіленген. Аталған проекциялық сызықтарды

белгілеу бактриан түйелерінің табан аумағында түрлі операциялар жүргізу кезінде, блокадалар қою кезінде инені енгізу нүктелерін анықтау үшін ерекше маңызға ие.

In this article, based on morphometric and anatomical study, projection on the skin of main nerves in pasterns and toes forelimb of camel Bactrian Kazakh breed were identified. These projection lines of main nerves in the metacarpus and fingers are essential in the development of needle puncture points at blockades, as well as during various surgical procedures in the sole of Bactrian camel.

В последнее время в научных исследованиях и работах возрастает роль изучения в области топографической и проекционной анатомии у сельскохозяйственных животных с учетом их видовых, возрастных и породных особенностей, результаты которых позволяют разрабатывать и проводить более рациональные, обособленные методы лечения при хирургических заболеваниях [1,2,3].

При проведении различных хирургических операции, крайне необходимо знать топографическую анатомию какого-либо органа или анатомического образования. Главное внимание обращают на его положение в пространстве и по отношению к соседним анатомическим объектам или так называемым топографическим ориентирам – костным выступам, неровностям поверхности тела (желобам, ямкам, выпуклостям, различным уровням и т.п.) [4,5,6].

В связи выше изложенным целью нашего исследования было на основании анатомо-морфометрического изучения определить проекции основных нервов в области пясти и пальцев у взрослых верблюдов породы казахский бактриан.

Материалом для определения проекционных линии на кожу основных нервов в области пясти и пальцев у верблюда породы казахский бактриан на основании морфометрического исследования послужили 6 препаратов (дистальных конечностей) взятых у трех клинически здоровых животных из боен и частного сектора Жанакалинского района Западно-Казахстанской области в возрасте 5-7 лет.

Препаровку основных нервов в области пясти и пальцев проводили на свежих препаратах, для разрушения соединительнотканых элементов, окружающие нервы, пользовались 5%-ным раствором уксусной кислоты, который с помощью пипетки наносили на препарируемый участок.

В ходе морфометрического изучения основных нервов в области пясти и пальцев определялась ширина и толщина на различных уровнях пясти. Линейные измерения проводили с помощью циркуля, металлической миллиметровой линейки и штангенциркулем.

Проекции основных нервов определялись «на кожу» ориентируясь на хорошо прощупываемые ориентиры в области пясти и пальцев у верблюда-бактриана.

В ходе детального анатомического исследования было выявлено, что иннервацию дистального участка грудной конечности у верблюда-бактриана в основном осуществляется срединный нерв- *n.medianus*, который проходит по медио-пальмарной поверхности запястья вместе с одноименными артерией и веной.

В проксимальной части пясти срединный нерв лежит в составе мощного сосудисто-нервного пучка, располагаясь между поверхностными медио-пальмарными артерией и веной. Проекция срединного нерва в проксимальной части пясти находится на линии, проведенной сверху вниз по медио-пальмарному желобу до уровня середины верхней трети пясти рис.1 – Б (1).

У взрослых верблюдов породы казахский бактриан ширина срединного нерва на уровне верхней трети плюсны в среднем по группе были равны $11,10 \pm 0,12$ мм и толщина $3,50 \pm 0,07$ мм, при лимите соответственно 10,2-11,9 мм и 3,0-4,0 мм, где $C_v = 2,52\%$, ($p < 0,05$) и $C_v = 8,00\%$, ($p < 0,001$) таблица №1,2.

Таблица. 1 - Морфометрические показатели ширины основных нервов в области пясти и пальцев (мм)

Название нервов	n	Lim	$\bar{x} \pm S\bar{x}$	σ	Cv
Срединный нерв (на уровне верхней трети пясти)	6	10,2-11,9	11,10±0,12	0,28	2,52
Латеральный пальмарный пястный нерв	6	6,0-8,4	7,15±0,18	0,36	5,59
Медиальный пальмарный пястный нерв	6	5,8-8,0	6,80±0,36	0,36	5,29
Латеральный специальный пальцевый нерв 4-го пальца	6	5,4-7,8	6,50±0,10	0,40	6,15
Медиальный специальный пальцевый нерв 4-го пальца	6	5,1-7,7	6,21±0,19	0,43	6,72
Латеральный специальный пальцевый нерв 3-го пальца	6	5,2-7,7	6,35±0,18	0,42	6,61
Медиальный специальный пальцевый нерв 3-го пальца	6	5,0-7,5	6,13±0,18	0,42	6,85
Дорсальный пястный нерв (на уровне верхней трети пясти)	6	4,3-5,8	5,00±0,11	0,25	5,00

На уровне середины верхней трети пясти срединный нерв делится на два пальмарных пястных нерва – латеральный и медиальный; в медиальном пальмарном желобе эти нервы идут дистально вместе с поверхностной медио-пальмарной пястной артерией.

Медиальный пальмарный пястный нерв – *n. medialis palmaris*, после своего отделения идет дистально вместе с артерией и веней и на уровне верхнего конца средней трети пясти вместе плавно переходят наискось на середину пальмарной поверхности пясти.

Проекцией медиального пальмарного пястного нерва служит линия, проведенная вниз от середины верхней трети пясти, затем на уровне нижнего конца верхней трети пясти линия проходит сверху вниз наискось до верхнего конца нижней трети пальмарной поверхности пясти рис. 1- Б (3).

Медиальный специальный пальцевый нерв 3-го пальца-*n. digitalis palmaris proprius medialis III* идет дистально в сосудисто-нервном пучке по пальмарной поверхности пясти, путового сустава и где то на уровне середины путовой кости нерв отдает 2-3 ветви в подошву, затем плавно переходит под тупым углом на медиальную поверхность венечного сустава. Далее нерв идет вперед вместе с медиальной пальцевой артерией 3-го пальца, на уровне середины венечной кости нерв пересекает артерию сверху и далее идет выше ее. На своем пути нерв иннервирует путовый сустав, наружную дорсальную поверхность 3-го пальца и подошву.

Проекция медиального специального пальцевого нерва 3-го пальца обозначается линией, проведенной от нижнего конца медиального пальмарного нерва к середине медиальной поверхности путового сустава, затем с уровня середины путовой кости линия проходит под углом по наружной поверхности 3-го пальца до середины когтевого сустава рис. 1- Б (4).




Рисунок 1 - Проекция основных нервов пясти и пальцев грудной конечности
А- дорсальная поверхность: 1.Дорсального пястного нерва.
Б- пальмарная поверхность:

- 1.Срединного нерв.
- 2.Латерального пальмарного пястного нерва.
- 3.Медиального пальмарного пястного нерва.
- 4.Медиального специального пальцевого нерв 3-го пальца.
5. Латерального специального пальцевого нерв 3-го пальца.
- 6.Медиального специального пальцевого нерв 4-го пальца.
- 7.Латерального специального пальцевого нерв 4-го пальца.

Латеральный специальный пальцевый нерв 3-го пальца – *n. digitalis palmaris proprius lateralis III*, идет дистально в сосудисто-нервном пучке, вначале с поверхностной медио-пальмарной пястной артерией, затем с уровня верхнего конца нижней трети пясти с общей пальцевой артерией. На уровне середины путового сустава нерв плавно переходит на внутреннюю поверхность 3-го пальца. Далее латеральный специальный пальцевый нерв вместе с латеральной специальной пальцевой артерией 3-го пальца идет вперед и вниз, где артерия находится ниже, чем нерв. По пути нерв иннервирует внутреннюю, дорсальную поверхности 3-го пальца и заднюю часть подошвы. Проекцией латерального специального пальцевого нерва 3-го пальца является линия, проведенная с уровня верхнего конца нижней трети пальмарной поверхности пясти, затем в межпальцевой щели линия проходит под углом по внутренней поверхности пальца до когтевого сустава рис. 1 - Б (5).

Латеральный пальмарный пястный нерв – *n. lateralis palmaris*. Этот нерв более мощный, чем медиальный пальмарный пястный нерв и идет дистально в составе сосудисто-нервного пучка в желобе, образованном сухожилиями пальцевых сгибателей,

прилегая к задней стенке поверхностной медио-пальмарной пястной артерии.

Проекция латерального пальмарного пястного нерва соответствует линия, проведенная с середины верхней трети пясти, затем на уровне нижнего конца верхней трети линия проходит наискось к середине пальмарной поверхности пясти, далее дистально до верхнего конца нижней трети пясти рис.1 – Б (2).

Латеральный пальмарный пястный нерв в области нижней трети пясти на 2,5-3см дистальнее, чем медиальный пальмарный пястный нерв, делится на специальные пальцевые нервы 4-го пальца – латеральный и медиальный.

Латеральный специальный пальцевый нерв 4-го пальца – *n.lateralis digitalis proprii* IV, сразу после своего начала через 1,5см получает ветвь шириной $4,25 \pm 0,04$ мм и толщиной $1,05 \pm 0,02$ мм, которая выходит из-под сухожилия поверхностного пальцевого сгибателя и является конечной частью локтевого нерва. Затем латеральный специальный пальцевый нерв 4-го пальца идет дистально по латеральной поверхности путового сустава и на уровне середины путовой кости переходит на наружную поверхность пальца вместе с латеральной пальцевой артерией. Далее нерв идет вперед, по пути иннервирует дорсальную поверхность пальца и подошву. Проекцией латерального специального пальцевого нерва 4-го пальца является линия, проведенная от конечной части латерального пальмарного пястного нерва к наружному краю сухожилий пальцевых сгибателей затем линия проходит по наружной поверхности пальца до середины когтевого сустава рис. 1- Б (7).

Таблица 2 - Морфометрические показатели толщины основных нервов в области пясти и пальцев (мм)

Название нервов	n	Lim	$\bar{x} \pm \bar{Sx}$	σ	Cv
Срединный нерв (на уровне верхней трети пясти)	6	3,0-4,0	$3,50 \pm 0,07$	0,16	8,00
Латеральный пальмарный пястный нерв	6	2,7-3,7	$3,27 \pm 0,07$	0,16	4,89
Медиальный пальмарный пястный нерв	6	2,5-3,5	$3,05 \pm 0,67$	0,16	5,25
Латеральный специальный пальцевый нерв 4-го пальца	6	2,4-3,2	$2,81 \pm 0,05$	0,13	4,62
Медиальный специальный пальцевый нерв 4-го пальца	6	2,3-3,0	$2,58 \pm 0,05$	0,12	4,65
Латеральный специальный пальцевый нерв 3-го пальца	6	2,3-2,9	$2,58 \pm 0,04$	0,10	3,87
Медиальный специальный пальцевый нерв 3-го пальца	6	2,2-2,7	$2,41 \pm 0,03$	0,08	3,31
Дорсальный пястный нерв (на уровне верхней трети пясти)	6	2,3-2,8	$2,53 \pm 0,03$	0,08	3,16

Медиальный специальный пальцевый нерв 4-го пальца – *n. medialis digitalis proprii* IV шириной $6,21 \pm 0,19$ мм и толщиной $2,58 \pm 0,05$ мм таблица №1,2, идет дистально в составе сосудисто-нервного пучка, который проходит в желобе, образованном сухожильными ветвями пальцевых сгибателей. Нерв на уровне проксимальной части путовой кости плавно переходит на внутреннюю поверхность 4-го пальца вместе с медиальной специальной пальцевой артерией. Далее нерв вместе с артерией идет вперед, по ходу отдавая нервные веточки на дорсальную поверхность пальца и в подошву. Проекцией медиального специального пальцевого нерва 4-го

пальца служит линия, проведенная от нижней части латерального пальмарного пястного нерва вниз, далее с уровня межпальцевой щели линия идет по внутренней поверхности пальца до когтевого сустава рис. 1 –Б (6).

Дорсальный пястный нерв – n. dorsalis metacarpea является конечной ветвью лучевого нерва. Нерв идет дистально по латеро-дорсальной поверхности до середины высоты пясти, затем он проходит вблизи медиального края специального разгибателя 3-го пальца. По пути нерв отдает ветви на дорсальную поверхность пясти и разветвляется на дорсальной и латеральной поверхностях путового сустава. Проекцией дорсального пястного нерва является линия, проведенная по латеро-дорсальной поверхности пясти вниз, затем с середины высоты пясти до середины дорсальной поверхности путового сустава рис.1 - А (1).

Таким образом, проведенные проекционные линии на кожу основных нервов в области пясти и пальцев у взрослых верблюдов породы казахский бактриан дает достоверный и точный материал по характеру взаиморасположения их с другими анатомическими образованиями в этих областях. Такая характеристика проекции анатомических образований необходима практикующим ветеринарным врачам при проведении различных оперативных вмешательств в области пясти и пальцев у верблюда породы казахский бактриан. Также при проведении проводникового обезболивания в области пясти и пальцев у верблюда следующих нервов: срединного, латерального и медиального пальмарных пястных нервов, латерального и медиального специальных пальцевых нервов для 4-го пальца и латерального и медиального специальных пальцевых нервов для 3-го пальца.

Список литературы

1. Днекешев, А.К. Топографо-анатомическое обоснование блокад нервов пальцев грудной конечности верблюда-бактриана/А.К. Днекешев//Международная научно-практическая конференция «Сохранение окружающей среды – важная проблема современности». - Уральск, 2005. – С. 323-324.
2. Днекешев, А.К. Особенности постановки и формы глазницы у верблюда-бактриана /А.К. Днекешев, А.К. Жубанышева//Международная научно-практическая конференция «Сохранение окружающей среды – важная проблема современности». - Уральск, 2005. – С.325-326.
3. Днекешев, А.К. К вопросу об анатомии подглазничного отверстия у верблюда-бактриана/ А.К. Днекешев //Вестник Саратовского госагроуниверситета им. Н.И. Вавилова. – 2006. - №3. – С.6-7.
4. Днекешев, А.К. Қазақ бактриан тұқымы түйесінің саусақ және артқы жіліншік сүйектері аумағындағы негізгі нервтердің анатомиясы және морфометриясы/ А.К. Днекешев, Г.Х. Джубанышева //Ғылым және білім: Жәңгір хан атындағы БКАТУ ғылыми-практикалық журналы.–2012.-№1 (26) .– Б.64-68.
5. Джубанышева, Г.Х. Анатомио-проекционное обоснование блокад основных нервов в области плюсны у верблюда породы казахский бактриан/Г.Х. Джубанышева, А.К. Днекешев // Мат. V меж. научно-практ. конф. «Аграрная наука и образование на современном этапе развития: опыт, проблемы и пути их решения» посвященной 70-летию ФГБОУ ВПО «Ульяновская ГСХА им. П.А. Столыпина» Т.П.-Ульяновск,2013.- С. 41-46.

ҚОЙ БАСЫНЫҢ МИ БӨЛІМІНІҢ БЕТКІ ҚАБАТТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Днекешев А.К., Кусесова Ж.Н.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана
город Уральск, Республика Казахстан

Мақалада қой басының ми бөлімінің беткі қабаттарының кейбір морфометриялық мәліметтері берілген. Аталған мәліметтердің ценуроз ауруы кезінде осы аумақтарға операция жасау кезінде төбе және маңдай сүйектері аймағында трепанация жүргізуде маңызы зор.

В статье рассмотрены некоторые морфометрические данные поверхностных слоев черепно-мозговой части головы у овец, знание которых дают более обоснованно, проводит трепанацию в области теменной и лобной костей при выполнении операции на ценуроз в этих областях.

The article discusses some of the morphometric data of the surface layers of sheep head craniocerebral, the knowledge of enable more soundly conduct the trepanation in the parietal and frontal bones at the performing operations on gid in these areas.

Қазақстан Республикасының қой шаруашылығында биологиялық жарақаттану жыл сайын он миллион теңге көлеміндегі үлкен экономикалық шығынға әкеледі, ал гельминтоз-тропозооноздар (ценуроз, эхинококкоз және т.б.) өлген жануарлардың санының көбеюіне әкеледі. Паразитарлық аурулармен ауырып өлген жануарлардың 88,9% ішінен 78,9% ценуроз және эхинококкоз әсерінен өледі. Жыл сайын Қазақстан Республикасының қой шаруашылығында аталған екі гельминтоздар әсерінен жалпы есеппен он мыңнан жоғары қойлар шығынға ұшырайды. Сипатталған аурулардың әсерінен шаруашылықтар 10% ет, 19% май, 60% субөнімдер, 17% жүн, 100 аналықтан 12 қозы жоғалтады [1,2,3].

Әртүрлі географиялық аймақтарда, соның ішінде біздің Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының қой шаруашылықтарына беріліп отырған жарақаттану түрі өзекті мәселе болып табылады. Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының қой шаруашылығында негізінен ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қойларды өсіреді.

Соңғы жылдары өнім беретін жануарлардың топографиялық анатомиясы аумағындағы ғылыми зерттеулер олардың анатомиялық құрылысының тұқымдық ерекшеліктеріне орай негізделген. Әсіресе, ценуроз секілді биологиялық жарақаттану арқылы пайда болатын қойлардың басының ми аумағында маңызы зор. Қой шаруашылығындағы асыл тұқымды жануарларды емдеудің негізгі жолына оперативтік араласу жатады. Ол операцияны орындау үшін берілген аумақтағы топографиялық анатомияны білу тиісті. Анатомиялық зерттеулер нәтижелері арқылы сипатталған ауру кезінде балау және емдеудің негізделген және тиімді тәсілдерді жүргізуге және жасақтауға мүмкіндік туады [4,5].

Жоғарыда айтылғанға орай, біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты әр қабатты препарациялау негізінде ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қойлар басының ми бөлімінің беткі қабаттарының кейбір морфометриялық мәліметтерін анықтау болды.


Ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қойлар басының ми бөлімінің беткі қабаттарын әртүрлі топографиялық аймақтарда олардың басқа анатомиялық түзілістер және қабаттармен байланыса орналасуының анатомиялық зерттеуінің материалы ретінде және морфометриялық талдау үшін 8 (қой басы) препарат алынды.

Препараттар Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданындағы ақжайық етті-

жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой өсіретін «Ізденіс» ЖШС шаруашылығынан алынды. Қойлардың жасы 6 айлық пен 3 жас аралығында болды. Сойысқа берілген 8 клиникалық сау жануарлар алынды.

Қойлар басының ми бөлімінің беткі қабаттарының әр қабаттық препарациялауын жаңа сойылған қойларына қарапайым және жіңішке препарациялау әдісімен жүргіздік. Қабаттарды қаптайтын дәнекер ұлпалы элементтерді бұзу үшін 5% сірке қышқылының ерітіндісін қолдандық. Ерітіндіні пипетка көмегімен препарациялайтын аймаққа тамыздық. Қойлар басының ми бөлімінің беткі қабаттарын морфометриялық зерттеуді жүргізу кезінде қойлардың әртүрлі топографиялық аймақтарындағы анатомиялық түзілістердің қалыңдығы анықталды. Өлшемдерді циркуль, темір миллиметрлік сызғыш және штангенциркуль көмегімен жүргіздік.

Қойлар басының ми бөлімінің аймақтарындағы өлшеудің топографиялық нүктелерін анықтау үшін П.П. Герцен [6,7] бойынша қойлардың маңдай аймағын төрт квадрантқа бөлу әдісі пайдаланылды. Бас миының анатомиялық шекаралары деңгейінде квадранттар аумағын анықтау үшін шартты түрде қабырғалары тең үш бұрыш құрылады. Оның негізіне мүйіздер жұлығының бір-біріне жақын орналасқан нүктелерін қосатын сызық жатады (немесе жас жануарлардың мүйіз бастамалары). Үшбұрыштың каудальды бағытталған ұшы бұл кезде бас миы массасының ортаңғы бөлігін сипаттайды (үлкен жарты шар және мишық) сурет 1.



Сурет 1- П.П. Герцен бойынша қойлардың бас ми бөлімінің маңдай аймағын төрт квадрантқа бөлу жобасы

1. Оральды оң жақ квадрант. 2. Оральды сол жақ квадрант.
3. Аборальды оң жақ квадрант. 4. Аборальды сол жақ квадрант.

Қойлардың бас ми қуысы шүйде қырынан бастап көз үсті тесіктерінің алдыңғы шеттерін қосатын сызыққа дейін созылады. Оның алдыңғы хирургиялық шекаралары көздің сыртқы бұрыштары деңгейінде аборальды орналасқан. Қойлардың бүйір хирургиялық шекаралары алды арқылы мүйіздің медиальды сызығы бойынша, ал артында шықшыт қыры сызығымен өтеді. Артқы шекарасы шүйде қырымен жүреді. Шүйде сүйегі қабыршағының шүйде бөлімі және төбе сүйегінің үлкен бөлімі құлақ бұлшықеттерімен қапталған, ал бас сүйек терімен, тері асты клетчаткасымен, фасциямен және сүйек тысымен жабылған.

Анатомиялық түзілістердің қалыңдығы қойлар бас ми бөлімінің келесі деңгейлерінде көлденең кесінділер жүргізу арқылы анықталды: төбе сүйегінің ортаңғы бөлігі деңгейінде, маңдай сүйегінің аборальды бөлімінің ортаңғы деңгейінде, мүйіздер жұлығының алдыңғы бөлігінің ортаңғы деңгейі.

Нақты түрдегі анатомиялық зерттеу арқылы қойлар басының ми бөлігі келесі қабаттардан тұратыны анықталды:

В области III и IV пальцев они продолжают как собственно пальцевые III и IV (пальмарные артерии) – aa. digitales palmares propriae III et IV. Диаметры собственно пальмарных пальцевых артерии III и IV –го пальцев у крупного рогатого скота составили 2,33±0,03мм и соответственно 2,41±0,03мм при лимите 2,0...2,5мм и 2,2...2,7мм (таблица 1). Проекция собственных пальцевых пальмарных артерий служат линии проведенные с уровня верхней трети пальцев до дистальной части копытцев.

Далее артериальный ствол продолжается, как III общая пальмарная пальцевая артерия, которая в свою очередь делится на специальные пальмарные пальцевые артерии. Диаметр III-ей общей пальмарной пальцевой артерии в дистальной части пясти у крупного рогатого скота равен 2,68±0,02мм при лимите соответственно 2,5...2,9мм (таблица1).

Проекция III общей пальмарной пальцевой артерии является линия, проведенная с уровня нижней трети пясти до деления на специальные пальцевые артерии.

Проекция специальных пальмарных пальцевых артерий служат линии, проведенные по боковым поверхностям пальцев до дистальных концов копытцев.

В области кроме поверхностных артериев, чуть глубже у крупного рогатого скота по бокам от межкостной артерии, проходят II и IV глубокие пальмарные пястные артерии – aa. palmares metacarpea profundus II et IV, которые выходят из глубокой пальмарной дуги. Диаметры II и IV глубоких пальмарных пястных артерий у крупного рогатого скота составили 2,23±0,02мм и соответственно 2,06±0,02мм при лимите 2,1...2,4мм и 1,9...2,2мм (таблица 1).

От срединно-лучевой артерии в проксимальной части пясти отделяется прободающая артерия, которая выходит через одноименное отверстие не дорсальную поверхность пясти и идет по костному дорсальному желобу под названием III дорсальной средней пястной артерии – a. metacarpea dorsalis III. Диаметр III дорсальной средней пястной артерии в средней части пясти у крупного рогатого скота равен 1,61±0,02мм при лимите соответственно 1,5...1,8мм (таблица1). В области путового сустава эта артерия переходит в III и IV собственно дорсальные пальцевые артерии – aa. digitales dorsales III et IV.

Таким образом, можно сказать, что основной артерией васкуляризирующие дистальные части грудной конечности, в особенности копытцев у крупного рогатого скота, является поверхностная пальмарная пястная артерия, которая в области пясти

располагается более поверхностно, чем другие артерии в этой области.

В заключении рекомендуем при разработке внутриартериальных инъекции в области пясти, а также при проведении рациональных разрезов и вскрытии гнойно-некротических процессов в области копытцев, учитывать данные по морфометрии выше указанных артерии у крупного рогатого скота.

Список литературы

1. Бурденюк, А.Ф. Заболевание копытцев у КРС и свиней/ А.Ф.Бурденюк.- М.: Сельхозгиз, 1959.-278 с.
2. Лукьяновский, В.А. Профилактика и лечение заболеваний копытцев у коров/ В.А. Лукьяновский.- М.: Россельхозиздат, 1985.- 128 с.
3. Быков С.Ф. Артериальная система дистального участка грудной конечности КРС в сравнительно-анатомическом освещении/С.Ф. Быков //Тр. Чкаловского с/х ин-та.- Чкаловск,1941.- Т.1., Вып. 1.- С. 150-151.
4. Быков, С.Ф. Артериальная система дистального конца грудной конечности у КРС: автореф. дисс... канд. вет. наук.- Урюпинск, 1944.- 24с.

ӨОЖ 619: 616,9: 636,3

МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА ТӨЛІНІҢ САЛЬМОНЕЛЛЕЗІНЕ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ

Жубантаев И.Н., Мурзабаев К.Е., Ищанова А.С., Абдрахманов Р.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Антибиотиктерді емдік мақсатта қолданған жағдайда, оның ауру қоздырушыларына сезімталдығын міндетті түрде тексеріп алған жөн. Дәлірек айтқанда, кем дегенде екі антибиотик пен гипериммунды сарысу және сульфаниламидтік, нитрофурандық препараттарды кешенді түрде пайдалану қажет.

При использовании антибиотиков в лечебных целях, необходимо проверить его чувствительность на возбудителей болезни. Если быть точнее, комплексно применять по меньшей мере 2 антибиотика и гипериммунную сыворотку, сульфаниламидные, нитрофурановые препараты.

When using antibiotics in the medical purposes, it is necessary to check its sensitivity on infecting agents. If to be more exact, in a complex to apply at least 2 antibiotics and hyperimmune serum, sulfanilamidny, nitrofurany preparations.

Тақырыптың өзектілігі. Елбасы Жолдауында жүктелген міндеттерге орай, мал басын өсіру мен мал өнімдерін өндіруді көбейтудің бір жолы жайылымдар мен жем-шөп өндірісін дамыту десек, тағы бір жолы - төрт түліктің денінің сау болуы. Мал ауруларын анықтау мен емдеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының басы-қасында жүрген ғалымның қазақтың дәстүрлі шаруашылығын дамыту жөніндегі пікірлері де көпке ой салары сөзсіз.

Мемлекетіміздің азық – түлік тәуелсіздігі – экономикамыздың ауыл шаруашылығы саласындағы стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Аталған бағдарламаны жүзеге асырудағы талаптардың бірі – жануарлар басының сақталуы және олардың өнімділігін арттыру.

Мал дәрігерлік және медициналық ғылымдар аталған аурулардың эпизоотологиясы мен эпидемиологиясын зерттеуде, клиникасы мен диагностикасында, жануарларда індеттің байқалуы мен оны емдеуде, алдын алу шаралары мен емдік препараттарын өндіру мен ұсынуға үлкен табыстарға жетуде.

Сальмонеллез, немесе қылау, (Salmonellosis, паратиф) – жіті өткенде қызбамен және іш өтумен, ал созылмалы өткенде өкпенің қабынуымен ерекшеленетін төл ауруы. 1885 ж. Сальмон мен Смит обадан өлген шошқаның өлексесінен микроб бөліп алып,

оны *Bact. suipestifer* деп атады. 1934 ж. халықаралық микробиологтар қоғамы бұл топтағы микробтарды сальмонеллалар деп, ал олар қоздыратын ауруды сальмонеллез деп атауды ұсынды. Аурудың ескі атауы – паратиф, қазақша байырғы атауы – қылау [1].

Сальмонеллалар мочевинаны, лактозаны, сахарозаны, ферменттемейді, ал көп түрлері желатинді ыдыратпайды, индол мен ацетилметилкарбонилді түзбейді. Сальмонеллалар қышқыл және газ бөле глюкозаны, галактозаны, маннозаны, фруктозаны, арабинозаны, ксилозаны, рамнозаны, маннитті, мальтозаны, глициринді, дульцитті, сорбитті ферменттемейді, нитраттарды нитриттерге баяу айналдырады, күкіртті сутегін түзеді.

Сыртқы ортада өте төзімді. Топырақта, көңде, суда 9-10 ай сақталады, 70-75°C-та 30 мин. қыздырғанда өледі. Дезинфектанттардың әсеріне басқа спора түзбейтін микробтарға қарағанда анағұрлым төзімді.

Зарарсыздандыру үшін 1 сағ. экспозициямен 3% күйдіргіш натрий, 2% белсенді хлоры бар хлорлы әк, 20 % жаңа сөндірілген әк, 5 % ксилонафт эмульсиясы, 2 % формалльдегид ерітіндісі қолданылады.

Қылаумен барлық түліктердің төлдері ауырады. Бұзау 10 күндігінен 2 айлығына дейінгі аралықта, кейде одан да кейін, торай туа салысымен 4 айлығына дейін, әсіресе енесінен бөлген кезде, қозы туа салысымен, кейде есейгенде, құлын негізінен туғаннан соң бірінші апта ішінде, ал кейде 3 аптадан 3 айлығына дейінгі аралықта ауырады. Зертханалық жануарлардан ақ тышқан бейім, оны биосынама қою үшін пайдаланады.

Сальмонеллалардың әрқайсысы белгілі бір жануарларға бейімделген: сиырға - *S.dublin*, шошқаға – *S.cholerae-suis* және *S. typhi suis*, тауыққа *S. gallinarum-pullorum*, үйрекке – *S. enteritidis*, жылқыға - *S. abortus-equi*, қойға – *S. abortus-ovis*, тышқанға, басқа да кемірушілер мен су құстарына - *S. Typhimurium* [2].

Сальмонеллаларды алып жүру жануарлар арасында кең тараған. Ересек жануарлардың көпшілігінде, мал қораларында бұл микроб жиі кездеседі. Сондықтан сальмонеллез кез келген шаруашылықта орын алады да, малдың ауруға шалдығуы оның күтімі мен ветеринариялық-санитариялық жағдайға байланысты, аурудың басты себебі – шаруашылықтағы қырсыздық.

Сальмонеллезден буаз мал, әсіресе жылқы мен қой, ешкі іш тастайды. Іш тастау буаздық мерзімі екінші жартысына ауған сәтте басталады. Ол кезде шарана суымен сыртқы ортаға көп мөлшерде сальмонеллалар бөлініп шығады [3].

Ауру белгісі жоқ микроб алып жүретін ересек жануарлар инфекция қоздырушысын сүтпен және нәжіспен бөліп шығарады. Ауырған жас төл сальмонеллаларды нәжіспен, несеппен және мұрыннан аққан сорамен, сілекеймен бөліп шығарады. Бұл бөлінділер жемшөпті, суды, төсенішті, қорадағы әртүрлі заттарды ластап, оларды аурудың жұқтыру факторларына айналдырады. Әр-түрлі жәндіктер (шыбын, тарақан), кемірушілер (егеуқұйрық, тышқан) қоздырушыны тасымладаушы қызметін атқарады. Бұзауға, қозыға және торайға ауру негізінен алиментарлық жолмен, сирегірек тыныс ағзалары арқылы жұғады, ал құлын кейде қозы тумай тұрып, жатырда ауру жұқтырады. Іштен ауру болып туған төл көп тұрмай бірер күн ішінде өліп қалады.

Әдебиеттердегі мәліметтер бойынша аналық сиырлардың және бұзаудың паратифі барлық континенттерде таралған және негізінен ауруды *S.dublin* туғызады [4, 5].

Сальмонеллалар және басқа микроорганизмдер азықтарды термиялық өңдегенде жойылады. Залалдануды төмендететін жақсы әдістің бірі болып азықтарды гранулдеу болып табылады. Паратиф ауруының таралуына ірі шаруашылықтардағы ет, сүт өңдеу кәсіпорындарындағы және утильдеу зауыттарындағы нәжістің және шалшық судың жинақталуы себепкер болады [6].

Ауыл шаруашылығында ағынды суды пайдаланып, барлық қауіпсіздік ережелерін сақтағанның өзінде, жайылымда жүрген жануарларға ауру жұғады. Қоралар, бастырмалар, қыста шөп шашатын жер, басқа сыртқы орта объектілері *S.dublin* қоздырушысымен залалдана, онда олар ұзақ уақыт инфекцияның көзі болып табылады.

Қоздырушыны түсік болған төлдерді, төл шуын және өлкен жануарлар өлексесін жеген иттер және атжалмандарда таратуы мүмкін. Кейбір шаруашылықтарда паратифтік індет бәсең өтеді, кішігірім мөлшердегі бейім жануарларды қамтиды, іш

тастау спорадиялық түрде жүреді, бұзаулардың жеңіл түрдегі ауруын туғызады және тез тоқтайды [7].

Сиырдың сальмонеллезден іш тастауы қыс мезгілінде шөптің тапшылығы, азық жетіспеушілігіне ұласқан қатаң қыс, құнарсыз азық, әсіресе А витаминінің жетіспеуі, аналық сиырларда төлдеуге жақын қалғанда ұзақ емдеу, темір жол арқылы тасымалдау, минералдық алмасудың бұзылуы (Са, Р) ірі және концентрленген азықтардың тапшылығы, мал шаруашылығы қораларының зоогигиеналық жағдайын қанағаттанарлықсыздығы, жануарларды қорада тар орналастырылуы, жаздық жайылымға жауын-шашын және қар жауғанда емдеу салдарынан жануарлардың резистенттілігінің әлсіреуінен [8].

Зерттеу мақсаты: мүйізді ірі қара төлінің сальмонеллезіне дәрілік препараттардың әсерін анықтау.

Әдістер мен материалдар. Тәжірибе БҚО, Казталов ауданы, «Сағыз» шаруа қожалығында жүргізілді. Мүйізді ірі қара төлі сальмонеллез індетімен ауырған кезде этиотроптық заттар, патогендік және симптоматикалық заттар, сонымен қатар диетикалық азықтар, құрамында гормондар, ферменттер, ақуыздар бар препараттарды қолдану. Этиотроптық терапия әдісін қолданғанда антибиотиктер, сульфаниламидтер және нитрофурандық препараттарды қолдандық. Бұл препараттар бұзау организмінде патогендік микрофлоралардың өсуіне және олардың паренхиматоздық органдардың ішіне енуіне жол бермейді. Этиотроптық препараттар бактериостатикалық және бактерицидтік қасиетке ие болады.

Алынған нәтижелер мен талдаулар. Шаруашылықта бұзауларды емдеген кезде антибиотиктердің өзіндік қасиетін ескере отырып, қолданылатын препараттың өзіндік қоздырушыға ғана әсер ететіндігі анықталды.

Антибиотиктерді ішке және парэнтеральды жолмен енгізіп, шаруашылықта сальмонеллез (қылау немесе паратиф) кездескенде тетрациклин 20-25 мг-кг, күніне 2 рет, 3 күн, неомицин 10-20 мг-кг, тәулігіне 2 рет, 3 күн, левомицетин 20-25 мг-кг, тәулігіне 3 рет 3 күн, емнің ұзақтығы 5-7 күн бақылау жүргіздік. Емнің нәтижесі 98 пайызды көрсетті.

Ауру бұзауларды емдеу үшін сальмонеллезге қарсы антитоксикалық сарысулар мен тетрациклин, неомицин, левомицетин антибиотиктерін, ал індет созылмалы өткен жағдайда, жоғарыда аталған антибиотиктермен бірге этазол, фталазол, норсульфазол тәрізді сульфаниламидтік препараттарды бірге кешенді қолданудың тиімділігі жоғары. Сонымен қатар нитрофуран – фуразолидонды ішке сүтпен 0,2-0,3 г 2-3 рет күнге береді. Ал мұның бактерицидтік және бактериостатикалық қасиеттері бар.

Қорытынды. Антибиотиктерді емдік мақсатта қолданған жағдайда, оның ауру қоздырушыларына сезімталдығын міндетті түрде тексеріп алған жөн. Дәлірек айтқанда, кем дегенде екі антибиотик пен гипериммунды сарысу және сульфаниламидтік, нитрофурандық препараттарды кешенді түрде пайдалану қажет. Шаруашылықта ауру толық жойылмайынша бұзауларды топтастыруға, сатуға тыйым салу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Воронин, Е.С., Иммунология. /Е.С.Воронин., А.М.Петров., М.: 2002
2. Костенко, Т.С., Практикум по ветеринарной микробиологии и иммунологии. /Т.С.Костенко., М.: 2001.
3. Агабаян, М.М., Некоторые вопросы эпизоотологии сальмонеллеза крс /М.М. Агабаян., сб. наук трудов-Ереван – 1981 - № 51 – С. 3 –10.
4. Бакулов, И.А. Индеттану және микробиологиялық негіздері / И.А. Бакулов. – Алматы. : Бастау, 1993. – 321 б.
5. Урбан, В.П., Практикум по эпизоотологии и инфекционным болезням с ветеринарной санитарии, /В.П. Урбан., М.: 2003
6. Визнер, Э. Болезни крупного рогатого скота / Э. Визнер.- Москва.:Колос,1970.– 68 с.
7. Гаврюша, В.Г. Справочник ветеринарного врача / В.Г.Гаврюша, И.И. Колужный. - Р-н/Дону. : Феникс, 1997. – 608 с.
8. Сайдуллин, Т. Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары / Т. Сайдуллин. – Алматы: «Полиграфия Сервис и К», 2009, 518 б.

ТОРАЙ ДИСПЕПСИЯСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ЕМДІК ПРЕПАРАТТАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

Закирова Ф.Б., Демеугалиева Г.Т., Дарменова А.Г.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Шошқа шаруашылығында торай диспепсиясына қолданылатын Ветом-1.1 пребиотигі (күніне 1 рет 50 мг/кг дене салмағына) мен Фармазин (күніне 1 рет 12 мг/кг дене салмағына) препараттарына салыстырмалы баға берілді.

Дана сравнительная оценка препаратам пребиотику Ветом-1.1(50 мг/кг 1 раз в сут) и Фармазину (12 мг/кг 1 раз в сут), применяемых в свиноводческом хозяйстве при диспепсии поросят.

A comparative estimation is Given to preparations of pribiotiks Betom- 1.1(50 mgs/of kg 1 time in Sothos) and Farmazin (12 mgs/of kg 1 time in Sothos) applied in a pig breeding economy at dyspepsia of piglets.

Малдардың өнімінің сапасын арттырудың негізгі тірегі - ол уақытында өнімді аз беретін кәрі малдарды айналымнан шығарып, олардың орнын жоғарғы өнімді дұрыс малдармен толықтырып отыру. Өнімді көп беретін мал табиғаттың әртүрлі қолайсыз жағдайына жиі ұшырап, әртүрлі ауруларға жиі шалдығады. Мұндай жағдай әсіресе төлдердің арасында көптеп кездеседі.

Үлкен шошқа шаруашылықтарының жағдайы шектеулі аудандарда шоқалардың көп шоғырлануы торайлардың қолайсыз микроклиматтың және гиподинамиканың жағдайына байланысты өнімділігі төмен болады. Сонымен қатар зат алмасуының бұзылуына және торайлардың инстинктивтік өсіуінің, дамуының, ет өнімінің сапасының төмендеуіне алып келеді. Негізінен ол жануарды сойғаннан кейін бұлшықет ұлпаларының аутолитикалық үрдісінің бұзылуымен негізделеді. Ол еттегі сүтқышқылы және РН көбиді. Бұл өзгеріс жануардың бұлшықет ұлпасында микрофлораның дамуына әкеледі және де еттің сапасының төмендеуіне, еттің сақтаулу уақыты азаяды [1].

Ең көп нәтиже еттің сапасын жақсарту торайлардың физиологиялық жетілуі оның дұрыс азықтандырылуы мен күтіп баптауы. Осы уақытқа дейін шоқалардан жоғары өнімділік алу үшін биологиялық белсенді заттар қоланылып келеді [2].

Сондықтанда жаңа фармакологиялық дәрілерді ойлап табу. Торайлардың физиологиялық жетілуіне, экологияға зиянсыз, шоқалардың азықтануы мен ет өнімділігін жақсарту үлкен халық-шаруашылық маңғаға ие болу [3].

Сонымен бірге жаңа туылған төлдің бұл ауруы зат алмасу процесінің бұзылуымен, иммунитеттің тапшылығынан және сыртқы ортаның қолайсыз факторына бейімделмегендіктен орын алып, жіті ветеринарлық бақылауды қажет етеді.

Торайларда диспепсия екі формада кездеседі: қарапайым және токсикалық. Қарапайым диспепсия ауру жеңіл түрде өтеді, торайлардың тәбеті сақталады және жалпы жағдайы қалыпты, бірақ іш өтумен сипатталады. Аурудың бұл формасында торай жазылады немесе токсикалық формаға өтеді. Токсикалық диспепсия ауыр клиникалық белгілерімен өтеді. Ауру торайлардың тәбеті жоқ, әлжуаз және токсикоз болады.

Диспепсияны басқа да ұқсас аурулардан ажыратып балау кезінде паратифтің, төлдердің колибактериоз ауруының және кіндік бауы қабынуымен вирустық диареядан, А гиповитаминозынан, стрептококкоздан, кандидоздан және тағы да басқа клиникалық белгілері диспепсияға ұқсас келетін басқа да жұқпалы және жұқпалы емес аурулардан ажырата білу қажет болды.

Торай диспепсиясы кезінде қолданылатын заманауи емдік әдістерін анықтау

барысында жүргізілген зерттеу жұмыстары 2013 жылдың қазан айында Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, Круглазерный ауылдық округінің «Калентьев» шаруа қожалығында жүргізілді.

Алға қойылған міндеттерді орындау барысында зерттеу материалы үшін жаңа туылған (2-3 күндік) торайлар алынды.

Шаруашылықта өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде торайлардың дене салмағының өсуі мен клиникалық белгілерінің байқалуына және мал басының өлім-жітімге ұшырамай толық сақталуына аса маңыз берілді. Сонымен қатар торайлардың қан тобы мен нәжіс құрамын зерттеу.

Шаруашылықтағы торайлар арасында тараған диспепсияны емдеу кезінде қолданылатын емдік препараттардың тиімдісін анықтау мақсатымен торайларды 1 бақылау тобына және 2 тәжірибелік топқа бөліп қарастырдық. Барлық топтағы торайларда аурудың келесідей белгілері айқын байқалды: жалпы жағдайы жабырқаулы, тәбеттері төмендеген, ішек перистальтикасы күшейе түскен, нәжістері сұйық консистенциялы, сарғыш түсті.

Анус тесігі аймағындағы және артқы аяғы мен құйрығы маңындағы жүн қабаты сұйық нәжіс массасымен ластанған. Дефекация жиілеген тәулігіне 7-8 рет, дене температурасы 38-39 градусты құрайды, пульс жиілігі минутына 65-75 рет соғады, тыныс алу жиілігі минутына 20-25 рет.

Қарапайым диспепсия формасына шалдыққан бақылау тобындағы торайларды шаруашылықта осы уақытқа дейін қолданылып келген қарапайым әдіспен емдедік. Қарапайым диспепсияға шалдыққан ауру торайларды таза, жылы, ауасы кең орынға орналастырылды. 12-14 сағат бойына торайларды ашықтыру диетасына қояды да, тәулігіне 4 рет берілетін уыздың орнына тек 2 мезгіл уыз ішкізіледі.

Сонымен бірге бүркегіш қасиеті бар зығыр дәнінің қайнатпасын 1:20 концентрациясында 0,5 литрден күніне 2 мезгіл ішкізіп отырады. Организмге енген микроорганизмдерді жою мақсатында антибиотикті терапия тағайындалады. Бұл мақсатпен окситетрациклин гидрохлоридінің 200 гр дозасын күніне 2 мезгіл сумен бірге араластырып ішкізіп отырады.

Екінші және үшінші тәжірибелік топтағы «Ветом-1.1 прибиотик» және «Фармазин» препараттары торай организмінің физиологиялық, морфологиялық, биохимиялық, иммунологиялық параметрлеріне, олардың өсуі мен дамуына әсерін анықтадық.

1 кесте - Диспепсияға шалдыққан торайларға жүргізілген ем-шаралары

Зерттеу тотары	Торай сан	Емдеу әдісі	Мөлшері	Емделген мал саны	Тиімділігі, %
I топ (бақылау)	3	Уызбен емдеу	Күніне 2 рет	2	67
II топ (тәжірибелік)	3	Ветом-1.1 прибиотигі	Күніне 1 рет 50 мг/кг	3	100
III топ (тәжірибелік)	3	Фармазин	Күніне 1 рет 12 мг/кг	3	100

Екінші тәжірибелік топтағы торайларды емдеу кезінде Ветом-1.1 прибиотигін қолдандық. Ветом-1.1 прибиотигі торайлардың асқазан-ішек жолдарының аурулары кезінде қолдану ұсынылады. Ол себілмелі, ұсақ дисперсионды, ақшыл сарғыш түсті ұнтақты препарат.

Сүтпен және ұсақталған азық массасымен оңай араласады. Суда өте жақсы ериді.

Торайлардың асқазан-ішек жолдарының аурулары кезіндегі қолданылатын Ветом-1.1 прибиотигін профилактикалық және емдік қасиетін анықтау және организмге тигізетін жанама әсерін бақылау мақсатында күніне 1 рет аурудың өту дәрежесіне қарамастан 50мг/кг дозасында ауыз арқылы беріп отырдық. Емдеу курсының алғашқы күнінен бастап-ақ ауруға ұшыраған торайлардың организмдерінде

оң өзгерістер басталды. Диспепсияға шалдыққан торайлардың тәбеттері мен жалпы жағдайы жақсара бастады. Бұзау уызды еркін іше бастады. Бірақ іш өту белгілері 4-5 күндерге созыла түсті. Іш өтуі тоқтамай, сарғыш түсті несепті жиі бөледі.

Ал үшінші тәжірибелік топтағы торайларға Фармазин препаратымен емдеді. Құрамында тилозин бар ол инъекцияға арналған ерітінді, мөлдір, ашық-сары түсті. Күніне 1 мезгіл 12 мг/кг дозада бұлшық етке енгізілді. Тилозин организмдегі әртүрлі микробтарға қарсы әсер етеді. Соның салдарынан торайлардың жалпы жағдайы жақсарып, іш өтуі 5-6 күнге азая түсті.

Емдеу нәтижелері:

1) Жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде диспепсияға шалдыққан торайларға Ветом-1.1 прибиотигін күніне 1 мәрте 50 мг/кг дозасында қолдану, алғашқы сәттен бастап-ақ оң әсерін беретіндігі айқындалды. Ветом-1.1 прибиотигімен емдеу торайлардың дене саламағының артуына ешқандай кедергі келтірмеді және де дәрілік затты қолдану барысында қандай да бір кері әсерлер байқалған жоқ. Зерттеу барысында ауру торайларды қысқа мерзімде айығуынан кейін Ветом1.1 прибиотигін диспепсия кезінде кеңінен қолдануға болатындығы нақтыланды.

2) Фармазин препаратымен емдеу кезінде ауруға шалдыққан торайлардың алғашқы күннен бастап-ақ жақсара бастайды. Тәбеті мен жалпы жағдайы жақсара бастады. Және де торайлардағы диспепсиямен қатар асқынған тыныс аурулары кезінде, тыныс жолдары мен өкпеге оң әсерін тигізуі үшін пайдалану ұсынылады. Зерттеу барысында ауру торайлардың қысқа мерзімде айығуынан кейін Фармазин препаратын диспепсия және тыныс аурулары кезінде кеңінен қолдануға болатындығы нақтыланды.

Шошқа шаруашылығында торай диспепсиясы кезінде қолданған екі препараттың: Ветом-1.1 прибиотигі және Фармазиннің емдік тиімділігі жоғары деңгейді көрсетті.

Төлдерде жиі кездесетін аурулар ең бірінші аналық малдарды буаз кезінде дұрыс күтіп-бағуды ұйымдастырмағандықтан, алғаш туған кезінде уыз сүтін уақытында бермегендіктен болатындығы ғылыми жүзінде дәлелденген. Болашақ төл беретін аналық малдардың шелді-қонды болуы көбінесе оларды құнарлы азықпен дұрыс азықтандыруға байланысты. Қонды мал өмірге бейімделген күйлі де, дені сау төлді берері сөзсіз. Ондай төлдерден алынатын өнімде мол, әрі сапалы болады.

Торайларда кездесетін диспепсия ауруын емдеуге және алдын алу шараларына қатысты ұсыныс-пікірлер:

1. Туғанға дейін және туғаннан кейін (буаздық кезеңінде де, торайлағаннан кейін де) шошқаларды құнарлы азықтармен азықтандыру;

2. Диспепсия ауруы белең алған тұста қарапайым емдеу әдістерімен (табиғи азықтармен емдеу, өсімдіктермен емдеу (фитотерапия) қатар заманауи үлгіде дайындалған препараттарды (Ветом- 1.1 прибиотигі, Фармазин препараттарын т.б.) қолдану;

3. Аталмыш дәрілік заттардың біздің өңіріміздегі қолданылу аясын кеңейтіп, малдәрігерлік дәріханаларда таралым деңгейін арттыруға мүмкіндік туғызу.

Әдебиеттер тізімі

1. Волохова, Е.С. Ветеринарно-санитарная характеристика мяса, жира свиней, выращенных в крупном промышленном комплексе / Е.С. Волохова // автореф. дисс. канд. ветер. наук.- JL, 1995.- С. 21-22.

2. Загаевский, И.С. Ветеринарно-санитарная экспертиза с основами технологии переработки продуктов животноводств / И.С. Загаевский.- М.: Агропромиздат, 1989.- 206 с.

3. Мазанкова, Л.Н. Пробиотики на современном этапе клинические подходы и области применения. Пособие для врачей / Л.Н. Мазанкова, С.А. Шевелева, Е.А. Лыкова.- М., 2005.- 40 с.

СИЫРЛАРДЫҢ ІРІНДІ ЖЕЛІНСАУЫН АЛДЫН АЛУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Закирова Ф.Б., Кайргалиева Д.Б., Ертлеуова Б.О.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Желінсаудың алдын алуда шаруашылықтарда кешенді түрде дұрыс күтім, толыққанды азықтандыру, сауудың қалыпты режимі және ветеринарлық-санитарлық ережелердің қатаң сақталуы маңызды.

С целью профилактики мастита в хозяйстве важно соблюдать в комплексе правильное содержание животных, полноценное кормление, определенный нормативный режим доения и строгое соблюдение ветеринарно-санитарных правил.

With the purpose of prophylaxis of mastitis in an economy it is important to observe in a complex correct maintenance of animals, valuable feeding, certain normative mode of milking and adherence of veterinary – sanitary rules.

Малды өз төлімен өсіру бүгінгі таңдағы ең қиын да, әрі өте көп күш жұмсау мен терең білімді қажет ететін жұмыс.

Малды бағып-күтудің ережелерін сақтап, ғылыми тұрғыдан азықтандырып, организмдегі болатын биологиялық-физиологиялық процестерді дұрыс пайдаланып отырса, озық тәжірибе көрсеткендей әрбір 100 сиыр мен құнажыннан жыл сайын 105-110 бас бұзау, жоғары сапалы өнім алуға болады.

Жалпы жағдайынан басқа оның көбею, өсіп – өнуі, органдарының физиологиясы мен анатомиясы, желін ауруларының патологиясы жөнінен терең білімі болмай мұндай табыстарға қол жеткізу мүмкін емес.

Малдың желінсау ауруының себептерін анықтап, ауруды емдеудің тиімді әдістерін қолдана білу керек.

Мастит немесе желінсау - сүт безінің қабынуы болып табылады. Желінсаудың дамуы организмде, соның ішінде ірі қара малының сүт безінде, тек ішкі емес, сондай-ақ сыртқы факторларға да байланысты.

Желінсау негізінен микробтардың әсерінен пайда болады. Қазіргі уақытта барлық шаруашылық түрлерінде кең тараған ауру - сиырлар желінінің қабынуы болып табылады. Ол шаруашылықтардың экономикасына едәуір зиян келтіреді. Әдеби мәліметтерге сүйенсек, ірінді желінсау ауруымен ауырған ірі қараның сүт өнімділігі 15 пайызға дейін төмендейді. Сонымен бірге ауырған сауын сиырлардың 20-25 пайызға дейінгісі саууға жарамай, олардың пайдалану мерзімі 2-3 жылға қысқарады. Мұнымен қоса сүттің сапасы төмендеп, қатардан шыққан мал төлдемейді. Ал енесінің желіні қабынған бұзаулар аурушаң болып тез шығынға ұшырайды.

Қазақстан Республикасы шаруашылықтарының басым көпшілігінде нарықтық экономика жағдайында сүтті мал өсірумен айналысатын қожалықтарға ақша түсімінің негізгі бөлігі сүт өнімдерін сатудан түседі. Сүтті ірі қара шаруашылығын интенсивтендіру және мамандандыру, мол өнімділігі және ұдайы ұрпақ беруі асылтұқымды шаруашылықтардың экономикалық тиімділігін айқындайды. Сүтті ірі қара шаруашылығының басты міндеті - 305 күндік сауым кезеңінде сауылатын сүтті барынша молайту және бұзаулау аралығын 12 айдан асырмау.

Ірі қара желінсаумен әртүрлі факторларға байланысты шалдығады.

Бұл факторларға механикалық, бактериалдық, физикалық, дұрыс азықтандырмау және химиялық факторлар жатады.

Желінсаудың іріңді түрімен ауырған сиырларда алғашқы кезде аурудың клиникалық белгілері байқалмайды, сондықтан да ондай малдың сүті адам және жас төл үшін өте қауіпті. Желінсаудың бұл түрінде сүттің сезімдік көрсеткіштерінде ешқандай өзгерістер байқалмайды, дені сау малдың сүтінен айырмашылығы жоқ. Бірақ мұндай сүттің ішінде патогендік және токсигендік микробтар өте көп болады. Іріңді желінсау сауын және сауылған сиырларда жылдың барлық мезгілінде кездеседі. Осы аурудың әсерінен сүттің өндірістік көрсеткіштері кемиді.

Республикада іріңді желінсау ауруының таралуы және сүт сапасының төмендеуінің басты себептері: азықтандыру жағдайындағы, малды ұстаудағы және микроклиматтағы кемшіліктер, сондай - ақ сауу аппараттарының ақаулары, сауу құралдары мен желіннің санитарлық тазалығын сақтамау, еденнің ластығы және тағы басқалар.

Республика шаруашылықтарында сауын сиыр арасында іріңді желінсаудың жиі кездесетіні, өндірілетін сүттің тазалығы әлі де төмен екендігі және қарапайым мал дәрігерлік - санитарлық шаралардың өз деңгейінде жүргізілмейтіні ескертеді. Іріңді желінсау ауруын азайту мақсатымен сүт тазалығын жоғарылатуға бағытталған орындауға болатын мал дәрігерлік - санитарлық емдеу шараларының тиімділігі ұсынылады.

А.П. Студенцов бойынша іріңді желінсау формасында іріңді экссудат бөлінеді[1]. Іріңді желінсаудың 3 түрін ажыратуға болады:

1. Іріңді катаральды желінсау;
2. Желіннің абсцесі немесе іріңі;
3. Желіннің флегмонасы немесе борпылдақ дәнекер ұлпасының жайылма қабынуы.

Іріңді катаральды желінсау әдетте катаральды сүт безінің қабынуынан жалғасады. Аурудың асқынуы кезінде жануардың мазасы кетіп, дене температурасы 40,0-40,5°C - қа дейін көтеріліп, тамыр соғысы мен тыныс алуы жиілеп, азыққа тәбеті жоғалып, сүт бөлінуі айқын төмендейді. Қабынған бөлігі үлкейген, домбыққан, ауырсынады және үстіңгі тері қабаты қызарып, тығызданып тұрады.

Сауыннан кейін де желіннің көлемі мүлдем кішіреймейді. Емізікшесі домбыққан, қызарған және аздап ауырсынады. Сауған кезде аз мөлшерде шырышты, құрамында қою және сары-жасыл немесе сары-қызғылт ірің бөлінеді. Кейде бөлінетін зат онша қою емес. Сары-қызғылт түсті де болады. Осы сұйықтықтарда іріңнің жағымсыз иісі де білінеді. Бұл аурудан мал айықаннан кейін де малдың өнімділігі толық бұрынығы қалпына келмейді.

В. М. Карташованың [2] мәліметі бойынша желіннің абсцесі, іріңі тері астынан жиналып терең немесе беткей жатады. Абсцестер көп жиналған кезде жануардың жағдайы нашарлайды. Температурасы көтеріліп, тынышсызданып, жануардың тәбеті қашады. Сонымен қатар өнімділігі төмендейді.

Ж. Д. Коспаковтың [3] мәліметі бойынша желіннің беткей абсцесі кезінде желіннің тері астына жиналған іріңді қарапайым көзбен көруге болады. Абсцестің айналасындағы тері тығыздалады. Ал терең жатқан абсцестер бара-бара көлемі жағынан ұлғайып, қолмен ұстап қараған кездеысы болып домбығып ауырсынады. Пальпация арқылы ауысынатын іріңді ошақты табу қиын емес. Бұл тек терінің астында ғана емес желіннің сүт цистернасының ішінде де орналасуы мүмкін. Осы жағдайда сиырды сауса қан аралас ірің 2-3 күнге дейін шығуы мүмкін.

Бұл процесс кейін тағы да қайталанады, экссудат бөледі.

Т. Ж. Абдрахмановтың [4] мәліметі бойынша желіннің флегмонасы - қатерлі, көбінесе іріңді қабынуы болып табылады. Көбіне бұның дамуын өздігінен, мысалы желіннің жарақатынан кейін, ал кейде басқа желінсаудың жалпы жағдайы нашарлап, азықтан бас тартып, температурасы көтеріледі, мазасызданады, тамыр соғуы мен тыныс алуы жиілей түседі.

Ірі қараның тұрысы ауырсынуына байланысты өзгереді және ол қозғалмауға тырысады. Ал, егер ол орнынан қозғалуға тырысса ол ақсаңдайды. Сүт мөлшері күрт төмендейді. Желіннің қабынған бөлігі әрқашан үлкейген, ысқылтым, ауырсынады, қатайған тығыз күйінде болады. Қабынған желін безінен сауған кезде сулы, лайлы сүт түсті жабысқақ, флегмонасы өлі еттенуге немесе гангренаға әкеліп соғады.

Қазіргі кезде Қазақстанда да, шетелде де желінсауды емдеу үшін құрамында пенициллин, стрептомицин, эритромицин, тетрациклин және тағы да басқа антибиотиктер пайдаланылады. Көбіне қабыну үрдісін микробтар қиындатады, олар желінсаудың тікелей себебі де бола алады. Мұндай жағдайларда антибиотиктер қолданған жөн.

А. П. Студенцов пен С. П. Шипиловтың [1] мәліметтеріне назар аударсақ желін ішіне енгізу үшін сондай-ақ аралас препараттар пайдалану да ұсынылады: мастицид, мастисан және тағы да басқалар. Емдеудің тиімді құралдарының бірі антибиотиктер және бояғыш заттар кешенінен тұратын пенерсин препараты болып табылады, бояғыш заттар дәрінің сүтпен шығу мерзімін белгілеуге мүмкіндік береді, ал бұл оны пайдалану мүмкіндігін белгілеу үшін өте құнды болып табылады. Көрсетілген препараттарды күніне 1-2 ретпен 3 тәулік бойына енгізеді.

Мастицид, мастисан А, Б, Е дифурол-А препараттарының бірін 10 мл-ден цистерна ішілік енгізгеннен кейін сүтті 3 тәулікке пайдаланбайды. Жылуды кез-келген түрінде ұсынады: желінді камфор майы мен ихтиол жақпасын қолдану арқылы жылы қымтау жақсы нәтиже береді.

Сиырлардың желінсаумен ауруының көбеюіне сонымен қатар аналық пен аталық жұптың шағылыстыруға дайындаудағы қателіктері де әсер етеді, бұл әлсіз бұзаулардың тууына әкеледі, олардан төмен резистентті мал дүниеге келеді, қашарларды тұқымдануға нашар дайындау ұрықтану мерзімінің кешігуіне әкеледі, нәтижесінде туу процесі ауыр өтеді, сүт безі ісінеді, сүт безі ауруларына жетелейтін түрлі туу және туудан кейінгі асқынулар пайда болады. Жалпы желінсауды алдын алуда шаруашылықтарда кешенді түрде дұрыс күтім, толық азықтандыру, машиналық сауудың қалыпты режимі және сүт мал шаруашылығын жүргізудің барлық кезеңіндегі ветеринарлық-санитарлық ережелердің қатаң сақталуы кіретін ветеринарлық және зоотехникалық іс-шаралардың жоғарғы деңгейде болуы маңызды деп есептеймін.

Желінсауды болдырмау үшін ветеринарлық шараларға ірі қара малының денсаулығын үнемі тексеру және де желіннің жағдайын қадағалау жатады. Ал, санитарлық-гигиеналық шараларға сауын кезіндегі гигиена малдың орнының санитарлық-гигиеналық жағдайы, сонымен қатар бөлменің микроклиматын қадағалау. Бұл шаралардың барлығы жоғары сапалы сүт өнімін алу үшін жасалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Студенцов, А. П. Ветеринарное акушерство и гинекология / А.П. Студенцов, В.С. Шипилов, Л.Г. Субботина. – М.: Агропромиздат, 1986. – 371-376с.
2. Карташова, В. М. Маститы коров / В.М. Карташова, А.И. Ивашура. – М.: Агропромиздат, 1988. – 256с.
3. Коспаков, Ж.Д. Физиотерапевтические средства при мастите коров / Ж.Д. Коспаков, Ж.Д. Майкомбаев // Вестник.с.-х. науки Казахстана. - 1990. - № 9. - С. 81-82.
4. Абдрахманов, Т.Ж. Заболеваемость коров маститом в зависимости от функциональных показателей/ Т.Ж. Абдрахманов // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 2000. - № 3. – С. 49 – 52.

ГЕЛЬМИНТОЗЫ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ, ЭПИЗООТОЛОГИЯ И ПРОФИЛАКТИКА

Кармалиев Р.С.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана
город Уральск, Республика Казахстан

В регионе Западного Казахстана у крупного рогатого скота обнаружены 11 видов гельминтов, из них 3 вида трематод, 2 вида цестод и 6 видов нематод.

Батыс Қазақстан аумағындағы ірі қараларда 11 гельминт түрлері, оның ішінде трематодтың 3 түрі, цестодтың 2 түрі және нематодтың 6 түрлері анықталған.

In the region of the Western Kazakhstan 11 types of helminths are found in cattle, from them 3 look of trematodes, 2 look of cestodes and 6 types of nematodes.

Введение. Для изучения эпизоотологии и разработки мер борьбы с гельминтозами крупного рогатого скота необходимы сведения по видовому составу гельминтов, в том или ином регионе. Первые исследования по выяснению гельминтофауны крупного рогатого скота на территории Казахстана проведены К.И. Скрябиным [1]. Им и его учениками организованно свыше 30 гельминтологических экспедиций, собравших большой материал, характеризующий видовой состав гельминтов крупного рогатого скота. Новые данные о фауне гельминтов крупного рогатого скота, Казахстана получены Г.И. Диковым и др. [2]. В Казахстане гельминтофауну крупного рогатого скота изучали К.И. Скрябин, Р.С. Шульц [1], С.Н. Боев, И.Б. Соколова, [3], Э.И. Прядко [4], Б.М. Шонов [5], К.М. Ерболатов [6], В.С. Петров, [7], М.Ж. Сулейменов [8], В.Т. Рамазанов [9] и другие исследователи. До наших исследований на территории Западного Казахстана, у крупного рогатого скота, зарегистрировано 35 видов гельминтов из класса трематод, цестод и нематод. Несмотря на это, за прошедшие годы видовой состав гельминтов крупного рогатого скота мог значительно претерпеть изменения в силу различных факторов. В связи с этим целью нашей работы явилось изучением гельминтофауны крупного рогатого скота в условиях Западного Казахстана.

Материалы и методы. Исследования проводили в различные сезоны 2011-2012г.г. методом полного гельминтологического вскрытия 26 голов крупного рогатого скота разных половозрастных групп из разных регионов Западного Казахстана. Большинство животных по разным причинам были выбракованы, убиты и подвергнуты гельминтологическому вскрытию непосредственно в хозяйствах. Крупный рогатый скот в течение всего выпасного сезона находился в степи и только в зимнюю непогоду под навесом.

Для получения матрикса из содержимого кишечника крупного рогатого скота использовали метод Т.М. Двойкоса [10]. Для этого содержимое кишечника промывали в специальном коническом цилиндре с ситами уменьшающегося размера, начиная с 0,5 см и до 0,1 мм. Отдельные участки кишечника перевязывали лигатурой и разрезали. Содержимое каждой части кишечника помещали в верхнее сито цилиндра и промывали теплой водой из шланга. Одновременно тщательно исследовали визуально промываемую жидкость в кювете. Промывали до тех пор, пока жидкость в кювете не становилась прозрачной. Затем сита вынимали из цилиндра, содержимое вытряхивали в банки, фиксировали раствором Барбагалло и этикетировали. Стенку кишки выворачивали и при ярком освещении собирали с её поверхности гельминтов. Выборку гельминтов из матрикса производили путем просмотра его небольшими

порциями (по 5-10 г) в кюветах, разделённых на сектора с черным и белым фоном. Порцию матрикса заливали водой, перемешивали содержимое и выбирали всех гельминтов. В заключение порцию матрикса просматривали под бинокулярной лупой.

Другие органы и ткани исследовали общепринятым методом. Сборы гельминтов от крупного рогатого скота использовали в дальнейшем для количественного анализа инвазированности их отдельными видами и характеристики структуры гельминтофаунистического комплекса. Определение вида нематод проводили в лаборатории ЗКАТУ им Жангир хана по определителю (5). При определении видов стронгилид обращали внимание на особенности строения ротовой капсулы, ее стенок, ротового воротника и пищевода, копулятивной бursы самца, расположение ее ребер, форму полового конуса, дистального конца спикул, рулька, половых придатков и хвостового конца тела самки.

Полученные результаты обработали статистически с расчета экстенсивности инвазии (ЭИ, %), интенсивности инвазии (ИИ, экз./гол) с учетом минимального (мин.), максимального (мак.) количеств гельминтов и ошибки (т) средней величины.

Результаты и обсуждение. Результаты изучения нозологического профиля гельминтов крупного рогатого скота Западно-Казахстанского региона Республики Казахстан представлены в таблице 1. По данным гельминтологических вскрытий 26 голов крупного рогатого скота обнаружили 11 видов гельминтов, из них 3 вида трематод, 2 вида цестод и 6 видов нематод.

Фасциолез крупного рогатого скота был установлен в Атырауской области. Экстенсивность инвазии животных составила, в среднем, 19,3%.

D.lanceatum поражен крупный рогатый скот всех областей Западного Казахстана. Экстенсивность инвазии, вызванной дикроцелиями, составила, в среднем, по региону 18,3%, в том числе в Западно-Казахстанской-25,4%, Актюбинской-15,3%, а в Атырауской-13,5%.

P.cervi крупный рогатый скот был инвазирован, в среднем по региону, на 17,7%, а в Западно-Казахстанской, Актюбинской и Атырауской областях на 15,9; 8,5 и 28,8%, соответственно.

Moniezia expansa регистрировали у животных всех зон региона Западного Казахстана. Экстенсивность инвазии, вызванной *M. expansa*, была равной, в среднем, по региону 14,9%, в том числе в Западно-Казахстанской области 15,5%, Актюбинской 11,9%, Атырауской 17,2%.

E.granulosus (larvae) обнаруживали у животных всех зон. Экстенсивность инвазии, вызванной *E. granulosus* (larvae), была равной, в среднем по региону 42,4%, в том числе в Западно-Казахстанской 39,8%. Актюбинской 37,6%, Атырауской 49,8% областях.

Возбудителями стронгилятозов пищеварительного тракта крупный рогатый скот в регионе Западного Казахстана был инвазирован почти поголовно. В частности *N.spathiger* зараженность животных была равной, в среднем по региону, 32,7%, а наибольшая пораженность животных отмечена в Атырауской области (ЭИ-36,4%). *O.ostertagi* крупный рогатый скот был инвазирован, в среднем, на 49,9%, *C.onchophora* - 49,5%, *H.contortus* - 18,5%, *T.axei* - 20,8% и *D.viviparus* - 6,5%. В Западно-Казахстанской и Атырауской областях инвазированность крупного рогатого скота стронгилятами пищеварительного тракта и легких была выше, чем в Актюбинской области.

В Западно-Казахстанской, Актюбинской и Атырауской областях интенсивность инвазии наиболее распространенных видов гельминтов крупного рогатого скота была наибольшей. В среднем она составила в экз./гол. *F.gigantica* 34,2±7,7; *D.lanceatum* 495,3±30,1; *P.cervi* 308,3±26,2; *M. expansa* 3,7±0,6; *N.spathiger* 314,5±7,3; *O.ostertagi* 78,2±9,2; *C.onchophora* 67,3±8,1; *H.contortus* 89,3±10,9; *T.axei* 27,8±1,5 и *D.viviparus* 26,4±1,2 (табл. 2.2.2.1.2.). Трематоды имеют наибольшую интенсивность инвазии, а в

частности *D.lanceatum* и *P.cervi*.

Таким образом, в регионе Западного Казахстана у крупного рогатого скота обнаружены гельминты наиболее патогенные со следующей экстенсивностью и интенсивностью инвазии:

F.gigantica (ЭИ–19,3%, ИИ–34,2±7,7 экз./гол.), *D.lanceatum* (ЭИ–18,3%. ИИ - 495,3±30,1 экз./гол.), *P.cervi* (ЭИ–12,2%, ИИ–308,3±26,1экз./гол.), *E.granulosus* (larvae) (ЭИ–42,2%, ИИ - 12,2±1,2 экз./гол.), *M. expansa* (ЭИ–14,9%, ИИ–3,7±0,6экз./гол.), *N.spathiger* (ЭИ–32,7%, ИИ–314,5±7,3экз./гол.), *O.ostertagi* (ЭИ–49,9%, ИИ–78,2±9,2экз./гол.), *S.onchophora* (ЭИ–49,5%, ИИ–67,3±8,1экз./гол.), *H.contortus* (ЭИ–18,5%, ИИ–89,3±10,9 экз./гол.), *T.axei* (ЭИ–20,8%, ИИ–27,8±1,5 экз./гол.), *D. viviparus* (ЭИ–6,5%, ИИ–26,4±1,2 экз./гол.) и другими гельминтами.

Список литературы

1. Скрыбин, К.И. Гельминты крупного рогатого скота и его молодняка / К.И. Скрыбин, Р.С. Шульц.- М.: Сельхозгиз, 1937. – 723 с.
2. Диков, Г.И. Справочник по паразитозам сельскохозяйственных животных в Республике Казахстан / Г.И. Диков, М.С. Сабаншиев, М.Ж. Сулейменов – Алматы, 1994. – Ч.1. – С. 144-173.
3. Боев, С.Н. Гельминты копытных животных Казахстана / С.Н. Боев, И.Б. Соколова, В.Я Панин. Алма-Ата, 1963. -Т.2. -536с.
4. Прядко, Э.И. Зараженность крупного рогатого скота гельминтами на юго-востоке Казахстана / Э.И. Прядко В кн.: Паразиты с.-х. животных Казахстана. - Алма-Ата, 1962. - Т.1. – С. 120-125.
5. Шонов, Б.М. Сравнительная антгельминтная эффективность некоторых препаратов при цистицеркозе крупного рогатого скота / Б.М. Шонов Эпизоотология и профилактика паразитозов сельскохозяйственных животных. – Сб. науч.тр. Каз.НИВИ. – Алматы: НИЦ Бастау, 1995. – С.148-151.
6. Ерболатов, К.М. Рекомендации по профилактике основных гельминтозов сельскохозяйственных животных в Уральской области / К.М. Ерболатов, М.Ш. Шальмнов, Т.Т. Есенгалиев Уральск: Зап. - Каз. НИВС, 1988. – 20 с.
7. Петров, В.С. Современное состояние и перспективы оздоровления хозяйств от эхинококкоза и цистицеркозов / В.С. Петров Тез. докл. науч. - практ. конф., г. Караганда, 2-4 окт. 1990. – М. – 1990. – С.99.
8. Сулейменов, М.Ж., Фасциолёзы с.-х. животных и их профилактика в Атырауской области / М.Ж. Сулейменов, М.К. Кикбаев, К.М. Ерболатов Вестн. с.-х. науки Казахстана. – 2003. - №8. – С. 61-63.
9. Рамазанов, В.Т. Изыскание способов иммунизации овец против эхинококкоза Эпизоотология и профилактика паразитозов сельскохозяйственных животных. / В.Т. Рамазанов Сб. науч.тр. Каз.НИВИ. – Алматы: НИЦ Бастау, 1995. – С.82-96.
10. Двойкос, Г.М. Прибор для получения матрикса из кишечника при гельминтологических вскрытиях. / Г.М. Двойкос Вестник зоологии. Киев, 1973.- №1.- С.76.

Таблица 1 - Экстенсивность инвазии наиболее распространенными видами гельминтов у крупного рогатого скота в разных областях Западно-Казахстанского региона по данным гельминтологических вскрытий

	Вид гельминтов	В среднем по региону		Области					
		ЭИ, %	ИИ, экз./гол.	Западно-Казахстанская		Актюбинская		Атырауская	
				ЭИ,%	ИИ, экз.	ЭИ,%	ИИ, экз.	ЭИ,%	ИИ, экз.
1.	<i>Fasciola gigantica</i>	19,3	34,2±7,7	0	0	0	0	19,3	34,2±7,7
2.	<i>Dicrocoelium lanceatum</i>	18,8	495,3±10,1	30,1	836,1±10,2	16,8	412,3±19,3	9,6	237,4±5,3
3.	<i>Paramphistomum cervi</i>	12,2	308,3±6,1	11,9	351,2±5,3	2,3	5,6±0,6	22,4	568,2±11,3
4.	<i>Moniezia expansa</i>	11,6	3,7±0,6	12,3	3,5±0,6	11,2	2,8±0,9	11,4	4,8±0,3
5.	<i>E.granulosus</i> (larvae)	42,2	12,2±1,2	39,8	12,8±1,0	37,6	10,5±1,2	49,8	14,3±0,8
6.	<i>Nematodirus spathiger</i>	36,0	314,5±7,3	31,3	300,5±11,4	41,3	471,8±12,4	35,6	171,3±4,2
7.	<i>Ostertagia ostertagi</i>	55,0	78,2±4,2	65,3	124,2±8,2	40,2	46,9±2,4	59,6	63,5±2,4
8.	<i>Cooperia oncophora</i>	50,5	67,3±2,1	62,4	85,6±5,4	31,6	25,2±1,0	57,5	91,2±5,4
9.	<i>Haemonchus contortus</i>	18,9	89,3±5,9	26,8	116,7±5,4	10,3	70,5±1,9	19,6	80,7±3,1
10.	<i>Trichostrongylus axei</i>	21,6	27,8±1,5	30,1	29,4±1,3	6,3	25,5±1,6	28,6	28,6±1,2
11.	<i>Dictyocaulus viviparus</i>	17,0	26,4±1,2	18,5	28,8±0,9	0	10,8±0,9	32,5	39,6±0,7

ІРІ ҚАРА МЕН ҚОЙ ТРЕМАТОЗДАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Кереев Я. М., Сапарова А. С.

Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Ірі қара мен қойларды трематодоздардан сақтандыру үшін жылдың әр мезгілінде тиімді антигельминттермен дәрілеген жөн.

Трематодозов крупного рогатого скота и овец необходимо в разные сезоны года провести дегельминтизацию соответствующими антгельминтиками.

Trematodozov cattle and sheep in different seasons of the year to conduct deworming relevant antgel'mintikami.

Көптеген (1-5) зерттеушілердің деректері бойынша, Батыс Қазақстанда ірі қара мен қойда трематодоздар жиі ұшырасады. Әсіресе дикроцелиоз 48,5%, фасциолез 35,7% кездеседі

Мал өсірудің жағдайлары әр түрлі. Бірақ та солардың бірі қорада немесе серуендету алаңында өсіру әдісі қолданылады, оларды суару жақсартылады, малдың шоғырлануы және ара - тығыздығы артады, мал мен қора – жайдың санитарлық жағдайы күшейеді, жемшөп қорытылатын протеин, азық өлшемі макро – микроэлементтер және витаминде, яғни организмнің өзіне тән емес резистенттілігін көтеретін заттар бойынша теңестіріледі.

Мал шаруашылығында шағын қораларда мал көп шоғырландырылады Бұл жағдай оларға геогельминттердің көптеп жұғуына әкеліп соқтыруы мүмкін

Осыған орай гельминтоздардың алдын алудың маңызы зор. Өйткені олар табиғатта және мал арасында кең тараған.

Сондықтан да шаруашылықтар жағдайында да гельминтоздардың алдын алуға баса көңіл аударылды.

Аурудың алдын алу көбіне мал дәрігерлерінің, зоотехниктер мен аграрлардың дұрыс ұйымдастыруы және олар бірлесе отырып жұмыс істеуі арқылы аурудың алдын алу, малды азық өлшемімен, қорытылатын протеинмен, макро-микроэлементтермен және витаминдермен теңестірілген жемшөппен азықтандыруды ұйымдастыруға енетін жалпы шараларға да байланысты. Сонымен бірге ол шараларға жайылым гигиенасы, гельминттердің жетілу мерзіміне орай өрістерді дұрыс алмастыру, суаруды ұйымдастыру, сондай – ақ түрлі антигельминтиктермен сауықтыру және сақтандыру да жатады.

Бұл жұмыста гельминттердің морфологиясы жайында деректер, паразиттердің даму циклдері, оларды анықтау, сондай-ақ емдеу мен алдын алуы жөнінде қысқаша мәліметтер беріледі.

Қой гельминтоздарының алдын алу шаралары

Ең бірінші гельминтоздық жағдайды зерттеу кезінде шаруашылықтардағы гельминт түрлері белгілі болды. Батыс Қазақстан облысында гельминттердің 32 түрі тіркелді. Олардың ішінде анағұрлым жиі кездесетіндері: дикроцелилер фасциолдар, церебральды ценурлар, тенуикольды цистицерктр, эхинококктар, мониезилер, тизаниезиалар гемонхтар, нематодирлер, хабертиалар және диктиокаулалар болды.

Дикроцелиозды бауырдың өт жолында және өт қабында қоздырғыш қоздырады.

Өсіп-өнуінің биологиялық циклі үш иенің қатысуымен өтеді. Онымен зақымданған мал нәжісімен бірге сыртқы ортаға түскен жер бетіндегі моллюскалар жеп қоятын жұмыртқаларын бөледі. Соңғысында паразит церкарий сатысына дейін жетіледі. Пісіп – жетілген церкарийлер сыртқа шығады да оларды құмырсқалар жейді.

Ауру ақырғы иелеріне құмырсқаларды жұтқан кезде жұғады. Цисталар мал ішегінде еріген соң олардан жыбырлаған метацеркарийлер шығып, өт жолы арқылы бауырға өтеді.

Ауру ешқандай клиникалық белгісіз өтеді. Мал инвазиялық ауруға қатты шалдықса бауырдың құрылымы мен жұмысында өзгеріс пайда болады. Ол малды өлім – жітімге тез ұшыратады.

Мал тірі кезде олардың нәжістерінен гельминт жұмыртқалары, ал өлгеннен кейін бауырынан көп табылса малдың осы аурумен ауырғаны анықталады.

Дегильминтизация жасау үшін гексахлор – параксиол қолданылады. Республикамыздың батыс өңірі үшін тиімді мерзім мынандай: бірінші дәрілеу желтоқсанда, екіншісі наурызда, үшіншісі шілдеде.

Фасциолез. Бұл ауруды республикамызда трематодтың алып фасциола және кәдімгі фасциола сияқты екі түрі қоздырады. Республиканың батысында кәдімгі фасциола – жазда, ал күзде - алып фасциола көп болады.

Гельминттер бауырдың өт жолында жайғасады.

Кәдімгі фасциоланың ұзындығы 20-30 мм, ал оның ені 8-12 мм, трематоданың алдыңғы ұшы тұмсығына қарай созыла түскен.

Алып фасциоланың ұзындығы 33-76 мм, ал ені 5-12 мм жетеді. Алдыңғы ұшы сопақ болады, ол денеге бірте-бірте кәдімгі фасциолада болатын иықшылар жасамай-ақ еніп кетеді.

Фасциолалардың өсіп-өну биологиялық циклі екі иенің қатысуымен өтеді.

Дефинитивті иенің нәжісімен бірге фасциолдардың жұмыртқасы сыртқа шығады. Сөйтіп олардың ішінде мирацидий қалыптасады. Жұмыртқадан шыққан мирацидий кәдімгі фасциола үшін аралық иеге - кіші прудовикқа, ал алып фасциола үшін галба туысына жататын тұщы су моллюскасына өтуге тиіс.

Мирацидий арқылы иенің бауырында өсіп, спороцистаға, одан әрі спороциста редийге айналады. Редийдің дене қуысында ұрық клеткалары сақталады. Олар не редийге, не тікелей церкарийге дейін жетіледі. Жетілгеннен кейін моллюскалардан шыққан бойда құйрық ұшын жоғалтып, адолескарийдің қозғалмайтын сатысына айналып кетеді.

Республикамыздың батысында фасциолез қойға батпақты жерлерде жұғады.

Фасциолез екі: жіті және созылмалы түрде өтеді.

Бұл аурудың жіті түрімен ауырған малдың дене қызуы 41- 42 градусқа дейін көтеріледі. Көзге көрінетін кілегей қабықтары сарғайады, жалпы қан мөлшері азаяды, шөп, суға қарамайды, малдың жүні жығылып, тынысы жиілейді, оң қабырғасының астыңғы жағын бассаң ауырсынады.

Созылмалы түрінде клиникалық белгілері аңғарылмайды. Тек қолқасы, мен қарнының ісінгі білінеді.

Аурудың жіті түрі бауыр паренхимасынан фасциолалардың жас түрі табылса, сол тұстан көп қан кеткені байқалса барып анықталады.

Созылмалы түрі мал нәжісінен гельминт жұмыртқалары табылғаннан кейін анықталады. Алайда бұл кезде шаруашылықтың эпизоотиялық жағдайы ескерілуге тиіс.

Фасциолезден емдеу үшін малдың 1 кг массасына 0,2 г мөлшерінде жемге қосып (1:5, 1:6 қатынаста) бір рет гексихол беріледі.

Малдың 1 кг салмағының 0,15 г мөлшерінде битионолдың өзін және олардың 1

кг салмағына 0,2 г мөлшерінде жемге қосып беруге де болады. Дәрілеу алдында мал аш ұсталады.

Қазақстанның батысында фасциозге қарсы алдын ала дәрілеу төмендегідей мерзімде жүргізіледі: бірінші рет- қаңтар - ақпан, екіншісі –мамырда үшіншісі-қарашада.

Қорытынды: Ірі қара мен қойларды трематодоздардан сақтандыру үшін жылдың әр мезгілінде тиімды антгельминтктермен дәрілеген жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Боев С. Н. Қойдың 1шқұрт ауруын жою әдісі. - Алматы, 1956. - 39 бет
2. Рамазанов В. Т. Қойдың құрт аурулары. Қайнар, 1970. - 8 бет
3. Кузнецов В. И., Джумадиля Карабаевич Карабаев, Абухан Джексембеков, Юлдаш Турдалиев. Күйіс малының гельминтоздары және өнеркәсіптік мал шаруашылығында олардың алдын алу. Қайнар, 1981. – 23 с.
4. Основные гельминтозы овец и меры борьбы с ними в Республике Казахстан (рекомендации). – Алматы, - 206. – 8 с.
5. Кереев Я. М., Бисенова М. К., Айтпаева З. С. «Санитарная паразитология» пәнінен 5В120200-«Ветеринарлық санитария» мамандығы студенттеріне зертханалық жұмыс жүргізуге арналған әдістемелік нұсқау. – Орал, 2013.- 109 бет

ӘӨЖ 591.531.2 (574.1)

ҚАҢҒЫБАС ЕТҚОРЕКТІ ЖАНУАРЛАР САНЫН РЕТТЕУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Кереев Я. М., Сапарова А. С.

Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада Батыс Қазақстан облысындағы қаңғыбас мысықтар мен иттердің таралу деңгейі және олардың қоршаған ортаға тигізетін зияны туралы айтылған.

В статье представлены данные о распространенности бродячих домашних кошек и собак в Западно - Казахской области, регулировании их численности и определении уровня вреда, наносимого окружающей среде.

The paper presents data on the prevalence of stray cats and dogs in the West Kazakhstan region, regulate their number and determining the level of harm to the environment.

Адамдардың қаңғыбас жануарларға қарым-қатынасы екі түрлі көзқараста қалыптасқан. Халықтың жартысы бір жағынан қаңғыбас жануарларды қалалық ортаның жағымсыз элементі, қауіпсіздіктің негізгі көзі, ластанған қалдықтарды тасымалдаушы және шудың негізгі көзі ретінде қабылдайды. Бір жағынан алып қарағанда, бұл мәселенің шешімі – қадағалаусыз жануарларды толық жою. Халықтың басқа бөлігі, соның ішінде зоокорғаушы ұйымдар аталған мәселемен белсенді күреседі. Осыған байланысты қаланың әлеуметтік өмірінде, қадағалаусыз жануарлардың орны бағаланбаған. Екі жағдайда да қадағалаусыз жануарлардың маңызы зор. Яғни қаңғыбас иттер мен мысықтар қала территориясындағы ең ірі, көлемді және көзге түсетін сүтқоректілер.

Бұралқы етқоректі үй жануарларының санының артуы жануарлардан адамға жұғатын және жануарлардан жануарға жұғатын аурулардың таралуына әкеліп соқтырады. Өз кезегінде қаңғыбас етқоректі үй жануарларының санын реттеу құралдарын жасап шығару, олардың көбеюін азайту үшін зорлық – зомбылықсыз болуына көмектесу керек.

Қаңғыбас жануарлардың санын реттеудің негізгі әдістеріне келесілерді жатқызуға болады:

- жануарларды стерильдеу;
- жануарларды аулап, қора жайларға орналастыру;
- азық қорларын жою;
- үй жануарларын ұстауды бақылау.

Азық қорларын жою келесідей жолдармен жүргізіледі:

- уақытылы дератизациялау;
- азықтандыруды болдырмау мақсатында халық арасында үгіт нәсихат жүргізу;
- алаңдардағы контейнерлерге жануарлардың жақындауына шектеу қою;
- қоқысқа арналған алаңдардың жағдайын бақылау.

Ол үшін алдын ала жануарлардың қай топқа жататынын анықтау керек. Бұралқы (қадағалаусыз, бақылаусыз, қаңғыбас) жануарлар – қожайындары жоқ үй жануарлары. Көбінесе қаңғыбас иттер мен үйсіз мысықтар.

Қазақстан Республикасында қадағалаусыз және қаңғыбас жануарлармен жұмыс жасаудың негізгі түрі, иттерді қайтарымсыз аулау (яғни, қалалық ортадан ауланған жануарларды ұсталған орнына қайтармау) және ауланған жануарларды қора жайларға орналастыру. Мұндай қора жайлар қожайындары бас тартқан жануарларды жинау орталығы ретінде және қадағалаусыз жануарлардың санын реттеу үшін жаңа қожайындарға асырап алуға беру орталығы ретінде де белсенді жұмыс жасайды [1-4].

Қаңғыбас жануарлардың қала көшелерінде еркін тіршілік етуі талапқа сай емес. Осыған байланысты жануарлардың еркін тіршілік етуі басқа жануарлардан ауру жұқтыру қаупін тудырады. Олар малдарға немесе басқа жануарларға шабуыл жасайды, басқа қожайындардың қатігездігіне ұшырайды, қоқыстардың арасынан азықтарды пайдаланғаннан кейін өлуі немесе улануы, әр түрлі жол көлік оқиғасының болуына себепші болуы мүмкін.

Аталған мәселеге байланысты қаңғыбас жануарларды екі топқа бөлуге болады:

1. қожайындары болмаған жануарлар, яғни көшеде туылған жануарлар;
2. қожайындары болған бірақ әр түрлі себептерге байланысты көшеде қаңғып қалған жануарлар, яғни жануарларды жоғалтып алу немесе олардан бас тарту.
3. қожайыны бар қаңғыбас жануарлар (ауылдық аймақтарда еркін бос жүреді).

Бірінші топтың жануарлары екінші және үшінші топтың жануарларының ұрпақтары болып есептеледі. Бұл жерде атап кететін жайт жылы климатты елдерде жануарлардың көшеде еркін жүруі кең таралған, яғни жануарлардың көшеде өлуі салқын климатты елдермен салыстырғанда төмен деңгейде.

Қазақстанда, ТМД елдерінің көбінде жылдың салқын мезгілінде тышқандармен азықтанатын мысықтар жылытылатын жер төлелерде, жергілікті халықтың азықтандыратын орынларында тіршілік етеді. Кейбір иттер ұсақ жануарларды аулап жеп тіршілік етеді. Аталған жануарлардың түрі мінез құлқына, адамға және басқа жануарларға биімделу деңгейіне байланысты ажыратады.

Бүкіл әлемдік жануарларды қорғау қоғамының мәліметтеріне сүйенсек әлемде тіршілік ететін 500 млн иттердің 75 % - ы қаңғыбас болып табылады. Бір ит тәулігіне орташа есеппен 0,5 кг нәжіс бөліп шығарады. Қаңғыбас иттер туралы мәлімет бергенде

қала жағдайындағы қаңғыбас жануарлардың негізгі екі түрлі фактордан тұратынын, соның ішінде Орал қаласында тіршілік ететін иттерді атап кетуге болады.

Біріншісі – фуражирлеу дегеннің стратегиясы, екіншісі – адамдар мен конспецификтерге әлеуметтенудің деңгейі. Екінші факторды жабайылану деңгейі деп те қарастыруға болады. Осы негізгі факторлардың әрқайсысы бойынша бірнеше мінез-құлық стратегиялары немесе жүріс-тұрыстың бірнеше типтері байқалады. Фуражирлеу стратегиясы бойынша төрт негізгі мінез-құлық стратегиясын бөліп қарауға болады: арам-тамақтық, қайыршылық, жинаушылық, жыртқыштық. Арам-тамақтық – бұл қамқоршылығындағы иттерге рационның негізгі үлесін беретін таныс адамдардың есебінен тіршілік ету. Қайыршылық – бұл кез-келген, соның ішінде таныс емес адамдардан да азықты сұрап алуға бағытталған іс-әрекет. Бұл іс-ірекет, негізінен, адам көп жүретін жерде, әлеуетті азық жиналатын жерлерде (базарлар, дүкендер, асханалардың маңында) жүргізіледі. Жинаушылық – рационның негізгі бөлігін иттің өзі қаланың әр-алуан территориясын зерттеп табатын стратегия. Қала шарттарында жыртқыштық деп тышқан текті кемірушілерге, атжалмандарға және бұралқы мысықтарға аңшылықты айтады. Қала шарттарында бұл стратегия кейбір аз ғана дарақтарға қатысты есептемегенде негізгі болып саналмайды, себебі энергетикалық жағынан тиімсіздеу болып табылады.

Үйірдің әрбір мүшесіне өзінің рөлі беріледі: итер – «барлаушылар» құрбанын аңдыды. «Айдаушылар» олжаны торуылда жасырынған бастаушыға дейін айдайды. Мысықтың әлсіз жақты иттердің шабуылының нәтижесіндегі өлімі, биологтардың ойынша, ол үшін азапты болады.

2011 жылы Батыс Қазақстан облысында иттердің, оның ішіндегі 80% қаңғыбас иттердің шабуылы мен қабуына ұшыраған 1125 азамат тіркелген, оның жартысы – Орал тұрғындары. Өліммен аяқталған жағдайлар да белгілі. 2008 жылдың 5 наурызында Оралдың 58-жасты тұрғыны құтыру жұқтырған өзінің итінің қабуынан өлген болатын. Мұндай жағдайлар Жәнібек және Зеленов аудандарында тіркелген. Осыған қоса, иттің немесе мысықтың құтырумен зарарлы екенін алдын ала білу мүмкін емес. Кейде жануар козуы мүмкін, басқа жағдайларда тыныш жүруі де ықтимал. Қабылған жағдайда тез арада медициналық көмекке жүгіну керек, алайда көбі бұл ескертпені елемейді. Айта кетерлік жайт, құтыру – қатерлі ауру, оны емдейтін дәрі жоқ. Алайда медициналық көмекке уақытылы жүгінбегенде 100% жағдайлар өліммен аяқталады, сондықтан вакцинациялаудан бас тартуға болмайды. 2009 жылы Шымкент қаласында қаңғыбас ит 9-жасар қыз баланы қауып алды, қыз бала бір апта өткен соң құтырудан көз жұмды. Алматыда 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында ит қауып алды деген шағыммен көмекке 1892 жүгіну жағдайлары тіркелген, олардың жартысынан көбі қаңғыбас иттердің үлесінде. 2009 жылы Мәскеуде құтырумен ауыратын қаңғыбас иттің шабуылының нәтижесінде Мәскеудің оңтүстік-шығысында 41 адам, оның ішінде үш бала ауруханаға жеткізілді. Аумақта карантин енгізілді. Белгілі бір жағдайларда қаңғыбас иттің болса да, қарғы баусыз үй итінің де шабуылы балаларда невроз дамуының себебі болуы мүмкін.

2010 жылдың жеті айы ішінде қаңғыбас иттерді аулау бойынша қызметтермен Алматы қаласында 9823 қаңғыбас ит ұсталынған. Оралда 2010-2011 жылдар бойынша 7729 қаңғыбас ит және 656 қаңғыбас мысық ұсталынды.

Қазақстан қалалары үшін өзекті болып табылатын қаңғыбас жануарлар популяциясының өсу мәселесі. Мамандардың айтуынша, мысықтар популяциясы бүкіл әлемде едәуір өскен. Мысықтың теоретикалық репродуктивті циклы жылына 2-3 рет 4-6 мысықтан жүзеге асырылады, осы жолмен бір мысық жеті жыл ішінде екі жүзге тарта ұрпақ әкеле алады (оның балаларының ұрпақтарын қосқанда). Мысықтардың

шағылысуының негізгі мерзімі көктемгі кезеңге, ақпанның басынан бастап болады. Олардың көбеюге деген мүмкіншіліктері зор. Физиологиялық жағынан бұл мысықтарда буаздықтың болмауында әр 3-7 апта сайын қайталанатын жануарлардың экстральды циклымен түсіндіріледі. Иттерде экстральды цикл жылына 1-2 рет қана болады, 4-6 күшік әкеледі. Ғалымдардың мәліметтері бойынша мысықтар инвазивті түрлерге қосылып, өсімдіктер, моллюскалар, балдырлар, микроорганизмдер, жәндіктер, саңырауқұлақтар, құстар мен балықтардың кейбір түрлері және сүтқоректілермен қатар (барлығы тізімде 14 сүтқоректі) Халықаралық табиғатты қорғау одағымен құрылған «100 of the World's Worst Invasive Alien Species» «Әлемдегі 100 инвазионды түрлер» тізіміне енгізілген.

Қаңғыбас жануарлардың этологиясы жөнінде айтқанда Рокфеллер Университетінің құрметті профессоры, американдық ғалым Дональд Р. Гриффинді (Donald Griffin) атап кеткен жөн. 70-жылдардың өзінде-ақ ғалым жануарларда сезімдердің, сонымен қатар адам мен жануардың ойлау тәсілдері мен эмоциональды әлемінің жақын ұқсаушылығының бар екенін ресми түрде мойындауға қол жеткізіп, дәл осымен когнитивті этологияның дамуына зор үлесін қосты.

Қазақстанда қаңғыбас жануарларға деген муниципальды билік органдары мен ветеринарлық қызметтердің қарым-қатынасы бұл жануарлардың адамға жұғатын аурулардың (мысалы құтыру, туберкулез, лептоспироз, токсоплазмоз, трихофития, Ауески ауруы, туляремия, пастереллез, әр түрлі гельминтоздар: описторхоз, дифиллоботриоз, дипилидоз, альвеококкоз, токсокароз, эхинококкоз) тасымалдаушылары бола алатындығымен анықталады. Қаңғыбас жануарлар популяцияларының жоғары саны және тығыздығының арқасында құтыруды тарату және адамдарға оны жұқтыру қаупінің негізгісі болып табылады. Ит адамға жұғатын 42 ауру, соның ішінде 4 вироз, 2 риккетсиоз, 8 бактериоз, 6 микоз және вирустар қоздыратын 22 аурудың қоздырушыларының көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасында алғашқы зоокорғау ұйымы – «KARE-Қамқорлық» қоғамдық қоры 2008 жылдың маусымында құрылған болатын. Қор, негізінен, қаңғыбас жануарларды ұстау мен оларды кейінгі жоюда қолданылатын қатал тәсілдерді сынайды. Ұйымның есептеуі бойынша Республика мегаполисінде Алматы қаласында бір апта ішінде 400-ге дейін, ал жыл сайын – 20 мыңға дейін ит ұсталынады екен, алайда жою жүргізіліп жатқанына қарамастан көшедегі олардың саны азаятын емес. KARE мәліметтеріне қарағанда қаңғыбас жануарлардың дәл саны елімізде де, астанамызда да есептеуге келмейді.

Бақылаусыз жануарлардың мәселесі – әлемдік. Тастап кеткен, жоғалтылған, жабайы иттер мен мысықтар – барлық ел үкіметтерінің бас ауруы. Әр ел бұл мәселенің өз шешімін табуға тырысып бағуда. Иранда, мысалы, 2002 жылы елде кез келген иттерді сату және оларды қоғамдық орындарда серуендетуге тыйым салынған. Жергілікті діни көшбасшының талап етуі бойынша Урумия қаласында көшеде табылған барлық иттер ұсталынған болатын. Қытайда 2009 жылы қаңғыбас иттер санының көбеюімен және құтыруды жұқтырумен күрес шарасы ретінде Гуанчжоу биліктері тұрғындарға үйінде бір иттен артық жануар ұстауға тыйым салған. Малайзияда Селангор штатында 2009 жылы жергілікті тұрғындардың балаларды қаңғыбас иттердің қабуы жөніндегі бірнеше қайтара шағымдары түскеннен соң 300-ге жуық иттерді ұстап, елсіз аралға жіберуді шешті. Нәтижесінде иттер өздеріне өздері шабуылдап, бірін бірі жей бастады. Жергілікті зоокорғау ұйымдарының активисттері алдағы уақытта мұндай эксперименттерді қайтамалауға көндірді. Жапонияда қазіргі кезде иесі өз жануарын уақытша қалдыра алатын жануарларға арналған қонақүйлер жұмыс жасауда. Арнайы қызмет көшеде табылған барлық бақылаусыз иттерді ұстап,

тәлімбаққа орналастырады, осыннан оларды кез келген адам алуына болады. Алынбай қалған жануарларды жояды. АҚШ-та ұсталынған бақылаусыз жануардың иесі табылмаса, ол жаңа иесіне немесе қайырымдылық ұйымына беріледі. Қаңғыбас жануарлар ұсталынып, кейін вакцинация мен стерилизациядан соң бұрынғы тіршілік ету орталарына жіберу қарастырылған бағдарламалар кейбір қалаларда тек қаңғыбас мысықтар үшін жүзеге асады. Иесі бар иттердің бақылаусыз өзімен өзі серуендеуіне тыйым салынған және қомақты айыппұлмен жазаланады. Германияда үй жануарын көшеге қуып жіберген иесі қатал көзқарасы үшін 25 мың евро көлемінде айыппұл төлейді. Егер иесі жануарын үйінде ұстай алмайтын болса, оны арнайы баспаналарға апарып тастауы керек, мұндай баспаналардың саны Германияда бес жүз шамасында. Ит сатып аларда иесі 150 евро көлемінде салық төлеуі тиіс. Егер ол үйінде тағы бір ит ұстағысы келсе, онда екінші және қалған жануарлар үшін салық көлемі 300 евро болмақ, ал сарбаздық тұқымды иттерді сатып аларда – 650 евроға дейін. Бұл соммаға адамдарға шабуыл жасап, қабудан міндетті сақтандыру ақысы қосылады. Сарбаздық иттердің иелері иеленуге арнайы рұқсатнама және тестілеу арқылы тексерілетін иттің «шүбәсіздігі туралы» анықтама алулары тиіс. Жануарды иелену құқығын тіркеу кезінде оған арнайы тіркеу нөмірі беріледі, ол қарғы бауға ойылып жазылады немесе құлағына белгі салу арқылы көрсетіледі немесе шоқтыққа ине салу арқылы жануарға ақысы 30 евро болатын, ішінде иесі туралы мәлімет жазылған микрочип енгізіледі. Германияда салық салу мен тіркеу жүйесінің арқасында қаңғыбас иттер жоқтың қасы.

Қаңғыбас жануарларды қалада ұстап алудың, жекелеп айтқанда, екі себебі бар. Бұл қаланың санитарлық жағдайын сақтау. Қаңғыбас иттер мен мысықтар көшелер, саябақтар мен жаяужолдарды нәжістерімен ластауларынан бөлек адамдарға аса қауіпті аурулардың тасымалдаушылары болып келеді. Кей жағдайда емделмейтін аурулардың.

Қала көшелерінде қаңғыбас жануарлардың еркін тіршілік етуі дұрыс емес болып саналу керек. Осыған сәйкес, еркін жүріп-тұру кезінде жануарларға эпизоотикалық қауіп – басқа жануарлардан жұқтыру төніп тұрады. Олар үй жануарларына шабуылданып, басқа жануарларды өлтіруі мүмкін, басқа жануарлардың наразы иелерінің жағынан қатал көзқарасының себебі болулары мүмкін, қоқыстың арасында тапқан азықты қабылдағаннан кейін уланып, қиналып өлуі мүмкін, жол-көлік апаттарының және басқа да оқыс жағдайлардың себебі болуы мүмкін. Бақылаусыз көбею мен тіршілік ету жағдайында қаңғыбас жануарлар жабайы, кейде жоғалып бара жатқан жануарлар түрлері үшін қауіп төндіреді.

Бүкіләлемдік жануарларды қорғау қоғамының мәліметтері бойынша әлемде тіршілік ететін 500 млн. иттерді 75% дейінгілері қаңғыбас болып келеді. Бір ит тәулігіне орташа 500 г нәжіс, 300 мл несеп, мысық сәйкесінше 7 г нәжіс және 100 мл несеп бөледі.

Жабайылану сатыларына байланысты үш негізгі градация бөлінеді. Біріншісі – күзетілетін қалалық объектілердің (қоймалар, гараждар, құрылыс алаңдары) территориясында тіршілік ететін және адамдардың белгілі бір шектелген контингентіне әлеуметтенген шартты бақылаусыз иттер. Бұл иттердің тіршілік ету учаскелері үлкен емес. Әлеуметтенудің басты жолы бұндай иттерде таныс адамдарға бағытталған. Басқа қаңғыбас иттерге олар жиі үйреншікті қарай алмайды. Жабайыланудың екінші сатысы бұл қаңғыбас иттер. Олар конспецификтерге де, адамдарға да әлеуметтенудің екі жүйесімен сипатталады. Олар адамдарға көп үйренбеген және бірінші сатыға қарағанда таныс адамдардың бақылауына мүлдем болмайды. Олардың негізгі әлеуметтенуі басқа қаңғыбас иттермен байланысты. Үшінші саты – бұл жабайыланған иттер. Олар адамдарға мүлдем үйренбеуімен сипатталады. Бұл қаңғыбас иттердің ішіндегі ең аз санды категория болып келеді.

Мұндай иттер өздерін жабайы аңдар сияқты ұстайды. Олар көбінесе түнде жүріп, адамдарға мүлдем жақындамайды.

Қаңғыбас топ тіршілік ететін территорияға адам кіргенде топ мұны территорияларына деген шабуыл ретінде қабылдап, адамға шабуыл жасаулары мүмкін. Иттер тобы бірнеше ай бойы тіршілік ететін территорияға кез келген объектің (адам, басқа жануар, көлік) енуі топпен агрессия ретінде қарастырылады. Бұл объектілерге ұру, оларды қабу, өз территорияларынан қуу топтағы иттердің басымдық мәртебесін арттырады. Азық әкелетін қамқоршының көзінше бұл агрессия өршуі мүмкін. Иттер үшін қамқоршының мәртебесі бастаушыдан төмен емес. Топ оны қорғап, оның көзінше бөгде адамдарға агрессия танытады. 5-10 дарактан құралған топта әр ит өзінің айқын мәртебесі мен рөліне ие болады. Оларда әрдайым «басшы» болады – ол ең күшті және агрессивті төбет. Адамдарға иттер топтарының ең қауіпті кезеңі олардың көбею уақыты – көктемде және күзде. Айта кететін жайт, үй кіреберістері мен базарлардың маңында азықтандырылатын қаңғыбас иттер түнде ерікті «күзетші» болады. Бұл жағдай өз кезегінде мұндай жануарлармен қараңғы уақытта кездесуде қауіп төндіреді.

Ғалым биологтардың пікірінше қаңғыбас иттер тіршілік үшін үнемі күресінің арқасында иелері бар иттерден әлдеқайда ақылды болып келеді. Үй иттерімен салыстырғанда қаңғыбас иттердің ортаның қолайсыз жағдайларына бейімделу қабілеті жоғары болып, тек бірімен бірі ғана емес, адаммен де бәсекелестік қатынастарға түсе алады. Тұраралық бәсекелестік азықтық база үшін, мысалы баспанасыз адамдармен болуы мүмкін. Топта агрессиялы төбеттер болады. Өлекшіндер күшіктерді емізу кезеңінде – төбеттерге де, адамдарға да ұру түріндегі қорғаныс агрессиясын танытады. Агрессия топ тіршілік ететін учаске ауданының азаюында және дарак санының артуында өршиді. Барлық ит топтары мысықтарға шабуыл жасамайды. Бірақ олардың арасында аңшылық қабілеттері бар бір дарак пайда болса, басқа иттер одан тәжірибе ала астайды.

Қорытынды:

Осыған орай қаңғыбас етқоректі үй жануарларының санын реттеу күн сайынғы тұрмыстық мәселе. Сол себепті осы істі іске асыруды қолға алуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Атаев А. М., Ахмедрабаданов Х. А., Ширинов Ш. А. Гельминтофауна собак и кошек в городе Махачкала // Теория и практика борьбы с паразитарными болезнями - М., 2006. - Вып. 3. - С. 26-27
2. Лидер Л. А. Инвазионные болезни плотоядных и пушных зверей // - Астана, 2009. – 180 с
3. Кармалиев Р.С. БҚО-дағы иттердің аскорыту жүйесінің гельминттеріне антгельминттердің әсері // Ғылым және білім. – Орал, 2009. - № 1. – 94-97 б
4. Кереев Я. М. , Айтпаева З. С. Обоснование разработки средств регулирования численности бродячих домашних плотоядных животных // КазНВИ. – Алматы, 2012. – С. 301 – 307
5. Котельников Г. А. Гельминтологические исследования животных и окружающей среды. // Справочник. – М., 1984. – 207 с
6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігі, Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті, Батыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы.
7. Соболев Н. А. , Кереев Я.М. Регулирование численности бродячих домашних плотоядных животных // Материалы Международной научно – практической конференции «Евразийская интеграция: роль науки и образования в реализации инновационных программ» - Ч. I. – Орал, 2012. – С. 297 - 301

8. Сапарова А.С., Кереев Я.М. Батыс Қазақстан облысындағы қаңғыбас мысықтар мен иттердің таралу деңгейі // Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары, ҚазҰАУ. – Алматы, 2012. - 137 б

9. Сапарова А.С., Кереев Я.М. Қаңғыбас үй мысықтарының іш – құрттарымен залалдану деңгейі // Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ. – Орал, 2013. - 327 б

10. Халила Ә. Н., Қалибекова Д. А., Абдуалиева А. А. Шымкент қаласындағы мысықтардың тоғыршаларын зерттеу // ҚазҒЗВИ. – Алматы, 2012. – С. 582 – 587

11. Шалменов М.Ш. Гельменты собак, кошек и их эпизоотологическое значение // Развитие народного хозяйства в Западно-Казахстанского аграрно-технического университета– Уральск, 2003. – С.297-298

12. Шалменов М.Ш., Тулегенова Г.И. Орал қаласы және оның аумағындағы етқоректі үй жануарларының гельминтофаунасы // Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ. – Орал, 2013. - 392 б

13. Ыбраев Б.К. Гельминтоздарды балаудың негізгі әдістері // Оқу құралы – Астана, 2008 .- 53 б

ӨОЖ 616:614:9:616

БЦЖ ВАКЦИНАСЫМЕН ИММУНДАЛҒАН БҰЗАУ АҒЗАСЫНДАҒЫ ЛИМФА ТҮЙІНДЕРІНІҢ УЛЬТРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Кушалиев Қ.Ж., Душаева Л.Ж.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада БЦЖ вакцинасымен иммундалған бұзау ағзасындағы ультрақұрылымдық өзгерістер лимфа түйіндерінде, жануар жасушаларының цитоплазмаларында белсенді макрофагтар, сақиналы митохондриялар, микобактериялар, макрофагтар құрамында микобактериялардың болуы және гипертрофияланған митохондриялардың кездесуі, цитоплазмада вакуольдерді және Гольджи комплексінің (ГК) гипертрофиялануы, лимфоцит цитоплазмасындағы ЭПР каналдарының кеңеюі, макрофаг цитоплазмасындағы лизосоманың ЭПР каналдары анықталды.

В данной статье описаны ультроструктурные изменения в лимфатических узлах телят при применении вакцины БЦЖ. Явные выраженные изменения были в виде активные макрофаги, кольцевидные митохондрии, микобактериялар, обнаружение макрофагов в митохондриях, гипертрофия Гольджия и вакуоли в цитоплазме, расширение каналов ЭПР в цитоплазме лимфоцитов, обнаружение гипертрофия митохондрия.

This article describes ultrostructural changes in lymph nodes of calves after application of vaccine BCG. Explicit changes were expressed as active macrophage, annular mitochondria, micobacterium, detection of macrophages in the mitochondria, Golgi apparatus and hypertrophy vacuoles in the cytoplasm, expanding channels of EPR in the cytoplasm of lymphocytes, detection hypertrophy mitochondria.

БЦЖ вакцинасымен иммундалған бұзау ағзасында анық байқалған патогистологиялық, иммундыморфологиялық және ультрақұрылымдық өзгерістер

талақта және лимфа түйіндерінде байқалды.

Жоғарыда көрсетілген мүшелерде және ұлпалардағы өзгерістер субмикроскопиялық зерттеулер кезінде анықталды.

1-ші суретте көрсетілгендей кейбір жасушалардың цитоплазмаларында белсенді макрофагтар, сақиналы митохондриялар және микобактериялар және липидті заттардың қоспасы анықталды.

РЛТ-де митохондриялар ісінген және кейбір бөлшектері вакуолденген.


Олардың цитоплазмасында жасушалар қалдықтары, фагосомалар және көптеген уақ лизосомалар және везикулдар кездесті.

Сонымен қатар, Гольджи кешенінің вакуолденген мен гипертрофияға ұшырағанын анықтадық. 2-ші суретте көрсетілгендей макрофагтар құрамында микобактериялардың болуын және гипертрофияланған митохондрияларды анықтадық.

Цитоплазмада вакуольдерді және Гольджи кешенінің (ГК) гипертрофияланғаны анықталды.

Макрофагтардың цитоплазмасынан құрамы нығыздалған фагосомалар, псевдомиеленді денелер бар.

Кейбір митохондрияларда кристалар және мультивезикулярлы денелер көп мөлшерде болды. Міне, осы аталған белгілер жасушалар қызметінің белсенденгенін көрсетеді.



Сурет 1- Контрегиональды лимфатүйін. 1-Сақиналы митохондриялар; 2 - микобактериялар, 3-митохондриялар; 4-ядро; 5,6-лизосомалар; 7-ЭПТ; 8-Гольджи кешені.

Уриилацетат пен қорғасын цетратымен боялған x 200 000



Сурет 2 – РЛТ. 1 - Гипертрофияланған митохондриялар; 2-микобактериялар; 3-митохондриялар. Уранилацетат және қорғасын цетратымен боялған х 200 000

Талақтағы лимфоциттердің кейбір бөліктерінде редуцирленген ЭПТ және деструктивті митохондриялар кездесті. Рибосома мен полисоманың ыдырауы, сонымен қатар кейбір жасуша ішілік мембраналардың ыдырауы нәтижесінде пайда болған липидті қосындылар көп мөлшерде кездесті. Лимфобласттардың цитоплазмаларында ұсақ везикулалар анықталды. Везикулалар митохондриялардың құрамында да кездесті. Талақтың плазмоциттарының функциональдық қызметі жоғарылаған, бұны олардың митохондрияларының ісінуі мен вакуолизациялануынан, кариолеммаларының қатпарлануынан және ЭПТ гиперплазирленуінен байқадық. №3 суретте көрсетілгендей макрофагтар құрамында микобактериялардың болуын және гипертрофияланған митохондрияларды анықтадық. Цитоплазмада вакуольдерді және Гольджи комплексінің (ГК) гипертрофияланғаны анықталынды.


Тері астыңғы өзек геморрагиялық инфильтрацияланған, қан тамырлары қанға толған, ұсақ қан құйылулар анықталды. Борпылдақ өзекте қабыну үрдісі дамыған, онда нейтрофильдер, лимфоциттер және гистиоциттер жиналған. сонымен қатар, қабынған ұлпада гемосидеринмен жүктелген макрофагтар кездесті. Қан тамырлары қанға толған және кеңейген, ал кей жерлерде эритроциттер жиналған. №4 суретте көрсетілгендей макрофаг цитоплазмасындағы лизосоманың ЭПР каналдарының кеңейгені анықталды.

Оң жақ шап аумағының лимфа түйіндерінің (инъекцияланған жерге жақын орналасқан) фолликулаларының герменативті орталықтары кеңейген және құрамында бластты жасушалар және лимфоциттер бар. Етті бөліктерінде лимфо және плазмобласттар көп мөлшерде болды.

Капсула астыңғы синустар гиперплазирленген лимфатүйіндерімен қысылған, ал миы бөліктерінде лимфоциттер саны көп мөлшерде болды.




Сурет 3 – РГЛ. Лимфоцит цитоплазмасындағы 1-фагосомалар; 2- ЭПР каналдарының кеңеюі; 3- лизосома. Уранилацетат пен қорғасын цетратымен боялған х 200 000.



Сурет 4 – РЛТ. Жасуша цитоплазмасындағы 1- қалдық денелер ; 2-лизосомалар; 3,4-митохондрия. х200. Уранилацетат пен қорғасын цетратымен боялған х 200 000

Контррегиональды және басқа лимфо түйіндерінде анық айтарлықтай морфологиялық өзгерістер анықталмады.

РЛТ лимфоциттерінің ультроқұрылымын зерттеу кезінде олардың қызметінің белсенденгенін анықтадық. Яғни, құрамында кристалар көп мөлшерде келген митохондриялардың ісінуі, кариолемманың қатты қатпарлануы және ЭПТ және ГК каналдарының кеңейгені және көптеген ұсақ вакуольдер анықталды. Осындай белсендену фактілері лимфобласттың ультроқұрылымынан да анықталды. КРЛТ-нің лимфобласттары өзгермеген, тек кейбіреулерінің құрамында пиноцитозды көпіршіктер және ұсақ вакуольдер анықталды. КРЛТ және РЛТ лимфа түйіндерінің ультроқұрамы өзгермеген, сол қалпында қалған, тек кейбіреулерінің құрамында пиноцитозды көпіршіктер және ұсақ вакуольдер байқалды. РЛТ макрофагтарының цитоплазмасынан ЭПТ сақиналы каналдарын, ГК цистерналары кеңейген түрде болды. Сонымен қатар, көптеген лизосомалар санын, мультивезикула денешіктерін және кейбір макрофагтардың ядрошықтарының жасуша ядросының шетіне қарай ығысқанын анықтадық. Талақтың фолликулаларында кеңейген герменативті орталықтар болды, олар негізнен бластты жасушалардан тұрды №5 суретте көрсетіліп кеткендей капсула астыңғы синустар гиперплазирленген лимфатүйіндерімен қысылған, ал милы бөліктерінде лимфоциттер саны көп мөлшерде болды.



Сурет 5 – РГЛ. 1-Лимфобласт цитоплазмасындағы лизосоманың митохондриялардың гипертрофиялануы. Уранилацетат пен қорғасын цетратымен боялған x 200 000

Периартериальды зоналардың лимфоидты ұлпаларында гиперплазия байқалды.

Капсула астыңғы синустар гиперплазирленген лимфатүйіндерімен қысылған, ал милы бөліктерінде лимфоциттер саны көп мөлшерде болды. Сонымен, БЦЖ вакцинасын қолданғаннан кейінгі бұзау ағзасында түрлі иммундыморфологиялық және ультроқұрылымдық өзгерістер анықталды.

Яғни, мүшелерінің лимфоидты ұлпаларында гиперпластикалық – пролиферативті процесстер дамиды, ішкі мүшелердегі ретикуло – гистоцитарлы

жүйенің жасушаларының белсенделуі, капиллярлардың өткізгіштігінің жоғарылауы, лимфостаздың көрінісі, фибриннің нәзік торшасының томпаюы немесе синустарда біркелкі – гомогенді базофильді массаның болуы.

Лимфатүйіндеріндегі фибринозды ұлпаның өсуі сонымен қатар арнайы эпителиоидты – жасушалы гранулемалардың дамуы және жасушалардың цитоплазмаларында белсенді макрофагтар, сақиналы митохондриялар, микобактериялар, макрофагтар құрамында микобактериялардың болуы және гипертрофияланған митохондриялардың кездесуі, цитоплазмада вакуольдерді және Гольджи комплексінің (ГК) гипертрофиялануы, лимфоцит цитоплазмасындағы ЭПР каналдарының кеңеюі, макрофаг цитоплазмасындағы лизосоманың ЭПР каналдарының кеңейуі, лимфобласт цитоплазмасындағы лизосома, везикула митохондрияның гипертрофиясы және тағы да басқа өзгерістер анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сулимов, А.А. Тезисы докладов Всесоюзной науч. Конференции «Разработано, апробация и контроль ветеринарных препаратов» / А.А Сулимов, // - М.: 1981. 54 с.
2. Слугин, В.С. Ветеринарно-санитарная экспертиза кормов для зверей / В.С.Слугин/, М.:Агропомиздат-1986-152 с
3. Байматов, В.Н. Болезни нарушения обмена веществ в современном животноводстве Сельское хозяйство за рубежом / В.Н.Байматов, И.Д.Шпильман //, 1980 №8 – С 25-
4. Сайдуллин Т. Н. Индеттану / Т.Сайдуллин// Алматы.: Ы.Алтынсарин атд. Қазақтың Білім Академиясының Республикалық Баспа кабинеті 1995-257-259 с

УДК 619:616.155.392

РОЛЬ ИММУННОЙ СИСТЕМЫ В ПАТОГЕНЕЗЕ ЛЕЙКОЗА КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

Кушалиев К.Ж., Туяшев Е.К., Сабыржанов А.У.

Западно Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана
город Уральск, Республика Казахстан

При изучении иммунной системы отмечаем увеличение циркулирующих иммунных комплексов в организме животных, что ведет к росту антигенной нагрузки и сопровождается депрессией клеточного звена иммунитета при лейкозе крупного рогатого скота.

Мүйізді ірі қара лейкозы кезінде жануарлар ағзасының иммундық жүйесін зерттегенде, айналмалы иммунды кешендердің ұлғайып, соның нәтижесінде антигеннің жүктемесі жоғарылап, жасушалар тізбегінің депрессиясыда өседі.

When studying immune system we note increase in circulating immune complexes in an organism of animals that conducts to growth of anti-gene loading and it is accompanied by a depression of a cellular link of immunity at cattle leukosis.

Среди болезней сельскохозяйственных животных опухолевой природы, лейкоз крупного рогатого скота наносит животноводству наибольший экономический ущерб, который обусловлен широким распространением болезни, снижением

продуктивности, утилизацией туш и органов с опухолевыми изменениями в органах и скелетной мускулатуре.

Лейкоз крупного рогатого скота - хроническая вирусная болезнь опухолевой природы. Заболевание распространено на территории Западно-Казахстанской области и наносит скотоводству значительный ущерб. Заболевание впервые было описано под названием «лейкопения» Р. Вирховым в 1845г. у человека. Первый случай лейкоза крупного рогатого скота описан немецким исследователем О. Siedarotzky в 1878г. Значение иммунной системы показано в работах: М. Onuma, 1982; М.И. Гулюкин, 1993 и др.[2].

Совокупность лимфоидных органов и тканей организма составляют лимфоидную систему - единый орган иммунитета. Животный организм располагает механизмом "иммунного наблюдения", под действием которого происходит разрушение злокачественных клеток, в самом начале их появления в тканях[1]. Однако, в некоторых случаях это "наблюдение" отстает и начинается прогрессивный рост опухоли.

Несмотря на противоречивость литературных данных, установлено, что лейкоз, как правило, ассоциирован с иммунологическим дефектом: снижение биологической активности антител, высокий уровень синтеза ДНК и моноклеаров в крови, степень реагирования на неспецифические мутагены, показатели кожной реакции, соотношение количества Т и В - лимфоцитов, хелперов и супрессоров[3].

Иммунологический дефект, вызванный в организме вирусом лейкоза и классифицируемый как вторичный, усиливает первичный, генетически детерминированный дефект, у животных с наследственной предрасположенностью к заболеванию. В результате такого наложения повышается степень риска развития заболевания.

Экологическая ситуация – это обострение экологических проблем в Казахстане вызвано разработкой месторождений и добычей полезных ископаемых, которыми богата наша страна[4]. При этом нарушение экологических норм, предусмотренных в соответствующих законах, стало обычным делом. Компании, как разработчики месторождений, так и производители промышленной продукции, в том числе и аграрии, являются непосредственными виновниками, ответственными за нерадивое отношение к ресурсам и окружающей среде. Необходимо в корне переломить такое отношение к окружающей среде, заставив их уважать экологическое законодательство. Иммунологическая реактивность при лейкозах связана с иммунодепрессивным действием различных факторов. Радиоактивное излучение, а также ксенобиотики различного происхождения, вызывают нарушения сложных систем регуляторных механизмов клеточного деления и дифференциации лимфоцитов - основных клеток, выполняющих в организме защитные функции[5].

На основании проведенных собственных исследований отмечаем увеличение циркулирующих иммунных комплексов в организме животных, что ведет к росту антигенной нагрузки и сопровождается депрессией клеточного звена иммунитета, цитогенетическими нарушениями кроветворной ткани, в зонах экологического риска.

Давая оценку иммунологического статуса больных лейкозом животных отметили:

- снижение показателей общей иммунореактивности на 30%;
- уменьшение числа Т - лимфоцитов и увеличение В - лимфоцитов в зависимости от стадии болезни;
- увеличение в крови на 20-50% клеток с иммуноглобулиновыми рецепторами.

Установили, что значительная часть малых и средних лимфоцитов трансформируется в бластоподобные клетки; увеличивается абсолютное число как В,

так и Т - лимфоцитов, с относительным увеличением числа клеток, несущие поверхностные Ig.

В первичном иммунном ответе вначале появляются антитела Ig М - класса, затем идет нарастание антител Ig G - такое соотношение можно считать одной из особенностей инфекционного процесса, вызываемого ВЛКРС[6].

А также отнесли хронический лимфоидный лейкоз к В - клеточным лимфо пролиферативным заболеваниям, так как считают, что клеточные факторы иммунитета лишь ослаблены, а гуморальные факторы с течением патологического процесса снижаются. В результате исследований было определено, что гуморальные факторы иммунитета подавлены и патологический процесс сопровождается значительным увеличением уровня Т - лимфоцитов. Нарушение функции киллерных клеток и соотношение супрессорных/хелперов с усилением активности супрессорных клеток отмечаются при лейкозе.

Утверждают, что под влиянием ВЛКРС в лимфоидной ткани возникает биохимический фон, характеризующийся снижением восстановителей и нарастанием окислителей и угнетением иммунологических процессов. ВЛКРС обладает выраженным иммуносупрессивным влиянием.

Исследования гуморального и клеточного ответов крупного рогатого скота и овец на введение ВЛКРС посвящены работы: М. Onuma, 1982; D. Levy, 1984; J. Bortolozzi et H. Hines, 1985; D. Bernoco, 1985. Все они пришли к единому мнению, что три типа клеток принимают участие в клеточно- опосредованном противоопухолевом иммунитете: естественные киллеры, цитотоксические иммунные Т - лимфоциты и цитотоксические макрофаги[7]. Установлена отчетливая зависимость между наличием антител против клеток SF-28 и естественной цитотоксической активностью лимфоцитов периферической крови и их ингибирующим влиянием на прогрессирование болезни.

Заражение животных ВЛКРС сопровождается выработкой антител к структурным белкам вируса. Антитела, как и вирус, персистируют у зараженных животных на протяжении всей жизни. Это позволяет применять серологические методы для диагностики инфекции, индулированной ВЛКРС.

Спонтанный бластогенез является показателем иммунного ответа организма хозяина, с помощью которого может контролироваться распространение вируса.

Значительная трудность при иммунопрофилактике, направленной на стимуляцию специфического иммунитета, представляет слабая антигенность как лейкозных клеток, так и ВЛКРС.

Решение вопроса иммунологической защиты организма животных от вируса лейкоза крупного рогатого скота имеет важное экономическое значение. Исследованиями доказано принципиальная возможность создания специфических биопрепаратов, предохраняющих животных от инфицирования ВЛКРС. Экспериментальные данные подтверждают возможность создания с помощью иммуногенного препарата у животных иммунитета против лейкоза.

Список литературы

1. Апалькин В.А., Гулюкин М.И. Лейкоз крупного рогатого скота (диагностика и оздоровительные мероприятия)// Петролазер. Санкт-Петербург 2005. с.-4.
2. Бусол В.А. Этиология гемобластозов крупного рогатого скота: Автореф. дис.д-ра вет.наук.-М.,1983.-44 с.
3. Верховский О.А., Цибезов В.В., Баландина М.В. Иммуноферментный анализ в диагностике лейкоза крупного рогатого скота // Ветеринария.-2002.-№ 12.-С.8-10.

4. Симонян Г.А. Динамика развития инфицировано-патологического процесса при лейкозе. Журнал «Ветеринарный консультант» 2006 № 9. с.-4-6.
5. Смирнов А.М. Борьба с лейкозом крупного рогатого скота важнейшей элемент системы обеспечения ветеринарного благополучия российского животноводства//Научные основы профилактики и лечение болезней животных. Екатеринбург 2005. е.- 5-9.
6. Dimitriadis L., Artavanis S. Sero-epidemiological study of Bovine leukemia virus infection in Greece. //Diltell. Ktiniatr. Etalrias. 1997. -v. 30. -p. 177-183.
7. Johnson R., Gison C.D., Kapeene J.B. Bovine leukemia virus : A herdbased control strategy // Prev.Veter.Med.-1985.-N 3.-P.339-349.rr

ӘОЖ 619;616.993

БРУЦЕЛЛЕЗГЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАРДЫҢ ИММУНОГЕНДІК ҚАСИЕТТЕРІН КҮШЕЙТУ МАҚСАТЫНДА КЕЙБІР СТИМУЛЯТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Қанатбаев С.Г., Аманжол Р.А., Кенжеғалиева М.Б., Ахмедиярова Г.Т .

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Біз жүргізген бактериологиялық зерттеуіміз бойынша иммуномодуляторлармен қоса вакцинделген қояндардың барлығы ауруға қарсы тұра алды, ал бақылау тобындағы қояндар 100 % ауырғанын көрдік. Басқаша айтқанда, жақсы фагоцитоз көрсеткен жануарларда ауруға қарсы жоғары қорғаныстық қасиеттер пайда болатындығы дәлелденді. 82 штаммынан жасалынған және өлі вакцинаға қосылған левамизол және ПВП иммуномодуляторлары вакцинаның иммуногендігін 66-60 %-ға жоғарылатты.

По нашим бактериологическим исследованием все кролики вакцинированные с добавлением иммуномодуляторов могли противостоять против инфекции, а кролики контрольной группы 100 % заразились. С другими словами у животных с хорошими показателями фагоцитоза доказана, что у них в организме образуется против инфекции высокая защитная свойства. При добавлении к штамм 82 и неживой вакцине иммуномодуляторов левамизола и ПВП иммунногенность вакцин повысилась на 66-60 %.

If we look at bacteriological researches we see that all the rabbits vaccinated with immunomodulators can resist the disease, however the rabbits under observation 100% suffer from illness. In other words, it is proven that defense reactions appear in animals who show good phagocytosis. Levamisole and PVP immunomodulator made of 82 strain and added to died organism raise the immunogen of the vaccine to 66-60- %.

Тақырыптың өзектілігі. Бруцеллез зооантропоноздық ауру болғандықтан, ол біздің елімізде үлкен әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстанда бруцеллезбен ауыратын адамдар мен жануарлар саны бұрынғы одақ және ТМД елдерімен салыстырғанда алғашқы орындардың бірін алып отыр.

Бруцеллез нозеареалы әр қилы, шаруашылықтың экономикалық, табиғи-географиялық жағдайына, халықтың тұрмысы және арнайы ветеринариялық шаралардың жүргізілу деңгейіне байланысты болып келеді.

Адамдардың негізгі бруцеллез жұқтыру көзі жануарлар болып табылатын

болғандықтан, бруцеллезбен күресу шаралары өте жоғары дәрежеде және тиімді болуы керек.

Республика аумағында ауыл шаруашылық малдар арасындағы бруцеллез індетінің таралуы әлі күнге дейін әр жылы әр түрлі дәрежеде, көбіне бруцеллезге қарсы арнайы шаралардың орындалуына да байланысты болып келеді [1].

Бруцеллез қазіргі кезде адамдар мен жануарлардың өте күрделі ауруы екендігі дәлелденіп, оны жою үлкен экономикалық және әлеуметтік мәселеге айналып отыр [2, 3, 4].

Бруцеллезбен күрес шараларының тиімді болу үшін, олар міндетті түрде ғылымның жетістіктеріне негізделуі қажет.

Бүгінгі таңда індетті ауруларға қарсы белсенді иммундеу заттарын ойластырудың екі жолы бар. Олардың бірі – тірі, ал екіншісі – экологиялық жағынан қауіп төндірмейтін өлі вакцина қолдану.

Бруцеллезбен күрес шараларының тиімді болуы ең бірінші бұл індетті дер кезінде әрі нақты балауға да байланысты.

Осы күнге дейін қолданып келген бруцеллезді балау, дауалау әдістері әлі де қанағаттандырырлық дәрежеде емес. Өйткені соңғы уақытта кең таралған мал өсіру технологиясы (жекелеген шаруа қожалықтары, жеке меншік үлесіндегі малдар) бруцеллезді балау, дауалау және онымен күрес шараларын сәйкесінше, өзгеше жүргізуді қажет етеді.

Соңғы бесжылдықта жыл сайын Қазақстанда бруцеллезге шалдыққан адамдар саны 3000-нан кем емес, эпидемиологиялық жағдай әсіресе республикамыздың оңтүстік аймағында күрделі болып отыр. Бұл фактілер ветеринария және медицина қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктейді.

Қазіргі кезде ветеринария тәжірибесінде қолданылып жүрген мал бруцеллезіне қарсы шаралар жүйесі шаруашылықтарды бруцеллез індетінен толықтай сауықтыруды қамтамасыз ете алмай отыр.

Зерттеудің мақсаты. Бруцеллезге қарсы вакциналардың иммуногендік қасиеттерін күшейту мақсатында кейбір стимуляторлардың әсерін анықтау.

Әдістер мен материалдар. Тәжірибе 2013 жылдың күз айларында Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринариялық стансасында жүргізілді.

Соңғы кездегі иммунофармокологияның жетістіктеріне байланысты макроорганизмді өзіне тән емес иммуностимулятормен көтермелеу мәселелерін жаңа жолмен шешуге қол жеткізілді. Мононуклеарлы фагоциттеу жүйесінің белсенділігінің бірқатары ағзадағы өзіне тән емес індетке қарсы төзімділіктің жоғарлауына, әртүрлі стимуляторлар әр компоненттерге және иммундық жауапқа (макрофагтар, В- және Т-жасушалары және олардың субпопуляциясы), әртүрлі дәрежеде әсер етуіне байланысты туындайтындығы айқындалды [5,6].

Коррекциядан басқа індетке қарсы механизмнің бұзылуы барысында, иммунопрофилактиканы күшейту үшін өзіне тән емес стимуляторлар өте бағалы болып табылуы мүмкін. Кейбір індет кезінде, жасуша ішінде паразиттік түрде тіршілік ете алатын қоздырғыштарға қарсы (туберкулез, бруцеллез, листериоз) осы стимуляторларды қолдану аса маңызды болып саналатындығын ескеру керек.

Осыған байланысты осы вакциналардың иммуногендігін өзіне тән емес иммуномодулятормен күшейте отырып, иммунитеттің жоғарылау мүмкіндігін зерттеу жұмысын алдымызға мақсат етіп қойдық. Бұл мақсатқа жету үшін левамизол және поливинилпиридин (ПВП) препараттарын алдық. Тәжірибеге тірі салмағы 2-2,5 кг болатын, әр тобы 5 бастан тұратын 3 топ қояндар алынды. Тәжірибеге алынған қояндарға 20 млрд м.ж. мөлшерінде *B. abortus* 82 вакцинасы, 1 см³ өлі вакцинасы стимуляторсыз және стимулятормен егілді. Бір топ қояндар зарардандырудың бақылау тобы ретінде алынды. Стимуляторлар левамизол 5 мг/кг және ПВП 75 мг/кг дене салмағына қарай қолданылады.

1 кесте - Қояндарға жүргізілген зерттеулердегі дәрімектердің иммуномодуляторының белсенділігі

Топтарға сипаттама	Жүргізілген зерттеулер мерзімі 30 күннен кейін:	Зерттеулер нәтижесі							
		АР		КБР		РБС	ОФР	Бактериологиялық зерттеулер	
		%	орташа титрі	%	орташа титрі	%	дәрежесі	бөлінген бруцеллалар, %	зарар-лану индексі
Шт. 82	Иммундеуден	100	400	100	60	100	8	0	0
	Зарардандырғаннан	100	200	100	80	100	10-20	66	20
Шт.82+левамизол	Иммундеуден	100	400	100	60	100	8	0	0
	Зарардандырғаннан	100	200	100	60	100	40-60	0	0
Шт.82+ПВП	Иммундеуден	100	300	100	60	100			
	Зарардандырғаннан	100	200	100	50	100	30-40	0	0
өлі вакцина	Иммундеуден	100	300	100	50	100	8	0	0
	Зарардандырғаннан	100	100	100	40	100	15-25	60	15
өлі вакцина+левамизол	Иммундеуден	100	300	100	50	100	8	0	0
	Зарардандырғаннан	100	200	100	50	100	40-60	0	0
өлі вакцина+ПВП	Иммундеуден	100	200	100	40	100	8	0	
	Зарардандырғаннан	100	200	100	30	100	30-40	0	0
Бақылау тобы (егілмеген)	Зарардандырғаннан	100	600	100	100	100	5-10	100	60

Алынған нәтижелер мен талдаулар. 30 күннен кейін қояндарды уытты В. abortus 54 өсіндісінің 0,5 млрд м.ж. мөлшерінде иммунделген жануарлар тобымен бірге, бақылау тобында зарраландырдық.

Иммунделгеннен соң 30 күннен кейін қояндардың қансарысуы зерттелінді. Өлтірілген қояндардың ішкі ағзаларына және сөл түйіндеріне бактериологиялық зерттеулер жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі 1 кестеде келтірілген.

Кестеде көрсетілгендей вакцинаны стимулятормен қоса еккеннен кейін агглютинин және комплемент байланыстырушы антиденелер титрінің жоғарлауы байқалмайды. Зарардандырғаннан кейін керісінше барлық тәжірибедегі топтарда АР, КБР антиденелерінің орташа титрінің төмендегенін көре аламыз. Сонымен қатар айта кететін бір жәйт – левамизол және ПВП стимуляторлы вакцинасымен егілген жануарларда фагоцитоздар анық байқалды. Әлсіз фагоцитоз көрінісі стимуляторсыз 82 шт. және өлі вакцина егілген, бақылау тобындағы қояндарда көрінді.

Қорытынды. Біздің жүргізген бактериологиялық зерттеуіміз бойынша иммуномодуляторлармен қоса вакцинделген қояндардың барлығы ауруға қарсы тұра алды, ал бақылау тобындағы қояндар 100 % ауырғанын көрдік. Басқаша айтқанда жақсы фагоцитоз көрсеткен жануарларда ауруға қарсы жоғары қорғаныстық қасиеттер пайда болатындығы дәлелденді. 82 штаммынан жасалынған және өлі вакцинаға қосылған левамизол және ПВП иммуномодуляторлары вакцинаның иммуногендігін 66-60 % жоғарылатты.

Әдебиеттер тізімі

1. Совершенствование существующих и разработка новых средств и методов диагностики и профилактики бруцеллеза животных: отчет о НИР (промежуточный) /Каз«НИВИ». - Алматы, 2007. - 482 с. – Инв. № 0208 РК 00558.
2. Вершилова П.А. Бруцеллез. - М.: Медгиз, 1961. - 256 с.
3. Вершилова П.А., Голубева А.А. Бруцеллез в СССР и пути его профилактики. - М.: Медгиз, 1970. - 190 с.
4. Амиреев С.А., Саттаров А.И., Иванов Н.П. Эпидемиология и эпизоотология бруцеллеза. - Алма-Ата: Наука, 1986. - 176 с.
5. Коляков Я.Е. Ветеринарная иммунология. – М.: Агропромиздат, - 1986. – 290 с.
6. Петров Р.В. Введение в инфекционную иммунологию. – Новосибирск: Наука, 1968. – 187 с.

ӘОЖ 619: 616.9

БҰЗАУ КОЛИБАКТЕРИОЗЫНА ҚАРСЫ ГИПЕРИММУНДЫ ҚАН САРЫСУЫН СЫНАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Канатбаев С.Г., Сидихов Б.М., Мурзабаев К.Е., Ищанова М.Б., Хангужина Г.А.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Алдын-ала уытты өскіндермен зақымдалған бұзаулардың гипериммунды қан сарысуы егілген тобындағы жануарлардың тірі қалып, бақылау тобындағы бұзаулардың өлімге ұшырауы колибактериозға қарсы гипериммунды қан сарысуының емдік қасиетінің жоғарылығының дәлелі болып табылады.

Телята предварительно инъецированные гипериммунной сывороткой при введении зараженной токсической культуры остались в живых, а животные контрольной группы пали, вследствие чего можно выделить гипериммунную

сыворотку против колибактериоза, как средство, обладающие высоким эффективным, лечебным свойством.

Calfs injektsirovanny hyperimmune serum at introduction to the infected toxic culture survived previously, and animals of control group fell owing to what it is possible to emit hyperimmune serum against колибактериоза as the means, possessing high effective, medical property.

Тақырыптың өзектілігі. Нарықтық экономика жағдайындағы шаруашылық бірліктерінің дербестігінің арта түсуіне орай, коммерциялық құрылымдардың, соның ішінде ветеринарлық бағыттағыларының да дамуына байланысты, ауыл шаруашылық саласы мамандарының экономикалық іс-тәжірибелік білімін тереңдету мен жетілдіру міндеттері өзекті мәселеге айналып тұр.

Қазіргі заманғы ветеринарлық маман нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс атқаруға, яғни, ветеринарлық қызмет көрсету нарығындағы едәуір қатаң бәсекелестікке дайын болуы тиіс.

Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды саласы. Қазақ мемлекетінің қазіргі даму кезеңінде ауыл шаруашылығы саласындағы ең басты мәселелердің бірі - өз еліміздің халқын жоғары сапалы, экологиялық таза өнімдерімен толық қамтамсыз ету. Осы мақсатты іске асырудың алғашқы негізі-өз елімізде сапалы мал тұқымдарын жетілдіріп, оларды шығару, бәсекелік негізде оларды тарату үшін басқада елдерге ұсына білу.

Колибактериоз (colibacteriosis) - тоқтаусыз іш өтіп, дененің уланып, сусыздануымен ерекшеленетін, төлдің жіті өтетін жұқпалы ауруы. Колибактериоз барлық өлкелерде кең тараған. Оның басты ерекшелігі – жаңа туған төл жаппай ауырады. Жылдың кез-келген маусымында байқалғанымен негізінен мал жаппай бұзаулаған кезде, қора жайда қоздырушы микробтың шектен тыс шоғырлануына және бейім жануарлардың көбеюіне байланысты туындайды [1].

Колибактериоз патогенезін де жануарлардың жасына байланысты анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктердің мынадай үлкен маңызы бар: қарын сөлі қышқылдығының төмендігі, ішек-қарын эпителийінің өткізгіштігінің артуы, лимфа түйіндері мен бауырдың өткізбеу, ұстау қабілетінің төмендеуі, қанда гамма-глобулиндердің болмауы.

Колибактериоз жаппай бұзаулау кезінде бұзаудан бұзауға берілу арқылы, эшерихия уыттылығы артуының салдарынан өтеді. Колибактериоз өтуін кейде қарапайым протей (*Proteus vulgares*) және кейбір ішек-қарын бактерияларының өкілдері қиындата түседі. Протей штамдары антибиотиктерге төзімді, өсіп-өну энергиясы жоғары.

Аралас инфекция жағдайында ауру барысы одан да қиындай түседі. Ауру тууына уызды уақытылы емізбеу де әсер етеді. Бұзау туған кезде қанында иммуноглобиндер болмайды, олар алғашында тек қана енесінің уызынан төлдің қанына өтеді. Уызды жеткілікті мөлшерде жас төл ала алмаса немесе уыздың сапасы талапқа сай болмаса онда денеге енген микробтарға, олардың ішінде эшерихияларға ешқандай тежеу болмай, жануар ауруға ұшырайды [2].

Эшерихиялар өз ішінде серологиялық құрамымен, бактериофагтарға төзімсіздігімен, антибиотикалық және патогендік деп бөлінеді.

Барлық түліктің жас төлдері ауырады. Бұзау 2-7 күндігінде, қозы туа салысымен 5-7 айға дейін ауырады, құлын туа салысымен, торай туған соң бірер апта бойы, енесінен айырмада және енесінен айырған соң, құс 1 күннен 90 күнге дейін және жұмыртқалаған кезінде, терісі бағалы аңдар өмірінің бірінші аптасында ауырады.

Колибактериоз барлық өлкелерде кең тараған. Оның басты ерекшелігі - жаңа

туған төл жаппай ауырады. Жылдың кез келген маусымында байқалғанымен негізінен мал жаппай төлдеген кезде, қора жайда қоздырушы микробтың шектен тыс шоғырлануына және бейім жануарлардың көбеюіне байланысты туындайды. Қозының жаздың соңында, күздің басында шалдығуы оларды енесінен бөліп, қатаң азыққа көшіруге байланысты.

Ауру қоздырушысының бастауы - колибактериозбен ауырған және ауырып жазылған төл, сонымен қатар олардың микроб алып жүретін еселері. Мұндай жануарлар зардапты эшерихияларды көп мөлшерде нәжісімен, кей жағдайда несесімен бөліп шығарады [3].

Жұқтыру факторы нәжіспен және несеппен ластанған әртүрлі заттар болып табылады. Жаңа туған төлге ауру қоздырушысы гигиеналық тәртіп бұзылғанда, мал төлдеген шақта енесінің уызымен, жем-шөппен жұғады.

Микроб денеге негізінен алиментарлық, сирегірек аэрогендік жолмен енеді. Аурудың тұрақталған ошағында жас төлге ауру тумай тұрып жатырда жұғады.

Колибактериоздың таралуына себеп болатын жағдайлар буаз малдың күтімінің нашар болуына байланысты уыздың құнарсыз болып, соның нәтижесінде төлдің ауруға төзімділігінің нашарлауы. Аурудың шығуына төлдің күтімінің нашарлығы, гигиеналық-санитариялық реттіліктің дұрыс сақталмауы көп жағдайда ерекше әсер етеді. Бұзау, лақ, қозы, торай, құлын туған кезеңде қанында иммуноглобулиндер болмайды, олар алғашында тек қана енесінің уызынан төлдің қанына өтеді.

Уызды жетікілікті мөлшерде жас төл ала алмаса, немесе уыздың сапасы талапқа сай болмаса, онда денеге енген микробтарға, олардың ішінде эшерихияларға ешқандай тежеу болмай, жанауар ауруға шалдығады [4].

Колибakterиоздың таралау ерекшелігі - ауру байқалған соң уақыт өткен сайын ауруға шалдыққан малдың саны, індеттің қарқыны үдей түседі, сонымен қатар аурудың өтуі де ауырлайды. Мал тұрған қорада ауру қоздырушы микробтың шектен тыс көбеюі және олардың жануар организмі арқылы пассаждан өтіп, уыттылығының күшеюі нәтижесінде жас төл күйінің жаксы, төзімділігінің жоғарылығына қарамай жаппай ауырады [5].

Зерттеу мақсаты: колибактериозға қарсы гипериммунды қан сарысуын бұзауларға қолданып, емдік тиімділігін анықтау.

Әдістер мен материалдар. Тәжірибе 2013 жылдың күз айларында Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, «Джуматаев» шаруа қожалығында жүргізілді.

Жануарларды гипериммундеудің нәтижелілігіне тигізетін антигеннің сапасы туралы мәліметтер әртүрлі болғанымен, көптеген авторлар, антигендік тітіркендіру күші мен антиген сапасының жануарлар қанында арнайы антиденелердің түзілуі деңгейі арасында тікелей тәуелділік болатындығымен келіседі.

Сонымен қатар, антиген сапасы микроб штамы мен оны өсіру тәсілдеріне де байланысты. Колибактериозға қарсы гипериммунды қан сарысуының емдік қасиетін анықтау мақсатында Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, «Джуматаев» шаруа қожалығында бұзау топтары таңдалынып алынды.

Бөлініп алынған бұзаулар тобы 3 - ке бөлінді.

Бірінші (4 бас бұзау) және екінші (4 бас бұзау) топқа ауруға шалдыққан 3-5 күндік бұзаулар алынды. Осы бұзаулар тобына гипериммунды қан сарысуының емдік қасиеті тексерілді.

Үшінші бақылаулық (4 бас бұзау) топ.

Алынған нәтижелер мен талдаулар. Бірінші топтағы ауру бұзауларға сарысу емдік мақсатта, тері астына бір рет 45 мл мл ектік. Екінші топтағы бұзауларға араға 1 тәулік салып екі рет 60 және 10 мл енгіздік.

Алынған нәтижелер гипериммунды қан сарысуының емдік қасиеттерінің жоғары

деңгейде екендігін көрсетті. Бірінші топ бұзауларына препаратты бір рет екенде 2 – і (50 %), екінші топ жануаларына екі рет ендіргенде 3 – і (75%) аман қалды. Ал, бақылау тобындағы жануарлардың 1 – уі (25 %) тірі қалды.

Гиперимунды қан сарысудың емдік қасиеттерін нақтылау үшін 12 күндік 10 бас бұзауды колибактериоз қоздырушылары өсінділерінің ауру тудыратын мөлшерімен зақымдадық 24 сағаттан соң 7 бас бұзауға терісі астына 50 мл гипериммунды қан сарысуын ектік. Нәтижесінде, препарат егілген 8 бас бұзау (100 %) аман қалып, егілмеген 2 бас бұзау өлімге ұшырады.

Мал шаруашылықтарында індеттен сақтандыру және емдеу мақсатымен енжар иммундеу әдісін қолдану туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Жануарларды белсенді иммундеуден 7 күн бұрын гипериммунды қан сарысуымен өңдеу иммунитеттің қалыптасуына кері әсерін тигізбейді.

Колибактериозға қарсы емдік препараттарды сынақтан өткізу кезінде, осы аурудан сау емес шаруашылықта асқыну мен малдың өлуі байқалған жоқ.

Қан сарысуын сынақтан өткізген шаруашылықтағы жүргізілген клиникалық зерттеулер, мамандар пікірі мен індеттік мәліметтер өткен жылдармен салыстырғанда жануарлардың колибактериоз індетіне шалдығуы мен өлім – жітімге ұшырауының азайғанын көрсетіп, препараттың тиімділігін дәлелдейді және емдік мақсатта кең көлемде қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу кезінде тәжірибелік топ жануарларын бақылау тобындағылармен салыстыру барысында қолданылған препараттың емдік тиімділігі мен зиянсыздығы байқалды. Осыған байланысты бұзау колибактериозы кезінде гипериммунды қан сарысуын емдік препарат ретінде қолдану ұсынылған.

Қорытынды. Алдын ала уытты өсіндермен зақымдалған бұзаулардың гипериммунды қан сарысуы егілген тобындағы жануарлардың тірі қалып, бақылау тобындағы бұзаулардың өлімге ұшырауы колибактериозға қарсы гипериммунды қан сарысуының емдік қасиетінің жоғарылығының дәлелі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сайдуллин, Т. Індеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары / Т. Сайдуллин. – Алматы: «Полиграфия Сервис и К», 2009, -518 б.
2. Визнер, Э. Болезни крупного рогатого скота / Э. Визнер. - Москва: Колос, 1970. – 68 с.
3. Урбан, В.П., Практикум по эпизоотологии и инфекционным болезням с ветеринарной санитарии, /В.П. Урбан., - Москва: 2003, - 215 с.
4. Воронин, Е.С., Иммунология. / Е.С.Воронин, А.М.Петров, - Москва: 2002, - 351 с.
5. Бакулов, И.А. Руководство по общей эпизоотологии /под ред. И.А. Бакулова и А.Д.Третьякова, М.: «Колос», 1979 г, - 235 с.

МАЛ БРУЦЕЛЛЕЗІН ИНДЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ, АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУ ШАРАЛАРЫ

Қанатбаев С.Г., Кенжеғалиев Ж.Е., Кенжеғалиева М.Б., Ахмедиярова Г.Т.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Бруцеллездің таралу деңгейі 1%-дан асатын шаруашылықтарда бұрыннан белгілі шаралардан басқа балаудың аллергиялық-серологиялық әдістері және бруцеллез жұқтырған мал ағзасын санақиялау үшін біз ойластырған дәрмек пен өлі вакцина нұсқаларына сәйкес қолдану бруцеллез індетінің алдын алуға және одан таза емес шаруашылықтарды індеттен тез арада сауықтыруға мүмкіндік береді.

В хозяйствах где распространение бруцеллеза составляет выше 1% для профилактики данного заболевания и кратковременное лечение в неблагоприятных хозяйствах кроме аллергическо-серологического метода диагностики мы согласно инструкции использовали изобретенный препарат и мертвую вакцину для санации организма зараженных животных.

In sectors, where spread of the brucellosis is over 1% for the prevention of the disease and short-term treatment in rugged spheres except for allergic-serologic method of diagnosis, according to the instruction we have used invented medicine and dead vaccine for the sanitization of contaminated animals' organism

Республика аумағында таралған бруцеллез індеті әр жылы әртүрлі дәрежеде, біркелкі күйде емес және бруцеллезге қарсы шаралардың орындалуына да байланысты болып келеді.

Бруцеллез індетінің таралуына әсер ету және жүргізілетін шаралар нәтижесіне қол жеткізу үшін, ең негізгі көзі болып шаруашылықтың технологиясы мен мәдениетіне, тұратын орнының ұзақтығына (табиғат жағдайына байланысты), ветеринариялық-санитарлық шаралардың жоғарғы дәрежеде орындалуына, сондай-ақ мамандармен материалды-техникалық заттар мен мал тұратын орын, техникалық және ветеринарлық жабдықтармен қамтылуына аса көңіл бөлу керек.

Қазіргі кезде бруцеллез адамдар мен жануарлардың күрделі ауру екендігі анықталынды, ал оны жою үлкен экономикалық және әлеуметтік мәселеге айналды.

Бруцеллезбен барлық дерлік үй жануарлары, сонымен қатар, құстар да залалданып, ауырады.

Табындарда (шаруашылықтарда) пайда болған бруцеллез энзоотиялық және эпизоотиялық таралуға бейім. Клиникалық жағынан қарағанда, бруцеллез біресе анық көрінетін буаз малдардың іш тастауына жалғасатын ауру ретінде өтеді, біресе жасырын түрінде өтіп, ұзақ жылдарға созылады.

Бруцеллез эпизоотологиясын терең зерттеу бұл аурумен күресте ауруды дер кезінде балаудың үлкен маңызы бар екендігін көрсетті [1,2].

Бірақ бұл аурудың жануарларда әр түрлі өтетіндігіне байланысты ауруды балау көбіне қиынға соғады. Осыған байланысты, ғылымда балаудың бұрынғы тәсілдері жетілдіріліп, жаңа тәсілдері шығарылуда. Қазіргі кезеңде қанды серологиялық зерттеу (агглютинация реакциясы, комплемент байланыстыру реакциясы), түсікті, сүтті және ауру малдардың түрлі секреттері мен экскреттерін бактериологиялық зерттеу, аллергиялық дәрмектер көмегімен зерттеу сияқты тәсілдер көмегімен балау жасалынып,

тәжірибеде қолданылады [3,4].

Қазіргі кезде бруцеллезге жасанды түрде иммунитет туғызу мүмкіндігі зерттелініп, тәжірибеде қолданылады. Бұл ғылымның керемет жетістігі бруцеллез сияқты күрделі және қиын аурумен күрестегі жағдайды біршама жақсартады. Қазірде сәтсіз шаруашылықтарды сауықтыруды жеңілдететін, және бруцеллездің эпизоотиялық ошақтарында қызмет істейтін адамдардың залалдануының алдын-алуға мүмкіндік беретін, бруцеллездің алдын-алуға қолданылатын бірқатар түрлі вакциналар ұсынылған [5].

Бруцеллездің эпизоотологиясы мен эпидемиологиясын көп жылдар бойы зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, бұл ауруды жою көптеген қиындықтар тудырады, біршама қаражат шығаруды және көптеген күш жұмсауды қажет етеді.

Табындардағы бруцеллезді жою үшін арнайы ветеринарлық және ұйымдастырушы – шаруашылық шараларының толық жүйесін қарастыратын ерекше шығарылған жоспар қажет.

Бруцеллезді балау және онымен күрес шараларын ұйымдастыру үшін қажет мәліметтер, індеттанулық талдау нәтижелерге сүйене отырып алынды.

Жануарлар бруцеллезін індеттанулық зерттеу және талдау мақсаты, белгілі бір аймақтағы (бөлім, шаруашылық, аудан, облыс, республика) індеттілік үрдістің белгілі бір уақыт аралығындағы (жарты жыл, бір жыл) динамикасын, даму дәрежесін анықтау, сонымен қатар оның сипатын зерттеу болып табылады.

Осы қойылған мақсаттардың толығымен шешілуі індетке қарсы, күрес шаралардың ең басты және маңыздысын анықтауға, сөйтіп дұрыс жоспарлауды, ұйымдастыруды және індеттенуді төмендетуге, мал бруцеллезінен белгілі бір аймақтарды сауықтыруға мүмкіндік береді.

Індеттанулық талдау және болжаулар негізінде шаруашылықта, ауданда, облыста, республикада нақты жерге лайықтандырылған, ғылыми-негізделген іс-қимылдарды жоспарлауға мүмкіндік туады.

Індеттанулық талдау барысында салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы-географиялық сипаттамалары арқылы жинақталған мәліметтер, індеттанулық зерттеулер, індеттанулық тәжірибелер негізінде алынған мәліметтерді белгілі - бір жүйеге келтіріп, оларды математикалық әдістер арқылы өңдеуден өткізеді.

Жануарлардың өлуіне, ауруына және аурудың таралуына себепші болатын факторлар талдаудан өтеді. Бұл талдауларда әр бір факторды сандық және сапалық жағынан қарастыру керек. Сапалық сипаттамасы бар факторлардың ауру жұқтыру немесе өлім-жітімге ұшырау көрсеткіштерімен корреляциялық байланысы да анықталуы қажет.

Қазіргі кезде Қазақстанда мал шаруашылығын жүргізу көп өзгеріске ұшырады, өйткені малдың басым көпшілігі жеке шаруа қожалықтарында, әрі әр түрлі түлік мал басы бірге күтіліп бағылады.

Мұндай жағдайда мал бастарын әр түрлі індеттерден сақтау қиынға соғады, себебі диагностикалық зерттеу, сақтандыру шаралары нұсқауларға сай әр түрлі түлік малда, әр түрлі уақытта жүргізілуі тиіс.

Айтылғандарды ескере отырып, жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде бруцеллездің алдын-алу және онымен күрес шараларын қазіргі заман талабына сай өткізуге арналған ұсыныстар әзірленді.

Бұл ұсыныстар әр түлік малдың (ірі қара, ұсақ мүйізді мал және түйелер) физиологиялық және оның өсіру технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып жасалынған арнайы ветеринариялық шаралар жүйесі болып есептелінеді.

Ұсынылған шаралардың белгілі шаралардан негізгі ерекшеліктері.

Бруцеллезден сауықтыру шаралары белгілі бір мал түлігін өсіруге мамандандырылған және малдың бірнеше түлігін бірге күтіп-бағумен айналысатын

шаруашылықтар үшін жеке-жеке бөліп көрсетілген. Әрі шаруашылықтардың әрбір категориясы өз ретінде бруцеллездің таралу деңгейіне байланысты 1% дейінгі және одан жоғары дәрежедегі шаруашылықтарға бөлініп, ондағы жүргізілген шаралар жүйесі нақтылап көрсетілді.

Мысалы, ірі қара өсіруіне мамандандырылған бруцеллез індетіне 1% дейін таралған шаруашылықтарда сауықтыру жұмысын жүйелі диагностикалық зерттеулер, бруцеллезге шыққан малды уақытында оқшаулап жою арқылы жүргізуге болады.

Эпизоотологиялық жағдай шиеленіскен жағдайда белгілі нұсқау бойынша бруцеллезге қарсы B.abortus 82 вакцинасын қолданады.

Ал, бруцеллездің таралуы 1% жоғары шаруашылықтарда балау мақсатында аллергиялық-серологиялық әдістер жүйесі және жануарлар ағзасынан бруцеллез қоздырғышын тезірек элиминациялау үшін біздер ойластырған дәрмекті қолдану ұсынылады. Қажет болған жағдайда арнайы дауалау үшін B.abortus 82 вакцинасын қолданады.

Әр түрлі түлік мал бірге өсірілетін бруцеллез таралу деңгейі 1% дейінгі шаруашылықтарда балау жұмыстары қолданыстағы АР, КБР, РБС арқылы жүйелі түрде жүргізілуі теріс нәтиже алынған соң барлық мал (қозы-лақ, бұзаулар 3-5 айлық, боталар 10-12 айға толғаннан кейін) бір мезгілде жынысына, жасына, физиологиялық жағдайына қарамастан бруцеллезге қарсы өлі вакцинасымен, оны қолдану жөніндегі нұсқауға сәйкес егіледі.

Осы сатыдағы бруцеллездің таралу деңгейі 1% асатын шаруашылықтарда айтылған шаралардан басқа балаудың аллергиялық-серологиялық әдістері және бруцеллез жұқтырған мал ағзасын санациялау үшін біз ойластырған дәрмекті нұсқауына сәйкес қолдану жақсы нәтиже береді.

Өлі вакцинамен егілген малдарды жоспарлы түрде серологиялық зерттеуден өткізу егілген мерзімнен 6 айдан кейін рұқсат етіледі.

Қажет болған жағдайда серологиялық зерттеулерден теріс нәтиже берген малдарды осы вакцинамен қайталап егу керек.

Осы ретпен жүргізілген сауықтыру шаралары бруцеллез індетінің алдын-алуға және одан таза емес шаруашылықтарды індеттен тез арада сауықтыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сайдоллаұлы Т. Индеттану. – Алматы, 1993. - 156 б.
2. Булашев А.К., Ескендерова С.З., Ромахов В.А. и др. Использование моноклональных антител в диагностике бруцеллеза животных //ВНИИЭВ, Москва, 1990, В. 73-74. - С.84-89.
3. Сейдахметова Р.Д. Бруцеллез верблюдов (распространенность, свойства возбудителя, проявление иммунобиологических реакций, диагностика): дисс...докт. биол. наук: 16.00.03. - Алматы, 2004. - 342 с.
4. Первушин В.П. Вопросы микробиологии и иммунологии при диагностике бруцеллеза у человека. - М., 1962. - С. 120-165.
5. Новицкий А.А. Оптимизация специальных мероприятий против бруцеллеза крупного рогатого скота: дис. ... докт. вет. наук.: - Казань, 1989, - 46 с.

ТАУЫҚТАРДЫҢ АДЕНОВИРУСТЫ ИНФЕКЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНДЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Нуралиев Е.Р., Есенгалиев Г.Г., Төлеген А.И., Кенжегалиев Ж.Е.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада тауықтардың аденовирусты инфекциясының алдын алу үшін ассоциирленген инактивтелген вакциндік препараттарды қолдану кезіндегі иммундаудың оңтайлы әдісін анықтау барысындағы зерттеу нәтижелері көрсетілген. Тауықтардың аденовирусты инфекциясына қарсы вакцинаны төс аумағындағы бұшық етке енгізудің тиімділігі жоғары екендігі анықталған.

В статье приведены результаты исследования по установлению оптимального способа иммунизаций кур против аденовирусной инфекции при использовании ассоциированных инактивированных вакцинных препаратов. Установлено, что введение вакцины против аденовирусной инфекции кур в грудную часть мышц является наиболее эффективной.

Results are given in article research of an optimum method of immunizations when using the associated inactivated vaccinal preparations for prevention of an adenoviral infection of hens. It is established, that introduction of a vaccine against adenoviral infection of hens in a chest part of muscles is the most effective.

Қазіргі таңда Қазақстанда құс шаруашылығы қарқынды дамып келе жатыр, яғни құс өнімдеріне сұраныс артуда. Өндірістік құс шаруашылығының дамуына көптеген қолайсыз жағдайлар кедергі келтіреді. Солардың бірі инфекциялық аурулардың артуы, соның ішінде тауықтардың аденовирусты инфекциясы. Осыған орай, құс ауруларын анықтау және оны емдеудің жаңа бағыттағы жетілдірілген әдістері мен жолдарын табу және оларды өндіріске енгізу, сонымен қатар құстардың ауруын және шығынын азайтатын ветеринарлық-санитарлық шараларды жүзеге асыру қазіргі уақытта өзекті мәселе болып отыр.

Тауықтардың аденовирусты инфекциясы (жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы – 76) – Egg drop Syndrome-76 (EDS-76) – жұмыртқалаудың төмендеуімен, жұмыртқа пішінінің, жұмыртқа қабығының сапасы мен пигментациясының өзгеруімен, ақуыз құрылымының өзгерісімен сипатталатын тауықтардың вирустық ауруы [1].

1975 жылы Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде (Голландия, Англия, Солтүстік Ирландия, кейіннен Италияда, Франция, Швеция, Дания, Венгрия және басқа елдерде) жұмыртқалаудың төмендеуімен, қабықсыз жұмыртқалау немесе депигменттелген қабықты жұмыртқа туумен сипатталатын тауықтардың жаңа ауруы пайда болды. Ауру әсіресе жоғары концентрациялы тауық шаруашылығы орналасқан аймақта тез тарады [1,2].

Бұл ауруға тән сипатталатын белгілеріне байланысты, әдебиеттерде ол «жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы – 76» – Egg drop Syndrome-76 (EDS-76) деген атауға ие болды. Алғаш рет оны 1976 жылы J. Van Ecke және біріккен авторлар сипаттап жазған.

Зерттеушілердің бірқатары жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы-76 пайда болу себебін болжаған, олар ауру қоздырғышын табиғи «иесінде» патология тудырмайтын үйрек вирусы деп есептейді. Тауықтар тобы Марек ауруына қарсы үйрек фибробласттарының жасушалары культурасынан «Риспенс» штаммынан дайындалған вакцина қолдану нәтижесінде вируспен залалданған. Вирус өзінің жаңа «иесіне» тез

бейімделеді және патогендік қасиеттерін көрсетеді. Үйректен жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы-76 қоздырғышының пайда болуын авторлар аурудың алғаш рет интенсивті үйрек шаруашылығы бар – Голландияда пайда болуымен түсіндіреді.

Бұл індетті *Aviadenovirus* туысының *Adenoviridae* тұқымдасына жататын ДНК-сы бар вирус тудырады. Алғаш рет жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромының вирусын Солтүстік Ирландияда 1976 жылы J. Mc. Ferran бөліп алды. Қазіргі кезде бұл қоздырғыштың штаммы «127» деген санмен белгілі. Шамамен сол уақытта Англияда Bexandale ауру тауықтардың лейкоциттерінен «BC-14» атауына ие болған ұқсас вирусты бөліп алды. Кейіннен Венгрияда «BB/78» деп аталған жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы-76 вирусы бөлініп алынды.

Тауықтардың аденовирусты инфекциясы (жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы – 76) айтарлықтай экономикалық шығын келтіреді. Шетелдік зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, шығын көлемі орташа есеппен алғанда мекиен-тауықтардан 15 жұмыртқаға (асыл тұқымды тауықтардан 50-ге дейін жұмыртқа жарамсыз деп табылады) дейін кемиді, 15 % дейін қабықсыз жұмыртқа туылады, 12 %-ға дейін қанды сақинасы бар жұмыртқа алынады, 7 %-ға дейін балапан шығару және олардың өміршеңдігі төмендейді, ол 10%-ға дейін 2 апталық балапандардың өліміне әкеліп соқтырады. жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы-76 вирусынан шығын әсіресе асыл тұқымды шаруашылықтарда жоғары болады.

Ауруға мекиен-тауықтардың барлық тұқымдары аурудың барынша анық көрінісімен жоғары жұмыртқалағыштық кезеңінде (200-240 күн) бейім болып келеді, бірақ құстар өнімділік циклінің кез келген кезеңінде зақымдануы да мүмкін. Тауықтардың аденовирусты инфекциясы жерде бағып-күту тәсілімен ұсталатын құстар арасында тез тарайды. Індетке әсіресе мекиен-тауықтардың аса жоғары өнімділікті кросстары бейім, соның ішінде «Хайссекс браун», «Ломан браун» және «Иса браун» кросстары. Жұмыртқалағыш бағыттағы тауықтарға қарағанда, етті бағыттағы тауықтардың ауруға бейімділігі жоғары [2,3].

Тауықтардың аденовирусты инфекциясының алдын алу мақсатында мыналарды орындау қажет: 1) құс шаруашылығына арналған қолданыстағы ветеринарлық санитарлық ережелерді және оларды жобалау талаптарын қатаң сақтау, соның ішінде шаруашылықты жұқпалы ауру қоздырғыштарынан қорғау үшін шаралар қолдану; 2) аналық және өндірістік құс топтарын ЖТС – 76 індетінен сәтті шаруашылықтардан алынған инкубациялық жұмыртқалар мен бір күндік балапандардан жинақтау; 3) әр түрлі жас топтарына байланысты құстарды ерекшеленген аймақтарға орналастыру; 4) құс шаруашылығында тауықтардың, үйректердің және қаздардың топтарының бірге бағып – күтілуін болдырмау; 5) ет және жұмыртқаға арналған ыдыстарын мұқият тазалау және дезинфекциялау; 6) тауықтарды аденовирусты инфекцияға қарсы вакциндеу [3,4].

Тауықтардың аденовирусты инфекциясына қарсы спецификалық профилактика жүргізу үшін инактивтелген вакцина қолданылады. Вакцина бұлшық ет ішіне 90-120 күндік тауықтарға енгізіледі. Иммунитет 14 күннен кейін қалыптасады, 30-шы күні шарықтау шегіне жетеді. Жұмыртқалағыштықтың төмендеу синдромы-76, Ньюкасл ауруы, инфекциялық бронхит, Гамборо ауруларына қарсы бірмезгілде вакциндеуге арналған 1-, 2-, 3- және 4- және одан да көп валентті вакциналар бар. Егілген тауықтарда анти-ГА мен ВНА жоғары титрі байқалды. Бақылау үшін залалдағанда олар иммунды болды және жоғары жұмыртқалағыштықты сақтады. Вакциналық антиденелердің ең жоғары деңгейі 30 күнде байқалды. 21-28 күннен кейін поствакциналық иммунитетті анықтау керек және қажет болған жағдайда тез арада қайталап вакциндеу жүргізіледі [5,6].

Вакциндеу дұрыс жүргізілмеген жағдайда құстар келесі күні өлімге ұшырайды. Сол себепті тауықтарды вакциндеудің арнайы әдіс-тәсілдері қолданылуы тиіс.

Зерттеу мақсаты. Тауықтардың аденовирусты инфекциясына қарсы вакциндеудің тиімді тәсілдерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмыстары БҚО Зеленов ауданы ЖШС агрофирма «Ақас» құс фабрикасында жүргізілді. Тауықтарды ЖТС-76, Ньюкасл ауруы және инфекциялық бронхит ауруларына қарсы үшвалентті ассоциирленген инактивтелген «Авивак» вакцинасымен иммундадық. Біз зерттеу жүргізу үшін иммунизациялаудың бірнеше тәсілдерін қолдана отырып 3000 тауыққа вакцина енгіздік.

Тауықтарды инактивтелген препараттармен иммунизациялау үшін инесінің диаметрі 0,8-1,2 мм және ұзындығы 10-15 мм аспайтын «Socogex» типті жартылай автоматты инъекторлар қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Құстарға ассоциирленген инактивтелген вакциналарды инъекциялаудың бірнеше аймақтары бар. Вакцина енгізетін аумақты таңдау жергілікті асқынулардың алдын алу үшін өте маңызды. Препаратты енгізудің тиімді тәсілдері төменде көрсетілген.

Вакцинаны мойынның бұлшық етіне енгізу. Инактивтелген вакцинаны енгізудің тиімді нүктесі мойынның жоғарғы жағында құстың басы мен денесінің қақ ортасында орналасқан. Бұл тәсілдің кемшілігі мойын бұлшық ет қабатының жұқа болғандығынан, иненің жұлынды зақымдау мүмкіншілігі жоғары болады.



Сурет 1 - Инактивтелген вакцинаны мойынның бұлшық етіне енгізу

Вакцинаны сан аумағындағы бұлшық етіне енгізу. Ассоциирленген вакцинаны енгізудің тағы бір тәсілі ол – сан аймағындағы бұлшық етке енгізу. Бірақ бұл тәсіл тиімсіз болып саналады, себебі инъекцияланған жерде гематома қалыптасады да, құстар ақсаңдайды.



Сурет 2 - Инактивтелген вакцинаны сан аймағы бұлшық етіне енгізу

Вакцинаны төс аумағындағы бұлшық етіне енгізу. Үшвалентті инактивтелген вакцинаны төс аумағындағы бұлшық ет ішіне енгізу өндірістік құс шаруашылығында кең таралған әдіс. Биопрепаратты төс бұлшық еттерінің ең жақсы жетілген жеріне, төс сүйектің бойымен, инені 45° бұрыш болатындай қиғаштап енгізеді.



Сурет 3 - Вакцинаны төс бұлшық етіне енгізу

Біз 3000 бас тауыққа иммунизациялаудың 3 тәсілін қолдана отырып вакцинация жүргіздік. Нәтижесінде мойын аумағына инъекция жасалған 1000 тауықтың 11-і екінші күні өлімге ұшырады, ал 5-уі амалсыздан союға жіберілді. Вакцинаны сан аймағындағы бұлшық еттеріне енгізген 1000 тауықтың 7-уі келесі күні өлді, ал 8 тауық амалсыздан союға жіберілді. Төс аумағындағы бұлшық етке инъекция жасалған 1000 тауықтан ешқандай шығын болған жоқ. Яғни вакцина енгізудің ең тиімді әрі қауіпсіз әдісі осы тәсіл болып табылады.

1 кесте - Вакцина енгізу тәсілдерінің тиімділігінің көрсеткіштері

Вакциналау тәсілдері	Жалпы тауықтар саны	Өлген тауықтар саны	Амалсыз союға жіберілген тауықтар саны	Тиімділіктің пайыздық көрсеткіштері, %
Мойын бұлшық еті	1000	11	5	98,4
Сан бұлшық еті	1000	7	8	98,5
Төс бұлшық еті	1000	-	-	100

Қорытынды. Тауықтардың аденовирусты инфекциясының алдын алу үшін ассоциирленген инактивтелген вакциндік препараттарды мойын, сан бұлшық еттеріне енгізуге қарағанда, төс бұлшық етіне енгізу тиімді тәсіл болып табылды. Себебі, аденовирусты инфекциясының алдын алу үшін ассоциирленген инактивтелген вакциндік препараттарды тауықтардың төс бұлшық етіне енгізуден кейін асқынулар байқалған жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Бессарабов Б.Ф., Мельникова И.И., Сушкова Н.К., Садчиков С.Ю. Болезни птиц, 2009. – 448 с.
2. Сидорчук А.А. Инфекционные болезни животных. М.: «Колос», 2007. – С. 440-444.
3. Бакулин В.А. Болезни птиц. Санкт – Петербург, 2006. – С. 18.
4. Борисов В.В. Курлова Н.П., Борисов А.В., Борисова О.А. Инактивированная вакцина против синдрома снижения яйценоскости-76. Аграрная Россия. №3, 2001. –С. 52-55.
5. Ирза В.Н., Борисов В.В., Старов С.К., Дрыгин В.В., Борисов А.В. Иммунитет у кур привитых инактивированной ассоциированной вакциной.

Ветеринария. 2002, № 4. – С.21-23.

6. Рождественский И.К., Хохлачев О.Ф. Опыт производства и применения комбинированных инактивированных противовирусных вакцин в птицеводстве. Материалы конференции по птицеводству. - Зеленоград, 2003. – С. 209-210.

ӨОЖ 639.122:637.4

БӨДЕНЕНІ ӨСІРУ, ОНЫҢ ЖҰМЫРТҚАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Нургалиев Б.Е., Нагимова Г.Х.,

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада бөденені өсіру ерекшеліктері және бөдене жұмыртқасының сапалық құрамы бойынша басқа құстардың жұмыртқасынан өзіндік құндылығымен ерекшеленетіндігі баяндалған.

В статье рассказывается о содержании перепелов , а также об особенностях перепелиных яиц по сравнению с другими видами промышленной птицы.

In the article told about maintenance of quail, and also about the features of quail eggs as compared to other types of industrial bird.

Құс шаруашылығының ерекше бір саласы ретінде бөдене шаруашылығы ертеде пайда болған және осы саладағы шаруашылықпен айналысатын фермерлердің саны жылдан-жылға артып отыр.

Қазақстанда бөдене шаруашылығы ауылшаруашылық өндірісінің қазіргі таңдағы дамып келе жатқан жаңа саласы және көптеген шаруашылықтардың басшылары құс шаруашылығындағы бөдене жұмыртқалары мен етінің пайдалы әрі сапалы екенін әлі де бағалай алмай және құс шаруашылығының бір саласы ретіндегі мол мүмкіндігін ескермей отыр.

Әлемде негізінен бөдене шаруашылығының дамуы екі бағытта жүргізіліп отыр. Алғашқысы - бұл бөденелерді биологиялық, медициналық және ветеринарлық зерттеудің лабораториялық объектісі ретінде пайдалану болса, екіншісі - бөдене шаруашылығының өнімдерін дәмді деликатестік әрі диеталық тағам ретінде және де биологиялық және парфюмдік өндірістің шикізаты ретінде пайдалану болып табылады. Біздің елімізде оның бірінші бағыты ғана дамуда. Бізге мәлім деректерге қарағанда елімізде қазір бөдене өсіретін қырықтай шаруа қожалықтары бар [1].

Бөдене көптеген үй құстары сияқты құнды диеталық ет пен жұмыртқаның қайнар көзі болып табылады. Бөдене шаруашылығы мол өсім беріп, шығынды тез ақтай алады. Жұмыртқаларды инкубаторға салған сәттен бастап жас бөденелердің алғашқы жұмыртқалауына дейінгі толық цикл бар болғаны 52-60 күнді құрайды. Олар 25 күнде қауырсынданып, 30 күнде ересек болады, ал 35-40 күнде жұмыртқалай бастайды. Бөденелердің бір апталық өмірі жұмыртқалағыш тауық тұқымының 3,5 апталық өміріне сәйкес келеді.

Бір қызығы, бұл құс тым ерте қартайып, 1-1,5 жылдан кейін жұмыртқалауын сиретеді. Ол кезде оны сойып, етін кәдеге жаратқан жөн.

Бөдене балапанын өсіру үшін өз алдына 1 күннен 8-9 аптаға дейін балапан өсіретін цехтар ұйымдастырылады. Балапандарды жұмыртқаны жарып шыққаннан 7-ші тәулігіне дейін еденде жылуы бар жәшіктерде немесе жылу беретін жарықтың астында

ұстайды. Бөдене балапандары суыққа әлсіздеу келеді, сол үшін жылулық 36-38 °C болу керек. Кейін 27-28 °C дейін, ал 30 күндік жасында 20-25 °C төмендетеді. Еденде қалыңдығы 2 см шымтезек (торф) төсегіші болу керек. 1 м² жерге 3,2 кг құрғақ шымтезек жұмсалады. 8-ші күннен бастап балапандарды торға ауыстырады.

Бөденелерді торға салғанда 3 апталық бір бөденеге 77 см² орын қажет, ал 3-8 аптадағы бөденеге 115 см² көлемінде жеткілікті. Азық жейтін ақыры алдыңғы 3 аптада бір бөденеге 1,5 см, ал 3-8 аптаның ішінде 2,2-2,7 см болу керек [2].

Жас бөденелерді өсірудің алғашқы кезеңдерінде тамақтандыру үшін жемсауыттарды – қаңылтыр табақты қолданған орынды, одан ары қарай бұл табактар науалармен алмастырылады, себебі, табактарға балапан бөденелер отырып алып, ондағы жемді ластайды.

Жас бөденелерді өсіру кезінде азықтардың және судың тазалығына қатаң бақылау болуы керек, себебі бөлмедегі температураның өзгерістерінен олар тез бұзылады, бұл жас бөденелердің улануына әкелуі мүмкін. Вакуумдық суаттардағы сулар күнделікті ауыстырылады, ауыстыру алдында оларды жуып алады. Торларды күнделікті қи тезектерінен тазалап тұрады. Торлардағы температураны реттеу үшін оларды жұқа жамылғымен жабады. Тәуліктік жастағы бөденелер 7 күнге дейін жылытылатын бөлмелерде ұсталады.



Сурет 1 – Бөденелерді торларда күтіп-ұстау

Бөденелерді өсіріп, бағып-күту үшін алдымен азығы жақсы болу керек. Балапандардың тез өсуі мен бөденелердің жұмыртқалағыштығы тек қана азықтың құрамында қажетті: белоктар, көмірсулар, майлар, микроэлементтер мен витаминдер жақсы болған кезде байқалады.

Бөденелердің 100 г азығында орташа есеппен 21% шикі протеин болу керек. Негізінен белок жануар тектес азықта, соя ұнында және жүгеріде көп болады. Белоктар құстың организміне енген бойы аминқышқылдарына ыдырайды, ал аминқышқылдары қанмен бүкіл денесіне тарайды.

Бөденелер сыртқа шығарылып бағылатын болса, онда олар азықты өздері тауып жейді. Сол сияқты азық ретінде моллюскілердің еттері, жергілікті су қоймалары жануарларының еттері, балықтардың қалдықтары, жауын және ұндық құрттар және т.б. пайдаланылады.

Бөденелерді қыс мезгілінде тамақтандыру үшін азықтарды алдын ала дайындап

қояды, витаминдік шөптердің, сүрлемдік шөптердің қоры жиналады. Нан қалдықтары және картоп ашындылары да қыс мезгіліне дайындап қойылады. Оларды алдын ала дайындау үшін оларды ұсақтайды, ұнтақталады, жұқа қабатпен жалпақ табақтарға салынып, пеш қуысында отқа 30 минут баяу жалынмен кептіріледі. Дайын болған қалдықтар сыңғыш болып келеді. Оларды ауа өткізетін арнаулы қапшықтарда сақтайды [3].

Бөденелерді тамақтандыру рациондарына құрғақ сүттен жасалған азықтарды жиі енгізу ұсынылады.

Жас бөденелерге өсімдіктермен ғана қоректендірілген ацидофильді сүт қана беріледі, оларда ақуыз аз болғанымен, онда жеңіл қорытылатын минералдық заттар кездеседі. Сүттің сарысуларын жұмыртқа салу кезінде мекиендерге де береді.

Өте жақсы ақуыздық қоспа түрінде күнжара және өсімдіктер қолданылады. Олардың құрамының 30-50 % протеиннен тұрады және олар алмастырылмайтын аминқышқылдарына бай болып келеді.

1 кесте – Бөдененің тәулігіне қабылдайтын құрама жем мөлшері

Жасы (апта)	Құрама жем (тәулігіне/г)
0-1	4
1-2	7
2-3	13
3-4	14
4-5	15

Биологиялық құндылығы жағынан бөдене жұмыртқалары тауықтың жұмыртқаларын басып озады. Бөдененің 5 жұмыртқасы тауықтың 1 жұмыртқасының салмағымен тең болғанымен, оның құрамындағы дәрумендер тауықтыкінен 3 есе құнарлы. Ғалымдардың дәлелдеуінше, ондағы калий мен фосфор 5 есе, ал темір 4,5 есе, В және В12 витаминдері 6 есе көп екен. Сондай-ақ олардың құрамында кальций және түрлі амин қышқылдары тауық жұмыртқасындағыдан әлдеқайда жоғары. Құрамы осындай микроэлементтерге бай азықпен қоректенген адамның түрлі ауру-сырқауға қарсы тұрар дәрмені артып, жүрек-қан тамырлар жүйесі мен ас қорыту мүшелерінің жұмысы жақсаратыны анық.



Сурет 2 – Бөденелерді күтіп-бағу

Бөдене жұмыртқасы қаназдыққа, бас және тыныс жолдары ауруларына, өкпе

қабынуына, төмен және жоғары қан қысымын реттеуге, ағзаның қорғаныс қабілетін көтеруге, асқазан-ішек ауруларына, бүйрек, бауыр және өт жолдары, сондай-ақ жүрек қан тамырлары ауруларына жақсы ем болады. Әсіресе, асқазан жарасы мен гастритке таптырмас ем [4].

Бөдене жұмыртқасының түсі көптеген факторларға тәуелді болады. Ең алдымен, кейбір мекиендер тек өзіне ғана тән болатын пигментті жұмыртқалар салады. Кейбір жемдеу немесе күтіп ұстау жағдайлары өзгергенде бөденелер басқа түстегі жұмыртқалар салады. Мысалы, мекиеннің жыныс органдарында жұмыртқа жеткіліксіз өнсе, онда жұмыртқа қабығы толық қалыптаспайды, сондықтан оның түсі көгілдір және қабығы өте жұқа болады. Мекиеннің жыныс органдары ауруға ұшыраса, онда жұмыртқалардың түсі қою жасыл түске өзереді.



Сурет 3 – Бөдене жұмыртқалары

Бөдене жұмыртқасының сапалық құрамы бойынша басқа құстардың жұмыртқасынан өзіндік қоректік құндылығымен ерекшеленеді және тауық жұмыртқасынан әлдеқайда басым болып келеді.

Бөдене жұмыртқасының құрамына кіретін тирозин амин қышқылы косметика саласында таптырмайды және адам бетінің түсін жақсартады. Шетелдік биоөндіріс саласында бөдене жұмыртқасының негізінде әртүрлі маскалар мен кремдер шығарылады.

Бұзылған бөдене жұмыртқалары табиғатта болмайды, себебі оларда микрофлораның дамуына кедергі болатын аса құнды амин қышқылы лизоцим бар.

Бөдене құстарының иммунитетінің жүйесі олардың ағзаларының қорғаныс күштерін зерттеуге ыңғайлы. Тағы бір дәлелденгені, бөдене жұмыртқасы тауықтардікіне қарағанда микробтардан таза келеді. Бір бөдене жұмыртқасына Мареке ауруына қарсы тауықтарға арналған вакцинаның 230-250 мөлшерін алады. Бұл құстардың эмбриондарын қызылша, паратиф-қылау, тұмау ауруларына қарсы вакцина дайындау үшін пайдаланады. Мұнда бөдененің дене температурасының ауылшаруашылық құстарының басқа түрлеріне қарағанда 2 градусқа жоғары болатындығы ескеріледі. Себебі, кейбір авторлардың пікірінше олардың көптеген ауруларға қарсы тұрақтылығы осымен байланысты. Бөдененің дене температурасының жоғары болуы қарқынды зат алмасудың болатындығымен байланысты.

Бөденелердің басты артықшылығы – олардың кішігірім шұбар ала жұмыртқалары. Олар витаминдер мен аминқышқылдарына өте бай, гипоаллергенді.

Бөдене жұмыртқаларын жүйелі пайдалану ағзаның әртүрлі ауруларға оның ішінде туберкулезге қарсы күресуін жоғарылатады. Оларды шикі күйінде пайдалану

Чернобыль апатынан сәулелі ауруға ұшыраған балаларға көмектескен. Жеткіншектер өздерін жақсы сезіне бастаған, мұрындарының қанауы, бас айналулары тоқтап, қандағы гемоглобиндері көбейген.

Жұмыртқаның ең құнды бөлігі сарыуызы болып табылады. Жұмыртқада болатын барлық май оның сарыуызында жинақталған. Сарыуыздың майы фосфатидтарға және холестеринге өте бай. Жұмыртқадағы холестерин құрамы тұрақты шама емес, ол азық пен жыл мезгілдерінен тәуелді түрліше өзгеріп отырады.

2 кесте – Құс жұмыртқаларының құрамын салыстыру

Құс түрі	Жұмыртқа массасы, г	Ақуыз, %	Саруыз, %	Жұмыртқа қабығы, %
Қаз	200	52,5	35,1	12,4
Күрке тауық	85	55,9	32,3	11,8
Үйрек	80	52,6	35,4	12,0
Тауық	58	55,8	31,9	12,3
Цесарка	40	52,3	35,1	13,6
Қырғауыл	32	53,1	36,3	10,6
Бөдене	11	60,9	31,9	7,2

3 кесте – Бөдене және тауық жұмыртқаларындағы кейбір витаминдер, минералдық элементтер және аминқышқылы (М.Д. Пигареваның зерттеулері бойынша)

Көрсеткіш	Бөдене жұмыртқалары	Тауық жұмыртқалары	Бөдене жұмыртқасының тауық жұмыртқасына қатынасы, %
Құрғақ зат, %	25,4	22,4	113
Протеин, %	12,8	11,6	110,3
<i>Витаминдер, мкг</i>			
В1 (тиамин)	137	49	280
В2 (рибофлавин)	1100	500	219
РР (никотин қышқылы)	110	99	111
А (ретинол)	1180	780	151
Каротиноидтар	670	640	104
<i>Минералды заттар, мг</i>			
Кальций	76	52	146
Фосфор	213	185	115
Калий	620	124	500
Темір	404	88	429
Мыс	17	9,6	117
Кобальт	6,6	3,8	173
<i>Аминқышқылдар, г</i>			
Лизин	1,05	0,75	140
Метионин	0,72	0,38	190
Цистин	0,43	0,28	153
Аспарагин	1,16	0,79	146
Глютамин	1,72	1,44	119
Триптофан	0,24	0,20	120

Сарыуызда 100 г өнімде мына витаминдер: ретинол 0,7 мг, кальциферол 0,003-0,001 мг, токоферол ацетат, В тобының витаминдері, сол сияқты гормонды заттар және т.б. бар.

Бөдене жұмыртқасын шикілей, пісірілген, қуырылған түрде, сол сияқты буланған және қуырылған омлеттер күйінде пайдаланады.

Бөдене жұмыртқасын қосымша ем ретінде күніне шикі 4-5 жұмыртқадан таңғы ас алдында жарты сағат бұрын аш қарынға ішіп тұру ұсынылады. Оны ауру түріне қарай 1-2 ай ішеді. Бөдене жұмыртқасын ем ретінде қабылдау негізінен дәрігердің бақылауымен және оның кеңесі бойынша жүргізіледі.

Бөдене жұмыртқасы жүкті әйелдердің көңіл-күйін жақсартады, токсикозын басады, организмді витаминмен, аминқышқылмен, микроэлементтермен толықтырады, сондықтан туғанға дейін және кейінде оны пайдалану ұсынылады.

Бөдене жұмыртқаларында басқа жұмыртқадағыдай сальмонеллез және басқа да тауықтардағыдай көп аурулар болмайды, сондықтан бөдене жұмыртқаларын шикілей күйде пайдалануға болады. Жүрек ауруларынан және отадан кейінгі ағзаны тез қалпына келтіруге көмектеседі. Бөдене жұмыртқаларын аш қарынға және таңғы ас алдында 30 минут бұрын ішкен дұрыс.

Бөдене жұмыртқасының қабығынан кальций өндіріледі. Өндірілген өнімде неғұрлым кальций көп шоғырланған болса, соғұрлым организмнің жазылуына көп себеп болады.

Бөденелердің жұмыртқасында басқа құстарға қарағанда белок көп. Егер тауық жұмыртқасында белок орташа 5,6 пайыз болса, бөденелерде ол 6 пайызды құрайды. Сарыуыздың үлесі тауықтікі сияқты 32 пайызға жуық. Онда қауыз жұмыртқа салмағының 7 пайызын құрайды, ал тауықтарда бұл көрсеткіш 10 пайыздан асады. Бөдене қауызы жұқа болғанымен оның өте тығыз қауыз асты қабықшасы бар.

Тағамға бөдене жұмыртқасының ұсақталған қабығын қосса, онда тамақтың терапиялық белсенділігі жоғарылайды және ешқандай кері әсері болмайды, оның ішінде бактериалдық аурулар жұқпайды [5].

Бөденелермен жұмыс жасау тәжірибелері қазіргі кезде үлкен сұраныста. Ауылшаруашылығында негізінен жапон бөденелері көп пайдаланылады. Мәселен, жапон сұр бөденесін XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап АҚШ-та зертханалық жануар ретінде кең пайдаланылып, «Аполлон» бағдарламасы бойынша космостық зерттеу жүргізуге де қатыстырылды. Жапон бөденелерінің тез өсіп жетілу қабілеттілігі (бір жылда 5-6 ұрпағын алу), жоғары жұмыртқалағыштығы (280-300 жұмыртқа), азық қорегінің аз шығындалуы (1 кг жұмыртқа салмағына 2,6 кг) осы саланың нәтижелі әрі табысты дамуына қажетті барлық алғышартты қалыптастырды.

Қорытынды. Бөдененің маңызы зор. Оның жұмыртқасының құрамы тауық жұмыртқасымен салыстырғанда құнды, адам ағзасына пайдалы қоректік заттары мол. Бөдене көптеген үй құстары сияқты құнды диеталық ет пен жұмыртқаның қайнар көзі болып табылады. Бөдене шаруашылығы мол өсім беріп, шығынды тез ақтай алады. Жұмыртқаларды инкубаторға салған сәттен бастап жас бөденелердің алғашқы жұмыртқалауына дейінгі толық цикл бар болғаны 52-60 күнді құрайды. Олар 25 күнде қауырсынданып, 30 күнде ересек болады, ал 35-40 күнде жұмыртқалай бастайды. Бөденелердің бір апталық өмірі жұмыртқалағыш тауық тұқымының 3,5 апталық өміріне сәйкес келеді. Жоғарыдағыларды саралай отырып бөдене өсіруді қолға алудың өте тиімді екендігін байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Таңатаров А.Б., Дабжанова С.Т., Мырзақұлов С.М., Қадыкен Р. Құс шаруашылығы. Алматы, 2008 – Б. 142-143.
2. Махатов Б.М., Мелдебеков А., Абрикосова В.И., Байбатжанов М.К. Бөдене өсіру

ерекшеліктері. Алматы: «Нур-Принт», 2010, Б. 12-14.

3. Бауман В.К. Выращивание цыплят при пониженном температурном режиме. / В.К. Бауман// Птицеводство. – 1951. - № 3. – С. 12-15.

4. Байбатжанов М. Қ. Бөдене жұмыртқасының қасиеті. / М.Қ. Байбатжанов // Парасат. – 2009. - № 11. – Б. 14-15.

5. Мельников Е. Перепелиные яйца: не панацея, но полезны. / Е. Мельников // Приусадебное хозяйство. – 2008. - № 12. – С. 94-95.

ӘОЖ 619: 616,9: 636,3

Р.MULTOSIDA-ҒА ҚАРСЫ ТИІМДІ ПРЕПАРАТТАРДЫ ТАҢДАУ

Таубаев Ө.Б., Мурзабаев К.Е., Ертлеуова Б.О., Жумағалиева Г.К., Сенғалиев Е.М.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Антибиотиктерді терапевтикалық мақсатта қолданған жағдайда, қоздырғыштың антибиотиктерге сезімталдығын міндетті түрде тексеріп алу қажет. Тек осы жағдайда ғана жасалған емдеу шараларының нәтижелі аяқталатындығы және оның экономикалық жағынан тиімді болатындығы - дәлелдеуді қажет етпейтін мәселе.

Для использование антибиотиков в терапевтических целях необходимо исследовать чувствительность антибиотиков к возбудителям. Результаты проведенных лечебных мероприятий, в данном случае не требуют уточнение экономической эффективности.

For the use of antibiotics for therapeutic purposes it is necessary to investigate the sensitivity to antibiotics of the pathogen. The results of therapeutic interventions in this case do not require adjustments in the economic efficiency.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстан территориясында елді мекендердің орналасуы салыстырмалы түрде сирек, кең байтақ далада бір-бірінен алшақ. Соның нәтижесінде үй жануарларынан жабайы жануарлар популяциясының үлесі басым. Бұрын індеттік жағдай негізінен үй жануарлары арқылы айқындалса, ендігі уақытта үй жануарларының үлесінің төмендігінен індет жағдайының қалыптасуында жабайы аңдардың маңыздылығы артады. Бұдан табиғи ошақты аурулар көбейеді. Ауыл шаруашылығы жануарларының арасында орын алған індеттің жабайы жануарларды қамтып, олардың қатысуымен инфекция қоздырушыларының бастауы табиғи ортада сақталып қалу қаупі артады. Осындай себептер ауру мен күрес шараларын қиындатып, оларды жоспарлау мен іске асыруды түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Мемлекетіміздің азық – түлік тәуелсіздігі – экономикамыздың ауыл шаруашылығы саласындағы стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Аталған бағдарламаны жүзеге асырудағы талаптардың бірі – жануарлар басының сақталуы және олардың өнімділігін арттыру. Осыған байланысты, ветеринария ғылымында және тәжірибеде жануарлардың, соның ішінде қойлардың инфекциялық ауруларын зерттеудің маңызы зор, осылардың ішінде пастереллездің алатын орны ерекше.

Мал дәрігерлік және медициналық ғылымдар аталған аурулардың эпизоотологиясы мен эпидемиологиясын зерттеуде, клиникасы мен диагностикасында, жануарларда індеттің байқалуы мен оны емдеуде, алдын алу шаралары мен емдік

препараттарын өндіру мен ұсынуда үлкен табыстарға жетуде.

Бірақ қол жеткізген жетістіктерге қарамастан, жануарлардың инфекциялық ауруларымен күрес толығымен өз шешімін таба алған жоқ. Жануар арасында пастереллез індетімен күресу өте қиын. Ол пастерелла сероварларының табиғатта кең таралуына, жануарлар организміне індет қоздырушыларының ену жолдарына, бактерия тасымалдаушылыққа және қоршаған ортаның олармен ластану көзіне байланысты болып отыр. Пастереллез адам, үй және жабайы жануарлар мен құстардың көптеген түрінің табиғи ошақты, кең тараған зооантропонозды инфекциялары. Аталған аурулар соңғы жылдары мал шаруашылығына үлкен экономикалық зиян келтіретін болғандықтан, осы ауруды зерттеудің маңызы зор. Пастереллез қоздырушылары жайылымға, су қоймаларына, ойпат және батпақты жерлерге тез бейімделіп, ұзақ уақыт сақталады.

Қазақстан Республикасы аумағында пастереллездің табиғи ошағының негізгі иелеріне сұр егеуқұйрық, дала мен үй сұр тышқандары және т.б. жатады. Жабайы жануарлар мен егеуқұйрықтар арасындағы пастереллатасымалдағыштар ауыл шаруашылық жануарларына және адамдарға эпизоотиялық, эпидемиологиялық қауіп туғызады. Ауруларға қарсы күрес шараларын ұйымдастырумен, диагноз қоюмен, адам мен жануарларды аурудың жұғуынан сақтандырумен, алдын алумен көптеген ғалымдар айналысқан [1].

Малдәрігерлік есептерге сәйкес Қазақстан аумағында мүйізді ірі қараның пастереллезі төл арасында энзоотиялық түрде жиі кездеседі. Ауру 100 пайызға дейінгі леталдықпен, мал өнімділігінің төмендеуімен, микробтың патогендік түрлерінің жануарлар ағзасында ұзақ сақталуымен сипатталады. Бұндай пастерелласақтағыш жануарлардан, қоздырғыш сүтқоректілердің басқа түрлеріне беріліп, жаңа эпизоотия ошақтарының туындауына себепші болады. Ауру қабылдағыш жануарлар түрлерінің шеңберінің кеңдігі және қоздырғыштың әртүрлі тіршілік иелерінің ағзаларында өсіп-көбеюге тез бейімделгіштігі пастереллездің кеңінен таралуына мүмкіндік береді. Індетке қарсы шаралар жұқпалы аурулардың шығуына және олардың таралуына жол бермеуге бағытталады. Жұқпалы ауруларды болдырмау үшін дауалау (алдын алу) шаралары іске асырылады, ал ауру шыға қалған күнде оны жою (сауықтыру) шаралары қарастырылады. Сонымен індетке қарсы шаралар дауалау шаралары және сауықтыру шаралы болып екі салаға бөлінеді. Бұлардың қай-қайсысы болмасын бірнеше салаға бағытталған кешеннен тұрды. Бұл күрделі кешенге кіретін шаралар індет бұғауының барлық буындарына қарсы бағытталуы керек, сондықтан да олар инфекция қоздырушысының бастауына, инфекция қоздырушысының берілу тетігіне және ауруға бейім жануарларға қатысты жүргізілулері керек. Ветеринариялық және медициналық ғылымдар осы аурудың эпизоотологиясы мен эпидемиологиясын зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті.

Атап айтқанда, індеттің клиникасы мен анықталынуы, әртүрлі жануарларда байқалу және өту ерекшеліктері анықталынып, арнайы сақтандыру шаралары ұсынылды [2].

Ауыл шаруашылық жануарлары арасында ауру спорадиялық және энзоотиялық түрде өтіп, негізінен бұзаулар жіті түрде ауырып, әдетте олардың өлімімен аяқталса, ал ересек мал арасында пастереллатасымалдағыштық болғанымен, негізінен індеттің клиникалық белгілері байқалмайды. Пастереллезге тән қасиет-сау жануарлардың арасында да қоздырушыны алып жүрудің көп кездесуі. Аурудан таза шаруашылықтарда ауырмаған малдың пастереллаларды алып жүруі сырт жерден ауруды әкелмей-ақ пастереллездің өзінен өзі қаулауына себеп болады. Әдетте мұндай жағдай жануарларға әртүрлі қолайсыз факторлардың әсер етуінен кейін байқалады. Соңғы жылдары мүйізді ірі қаралардың респираторлық және асқазан-ішек жолы індеттері туралы мәліметтердің көптігіне қарамастан, пастереллез күні бүгінде өзекті

мәселелердің бірі болып отыр. Пастереллалардың серологиялық нұсқалары және олардың этиологиялық рөлінің деректеріне сүйене отырып, көптеген ғалымдар В:2, В:5 және Е:2 сероварлары ауыл шаруашылық және жабайы жануарлардың геморрагиялық септицемиясының, ал А:1 және А:3 сероварлары құс пастереллезінің қоздырушылары болып табылады [3].

Зерттеу мақсаты: Р. multocida-ға қарсы тиімді препараттарды таңдау.

Әдістер мен материалдар. Тәжірибе 2013 жылдың қыс-көктем айларында Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, «Сатыбалды» шаруа қожалығында жүргізілді. Антибиотиктер жануарлардың инфекциялық аурулары кезінде ерекше рөл атқарады. Біздің зерттеу жұмыстарымызда өлген бұзаулардан бөлініп алынған пастерелланың патогенді культураларының антибиотиктерге сезімталдығы анықталды. Ол антибиотиктерге гентамицин, неомицин, полимиксин, окситетрациклин гидрохлорид, эритромицин, тетрациклин, препараттары жатады.

В 2013 году продолжительность вегетационного периода кормовых культур зависела от погодных условий периода роста и развития. Так, при посеве 22 апреля смеси овса и нута срок уборки (фаза начало цветения нута) наступил через 45 дней. При посеве 12 мая фаза начало цветения гороха в смеси с овсом наступил через 43 дня. Смесь овса и гороха убирали 25 июня. Продолжительность периода вегетации смеси овса и нута, посеянной 22 мая составила 41 дней (уборка 3 июля).

При посеве вышеуказанных смесей во второй срок 10 июля и 17 июля фаза цветения бобового компонента (нута и гороха) также наступает через 40 дней 20 и 27 августа. Продолжительность вегетационного периода смеси суданской травы и нута при посеве 3 июня составила 45 дней, до 17 июля. В системе зеленого конвейера в течение 40 дней также были использованы смешанные посевы нута и просо. При посеве 23 июня фаза цветения нута наступила 3 августа.

Для обеспечения сельскохозяйственных животных высокобелковыми кормами, особенно при откорме, важное значение имеет использования зеленой массы кукурузы. В 2013 году при посеве 12 мая на зеленый конвейер использованы кормовая масса кукурузы в фазе начало выметывания через 90 дня посева, т.е. 12 августа.

Для обеспечения кормами в более поздний срок нами были использованы для зеленого конвейера смесь озимого рапса, озимого рапса и кормовая свекла. При посеве 25 июля смесь крестоцветных культур ярового и озимого рапса убирали через 50 дней, т.е. 15 сентября.

Для обеспечения с.х. животных в осенний период была использована кормовая свекла. Продолжительность вегетационного периода данной культуры при посеве 12 мая составила 143 дней – до 5 октября.

Продуктивность зеленого конвейера во многом зависит от правильного подбора культур, их биологической совместимости, выбора оптимальных норм высева и соотношения компонентов. В условиях 1 зоны Западно-Казахстанской области в течение 90-105 дней (с 1 июля до 5-15 октября) молочный скот необходимо обеспечить поточным поступлением зеленой массы из кормовых культур, таким образом, организовать зеленый конвейер. В наших исследованиях 2013 года, для создания зеленого конвейера изучались как одновидовые посева (кукуруза, озимая рожь,

кормовая свекла), так и смешанные посевы однолетних и многолетних трав. Урожайность кормовых культур колебалась в зависимости от условий тепло- и влагообеспеченности вегетационного периода.

В 2013 году количество дней от посева до появления полных всходов сокращалось. Примерно с такой же закономерностью изменялась и густота всходов. Дружные полноценные всходы кормовых культур получены в 2013 году, весенний период которого характеризовался высокими температурами и достаточным количеством влаги.

Ранние посевы гарантируют получение нормальных всходов за счет использования зимнего запаса влаги и способствуют своевременному получению урожая.

В 2013 году первая половина лета была благоприятной для формирования урожайности кормовых культур. Поэтому кормовые культуры, убранные в более ранние сроки обеспечили относительно высокий урожай зеленой массы, по сравнению с посевами более поздних сроков сева. Урожайность зеленой массы озимой ржи, смеси многолетних трав люцерны и житняка были на уровне 53,25 и 37,05 ц/га соответственно.

В условиях 2013 года из-за недостаточного количества влаги и высокой температуры воздуха в летний период поздние сроки смешанных посевов овса с нутом и горохом не обеспечили достаточно высокий урожай зеленой массы. Если при высеве смеси овса с нутом 22 апреля и с горохом 12 мая урожайность зеленой массы составила 41,95 и 40,02 ц/га соответственно, то при посеве 22 мая урожайность зеленой массы смеси овса с нутом была на уровне 35,12 ц/га, а при посеве 10 и 17 июля урожайность зеленой массы смесей овес+нут и овес+горох снижалась до 27,91 и 26,77 ц/га. Суданская трава в смеси нутом при посеве 3 июня и травосмесь нута и просо при посеве 23 июня из-за недостатка влаги и атмосферной засухи также не смогли формировать достаточный урожай. Урожайность зеленой массы указанных смесей соответственно 31,25 и 29,85 ц/га. Под вегетативной массой суданской травы и просо нут испытывал высокий стресс, в этих агрофитоценозах урожай в основном обеспечили злаковые компоненты.

В исследованиях 2013 года питательная ценность кормовых культур также зависела от сроков сева, от видового состава смешанных посевов и погодных условий вегетационного периода. Как показывают данные исследований, высокое содержание кормовых единиц, сырого протеина и обменной энергии отмечалась у кормовой свеклы (22,95 ц/га; 2,24 ц/га; 20,21 ГДж/га), кукурузы при уборке на зеленый корм (12,77 ц/га; 1,82 ц/га; 11,68 ГДж/га), озимой ржи при уборке на зеленый корм (10,14 ц/га; 1,63 ц/га; 9,12 ГДж/га) (таблица 1).

Продуктивность травосмеси люцерны с житняком составила 8,14 ц/га кормовых единиц, 1,48 ц/га сырого протеина и 7,50 ГДж/га обменной энергии.

В условиях 2013 года из смешанных посевов однолетних трав наиболее высокий сбор кормовых единиц и сырого протеина обеспечили смесь овес+нут, овес+горох при раннем сроке посева 22 апреля и 12 мая, соответственно 8,13; 1,61 ц/га и 7,84; 1,51 ц/га. При более поздних сроках сева 22 мая продуктивность травосмеси овес+нут снижалась до 6,91 ц/га кормовых единиц и 1,36 ц/га сырого протеина. Летние сроки сева смесей овес+нут (10 июля) и овес+горох (17 июля) были неблагоприятными для роста и развития, а следовательно для формирования продуктивности кормовых культур. В данных вариантах сбор кормовых единиц снижалась до 5,38-5,54 ц/га, сырого протеина до 1,03-1,04 ц/га, обменной энергии до 5,04-5,14 ГДж/га. Продуктивность смесей нута с просо и суданской травы с нутом составила 6,00; 6,83 ц/га кормовых единиц, 1,10; 1,15 ц/га сырого протеина и 5,61; 6,32 ГДж/га обменной энергии.

Таблица 1 - Продуктивность кормовых культур в системе зеленого конвейера, 2013 г

Наименование культур	Зеленая масса ц/га	Сухая масса ц/га	Кормовые единицы ц/га	Сырой протеин ц/га	Обесп. к.ед прот. г	Обменная энергия ГДж/га
Озимая рожь на зеленый корм	52,25	11,49	10,14	1,63	160,74	9,12
Люцерна+Житняк	37,05	9,58	8,14	1,48	181,81	7,50
Овес+Нут	41,95	9,21	8,13	1,61	198,03	7,64
Овес+Горох	40,02	8,95	7,84	1,51	192,60	7,27
Овес+Нут	35,12	7,88	6,91	1,36	199,12	6,50
Суданская трава+Нут	31,25	7,14	6,83	1,15	168,37	6,32
Нут+Просо	29,85	6,76	6,00	1,10	183,33	5,61
Кукуруза на зеленый корм	89,41	13,30	12,77	1,82	142,52	11,68
Овес+Горох	27,91	6,34	5,54	1,04	187,72	5,14
Овес+Нут	26,77	6,11	5,38	1,03	191,44	5,04
Озимый рапс + Яровой рапс на зеленый корм	29,25	4,09	4,71	0,73	154,98	4,34
Кормовая свекла	148,66	18,94	22,95	2,24	97,60	20,21
Суммарная продуктивность зеленого конвейера	549,47	109,79	105,34	16,71	158,53	96,37
НСР ₀₅ , ц/га 3,41						

В условиях 2013 года питательная ценность кукурузы также снижалась. Из-за отсутствия достаточного количества продуктивной влаги посевы кукурузы при уборке на зеленый корм в фазе начало выметывания обеспечили сбор кормовых единиц на уровне 12,77 ц/га, сырого протеина 1,82 ц/га и 11,68 ГДж/га обменной энергии. При посеве 25 июля продуктивность смеси озимый рапс+яровой рапс была на уровне – 4,71 ц/га кормовые единицы, 0,73 ц/га сырого протеина и 4,34 ГДж/га обменной энергии. Кормовая ценность посевов свеклы на уровне 22,95 ц/га кормовых единиц, 2,24 ц/га сырого протеина и 20,21 ГДж/га обменной энергии.

В целом за 2013 год зеленый конвейер обеспечил сбор сухой массы на уровне 109,79 ц/га, 105,34 ц/га кормовые единицы, 16,71 ц/га сырого протеина и 96,37 ГДж/га обменной энергии. Полученная продукция по качеству отвечала зоотехническим требованиям. В исследованиях путем правильного подбора кормовых культур в системе зеленого конвейера получена возможность обеспечения с.х. животных сочными и зелеными кормами в весенний, летний и летнее-осенний периоды. В условиях 2013 года продолжительность работы зеленого конвейера по предлагаемой нами схеме составлял 135 дней.

Список литературы

1. Кутузова, А.А. Увеличение производства растительного белка / А.А. Кутузова, Ю.К. Новоселов, А.В. Гарист. - М.: Колос, 2010. - 190 с.
2. Громов, А.А. Биоэкологические и агротехнические основы формирования высокопродуктивных агрофитоценозов / А.А. Громов. – Оренбург, 2011. - 377 с.
3. Алексеев, М.А. Организация зелёного конвейера / М.А. Алексеев. – М.:Колос, 2012. - 52 с.
4. Абашев, В.Д. Зелёный конвейер / А.Д. Абашев. - М.: Россельхозиздат, 2010. - 79 с.
5. Nasiev, B.N. Selection of high-yielding agrophytocenoses of annual crops for fodder lands of frontier zone / B.N. Nasiev // Life Science Journal. – 2013. - 10(11s). - pp: 267-271.

ҮЛКЕН БОРСЫҚ ҚҰМ МАССИВІ АУМАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕСІ

Нургалиев А.М., Максотова А.М.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Мақалада Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы жылжымалы құмдарды бекіту үшін жасыл желектер отырғызу жоспарын дайындау мақсатында, олардың жағдайын бағалау және аймақтың экологиялық мониторингі бойынша зерттеу нәтижелері келтірілген.

В статье изложены результаты исследований по экологическому мониторингу и оценке состояния движущихся песков в Шалкарском районе Актюбинской области, с целью разработки плана развития зеленых насаждений для их закрепления.

The results of environmental monitoring researches and state estimation of shifting sand in the Shalkarsky region of Aktyubinsk area, for the purpose of green plantings plan development for their fastening are represented in this article.

Құмды аудандарда орналасқан елді мекендер үшін үй-жайларын және фермерлік шаруашылығын құм көшкінінен қорғау - үлкен мәселе. Бұл үшін көптеген шаралар қолданады, соның ішінде желдің күшін бәсеңдету, өсімдік отырғызу арқылы құмдарды бекіту. Бұл шаралар Үкімет қолдауымен немесе жергілікті тұрғындардың өз күшімен жүргізіледі.

Біздің елімізде осы мәселеге көңіл соңғы кездері жақсы бөлініп келеді. Үкімет тарапынан арнайы бұйрықтар мен қаулылар шығып, әлсін-әлсін жаңартылып тұрған жағдайы бар. Жергілікті басшыларда өз жұмыстарында аталған мәселеге бет бұруда.

Қазіргі кезде көшпелі құмдарды бекіту Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Үлкен Борсық құм массивінің бойында орналасқан елді мекендер үшін де басты мәселелердің бірі болып отыр.

Ақтөбе облысының Шалқар ауданы солтүстік далалы шөлдер табиғи аймақта орналасқан. Территорияның ерекшелігі болып әртүрлі генезисті құм массивтерінің кеңінен таралуы болып табылады. Солардың ішіндегі ең ірісі – Үлкен Борсық құмдары. Олар солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 км-ден астамға созылып, ені орташа 20-100 км құрайды.

Ертеден бұл жерлер түе, жылқы, қой, және ірі қара малды жаю үшін пайдаланылған. Малды дұрыс жаймау және басқа да өндірістік іс-әрекеттің нәтижесінде бұл құмдарда толығымен топырақты-өсімдік жамылғысы жойылып, нәтижесінде сол құмдар бекітусіз және бархандар формасын иеленген. Әсіресе айқын бұл процесстер соңғы 10-15 жылда байқалуда, себебі көшпелі мал шаруашылығы жоқ, жайылымдарға жүк тез өсуде, соның салдарынан бұзылған көшпелі құмдардың көлемдері ұлғайып, олар елді мекендерге кіріп, үйлерді басуда.

Осыған орай аталған аймақта «Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бекітуімен және жетекшілігімен арнайы жоба іске асуда. Жобаны құрастырушы «Терра» қашықтық бақылау және геоақпараттық жүйелер орталығы (Алматы қ.). Ол жобаның мақсаты – Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы қозғалмалы құмдардың жағдайын бағалау бойынша далалық зерттеулер жүргізу және оларды бекіту үшін жасыл желектерді өсіру жоспарын құрастыру.

Біздің ғылыми зерттеулеріміз осы жоба шеңберінде өткізіліп, аймаққа экологиялық мониторинг жүргізу және орман мелиорациясы үшін қажетті еспе материалымен қамтамасыз ету мүмкіншіліктері мен олардың тұрақты жерге бейімделу деңгейін анықтауға бағытталды.

Далалық зерттеулер екі этаптан тұрды. Бірінші этапта барлық территория бойынша алдын ала барлау жасау арқылы фитомелиорациялық шараларды қажет ететін учаскелер таңдалды. Барлығы 6 учаске - олар Жылтыр, Аққайтым, Байқадам, Астаушы, Айшуақ, Бозой елді мекендері маңындағы жерлер.

Далалық жағдайда әр учаскенің GPS координаттары анықталып және солар бойынша шекаралары суреттерге және картаға түсірілді. Жұмыстардың екінші этапы үшін сапасы жоғарылау космостық суреттер (Rapid eye) пайдаланылды және олардың негізінде нақты учаскелерде далалық зерттеулер жүргізілді.

Орман-фитомелиорация бойынша шараларды қажет ететін учаскелер контурланды, ол ArcGIS 9.0 программасын қолданып, олардың дәл көлемдерін автоматтандырған әдіс бойынша еспетеуге мүмкіндік берді. Космостық суреттердің автоматтандырылған жіктеуі бойынша әр учаске үшін нақты елді мекеннің айналасындағы көшпелі құмдардың таралу картасы жасақталды.

Орман және өсімдік мелиорациясын жүргізу үшін жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілу сияқты климаттық көрсеткіштер, сонымен қатар желдің күші мен бағыттары маңызды.

1 кесте – Шалқар МС мәліметтері бойынша жел бағытының қайталануы (%)


Айлар №	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ	Штиль
1	12	17	17	8	10	19	13	4	13
2	13	20	18	6	10	18	11	4	12
3	17	23	22	6	7	10	10	5	11
4	13	18	25	9	8	9	10	8	11
5	14	15	20	7	9	10	14	11	14
6	15	15	16	7	8	11	14	14	14
7	21	16	14	5	6	7	14	17	15
8	18	15	19	7	7	8	12	14	18
9	12	12	18	8	10	11	16	13	22
10	10	10	15	9	11	14	20	11	18
11	10	14	21	10	10	13	15	7	14
12	10	16	18	9	11	16	14	6	14
Жыл	14	16	18	8	9	12	13	10	15
К	76	76	76	76	76	76	76	76	

Шалқар ауданында қажетті параметрлер кешені бойынша ауаның оң температураларының (10°C жоғары) жиынтығы - солтүстікте 3000°C, оңтүстікте 3600°C дейін, аязсыз кезеңнің ұзақтығы - 165-175 күн. Белсенді өсіп-ону кезеңі - 170-180 күн. Жылдық орташа температура - солтүстікте +5,80°C, оңтүстікте + 7,50°C, соның ішінде шілде айының орташа температурасы +25,1 °C, қаңтар айының орташа температурасы -11,3° -14,3 °C. Атмосфералық жауын-шашынның орташа мөлшері - 145-175 мм., негізгі мерзімі – қыс.

Аталған территорияның жел режимін сипаттау үшін Шалқар және Аякқұм метеостанцияларының көпжылдық климаттық мәліметтері пайдаланылды. Шалқар метеостансасы Шалқар қаласындағы және оның солтүстігінде орналасқан Жылтыр

ауылындағы, сондай-ақ оңтүстігінде орналасқан Аққайтым және Байқадам ауылдарындағы желдердің бағыттарын сипаттайды. Аяққұм метеостансасы Бегімбет және Бозой ауылдарындағы желдердің бағыттарын сипаттайды.

Кестеден, Шалқар МС жыл бойына желдің басым бағыттары солтүстік-шығыс және шығыс бағыттары екенін байқауға болады (сурет 1).



Сурет 1 – Шалқар МС мәліметтері бойынша орташа жылдық желдің бағыттары.

Алынған мәліметтерге сәйкес Шалқар МС аймағында жыл бойында жел жылдамдығы, Аяққұм МС орналасқан аймаққа қарағанда, жоғары. Шалқар МС мәліметтері бойынша 4,4 м/с құрайды, ол Қазақстан территориясындағы желдің орташа жылдамдығын (3,7 м/с) сипаттайтын көрсеткіштен асатынын байқадық.

Бегімбет және Бозой ауылдары аймағында жылдың барлық кезеңдерінде де желдің шығыс бағыты басымды, яғни жел режимінің динамикасы тұрақтылау.

Осыған байланысты Шалқар қаласы, Жылтыр, Аққайтым және Байқадам ауылдары аумағында, массивтің оңтүстік бөлігіне (Бегімбет және Бозой ауылдары) қарағанда, құмдарды бекіту үшін жағдай қиындау келеді.

Жалпы ауданды ландшафтардың экологиялық жағдайы бойынша келесі аймақтарға бөлуге болады:

Экологиялық тұрақты аймақ - салыстырмалы төмен және салыстырмалы жоғары жазықтардың шөл ландшафттары кіреді (85%). Ландшафтың осы түрлеріне антропогендік әсер барынша аз, ол көлік желісінің және малды маусымдық жаюдың әсерімен шектеледі. Жердің азып-тозуының табиғи үдерістері - су және жел эрозиясы байқалады. Аймақта антропогендік әсерге байланысты бұзылған жайлымдардың көлемі айтарлықтай көп емес (5,8%). Аймақтың ауданы - 52,5 мың км².

Экологиялық қанағаттанарлық аймаққа салыстырмалы төмен және салыстырмалы жоғары жазықтардың шөл ландшафттары кіреді (15%). Аймақ ландшафтының өзгеруінің негізгі факторы антропогендік әсер (мал шаруашылығы - **99,8%**, көліктік-техногендік, мекен-жайлық). Су және жел эрозиясы байқалады, антропогендік әсерге байланысты бұзылған жайлымдардың көлемі - 15,8%. Аймақтың ауданы - 9,3 мың км².

Аудан аумағында экологиялық шиеленісті және апатты аймақтар жоқ.

Қазақстанның физикалық-географиялық аудандастырылуына бойланысты Шалқар ауданының территориясы теңіз деңгейінен 100-350 м абсолютті биіктік диапазонында Торғай платосы геоморфологиялық ауданның шегінде орналасқан. Рельефі толқынды-жазықты. Гидрографиялық тор нашар дамыған және суы тек көктемде ғана болатын тайыз құрғақ руслармен көрсетіледі. Жер асты сулары 10 м астам тереңдікте орналасқан, ойыстау жерлерде 5-6 м тереңдікте кездеседі. Көпшілік жағдайда олар тұздылау болып келеді. Үлкен

Борсық құм массивінің астында тұщы және аз ғана минералданған жер асты сулары орналасқан, құм аралық ойықтарда 1,5-3,5 м тереңдікте де кездеседі.

Топырақ-географиялық аудандастыруға сәйкес территория солтүстік шөлдер аймағына, құба топырақтар аймақшасына жатады.

Тәжірибе барысында ғылыми-зерттеу жұмысымыздың объектісі ретінде аталған облысқа қарасты Шалқар қаласы және Жылтыр ауылы маңы белгіленді. Зерттеу объектісі бойынша белгіленген аймақтардан топырақ үлгілері үш жерден алу көзделді. Топырақтардың физико-химиялық көрсеткіштері 2 кестеде келтірілген.

2 кесте - Шалқар ауданының Жылтыр елді мекен маңында жоспарланған құмдарды бекіту учаскелердегі топырақтардың жалпы анализі

Топырақ қабаты, см	Гумус, %	Фосфор, мг/100 г	Азот, %	100 г үлгіде сілтінің (мг/экв) сіңірілуі, %			
				Ca	Mg	Na	K
Үй маңы							
0-10	0.15	0.5	0.03	0.80	1.20	0.48	0.03
10-50	0.09	0.5	0.45	1.50	3.30	0.97	0.05
Жол бойы							
0-10	0.45	1.2	0.024	2.40	1.20	0.63	0.10
10-50	0.31	1.0	0.55	3.80	2.60	0.92	0.25
Барханды құм массивтері							
0-10	0.030	0.5	0.01	1.40	1.20	0.91	0.06
10-50	0.005	0.5	0.02	2.80	3.60	1.25	0.09

Агромелиоративтік баға бойынша үлгілер алынған учаскілер топырақтары орман мелирациясы үшін жарамды деп табылды. Олар, пішінінде өсімдіктер үшін тұздардың улы мөлшері жоқ құба шөл топырақтары, жақын жатырған жер асты суларының әсері бар шалғын-құба топырақтар, бекітілмеген немесе әлсіз бекітілген, жағымды су режимімен ерекшеленетін барханды құмдар және жазық құмдары.

Жалпы Шалқар ауданында жылжымалы құмдарды бекіту үшін жасыл желектер отырғызудың жақсы тәжірибесі бар, бірақ зерттеулер осы жұмыстарды әрі қарай жалғастыру қажеттілігін корсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Новикова, А.Г. Почвы Казахской ССР. Почвы Актюбинской области / А.Г. Новикова, Д.М. Стороженко, М.А. Бикмухаметов, А.Н. Тюрменко. - Алма-Ата: Наука, 1968.
2. Вадюнина, А.Ф. Методы исследования физических свойств почв / А.Ф. Вадюнина, З.А. Корчагина. - М.: Агропромиздат, 1986.
3. Каверин, В.С. Рекомендации по созданию насаждений саксаула черного в Казахстане / В.С. Каверин, А.А. Сычев, М.Д. Утешкалиев. - Алма-Ата: 1992.

**АРАЛ Өңірінің қатты тұзданған жерлерінде күрішті
тұрақты өсірудің және топырақ құнарлығын
арттырудың тәсілдері**

Тоқтамысов Ә.М., Елеуова Ә.Ш., Атеева З., Дүйсенова А.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қаласы,
Қазақстан Республикасы

Күріштің Маржан сортының дәнін адаптоген ПА-2-1 биологиялық препаратпен өңдегенде 1м² жердегі өсімдік саны 25- ке артады, ал N₁₂₀ тыңайтқышпен қоса бергенде-38 данаға дейін артады.

В результате обработки семян препаратом адаптоген ПА-2-1 повысилась всхожесть растений и число растений на 1м² было больше по сравнению с контролем без удобрений на 25 растений а на фоне удобрений N₁₂₀ -38 растений.

As a result of processing the seeds of drugs adaptogen PA-2-1 increased germination of plants and the number of plants per 1 m2 was compared with the control without fertilizers on 25 plants and on the background of fertilizers N120 -38 plants.

Кейінгі жылдары экологиялық жағдайлардың өзгеруіне байланысты, климат қуанданып, табиғи өсімдік жабыны азып-тозды, жалаңаш қалған топырақ беті жаппай сорлана берді, егіс көлемі азайды, дақылдар өнімі кеміді.

Арал өңірінің топырағы аллювилік шөгінділер. Профилі қабаттасып жатыр. Топырақтағы химиялық процестердің сипатын ондағы тұздың қоры мен сапалық құрамы және ортаның ылғалдық дәрежесі анықтайды. Бұл өңірдегі топырақтардың қай қайсысында да тұздың қоры аз емес және тұздану процесіне оңай берілуге бейім. Тұздың концентрациясы көбейгенде топырақтың мелиоративтік күйін нашарлатып, онда тиімді құнарлықты құрайтын элементтердің жиналуына кері әсерін тигізеді. Тұздың құрамындағы иондардың бәрі бірдей топырақтың жағымды қасиеттеріне зиян емес. Дегенмен, солардың ішінде өсімдіктің көктеуіне, жаңа шыққан жас көгіне улық әсерін жалпы сілтілік (НСО₃⁻) тигізеді. Кейде тіпті, сол ортада жалпы сілтіліктен улылығы әлдеқайда күшті сода (СО₃) пайда болады.

Температура көтерілген сайын ортадағы микроорганизмдердің саны да қаулап кетеді. Ортаның беткі қабатында оттегі жеткілікті болатын алғашқы кезде аэроб организмдердің едәуір қарқынды тіршілігі топырақпен су қатты қызғанда бірте-бірте бәсеңдеп, олардың саны едәуір азайып қалады. Содан топырақтың табиғи құнары азайып, қолдан тыңайтқыш беретін жасанды құнарлықтың үлесі көбейеді.

Зерттеу нысаны және әдістері. Тәжірибе Ы.Жақаев атындағы Қазақтың күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының Қараултөбе тірек пунктінде жүргізілді. Тәжірибе жүргізілетін жер өте қатты тұзданған, топырақ құнары төмен жер арнайы таңдап алынды.

Тәжірибе сызбасы

1. Тыңайтқыш берілмеген + тұқым адаптоген препаратымен өңделмеген
 2. Тыңайтқыш берілмеген + тұқым адаптоген ПА-2-1 препаратымен өңделген
 3. N₁₂₀(фон) + тұқым адаптоген препаратымен өңделмеген
 4. Фон + тұқым адаптоген ПА-2-1 препаратымен өңделген
- Мөлтектердің ауданы – 50м². Қайталануы үш мәрте. Күріш сорты – Маржан, дән себу мөлшері -250кг/га.

Нәтижелер және оларды талқылау. Күріш тұқымын себер алдында адаптоген ПА-2-1 препаратымен өңдеу. Күріштің Маржан сортының тұқымын адаптоген ПА-2-1 препаратымен 1,0-3,5 пайыз аралығында сұйық жасалынды. Дайындалған сұйықтармен

күріш дәнін өндегенде, оң жоғарғы көрсеткіш адаптоген препаратымен 2,5 пайыздық сұйықпен өндегенде алынды (1 кесте).

1 кесте - Күріш тұқымының өсуіне адаптоген ПА-2-1 препаратының әсері

№	Тұқымды өңдеу	Өсу энергиясы, %	Өнгіштігі, %	Өсімдікке әсері
1	Тұқым өңделмеген	4	18	жапырақ алаңы кебуі
2	Тұқым сумен өңделген	6	25	жапырақ алаңы кебуі
3	Тұқым адаптоген ПА-2-1 сұйығымен өңделген -2,5%	62	83	жоқ
	-1,0%	30	42	жапырақ сарғайған
	-3,5	60	80	жоқ

Күріш тұқымын адаптоген ПА-2-1 препаратымен өндегенде ең оңтайлы нұсқасы 2,5 пайыздық және оны 30-60минут бойы өндеу қажет.

Күріш тұқымын адаптоген ПА-2-1 препаратымен өндегенде биологиялық өнімділік -23-27%, ал тыңайтқыш берілген нұсқада -28-33% тыңайтқышсыз нұсқамен салыстырғанда

2 кесте - Күріштің «Маржан» сортының тұқымын адаптоген адаптоген ПА-2-1 препаратымен өндегенде оның өнімділікке әсері

№	Агромелиоративтік әдіс	Биологиялық өнімділік г/м ²	Қосымша өнім, тыңайтқышсыз, %	Қосымша өнім, тыңайтқышпен, %
1	Тыңайтқыш берілмеген+ тұқым адаптоген препаратымен өңделмеген	310,4±14,9	100	-
2	Тыңайтқыш берілмеген + тұқым адаптоген препаратымен өңделген	396,0±16,4	127,6	-
3	N ₁₂₀ +адаптоген өңделмеген	388,2±19,9	125,0	100
4	N ₁₂₀ +адаптоген өңделген	506,0±20,9	163,0	130,3

Өнімнің жоғары болған себебі, дәнді сабақтардың артуы, ұшық дәндердің болмауы және 1000дәнінің салмағының артуы

Әдебиеттер тізімі

1. Мамонов А.Г., Мамутов Ж.У. и др. Наноагромелиоративные приемы новых агротехнологии повышения плодородия почв и продуктивности с/х культур. Методические рекомендации. Алматы, 2008-34с.
2. Инюшин В.М., Юренков В.В. Биофизика для биологов. Алматы, 2007-42с.
3. Юдин Ф.А. Методика агрохимических исследований. Москва, 1980, 251с

ҚҰРАМА ЖЕМНІҢ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Траисов Б.Б., Байбатыров Т.А., Кенжебаев А.С.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Орал қаласы, Қазақстан республикасы

Мақалада мал азығы ретінде өсімдік майының аралық өнімдерін қолданудың маңыздылығы айтылған. Рапс және күнбағыстың аралық өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін зерттей отырып, бұл дақылдардың жем азықтық артықшылықтары анықталды. Жұмыстың ғылыми өзектілігі ретінде аралық өнімдерден құралған құрама жемді қоңдылықты арттыру бойынша «Ақжайық етті-жүнді» тұқымды қойларына беру болып табылады.

В статье раскрыто значительность применения побочных продуктов масличных культур в кормлении животных. Исследованы показатели качества жмыха рапса и подсолнуха, которые определяют кормовые достоинства данных культур. Научной актуальностью работы является использование жмыха масличных культур как корм для прибавления живой массы в кормлении «Акжайкской мясо-шерстной» породе овец.

The article reveals the significance of oilseeds by-products use in animal feed. The quality indicators of rapeseed meal and sunflower seeds were studied, which defines these fodder crops advantages. The scientific relevance of the work is the use of oilseed cake as feed for the addition of body weight per feeding "Akzhaysky meat-wool" breed sheep.

Бай болу үшін – кәсіп керек!
Ахмет Байтұрсынұлы

Кіріспе: Елбасы биылғы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту ХХІ ғасырдағы елімізді индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы екенін баса атап өткен болатын. Себебі, отандық өндіріс экономикамызды шикізатқа тәуелділіктен арылтып, еліміздің өркендеуіне, жаңа мүмкіндіктер ашылуына оң әсерін тигізбек [1].

Мемлекет басшысы жаһандық азық-түлік мәселелерін ескере келе ауылшаруашылығы мамандарына мал шаруашылығын дамытудың аса маңыздылығын, еттің экспорттық әлеуетін арттыру қажеттігін үнемі тапсырып отырады. Жалпы еліміз аталған мақсатқа 130 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлмекші. Нақтырақ айтсақ экспорттын 2016 жылға дейін 60 мың тоннаға дейін жеткізу. Бұл — қазіргі жағдайдағы 4 млн. тонна бидай экспортына тең әлеуетті зор жоба.

Халықтың үдемелі өсімін қажетті азық-түлікпен, әсіресе етпен қамтамасыз ету - әр мемлекеттің өзекті мәселесі. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде (АҚШ, Еуропа елдері) жан басына шаққандағы ет тұтынысы 80 кг. және одан жоғары болса, басқа мемлекеттерде (Африка елдері) бұл көрсеткіш бар болғаны 20 кг. құрайды. Мал шаруашылығын дамытуда үлкен әлеуетке ие Қазақстан ресми деректер бойынша жан басына 70 кг. ет өндіреді [2].

Республикада қой еті өндірісін арттыруда қойлардың етті тұқымдарын, әсіресе биязы жүнді қой шаруашылығында етті тұқымдар шығарудың маңызы зор. Бұл жұмыстар арқылы жүн түсімін кемітпей, қойдың тірідей салмағын 15-20%-ға арттыруға болады.

Президент Н.Ә.Назарбаев халық шаруашылығында тиісті іс-шараларды дер кезінде іске асыру үшін шетел экономикасының жағдайы мен даму бағыттарын үнемі бақылау қажеттілігін атап көрсетеді. Мысалы, әлемдегі ең жіңішке жүн өндіретін Австралияда 1980 жылдары 180 млн.-нан астам қой болса, бүгінгі күні профессор К.Разумеевтің

хабарлауынша, (Ресейлік асыл тұқымды қойлар көрмесіндегі баяндамасы, Элиста қаласы, 26 мамыр 2011 ж.) олардан 67 млн. бас қана қалыпты. Австралиялықтар босаған аймақтарда етті ірі қара өсіріп, ал етті-жүндіқой шаруашылығын дәл осындай жүн беретін етті-биязы жүнді тұқымдармен алмастыруда [3].

Бүгінгі таңда еліміздің экономикалық саясатының негізгі бір мәселесі - мал, құс шаруашылығындағы жемдік қорды күшейту. Толыққұрамды азықтандыру – мал өнімділігін жоғарылатудың бірден – бір шешімі. Ауылшаруашылығы малын, құсын ғылыми негізбен азықтандыруды ұйымдастыруда құрама жемнің маңызы зор [4].

Құрама жем – ғылыми негізделген рецепт бойынша дайындалып, малдың толық құнды азықтандырылуын қамтамасыз ететін әртүрлі жем қоспасы мен микроқосымшаның тазаланған және қажетті ірілікке дейін ұнтақталған біркелкі қоспа.

Халықтың денсаулығы мен еңбекқабілеттілігін көрсететін басты фактор биологиялық толыққан сапалы азық-түліктің қауіпсіздігі. Тағамның сапасы мен қауіпсіздігі мемлекеттің абыройын көтереді, оған қоса әр азаматтың, қоғамның қажетін өтеумен бірге бәсекеге қабілеттілігін құрайды. Еліміздің дүние жүзілік сауда ұйымына мүше болуы (ВТО) сапа мен қауіпсіздік саласындағы толық жүйелілікті талап етеді [5].

Қой шаруашылығы - ата-бабамыз ежелден айналысқан ата кәсіп, елімізде ежелден дамыған мал шаруашылығының саласы. Ғасырлар бойы қой өсіріп, қоймен тіршілік еткендіктен, бұл саладан халқымыздың тұрмысына қажетті көптеген өнім өндіріледі. Оған қоса қой малы өзінің етімен, жүнімен, табиғи қиындықтарға бейімділігімен қадірлі. Қой сүті құнарлы келеді және жеңіл қорытылады. Ал, қой еті көп жағдайда майлылығымен ерекшеленеді. Мұны біздің халқы-мыз «қойдың еті қорғасын» деп орынды бағалаған. Қой еті майлы болғандықтан, асқазанда ұзақ қорытылады. Оны жеген адамдар өздерін ұзақ уақыт бойы тоқ сезінеді. Осы жерде қой жүні мен терісі киім-кешекке, қиы отқа, тұяқ пен мүйізі түрлі түйме бұйымдарына, құйрық майы емге, елтірісі жағаға, асығы мен тобығы ойынға пайдаланылатынын тағы да айта кеткен артық болмас.

Жалпы қой шаруашылығының өнімділігін, қазіргі қол жеткен зоотехния ілімі мен технологиясын жақсы қолданумен, ерекше жаңалық жасамай-ақ, көп қаржы шығармай-ақ, едәуір жақсартуға да көбейтуге де әбден болады. Азықтандыру қоректілігі мен құнарлылығын жақсарту арқылы қой жүнінің ұзындығын - 15-25%, қырқымындағы түсімін 10-12% ұлғайтуға болады. Қой азықтандыру ерекшеліктері: оның жасына, жыныстық ерекшеліктеріне, алынатын өнімге, физиологиялық әрекетгерге, тұқымына байланысты.

Малдың жоғары өнімділігі оның азығында қажетті мөлшердегі протеинмен ақуыз аминқышқылдарының синтезделуіне қажетті заттар болған жағдайда іске асады [6].

Бүгінге дейін белгілі екі жүзге жуық аминқышқылдар ішінен жемдік ақуызбен жануар құрамына жиырма екісі ғана кіреді, оның ішінде он екісі жануар ағзасында синтезделмейді сол себепті оларды мейілінше құрама жеммен араластырып беру қажет.

Жануар тектес ақуыздар ауыстырылмайтын аминқышқылдардың басты көзі, сондықтан олардың биологиялық маңыздылығы өсімдік ақуыздарынан жоғарырақ.

Толыққанды ақуыздың жетіспеушілігін қазіргі кезде адамдарда жануарларда бастан кешіруде. Бұл жағдайдың арты өте жағымсыз деп болжайды ақуыздық тағамдар саласының зерттеушісі, дат ғалымы Б.Эггума. Оның жазбаларында «Адамдардың тағам рационында және жануарлардың жемінде жоғары сапалы ақуыздардың болмауы болашақ ұрпаққа төнетін үлкен қауіп» делінген [7].

Жаңа жағдайдағы бәсекелестікке сай болу үшін әлем нарығында сұранысы бар ауылшаруашылығы өнімдерін шығару қажет.

Рационды ақуызбен жеткіліксіз қамтамасыздандыру малдың өнімділігі ғана емес оның төл беру қабілетіне де кері әсерін тигізеді. Бұл мәселені жоғарыақуызды дақылдар, оның ішінде рапс, күнбағысты қолдану арқылы шешуге болады.

Жануарларды қажетті протеин көлемімен қамтамасыздандыру көптеген елдердің ғалымдары мен зооинженерлерінің шешілмей жүрген мәселесі, бұл жануарға қажетті ақуыз мәселесін түбегейлі шешу ғана емес, малдың өмір белсенділігін арттыру барысындағы көптеген азот құрамды органикалық күрделі механизмдік синтездерді табу болып табылады [8].

Жемдік ақуыздарды пайдалана отырып біз жануарларды бағалы аминқышқылдар көзімен, ал одан спецификалық синтезделген ақуыздармен жануардың тканьдарын, клеткаларын арнайы функциялармен қамтып, нәтижесінде тұтас органдардың өміршеңдігі мен жануар өнімдерінің синтезінің жақсаруына қол жеткіземіз.

Зерттеу нысаны және әдістері: рапстың және күнбағыстың жанама өнімдері, сапалық көрсеткіштер. *Зерттеу әдісі* – лабораториялық.

Зерттеу мақсаты: өсімдік майының аралық өнімдерін құрама жем ретінде мал азығында қолдануды айқындау.

Рапс (*Brassica napus*) - орамжапырақтар (*Brassica*) тұқымдасына, айқасгүлділер (*cruciferae*) түріне жататын бір жылдық өсімдік. Рапс жаздық (*B. napus oleifera annua* Metzg) және күздік (*B. napus oleifera biennis* Metzg) түрлері бар. Жемге және майлы тұқым үшін өсірілетін азық-түліктік күздік сұрыбы көп қолданылады.

Рапс - жоғары өнімді жемдік дақыл, оның көк массасы протеинге (31%-ке дейін құрғақ зат %), дәрумендерге, минералдық заттарға (кальций, фосфор, күкірт және т.б.) бай келеді.Европа, Азия және Америка елдерінде ол негізгі майлы дақыл болып табылады. Күздік сұрыптарында тұқымның майлылығы- 50%, жаздық сұрыптарында- 43 % құрайды.Күздік рапс май өндіруші өнеркәсіптер үшін өте пайдалы. Себебі, оның тұқымдары маусым айының соңы мен шілде айының басында басқа майлы дақылдарға қарағанда, ерте пісіп, май зауыттарын шикізатпен қамтамасыз етеді[9].

Күнбағыс (*Helianthus*) - күрделі гүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық мәдени өсімдік. Шыққан жері - Солтүстік Америка. Еуропалықтар тұңғыш рет күнбағысты Американы ашқан кезде Мексиканың кең байтақ жазықтарынан көрген. Олар күнбағысты Еуропаға бұдан төрт жүз жыл бұрын алып келді. Оны «күн гүлі» деп атады.Қазақстанда күнбағыстың 2 түрі бар: жер алмұрты және бір жылдық (*H. annuus*). Әлемде шамамен 90-ға тарта біржылдық және көпжылдық түрлері кездеседі. Үлкен жалпақ жапырағы сабақта кезектесіп орналасады. Гүл шоғыры көп гүлді себет. Оның сыртын бір немесе бірнеше қатарға орналасқан гүл жапырақтары қоршаған. Бұлар өсімдік гүлін сыртқы қолайсыз жағдайдан сақтайды. Себеттерінің диам. 10 - 60 см-ге дейін жетеді. Себеті күн көзі бойымен бұрылып отырады. Жемісі — тұқымша, онда 22 — 27% май болады.

Күнбағысты өсіру көктемде басталып, күзде аяқталады. Бұл үдеріс күнбағыстың тұқымы мен сорты және технологиясына қарай 100-150 күнге созылады. Ол өзінің бастапқы өніп-шығу кезеңінен бастап, гүл жару кезеңіне дейін суыққа, құрғақшылыққа төзімді болып келетін өсімдік. Былайша айтқанда, біздің қатаң климатымызға бейімділігімен ерекшеленеді

Күнбағыс майы еліміздегі негізгі қолданыстағы май түрі. Өсімдік майының 90%-ы осы өсімдіктің дәнінен алынады, сыққаннан кейінгі дәніне қант қосып, сығымдап, тамаққа қолданылатын тәтті тағам жасалынады. Сары желегін медицинада пайдаланады. Күлінен қант алады, онда 30 — 36% калий тотығы бар. Күнбағыстың күнжарасы — таптырмас құнарлы мал азығы, онда 38%-дан астамақуыз, 20 — 22% көмірсу және 6%-дай май бар. Көктей орылған 100 кг күнбағыс құрамында 18 азық өлшемі, 1,4 кг сіңімді протеин бар. Шикілей шабылған күнбағыс га-нан 400 — 500 ц балауса азық алуға болады [10].

Рапс жемдік өсімдік ретінде шырындылығы, жақсы қорытылатыны үшін және құрамында клетчатканың аз болуына байланысты жоғары бағаланады. Оны барлық ауылшаруашылық малдары жейді, әсіресе, шошқа мен қойлар жақсы қоректенеді.

Рапс пен күнбағыстың басқа майлы дақылдардан ерекшелігі (мақсары, қыша, майлы зығыр, т.б.) қарағанда құрамында протеин мөлшері көп. Құрамындағы көмірсулар 25-30% құрайды, олар негізінде клетчаткамен, қантпен келтірілген (1-кесте).

Мал азықтандырудағы ақуыз және қуаттың зор көзіне өсімдік майының аралық өнімдері бірден-бір шикізат. Соңғы 30 жылда ауыл шаруашылығы дамыған көптеген елдерде осы дақылдарды өсіру алаңдары кеңейде. Ауылшаруашылығы дамыған елдерде рапс, күнбағыс өсіру алаңын кеңейту шаралары жедел жүргізілуде. Соңғы 20 жылда тұқымды жинаудың жалпы көлемі екі есе – 8 – ден 18,6 млн.т дейін жетті. Қазақстанның агроклимат жағдайы майлы дақылдардың көп түрін өсіруге ықпал етеді. 2007 жылғы санақ бойынша майлы дақылдардың ішінде күнбағыс өсіру кең тараған, ол

өсіру алаңының 51,1 % құрайды, одан мақта-20,6 %, рапс-12,5, мақсары – 7,9 %, қытайбұшақ – 4,8 %. Рапс өсіру алаңы бойынша күнбағыс пен мақтадан кейінгі үшінші орынды иеленуде [11].

Сарбасовтың (1984) мәліметтерінде, ет өнімділігінің саны мен сапасына әсер ететін негізгі факторлардың бірі малды дұрыс толық құнды рационмен азықтандыру болып табылады. Азық рационның құрғанда, ең алдымен ондағы азық өлшемі мен қорытылатын протеиннің мөлшеріне көңіл аудару қажет. Рационда азық өлшемі нормаға сәйкес мол болады, сондықтан бордақылаудағы қойдың азықтандыру деңгейі жоғарылаған сайын, бір өнім мөлшеріне жұмсалатын азық аз жұмсалады.

Шаруашылықтарда қойды азықтандыру барысында рациондағы жемнің мөлшерін 400 – 500 – ге дейін жеткізіп, қозыларды жеделдете бордақылаған тиімді. Себебі, жас ағзаның басты ерекшелігі – туылғаннан 9 айлығына дейін өсу қарқыны жоғары болады. Осы кезеңде оларды жақсы азықтандыру қосымша салмақты арттырады, еттің биологиялық құндылығын жақсартады [12].

А.И. Девяткиннің (1978) ғылыми зерттеулері нәтижесінде, қысқы уақытта мал азығында протеиндік жетіспеушілік 30% құрады. Негізгі есептеулер бойынша егер малға ғылыми зерделенген, зоотехния нормаларына сай протеин мен энергия көздерімен қамтамасыздандырсақ, біз жемнің шығынын азайтып қана қоймай, оған қоса малдың өнімін 25-30% және жалпы мал шаруашылығының экономикалық өсімін толықтай арттырамыз.

Жемдік ақуыз қажеттілігі мәселесін шешуде рапс пен күнбағыстың аралық өнімдерінің маңызы өте зор және жем мен концентраттың тиімді қолданылуын жоғарылатады. Жемдік ақуыздың қажеттілігі 25%. Бұл жемнің көп шығындалуына әкеледі. Есептеулер бойынша ақуыздардың аминқышқылдық құрамы тарапынан жемнің баланстануы құрама жемдегі дән мөлшерінің 80-нен 65 %-ға қысқартады және жемдік дәнді дақылдарды 30 млн. тоннаға қысқартуға мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғарыда қарастырғанымыздай, азықтандыру – қойдың ет өнімділігін сан мен сапасын әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Малды дұрыс, толық құнды азықтандыру үшін рациондағы азық өлшемімен таратылатын протеиннің мөлшеріне көңіл аудару керек. Олар белгіленген қалыптан кем болмауы тиіс. Бордақылаудағы қойларды азықтандыру деңгейі жоғарылаған сайын бір өнім өлшеміне жұмсалатын азық шығыны төмендей түседі де бір килограмм қосымша салмаққа еңбек пен қаржы аз жұмсалады. Бұл дегеніңіз бір шаруашылықтың, аймақтың, мемлекеттің ауыл шаруашылығы бағытындағы ұтымды және жемісті саясаты [13].

1 кесте – Майлы дақылдардың химиялық құрамы мен сапалық көрсеткіштері

Дақыл	Химиялық құрамы, %					Майдың сапалық көрсеткіштері			
	май	протеин	клетчатка	зола	азот	Йодталу саны*	Сабындану саны	Қышқыл саны	Құрғақтану дәрежесі
Күнбағыс	45-57	30	26	3,3	2,6	119-144	183-196	0,1-2,4	Жартылай құрғақт.у
Майлы зығыр	30-48	27	4,3	3,6	4,4	165-192	186-195	0,5-35	Құрғайтындар
Күздік рапс	45-50	31	6,9	4,3	5,0	94-112	167-185	0,1-11	Жай құрғайтындар
Ақ қыша	30-40	32	9,2	4,6	5,1	92-122	170-183	0,1-8,5	Жай құрғайтындар

*Қосымша:

Йодталу саны– 100 г майға қосылатын йод саны(грамм). Бұл қаныққан қышқылдар саны.Қышқыл саны көп болған сайын майдың кебу жылдамдығы артады,

содан былай одан алынатын олиф сапасыда жақсы болады.

Сабындану саны –КОН-тың барлық бос не байланысқан түрдегі майлы қышқылдарын нейтралдауға қажетті миллиграмм есебіндегі саны, 1 г майдағы мөлшерімен есептегендегі мөлшерде. Сабын қайнату үшін осы көрсеткіш өте маңызды.

Қышқыл саны (қышқылдылық) – майдың басты сапалық көрсеткіші, 1 г майды нейтралдауға кететін майдағы КОН-тың миллиграмм есебімен көрсетілетін бос қышқыл сандарының мөлшері. Негізі осы көрсеткіш мейлінше аз болу тиіс. Көп жағдайда майдағы бос қышқыл саны піскен дақылдарда 0,1 ден 2 дейін, ал піспегендерде қышқыл саны 10-15 дейін артып бұл 1 г майдағы КОН мөлшерімен.

2 кесте – Рапс және күнбағыс күнжарасының сапалық көрсеткіштері

№	Дақылдардың сапалық көрсеткіштері	Нормативтік құжаттар	Зерттеу нәтижелері	
			Рапс	Күнбағыс
1	Ылғалдылық көрсеткіші, %	МЕМСТ 134963-92	6,3	8
2	Шикі зола көрсеткіші, %	МЕМСТ 26226-95	7	4,5
3	Кальций көлемі, г/кг	МЕМСТ 26570-95	8,45	3,67
4	Ақуыз көлемі, %	МЕМСТ 10846-91	25,07	23,9
5	Шикі клетчатка көрсеткіші, %	МЕМСТ 13496.291	35,95	28,4
6	Майлылық, %	МЕМСТ 10857-64	40,71	52,1

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми зерттеу институтында өсімдік майының аралық өнімдеріне (рапс және күнбағыс күнжарасы) кейбір сапалық зерттеулер жасалған болатын (кесте 2).

Өсімдік майының аралық өнімдеріне жүргізілген зерттеу нәтижелері күнжаралардың стандарт талаптарына сай екенін көрсетіп алдағы уақытта азықтық салада қолданылуына болатындығын байқатты.

Жемнің басты сапалық қасиеттерін толық айқындау үшін, негізгі шикізат түрлеріне Spectr AA-140 аспабының көмегімен Cu, Pb, Cd, Zn элементтерінің көрсеткіштері бойынша зерттеу жүргізілді (3-кесте)

3 кесте - Аралық өнімнің құрамындағы ауыр металлдардың көрсеткіштері

№	Лаб №	Анықталатын өнім	m, г	Cu мг/кг	Pb мг/кг	Cd мг/кг	Zn мг/кг
1	1584	Рапс күнжарасы	10,0	0,96	а.ж.	а.ж.	0,45
2	1585	Күнбағыс күнжарасы	10,0	0,93	а.ж.	а.ж.	0,35
3	1586	Қыша күнжарасы	10,0	1,06	а.ж.	а.ж.	0,08
4	1640	Мақсары күнжарасы	10,0	1,16	а.ж.	а.ж.	а.ж.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында халықтың әр басына есептегенде 3 кг өсімдік майы өндіріледі. Халықты өсімдік майымен толық қамтамасыз ету үшін майлы дақылдарды жинауды жылына 217 мың тоннаға жеткізу қажет. Ол үшін майлы дақылдарды өсіру алаңын 610 мың га-ға жеткізу керек. Майлы дақылдарды өсіру алаңын кеңейту Шығыс Қазақстан облысында күнбағыс пен рапс арқылы, солтүстікте- рапс пен қыша арқылы, ал оңтүстікте мақсары мен қытайбұршақ арқылы жүзеге асуда [14].

Өсімдік майының аралық өнімдері оның ішінде рапс пен күнбағыс маңызды жемдік дақылдар екені сөзсіз. Өйткені тұқымдарының протеині алмастырылмайтын аминқышқылдарына (лизин, метионин, цистині триптофан және т.б.) бай келеді. Сонымен қатар бұл дақылдардың және олардың қайта өңдеу өнімдерінің химиялық құрамы сұрыпы, өсірілу жағдайы және өңдеу әдістеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Әлемдік нарық жағдайында елімізде және шет мемлекеттерде құрама-жем өндірісі жоғары қарқынмен қолға алынуда. Себебі халықтың сапалы ірі-қара, құс еттеріне деген сұранысы артып отыр. Осы орайда құрама-жемге деген талаптың өте жоғары екені айтпаса да түсінікті. Өйткені жемдік – азық жануарлардың табиғаттан алатын қорын дайын күйде ұсыну болып табылады. Жемнің құрамындағы барлық азықтық заттар тиісті мөлшерде болуы заңдылық себебі осы арқылы біз өзімізге қажетті сапалы өнім аламыз [15].

Қорытынды: атқарылған зерттеу нәтижелеріне сәйкес келесідей шешім қабылдауға болады:

- Жем-азықтық қасиеттері бойынша рапс пен күнбағыс көптеген ауылшаруашылығы дақылдарынан асып түседі.

- Зерттеу нәтижелеріне сәйкес бізге қажетті аралық өнімдердегі протеин мен көмірсу мөлшері стандарт талаптарына сай екенін байқатты, бұл осы өнімдердің азықтық мақсаттағы қажетті шикізат екенін тағыда растайды.

- Бүгінгі таңда дамыған елдерде рапс пен күнбағыс өсіру алаңын кеңейту шаралары жүргізілуде. Статистика бойынша онда 20 жылда тұқымды жинаудың жалпы көлемі екі есе – 8 – ден 18,6 млн. т дейін жеткенін көрсетеді. Еліміздегі бұл дақылдарды егетін жер көлемі шамамен 195 мың га құрайды, бұл мемлекет ішіндегі май мен өсімдік ақуызын тұтыну мөлшерін қанағаттандырмайды яғни аздық етеді. Қазақстанның агроклимат жағдайы майлы дақылдардың көп түрін өсіруге ыңғайлы. Сол себепті алдағы уақытта бұл дақылдарға үлкен өндірістік сұраныс болатындығына жол ашады.

- Краснодар қаласы «Мал шаруашылығы және құрама жем өндіру» институтының профессоры А. Ульянов айтқандай- «Қой еті өте құнды және бағалы шикізат түрі. Осы таңда жаһандық нарық саудасында оның бағасы тоннасына 2,5-3,5 мың долларды құрайды. Бұл сиыр мен шошқа, құс еттерінен 25-40% қымбатырақ». Мұнан шығатын түйін біреу-ақ: Бай болу үшін – кәсіп керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан жолы -2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы 2014ж.;
2. ҚР ауыл шаруашылығы статистикалық мәліметтері.
3. "Абай-ақпарат" www.abai.kz.
4. Изтаев Ә.І., Спандияров Е.С., Әлімқұлов Ж. С., Тастанбеков С.Т. Құрама жем технологиясы. - Алматы: «СаҒа» баспасы, 2003. – 3 б.
5. Лошаков В. Г. Севооборот – основополагающее звено современных систем земледелия // В. Г. Лошаков // Вестник РАСХН. – 2006. – №5. – С.23-26.
6. Проблемы дефицита растительного белка и пути его преодоления: материалы междунар. науч.-практ. конф. – 2006. – С.17-18.
7. Давлетшин Д.С. Возделывание рапса в южной лесостепи Республики Башкортостан. // Зерновая хозяйство. – 2006. - №2. – Б.13-14.
8. Л.С. Кожаров «Основы комбикормового производства», Москва ПИЩЕПРОМИЗДАТ 2004 год. Климов М.М.,
9. Семейство крестоцветные. // Масложировая промышленность. -2009. - №2. – С.16.
10. Өсімдік шаруашылығы практикумы. Алматы 2007 ж.
11. Егеубаев Р. Малды нормалық азықтандыру-Алматы. 1998ж
12. Сабденов Қ.С т.б. Қой шаруашылығының тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар.-Астана, 2008.-95 б.
13. Иванов М.Ф. Курс овцеводства.-М.: Сельхозгиз, 1947
14. Изтаев Ә.І., Жиенбаева С.Т., Байбатыров Т.А. Рапсты құрама жем өндірісінде тиімді қолдану // Пищевая технология и сервис. – Алматы: АТУ, 2007. – № 6. – С. 7-9.
15. Омарқожаұлы Н. Малды тиімді азықтандырудың ғылыми негіздері-Алматы.-2001

ОПЫТ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ЗЕРНОВОГО СОРГО В УСЛОВИЯХ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

Тулегенов К. С.

ТОО «Коктобе», Сырымский район, Западно-Казахстанская область,
город Уральск, Республика Казахстан

В настоящее время укрепление кормовой базы животноводства является одним из приоритетных задач сельского хозяйства. В связи с этим необходимо тщательно подбирать культуры, имеющие больший потенциал в условиях конкретного региона. В засушливых условиях Западного Казахстана зерновое сорго дает высокие и устойчивые урожаи, поэтому расширение посевных площадей этой высокопластичной засухоустойчивой культуры имеет важное значение в увеличении производства фуражного зерна. В данной статье рассматриваются результаты полевого опыта конкретного хозяйства.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығының алдында тұрған маңызды мәселенің бірі мал шаруашылығы саласының азықтық қорын құнарлы азықпен қамтамасыз етіп, тұрақтандыру. Осыған байланысты нақты өңір жағдайына сәйкес дақылдар таңдалуы тиіс. Қуаңшылық Батыс Қазақстан облысы жағдайында дәнді құмай жоғарғы және тұрақты өнім береді, сондықтан қуаңшылыққа төзімді бұл дақылдың егіс көлемін арттырудың маңызы зор. Бұл мақалада нақты шаруашылық жағдайында жүргізілген егістік тәжірибе нәтижелері келтірілген.

The scientifically substantiated technology of growing of grain sorghum in dry-steppe zone of West Kazakhstan is developed; it includes the best precursors, methods of the main and presowing preparation of soil, periods, depth, methods, norms of sowing, measures of sowings care and harvest.

В засушливых условиях Западного Казахстана зерновое сорго дает высокие и устойчивые урожаи, поэтому расширение посевных площадей этой высокопластичной засухоустойчивой культуры имеет важное значение в увеличении производства фуражного зерна.

Зерно сорго – прекрасный концентрированный корм для всех видов скота и птицы. В нем содержится в среднем 12-15% сырого протеина, 3,5-4,5 % жира, 2,4-4,8 % клетчатки. В 100 кг зерна сорго содержится 118-130 корм. ед. с переваримостью 53-85%.

Основой получения высоких урожаев зерна сорго в каждой почвенно-климатической зоне являются разработка и совершенствование агротехнических приемов возделывания этой культуры с учетом биологических и агроклиматических особенностей.

